



**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**ТАРИХ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ**

**№ 2
2011**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№ 2 (6)

2011

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204 - Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
Ф.ғ.д., проф. Пірәлиева.

Редакциялық алқа
Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Алғаев А.Ш.-т.ғ.д., профессор
Тұрлығұл Т.Т.-п.ғ.д., профессор
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
м.а.

Қожакеева Л.Т. – т.ғ.к., доцент
Қалыш А.Б. – т.ғ.к., доцент
Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., доцент
Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент
Құсаинова Р.Т. – доцент

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент .

Б.Д.Жұмақасева

Редактор

тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а. **Р.Т.Айтбай**

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

МАЗМҰНЫ

<i>Асылбек М., Асылбекова Ж.М.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ.....	5
<i>Жұбанышов Б. Т.</i> ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН.....	11

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

<i>Изтелеуова А.С.</i> СЫҒАНАҚ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ.....	15
<i>Қасымбекова М.А., Абдиманов С.М.</i> КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ МЕН ДІНІ.....	19
<i>Кожакеева Л. Т.</i> СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ТУРКЕСТАНА В XIII - XV ВВ.....	22
<i>Тортаев С.Ә., Габжалилов Х.М.</i> НАЙМАНДЫҚ ТӨРТУЫЛДЫҢ АРҒЫ-БЕРГІ ТЕГІ ТУРАЛЫ...	28

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

<i>Ауесова Л. Ж.</i> АЛАШ ОРДА КҰРЫЛТАЙЫ.....	37
<i>Ахметова Ж.К.</i> Д.А.ҚОНАЕВ - МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ	40
<i>Аширбекова Ж.Б.Т.</i> РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕСІ.....	43
<i>Бегалиева А.А., Қаипбаева А.Т.</i> ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ - КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ.....	47
<i>Бегімқұлова Ш.А.</i> ШОНАНОВА ШАХЗАДА – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ.....	52
<i>Бижанова К.Қ., Тақабаева Б.М.</i> К.Н.НҰРПЕЙІСТІҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ.....	57
<i>Бурханова Д.С.</i> ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ВОСПИТАНИИ ПАТРИОТИЗМА И ТОЛЕРАНТНОСТИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА.....	61
<i>Даркенов Қ.Ғ.</i> ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ 1937 ЖЫЛЫ.....	64
<i>Дауылбаев Б.Б.</i> ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ- ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ МӘСЕЛЕСІ.....	71
<i>Жылқышыбаева Қ.Қ.</i> ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	76

<i>Есибаева А.К.</i> МҰСТАФА ШОҚАЙ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АҢСАҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚ МҰҒАЖЫРЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ.....	83
<i>Қозғамбаева Г.Б.</i> ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ.....	88
<i>Сайлан Б.</i> КЕҢЕСТІК БІЛІКТЕГІ КОМСОМОЛ ОДАҒЫ ҚАЛАЙ ТАРАТЫЛДЫ.....	92
<i>Туменова С.М.</i> ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД СОВЕТСКОГО РЕЖИМА (1920 – 1930 ГГ.).....	95
<i>Чатыбекова К.К.</i> ПРОФСОЮЗЫ В ПЕРИОД ПЕРЕСТРОЙКИ.....	103

ЖАЛПЫ ТАРИХ

<i>Алимбаева Ж.Н.</i> ЗАРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ НАРОДНОЙ (МАССОВОЙ) КУЛЬТУРЫ НА КОРЕЙСКОМ ПОЛУОСТРОВЕ С ОБРАЗОВАНИЕМ ПЕРВЫХ ГОСУДАРСТВ И ДО XVI ВЕКА.....	110
<i>Бисембаева Л.А.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫНА ТӨРАҒАЛЫҒЫ: МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ.....	115
<i>Кокебаева Г.К.</i> СОГЛАШЕНИЯ СССР С ЗАПАДНЫМИ СТРАНАМИ ПО ВОПРОСУ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	120
<i>Саурықова Ж.С.</i> ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚСТАНТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ.....	126
<i>Сманова А.М.</i> РАСПАД ЮГОСЛАВСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ.....	129
<i>Чаргынова.Г.О.</i> МУДРЫЕ НАСТАВЛЕНИЯ НЕ ПОДВЛАСТНЫ ВРЕМЕНИ.....	134

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

<i>Абжаппарова Б.Ж.</i> ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ ТОТАЛИТАРИЗМ ҚЫЛМЫСЫН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ.....	138
<i>Айтбай Р.Т.</i> АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНЕ ЖАТАТЫН АВТОРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК СИПАТЫ.....	142

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Кусайнова Р.Т.</i> ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	147
---	-----

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

<i>Басшыбаева А.С.</i> ТҰРҒЫН ҮЙГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР.....	149
<i>Бидашова Ш.О.</i> ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ.....	154
<i>Исаева Ә.И.</i> ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ДЕМАЛУ ҮРДІСТЕРІНЕН.....	159
<i>Калыш А.Б.</i> ТРАДИЦИОННАЯ СЕМЬЯ И БРАК КАЗАХОВ В ИССЛЕДОВАНИЯХ А.ВАМБЕРИ.....	165

МАГИСТРАТУРА

<i>Айдарханов Э.М.</i> АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА КОШРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	168
<i>Қабылбекова С.Б.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТУРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ОРНАУЫ.....	173
«ЖАЛПЫ ТАРИХ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, П.Ғ.К. ТОРТАЕВ САКЕН ӘСІМБАЙҰЛЫ 70 ЖАСТА	178

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Асылбек М.Х. –т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы қ., ҚР ҰҒА)
Асылбекова Ж.М.-т.ғ.д.(Алматы қ-сы, әл-Фараби атын. ҚазҰУ)

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде халқымыздың демографиялық және әлеуметтік дамуы да ірі-ірі бетбұрыстар мен күрделі өзгерістерге ұшырағанын баса айтқанымыз жөн. Олардың басты-бастылары төмендегідей:

1. Халық саны осы жылдары күрт төмендеп қайтадан, соңғы жылдары, 1989 ж. деңгейіне жақындады.

2. Оның басты себептері: табиғи өсім төмендеуі мен көші-қонның теріс айырымы болды. Бұл факторлар да қаз-іргі кезде оң қалыптасты.

3. Жыныстық құрамындағы өзгерістер әйелдер басымдығын сақтап қалуда.

4. Қазақтар негізінде жас ұлт болғанымен Республика халқының қартаюы жалғаса түсті.

5. Халықтың ұлттық құрамы күрт өзгерді: еуропалық этнос өкілдері азайды, қазақтар мен түркі-мұсылман этностары өкілдері көбейе түсуде. Қазақтар басымдыққа қол жеткізді.

6. Аймақтық ерекшеліктер күшейе түсті. Солтүстікте, Шығыс пен Орталықта қазақтар үлесі өскенімен, славян өкілдері бұрынғы үстемдігінен толық айырыла қойған жоқ.

7. Ұрбандану-қалалану (урбанизация) процесі жаңа бағыт алып, қазақтар қалаға бет бұрды.

8. Тәуелсіздік жағдайында халықтың білім деңгейі көтерілді.

9. Қазақстан халқының тәкелсіздік жылдары мүліктік жіктелуі күрт күшейіп, жаңа әлеуметтік құрылым қалыптасты.

Осы өзгерістердің әрқайсысына қысқаша болса да арнайы тоқталып көрейік.

1. Халық саны өзгеруін үш кезеңге бөлуге болады:

1 – кезең – 1991 – 1993 ж.- кеңес заманында халықтың саны өсуі (1989 жылдан да бұрын) жалғасқан кезең – 16,3 млн-нан 16,4 млн-ға жетті; 2- кезең 1994 – 2002ж. арасы, халық саны күрт төмендеген кезең – 16,3 млн-нан 14,8 млн дейін азайған, яғни 1,5 млн адам жоғалтқан кезең; 3-кезең – 2003-2010 жж, халық саны біртіндеп өсті, сол 1989ж. деңгейіне жете бастаған кезең, халық саны 14,8 млн-нан 16 млн-нан асқан кезең /1/.

Осы 16 млн. халықтың аймақтық орналасу ерекшеліктері бар. Республика халқының 45,2% Оңтүстік аймақта, 23,0% - Солтүстік аймақта, 14,4% - Батыс, 8,9% - Шығыс, 8,5% - Орталықта өмір сүреді. Оңтүстік аймақ тұрғындары үлесі 1989-2009 жж. 6,9%, ал адам саны 15,9% (яғни 935 мың) өсті. Солтүстіктің 4 облысы тұрғындары саны 1 млн 114 мыңға азайды, тек Астана тұрғындары 358 мыңға көбейіп, аймақ үлесі 4,1% азайды. Сол сияқты. Шығыс және Орталық аймақтардың тұрғындары да азая түсті: олардың үлесі тиісінше 10,9%-дан 9,0%-ға, 10,8%-дан 8,5%-ға дейін төмендесе, тұрғындар саны тиісінше 19,8% және 22,7%-ға азайды. Батыста, Оңтүстік сияқты, үлесі 13,0%-дан 14,4%-ға көтеріліп, тұрғындар саны 7,0%-ға көбейді /2/.

2. 20-жылдың ішінде халық саны қайта қалыптасып, бұрынғы деңгейіне келуі табиғи өсім мен көші-қон процестерінің оң бағыт алуының нәтижесі болды. Табиғи өсім де 1991-1998 жж. 13,3 промилледен 4,6 промиллеге, туу 1991-1999 жж. арасында 21,5-ден 14,6-ға дейін төмендеді, ал өлім 1991-1996 жж. 8,2-ден 10,7-ге дейін көтерілді. Табиғи өсім 1998 ж. бастап (4,8 промилле) өсіп, 2009 ж. 13,5 промиллеге жетті де, 1991 ж. деңгейінен асып түсті. Бұл жағдайға туудың 2000 ж. бастап (14,9 промилле) өсіп, 2009 ж. 22,5 промиллеге жетуі мен өлімнің 2007 ж. бастап 10,4 промилледен 2009 ж. 9,0

дейін төмендеуі зор әсер етті. Дегенмен өлім әлі де 1991ж. деңгейінен (8,2) жоғары болып отыр, тек туудың 1991ж. деңгейінен (21,5) асып түскені ғана табиғи өсімнің көтерілуіне ықпал жасап келеді /3/.

Көші-қон процестері де әртүрлі, қарама-қайшылықтарға толы кезеңдерді басынан өткізді. Кеңес өкіметі дәуірі соңында, 1970-1980 жж. басталған теріс айырым (сальдо-келгендерден кеткендердің көптігі) тәуелсіздік жағдайында – 13 жылдай (1991-2003 жж. арасында) күрт көтеріліп кетті, оның шыңы 1994 ж. болып, теріс айырым 406,6 мыңнан асып түсті, жалпы осы 13 жылдың ішінде еліміз тек көші-қонның өзінен 2.108,5 мың адамы кемін қалды /4/.

Ал енді Қазақстаннан осы тәуелсіздік жылдары кімдер, яғни қандай ұлттар өкілдері сыртқа кетті деген мәселеге көңіл аударайық. Кеткендер ең алдымен европалық этнос өкілдері, оның ішінде әсіресе орыс, украин мен белорустар және немістер өз тарихи отандарына қайта оралды. Тек 1993-2004 жж. арасында көші-қон теріс айырымында орыстар саны 1.206,7 мың, немістер 531,2 мың, украиндер 177,5 мыңға дейін жетті. Жалпы 1991-2009 жж. теріс айырым бойынша 2 млн 058 мың адам шетелдерге кетсе, соның басым көпшілігі Ресей мен Германияға барды, олардың 1,370 мыңы орыстар, 690,1 мың немістер, басқа ұлт өкілдері – 398,7 мың еді /5/. Дегенмен көші-қонның да оң нәтижелері де болды – ол шетелдерге ауып кеткен отандастарымыздың өз еліне қайта оралуы еді. Бұл толқынмен келген оралман бауырларымыз Кеңес өкіметі дәуірінде аптық пен қуғын-сүргінге ұшырап, ауа көшкендер мен солардың ұрпақтары болатын. Жалпы тәуелсіздік жылдары ресми мәлімет бойынша 750 мыңдай қазақ өз Отанына оралды, оған еңбек етуге және оқуға келгендерді қоса есептесек, 1 млн-дай қазақ қайта оралған болады, - деп санаймыз. Сойтіп табиғи өсім мен көші-қон процестерінің қайта қалпына түсуі еліміздегі халық санының бұрынғы деңгейіне жетуіне әсер етті.

3. Халықтың жыныстық құрамында негізінде әйелдер (51,6% -51,9%) көбірек. 1991 ж. 1 мың еркекке 1067 әйел келсе, 2010 ж. 1078 болды /6/. Олардың европалық этнос өкілдерінде басымдығы жоғары болса, қазақтарда әйелдер тепе-теңге жақын, ал өзбек, ұйғыр және басқа түркі-мұсылман этностарында ерлерден азырақ екені көптен сақталып келеді.

4. Еліміздің жастық құрамында да өз ерекшеліктері бар: 1991-2010 жж. арасында 0-14 жастағылардың үлесі 31,6%-тен 24,3%-ке дейін томендеді, яғни 9,3% азайды, ал 15-64 жастағылар 62,2%-тен 68,5%-ке дейін көтерілді, яғни 6,3% көбейді, сол сияқты 65 және одан үлкен жастағылар 5,9%-дан 7,2%-ке дейін жоғарылап, 1,3% көбейді /7/. Бұл корсеткіштер еліміз халқының қартаю ағымына түскенін аңғартады.

Әдетте халықтың саны өсуі жас құрамына байланысты үш түрге бөлінеді: прогрессивтік-балалар үлесінің көбірек болуы арқылы халықтың өсуі; стационарлық (бір қалыпты) – балалар мен ересектер үлесінің тепе-теңдігі халық санын өсірмейді де, азайтпайды да; регрессивтік – 60 және одан үлкен жастағылардың үлесі 12% және жоғары болғанда, халық саны азая түседі. Қазір Қазақстан халқының 10,2%-дан астамы 63 (58) /ерлер мен әйелдер/ жастағылар, 0-15 жастағылар – 25,8%, ал 16-62 (57)-дегілер – 63,9%, яғни Қазақстан халқы қартаюға бастайтын жол айрықта тұр. Бұл жағдай негізінде орыс, украин және белорус ұлт өкілдерінің жастары басқалардан үлкен болғандығына байланысты, тек қазақ, өзбек, ұйғыр және басқа түркі-мұсылман өкілдері арасында жастардың, әсіресе балалардың үлесі көптігі ғана Қазақстан халқының қартаюуына тосқауыл болып отыр. Дегенмен 1989 ж. Қазақстан халқының орта жасы 28,5 болса, 1999 ж. – 30,3-ке жетті, ал 2006 ж. 31,6 болды, яғни қартаю бағыты күшейіп келеді /8/.

5. Ұлттық құрамның күрт өзгеруі ең алдымен қазақтардың үлесі көбейгені мен европа ұлт өкілдерінің азаюынан көрініс тапты. Қазақтар 1989 ж. 40,1% болса, 1999 ж. – 53,5%-ға, ал 2009 ж. – 63,1%-ға жетті, яғни осы 20 жыл ішінде олардың үлесі 23,0%-ға

өсті, саны 6 млн 496 мыңнан 10 млн 96 мыңға жетіп, 3 млн 600 мыңға өсті, яғни 55,4%-ға көбейді /9/.

Қазақтар көптеген ғасырлар бойы алғаш рет 10 млн-нан асып, өз елінде тәуелсіздік жылдары басымдыққа ие болды. Кеңес заманында, 1931-1933 жж. ашаршылықта жаппай қырғынға ұшыраған қазақтар үлесі 1939 ж. – 38,9%, ал 1959 ж. – 29,8%-ға дейін құлдырап, тек 1960-1980 жж. табиғи өсім арқылы 1980 ж. – 40,1% әзер жеткен-ді. Енді 63,1% болып, Қазақстан халқының демографиялық даму көздері мен жолдарын, табиғи өсім, көші-қон, жастық-жыныстық құрамын, білім деңгейін, қала мен ауыл, аймақтар мен облыстарға орналасу ерекшеліктерін де анықтайтын, еліміздің санын да, өсу бағытын да өзі ғана белгілейтін дәрежеге көтерілген көш басшы ұлтқа айналды.

6. Қазақтардың аймақтар мен облыстарға орналасуы дәстүрлі түрде күшейе түсті: тәуелсіздік жағдайында қазақтардың жартысынан көбі – 50,4% - Оңтүстікте орналасуы ерекшелене түсті, ал қалған қазақтар Батыста – 19,1%, Солтүстікте – 16,9%, Шығыста – 8%, Орталықта – 6,2% еді. Қазақтардың үлесі Қызылорда облысында 95,8%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 70,1%, Жамбыл облысында – 69,0%, Алматы облысында – 64,2%, Алматы қаласында – 50,1%, Атырау облысында – 91,3%, Маңғыстау облысында – 86,1%, Ақтөбе облысында – 77,9%, Батыс Қазақстан облысында – 70,9%, Шығыс Қазақстанда – 53,9%, Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) – 44,1%, Солтүстікте де әлі де қазақтар басым емес (46,3%), Павлодар облысында – 47,6%, Ақмола облысында – 47,3%, қалған екі облыста мұнан да томен: Қостанайда – 37,1%, Солтүстік Қазақстан облысында – 33,3%. Тек Астанада ғана қазақтар үлесі 69,4% болып, басымдыққа ие болды /10/.

Орыстардың үлесі 20 жыл ішінде 37,8%-дан 23,7%-ға дейін, яғни – 14,1%-ға төмендеді, саны 2.430,5 мың адамға азайып кетті. Орыстар дәстүрлі түрде Солтүстік, Шығыс және Орталық аймақтарда орналасқан, осы үш аймақта Қазақстандағы орыстардың 2009 ж. 64,5% тұрды. Сыртқа бағытталған көші-қон нәтижесінде орыстардың үлесі бұл аймақтар тұрғындары арасында да едәуір төмендеп, 2009 ж. Солтүстікте – 37,9%, Шығыста – 40,2%, Орталықта – 39,5% болды. Дегенмен орыстардың үлесі Солтүстік Қазақстан облысында тұрғындардың жартысынан (50,4%) әлі де асып тұр, Қостанай облысында 43%-ға жетеді.

Сан жағынан үшінші орынға шыққан өзбектер (456,9 мың – 2,9%) негізінде - 98%-ға жуығы – Оңтүстік аймақты мекендейді, ал төртінші орындағы украиндықтардың (333,0 мың – 1,4%) үштен екісі Солтүстікте тұрады, қалғандары басқа аймақтарда шашыранды түрде орналасқан (9-15%), тек Шығыста олар өте аз (2,5%). Бесінші орындағы ұйғырлардың (224,7 мың – 1,3%) басым көпшілігі – Оңтүстік аймақта (98,0%), негізінде Алматы облысы мен қаласында тұрады. Келесі орындағы татарлардың (204,2 мың – 1,3%) үштен екісі Оңтүстік аймақта, нақтылап айтқанда Алматы қаласы мен облысында орналасқан, қалғандары Солтүстік пен Астанада тұрады Сан жағынан 1989 ж. қазақтар мен орыстардан кейінгі үшінші орындағы немістер (946,8 мың – 5,8%) енді жетінші орынға түсті – 178,4 мың – 1,1%, олардың жартысынан көбі Солтүстікте, 18,4% - Орталықта, 7,8% - Шығыста тұрады, қалғандары басқа аймақтарды шашырап мекендейді.

Саны жүз мыңнан асқан этнос өкілдерінің соңғысы – кәрістер (100,3 мың – 0,6%) – 1989 ж. салыстырғанда сол деңгейден (100,7 мың – 0,6%) сәл-ақ төмендеді. Олар негізінде - 70%-ға жуығы – Оңтүстікте орналасқан. Қалғандары Солтүстік пен Орталық аймақтары қалаларында тұрады /11/.

7. Тәуелсіздік жағдайында Қазақстан халқының қала мен ауылдық (селолық) мекендерге орналасуы қайшылыққа толы урбандану процесі ықпалында жүруге мәжбүр болды. Урбандану негізінде қала халқының, біріншіден, үлесі де, саны да азаюымен қабат, екіншіден, қалалықтардың дәстүрлі (европалық этнос өкілдері басым)

ұлттық құрамында алғаш рет қазақтардың басымдыққа жетуі, яғни, бұрын негізінде аграрлық этнос болып келген қазақтардың қалаға бет бұруымен ерекшеленді. Қала тұрғындарының үлесі де, саны да кемуі онда мекендеген орыс, украин, белорус, неміс және басқа европалық этнос өкілдерінің сыртқа, өз тарихи отандарына көші-қоны себебінің нәтижесі еді. Бұған қосымша 1980 ж. соңы мен 1990-жылдардағы экономикалық дағдарыс та қала халқының кемуіне зор әсер етті.

Республика халқының арасында қала тұрғындары 1989 ж. 56,4% болса, 1999 ж. – 56,0%, ал 2009 ж. – 54,1%-ға төмендеп, осы 20 жыл ішінде 2,3% азайды; ал қала тұрғындары саны 9.132,0 мыңнан 8.662,4 мыңға түсті, яғни 469,6 мыңға (5,1%) кеміді. Әсіресе, алғашқы онжылдықта кему күшті болды – 8,2% - 755,2 мың еді, тек екінші онжылдықта қала тұрғындары саны қайтадан көтеріле бастады – 2,4% (206,6 мың адам қосылды). Экономикалық дағдарыс нәтижесінде қалалардың пайда болып, өсіп-дамуына жол ашқан көптеген ірі завод, фабрика, шахта және басқа кәсіпорындар тоқтап қалды, олардың және күйзеліске ұшыраған ауыл шаруашылығы (кеншіарлар мен ұжымшарлар таратылған соң) еңбеккерлері ірі – Алматы және Астана қалалары мен облыс орталықтарына қарай беталды, соның нәтижесінде жұмыссыздық проблемалары да күшейе түсті. Қалаға беталғандардың, әсіресе ауылдан келгендердің ішінде қазақ жастары басым еді.

1989-1999 жж. Қазақстан қалаларының бәрінде дерлік тұрғындар азайды, бұл азаю 10%-дан 25%-ға дейін көтерілді. Әсіресе ірі индустриялық орталықтар осы жағдайға душар болды. Мысалы, тұрғындар саны Балхашта 24,6%, Теміртауда – 20,2%, Риддерде – 18,1%, Жезқазғанда – 15,9%, Семейде – 15,0%, Кентауда – 13,1%, Рудныйда – 12,6% және көптеген облыс орталықтарында: Талдықорған – 17,4%, Петропавловск – 15,1%, Қарағанды – 13,9% және т.б. кемін кетті. Қазақстан бойынша тұрғындар тек бес қалада, оның ішінде Астана (13,4%) мен Алматыда (5,4%), екі облыс орталығы: Тараз (8,6%) бен Қызылордада (4,6%) және жалғыз Түркістанда (10,2%) өскені байқалады.

Урбандану процесі 1980 ж. соңында Маңғыстау мен Қарағанды облыстарында күшті болса (тиісінше, қала тұрғындары үлесі 88,6% және 81,7%), 2009 ж. Қарағанды мен Павлодар облыстары (тиісінше 77,5% және 68,0%) алға шықты. Қалалану процесі Оңтүстік өңірде томен болды. Мысалы, қала тұрғындарының үлесі Алматы облысында 23,1%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 39,4%, Жамбыл облысында – 39,6% ғана еді; Солтүстік Қазақстанда осы деңгейге (39,8%) жақын болды.

Қазақтардың қалаға бет бұруына келсек, жұмыссыздар санын көбейтумен қабат, Алматы төңірегінде пайда болған «Шаңырақ» пен «Бақай» проблемалары облыс орталықтары мен ірі қалаларда да көрініс тапты. Кеңес заманында қазақтардың қаланы мекендеуі төмен болды (1989 ж. 27,1%). Тәуелсіздік жағдайында қала тұрғындары арасында қазақтардың саны да, үлесі де күрт өзгерді: қаладағы үлесі 1999 ж. 43,2%-ға, ал 2009 ж. – 55,9% жетіп, осы 20 жыл ішінде 12,7% өсті, ал саны 2.488,9 мыңнан 4.841.0 мыңға көтеріліп, екі есеге жуық - 2.352,1 мың адамға көбейді, яғни 2,5 млн қазақ жаңадан қалаға келіп орналасып, (заңды түрде есепке тіркелмегендерді қоса есептегенде) өмір сүріп жатыр деген сөз.

Еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматыда 683,9 мың қазақ тұрады, олардың үлесі 50,1%, Астанада 405,3 мың қазақ бар, үлесі – 63,4%. Облыс орталықтары ішінде қазағы көп Қызылорда (90,4%) мен Атырау (82,8%). Қазақтар едәуір басым қалалар: Ақтөбе – 68,2%, Ақтау – 64,4%, Талдықорған – 64,2%, Семей – 62,4%-і; қазақтары тұрғындардың жартысынан асатын қалалар: Тараз (59,1%), Шымкент (57,5%), Орал (53,2%), Көкшетау (50,9%). Қазақтар үлесі өте төмен қалалар: Петропавловск (20,8%), Өскемен (26,5%). Қостанай (27,7%), Павлодар (37,8%), Қарағанды (35,3%). Бұларда орыстар қазақтардан едәуір басым: Өскеменде – 68,1%, Петропавлда – 66,8%, Қостанайда – 50,9%, Павлодарда – 46,4%, Қарағандыда – 46,2% /12/. Жоғарыда көрсетілген урбанданудағы

екі бағыт та ауыл шаруашылығының, әсіресе қазақ ауылының қайта жаңғырып, кең даму жолына түскенше жалғана беруі мүмкін.

8. Қазақстан халқының тәуелсіздік жағдайында білім деңгейінің көтерілуі негізінде мемлекеттік және жеке меншік оқу орындар жүйесінің кең дамуына сүйенді. 1989-1999 жж. арасында елдің білім деңгейі 47 промиллеге, оның ішінде жоғарғы білім бойынша 29 промиллеге, арнайы орта білім – 40 промиллеге, орта білім – 27 промиллеге өсті. Дегенмен, негізінде орта және бастауыш білім бойынша бұрынғы деңгейден едәуір төмендеп кетті. Осы жылдары қазақтардың жоғарғы білім алғандары 12,6%-дан 15,9% -ға, арнайы орта білімділері 15,6%-дан 19,7%-ға, жалпы орта білімділері – 39,8%-дан 42,3%, бастауыш білімділері – 7,5%-дан 23,0%-ға дейін көтерілді. Дегенмен 44 этнос өкілдері ішінде қазақтар жоғарғы білім бойынша сегізінші, аяқталмаған жоғары білімнен – оныншы, арнайы орта білімнен – жиырма сегізінші, жалпы орта білім бойынша – он бірінші, негізгі орта білімнен – отыз жетінші, бастауыш білімнен – отыз бесінші орында /13/. Бұл тек қатардағы қазақтардың ғана проблемасы емес, мемлекеттік мәселе екенін түсінгеніміз жөн.

9. Қазақстан халқының тәуелсіздік жағдайында жаңа әлеуметтік құрылымы қалыптасты деген тұжырым негізінде ресми статистикалық мәліметтерге сүйеніп жасалған /14/.

Кенес дәуіріндегі Қазақстан халқының бірыңғай, социалистік меншікке негізделген әлеуметтік құрамы бойынша, 1989 ж. 63,0% жұмысшылар мен 4,6% ұжымшар шаруалар таптары мен 33,3% қызметкерлер (интеллигенция) тобы болды. Тәуелсіздік жағдайында көп меншік түрлері, мемлекеттік меншіктен басқа жеке меншік және шетелдік жеке меншік пайда болды, жеке меншіктің өзі үшке бөлінеді: 1) азаматтардың меншігі; 2) мемлекет қатысқан меншік (шетелдің қатысы жоқ); 3) біріккен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен); солардың негізінде жаңа әлеуметтік таптар мен топтар қалыптасып үлгерді. Қазіргі кезде мемлекеттің меншігі бар болғаны 12,1%, жеке меншік – 83,1%, шетел меншігі – 4,72%.

Халықаралық еңбек ұйымы халықты экономикалық тұрғыдан белсенді (жұмыс күші) және экономикалық тұрғыдан енжар деп екі топқа жатқызады. Экономикалық тұрғыдан белсенділер (15 жаста және онан үлкендер) өз кезегінде жұмыспен қамтылған және жұмыссыздар болып екіге бөлінеді. Жұмыс істейтіндер: 1) жалдамалы қызметкерлер; 2) өз бетімен жұмыспен айналысатындар болып екіге бөлінсе, соңғылары төрт топқа бөлінеді: 1) жұмыс берушілер, яғни меншік иелері, өзінің меншікті кәсіпорнын басқаратын немесе тәуелсіз кәсіпкер, жалдамалы қызметкерлері бар адамдар; 2) өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, жалдамалы еңбекті пайдаланбайтындар; 3) отбасылық ақы төмендейтін қызметкерлер; 4) өндірістік кооператив мүшелері.

2009 ж. мәлімет бойынша Қазақстанда жұмыспен қамтылған барлық халық 7.903,4 мың адам, яғни экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 93,4% еңбекке тартылған, қалғандары – 6,6% - жұмыссыздар. Бұлардың 5.238,5 мыңы – 66,3% - жалдамалы түрде еңбек ететін жұмысшылар мен қызметкерлер; өздігінше жұмыс істейтіндер – 2.664,8 мың – 33,7%.

Бұлар жоғарыда көрсетілгендей төртке бөлінеді: 1) жұмыс берушілер – 6,4% - 171,5 мың адам (бұларға олигархтар, ірі, орта және ұсақ меншік иелері кіреді); 2) өз бетінше жұмыс істейтіндер – 90,3% - 2406,5 мың адам, жұмыссыздар қатарын көбейтетін, негізінде әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалатын, жалдамалы қызметкерлерден кейінгі ең көп топ; 3) өндірістік кооператив мүшелері – 0,8% - 21,5 мың адам; 4) отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін қызметкерлері – 2,4% - 65,1% мың адам /15/.

Бұл қысқа мәліметтерден Қазақстан қоғамының мүліктік жіктелуі мен әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған топтардың көбейгенін байқаймыз.

Қорытындыда айтатынымыз төмендегідей: Қазақстан халқының демографиялық дамуы қазіргі кезде негізінде оң қалыптасуда. Көші-қонның сыртқа бағытталған толқыны баяулап, оң айырым қалыптасты. Табиғи өсім де бұрынғы деңгейіне жетті. Ұлттық құрылымда қазақтардың басымдығына қол жетті. Ендігі демографиялық көрсеткіштерді қазақ ұлтының өз дамуы қамтамасыз етеді. Сонымен бірге мемлекетіміздің демографиялық және әлеуметтік салада ғылым мен тәжірибеге негізделген саясат жүргізуін талап етіп отырған проблемалар да баршылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан за годы независимости 1991-2009. Статистический сборник. – Астана, 2010. – С. 11.
2. Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. – Астана, 2010. – С. 6.
3. Қазақстан за годы независимости 1991-2009. Статистический сборник. – Астана, 2010. – С. 12.
4. Бұл да сонда.
5. Қазақстан сегодня. Информационно-аналитический сборник. – Алматы. – С. 42-44.
6. Қазақстан за годы независимости 1991-2009. Статистический сборник. – Астана, 2010. – С. 12.
7. Бұл да сонда. – С. 11.
8. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. – Алматы, 2010. – С. 35-43.
9. Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. – Астана, 2010. – С. 10.
10. Бұл да сонда. 11-б.
11. Бұл да сонда.
12. Бұл да сонда. 17-б.
13. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Национальный состав населения Республики Казахстан. – Т.4. – Ч. 2. Население Республики Казахстан по национальности и уровню образования. – Алматы, 2009. 156 б.
14. Бұл жөнінде толығырақ қараңыз: Асылбеков М.Х., Асылбекова Ж.М. О социальной структуре населения Республики Казахстан (1991-2007 гг.). В кн.: Современное состояние и перспективы развития исторической науки Казахстана и России. Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Алматы, 2008. 26 июня. 86-95 бб.
15. Қазақстан 2009 жылы. Қазақстанның статистикалық жылнамалығы. – Астана, 2010. 96-99 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тәуелсіз Қазақстан халқының демографиялық және әлеуметтік жағдайы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается демографическое и социальное положение народов Казахстана.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Жұбанышов Б. Т. - т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемкызПУ)

Адамзаттың ұзақ жылдар бойғы даму жолында кең-байтақ аймақтарды қамтыған және әлем картасына түзетулер енгізген қантөгіс соғыстар көп болды. XX ғасырдың соңында әлем картасы тағы да өзгеріске түсті. Оған алып империя КСРО-ның ыдырауы себеп болып, оның қираған орнында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Солардың бірі – Еуразия құрлығының орталығында орналасқан Қазақстан Республикасы. Бұл оқиғаны әлемнің кейбір саясатшылары көптеген ғасырлар бойы тоталитарлық езгіде болып, енді тәуелсіздікке ұмтылған ұлттың табиғи жеңісі деп бағалады. Дегенмен олар жаңадан құрылған жас мемлекет Қазақстанның қалыптасып, ілгері дамуы және әлемдік қауымдастыққа қосылуы үшін кем дегенде елу жыл уақыт керек деп болжаған еді. Алайда мұның барлығын жаңа мемлекет Қазақстанның сындарлы саясат негізінде жүзеге асырылған қарышты қадамдары теріске шығарып, еліміз әлемдік өркениеттің дамуындағы ерекше құбылысқа айналды.

1991 жылдың соңында тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан өз мемлекеттігін құрудың ауыр жолын бастады. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін егеменді мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. Бұрынғы Кеңес экономикасының ыдырауы салдарынан еліміздегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың шиеленіскен жағдайында нарықтық реформа қиындықпен жүріп жатты. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде елдегі туындаған қиыншылықтардың бірін дұрыс немесе бұрыс деп жатудың қажеті жоқ. Бұл кезеңде жаңа жүйенің нәтижелі немесе нәтижесіз болатындығы күтпеген оқиғалармен де ұштасып кетуі мүмкін еді. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу үшін экономикадағы бірінші қажеттілік ақша реформасын жүргізу еді. Біздің пікіріміз бойынша, нарықтық экономиканың әрекеттік жұмыс жасауын түсіну үшін ақшаның рөлін айқын түсінуден артық ешнәрсе жоқ. Ақша-несиелік саясат ұлттық валютаны енгізгенге дейін, яғни 1992 жылдан 1993 жылдың қараша айына дейін, қарама-қайшылыққа толы болды. Өйткені несиелік экспанцияны шектей алмады. Қазақстанның кейбір кәсіпорындары мен өндіріс орындарын қолма-қол ақшасыз басқа мемлекеттердегі орталық банктер несиелемен қамтамасыз етіп отырған кездер де болды. Дағдарыс кезеңінде Қазақстанның Ұлттық Банкі қаржылық болініске тікелей әсер ете алмады. Коммерциялық банктер белгілі бір механизмдермен мемлекет тарапынан бақылаудың және ел экономикасының дамуындағы жалпы тұрақсыздықты пайдаланып, өз акционерлерін және өздерін үстеме пайдамен қамтамасыз етті. Олар көп өмір сүрмей, тарап кетіп отырды. Қазақстан Ұлттық Банкі жүзеге асырылған келеңсіздіктерді банктік операцияларды бірден толықтай бақылауға ала алмады.

Экономиканы күштеп басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын әрі күрделі болып шықты. Бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуі, келісім тәртібінің нашарлауы салдарынан көптеген кәсіпорындар қиын жағдайға тап болды, олардың тоқтап қалуы қалыпты құбылысқа айналды. Тұтынушылық рынок мәселелері барынша шиеленісті, азық пен киім жетіспеді. Қағаз ақшаны шамадан тыс көп шығару салдарынан оның құнсыздануы күшейді. Халықтың қолында 13 миллиард сомға жуық тауармен қамтамасыз етілмеген ақша шоғырланды.

1992 жылдың басынан Ресейде бағаның босатылуы республикадағы жағдайды қиындата түсті. Қазақстан басшылығы Ресейде жүзеге асырылған шараларды қайталауға мәжбүр болды. Республика Президенті Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Президумының келісімімен 1992 жылдың 6 қаңтарынан бастап бағаны еркіне жіберу туралы жарлық шығарды.

1993 жылдың күзіне дейін Қазақстан үкіметі Достастық елдеріндегі өзара тиімді ынтымақтастық жағдайындағы экономикалық интеграция бағытын ұстанып келді.

Республика басшылығы тарапынан жаңа тұрпатты рубль аймағын құру жөніндегі шаралар туралы алты жақты және Ресей мен Қазақстанның ақша жүйесін біріктіру туралы екі жақты келісімге қол жеткізілген болатын. Бірақ осы келісімдерді нақты жүзеге асыру туралы келіссөздер жүргізілген кезде Ресей Қазақстанның егемендігін шектейтін талаптар қоя бастады. Ресейдің өзінде жана үлгідегі ақша эмиссиясы жүргізілгенде, ескі ақшаның Қазақстанға ағылуы қазан айының соңына таман Қазақстанның қаржы жүйесін шайқалтып, құнсыздану қарқынын күшейтіп жіберді. Осы жағдай Қазақстанның ұлттық валютасының жедел енгізілуіне ықпалын тигізді.

1993 жылы қарашаның 12-сі күні Елбасымыз Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңес берген өкілеттілігіне сәйкес, 15 қараша күні сағат 8-ден бастап елімізде ұлттық валюта – теңгені айналысқа енгізу туралы жарлыққа қол қойғанын хабарлады. Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздіктің келесі және маңызды баспалдақтарының біріне көтерілді, яғни ұлттық валютасы бар елге айналды. Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы жаңа кезеңге ұласты.

«Мұндай оқиға әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады», – деді Елбасы. – Баршамыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізудің қаншалықты қажеттігін және жағдайдың төтенше сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек. Біз үшін оның экономикалық қана емес, саяси маңызы да аса зор».

Қысқа мерзім ішінде сыртқы саясатты жүргізудің негізгі бағыттары анықталды. Республика бүкіл сыртқы саясатта басқа мемлекеттермен тату көршілестік пен олардың ішкі істеріне араласпау, өзара теңдік, барлық мәселелерді бейбіт жолмен шешу принциптерін негізгі басшылыққа алды. Осыған байланысты Елбасының ұсыныстары бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Евразия одағы, Кедендік одақ сияқты халықаралық құрылымдар дүниеге келді. Қазақстан Орталық Азия аймағында ядролық қарудан бас тарту туралы бастама көтерді. Елбасының алғашқы жарлықтарының бірі – Семей ядролық полигонын жабу туралы болды. Қазақстан ұзақ жылдар бойы көп қасірет шеккен халықаралық атом безгегінің бүкіл ауыртпалығын көтеріп келді. 40 жыл бойы Семей даласында 450-ден астам ядролық сынақтар, оның ішінде ауада 113 жарылыс жасалды. Радиоактивтік сәуле алған жарты миллионнан астам қазақстандықтардың денсаулығы ядролық жанталаса қаруланудың құрбандығына шалынды. Біздің халқымызға келтірілген орасан зор материалдық және моралдық зиянды есептеп шығару мүмкін емес. Істің мұндай жайы республикамыздың тұрғындарына да, оның Президентінде қатты толғандырды. Зардап шеккендердің тән және жан азабы, халықтың басына төнген өткір семсер қауіпі 1991 жылғы тамызда Президент Н.Ә.Назарбаевқа өз жарлығымен Семей ядролық полигонын жабуға мәжбүр етті.

Ядролық полигон жабылғаннан кейін Қазақстан парламенті мен үкіметі ядролық жарылыстардың зардабын жою және айналадағы органы сауықтыру туралы шешімдер қабылдады. Ал оны талдап жасауға және орындауға «Невада- Семей» қозғалысының сарапшылары жігерлі түрде қатысып келеді. Еліміздің қауіпсіздігіне республика көлемінде тұңғыш рет осындай назар аударылды. 1993 жылы Қазақстан Лиссабондағы бес жақты хаттамаға қол қойып, ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылды. Міне осы кезден бастап Қазақстан ядролық қаруы жоқ мемлекетке айналды. Қарусыздандыру мәселесіндегі біздің принциптерімізді дүниежүзілік қоғамдастық апық қолдады.

Тәуелсіздік алғанға дейінгі Қазақстанның әкімшілік шекарасы заңды түрде айқын белгіленбеген болатын. Заң жүзінде белгіленген мемлекетаралық шекараның болмауы халықаралық шиеленістер тудыратыны сөзсіз. Сондықтан Елбасы көрші мемлекеттермен шекараны анықтау және оны заңды түрде бекіту міндетін қойды. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасымен және ТМД елдерімен

мемлекеттік шекараны делимитациялау саласында жүргізілген саясатының тарихи маңызы бар оқиға болып саналады. Мемлекеттік шекараны белгілеу жөніндегі жұмыс Қазақстанда әлемдік практикада қабылданған қағидаларға сәйкес жүргізілді. Елімізде шекаралық мәселелерді шешу жөнінде мемлекеттік тетік құрылды. Ел Үкіметі, Қауіпсіздік Кеңесі, Шекаралық мәселелер жөніндегі үкіметтік комиссия осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізді. 1992-1998 жылдары Қытай Халық Республикасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау, ал 1998-2002 жылғы мамыр айында шекараны демаркациялау жүргізілді. 1999 жылы қыркүйек және 2005 жылдың қаңтар айында ТМД-ның шектес мемлекеттермен шекараны делимитациялау жөнінде келіссөздер жүргізілді, нәтижесінде бүгінгі күні Ресей, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеттерімен шекараларды белгілеу мәселесі толық реттелді.

Алматы қаласында 1992 жылы қыркүйек, қазан айларында дүние жүзі қазақтарының құрылтайы өтуінің маңызы зор болды. Бұл еліміз егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болып отырған елеулі оқиға болды. Құрылтайдың ресми ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» деген баяндама жасады. «Біздің құрылтайымыздың басты мақсаты,- деді Н.Назарбаев,- бүкіл дүние жүзіндегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау». Құрылтайда Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды. Қазіргі таңда көпші-қон мәселесі біздің ұлттық саясатымыздың бір бөлігіне айналып отыр. 2006 жылы 440 мыңнан астам қандастарымыз Қазақстанға оралды. Әлем бойынша өзінің бауырластарын шақырып жатқан тек үш-ақ мемлекет бар. Соның бірі Қазақстан және де Германия мен Израиль. Елбасының негізгі мақсаттарының бірі – екі миллион қазақты Қазақстанға көшіріп алу. Отандастар үшін бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып келеді.

Президент жарлығымен Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы болуының тарихи маңызы зор оқиға болды. Біріншіден, Астана Қазақстанның дәл орталығында орналасқан, бұл облыстар мен аудандарға басшылық жасау үшін қолайлы. Екіншіден, жаңа құрылыстар салып, қала көлемін ұлғайтуға, Қазақстанның солтүстік облыстарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді. Астана Қазақстанның ХХІ ғасырдағы бас қаласына айналды. Өрбір Қазақстан азаматы мақтан тұтатын Астана төріндегі толассыз өзгерістер оларға шексіз қуаныш сыйлайды әрі қысқа мерзімде осындай көрікті қаланың өмірге келуі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың арқасы екендігін айқын сезінеді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің мәдениетіне деген көзқарас жаңаша сипат иеленгендіктен, мәдениет саласында маңызы зор бағдарламалар жасалып, жүзеге асырыла бастады. Соның бірегейі – елдің елдігін танытып отырған «Мәдени мұра» бағдарламасы. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажеттілігі атап өтілді.

Бүгінгі Қазақстан – жаһандану жағдайында аймақтық қана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік мәселелерді талқылау мен шешуде ықпалды рөл атқаратын елге айналды. Бүкіл әлем саясатшылары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ғылыми жағынан әбден негізделген «Қазақстан-2030» бағдарламасын қас қақпай бақылап отыр. Бір де бір халық, бір де бір ұлт, бір де бір мемлекет ұзақ мерзімдік жоспарсыз ілгері дами алмайды. Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстар қатары ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Бүгінгі таңда алғашқы қадамдар жемісті жүзеге асырылуда.

Қазақстан қазақ халқы мен оның аумағында өмір сүріп жатқан басқа да этностардың бірден - бір Отаны ретінде бүкіл әлемге халықтардың туыскандық бірлікпен өмір сүруі, республикадағы әртүрлі ұлттық мәдениеттердің үйлесімді

дамуына қамқорлық жасау мен дінаралық қатынастарды сақтаудың айқын үлгісін көрсетіп отыр. Қазақстанда жүзеге асырылған бағдарламалардың барлығы да әлеуметтік бағыт ұстап, реформалау жолына түскен басқа елдерде орын алып отырған ірі саяси аласапыран оқиғаларға ұрынбауға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының 20 жылдық тарихы Н.Ә.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. 20 жылдың көлемінде жер басып, мұхит асып, алыс-жақын елдермен тереземіз тең қарым-қатынастар орнатып жатсақ, мұның арғы жағында халқымыздың дана пейілі мен Президентіміздің күн-түн қатып жүрін атқарған қажырлы қызметі жатқанын бір ғана Қазақстан халқы емес бүкіл әлем халқы біледі. Осы тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде 130-дан астам ұлттың баласын қиын жылдардың өзінде бір шаңырақтың астында тату-тәтті етіп ұстай білген тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатын әлем саясаткерлері көріп, біліп отырды. Елбасының әлем елдеріне жасаған ресми сапарлары олардың саясаткерлері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің үлкен қызығушылықтарын туғызды, өз кезегінде жоғары баға берді. Халықтың жылдар бойы аңсап күткен тәуелсіздігін барша жұртқа жар салып жариялап қана қоймай, оны аласапыран берекесіздіктер мен күйзелістерден қорғай да білуді мақсат тұтқан Елбасы ұлтаралық, дінаралық және азаматтық келісімге қол жеткізу арқылы Қазақ жерінде келісім мен мейірбандық мұнарасын орната білді.

Міне, Елбасы Н.Ә.Назарбаев атқарған жұмыстардың бұлар бірсыпырасы ғана. Тек ағымдағы саясатты ғана жетілдіріп, бейғамдыққа бой алдыру Елбасына тән емес. Сондықтан да әлемдік қауымдастық Нұрсұлтан Назарбаевты халықаралық деңгейдегі көшбасшы ретінде танып, өз бағаларын беруде. Олай болса Елбасының мерейі – еліміздің мерейі. Әйгілі жазушы, қоғам қайраткері Шыңғыс Айтматов «Назарбаев – халықтың бағы. Ол ойыма уақыт өткен сайын беки түсіп келемін», - деп жазған екен. Шынында да бұл тұжырым бүгінгі күні толықтай расталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Жаңа кезең-жаңа экономика. // Егеменді Қазақстан. – 2004. 13 желтоқсан
2. Назарбаев Н. Бейбітшілік кіндігі. – Алматы, 2001.
3. Күнқожаев Н. Тәуелсіз Қазақстан тарихы – Алматы, 2006.
4. Көркемсуретті Қазақстан тарихы: төртінші том – Алматы, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, 20 жыл ішіндегі атқарылған маңызды оқиғалар баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье говорится о важных мероприятиях которые проводились в независимом Казахстане в течении 20-ти лет.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

СЫҒАНАҚ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ

Изтелеуова А.С.— аға оқытушы (Қызылорда қ-сы, Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті)

Сыр оңірі ерте кездерден-ақ қайнаған қалалық ғұмырдың, тыныс-тіршіліктің құт-мекені, тарихымыздың шежіресі болған өлке. Бұл тарихи тағылымы мол өлкеде скиф-сақ дәуірінен бастап, хандық заманына дейінгі қалаларымыздың, астана-ордаларымыздың ізі жатыр. Орта ғасырларда Батыс пен Шығысты жалғастырған Ұлы Жібек жолының бойында Отырар, Түркістан, Сауран, Жент, Жанкент, Сығанақ сияқты қалалар бой көтерген.

Осы қалалардың ішінде өзінің 2000 жылдық тарихы бар Сығанақ қаласының орны ерекше.

Сығанақ Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінің батыс жағында 40 км жерде, Сунақ ата қыстауының жанында, Сунақ ата әулиенің басына орнатылған ғимараттың дәл жанында. Қаланың жанынан Түркістан-Қызылорда тас жолы өтеді. Бұл жол баяғы Ұлы Жібек жолының ізімен салынған. Міне, осындай тоғыз жолдың торабында жатқан Сығанақ қаласының ғұмыры сонау алғашқы орта ғасырдан басталған. Қаланың дәл қай ғасырда салынғанын дәп басып айту қиын. Өйткені, оған археологиялық қазба жұмысы жүргізілмеген, тек үстінен терін алынған көзелердің сынықтарына қарап, V-VI ғасырларда салынған деген жорамал айтылып жүр.

Жазба деректерге көңіл болетін болсақ, қала тұрған аймақта б.д.д. VII-VIII ғғ. яғни, антикалық дәуірде массагет сақтар өмір сүрген. Қаланың аты VIII-IX ғасырлардағы жазба деректерде кездеспейді. Тек X ғасырдың аяғында парсы географы Худуд әл-Әлемнің деректерінде Сунах деген қала аты кездесетіндігін А.Якубовский келтіреді.

Одан кейінгі араб жазба деректерінде Сығанақ қаласы жайлы мәліметтер келтіріліп отырады.

Al XI ғасырда қаланың Сығанақ аты ғұлама ғалым түркі тілінің маманы Махмуд Қашқаридің «Түрк тілінің сөздігі» атты еңбегінде жазылған. Әбілғазының жазбаларында Сығанақты «кала қақпалы, қуатты дуалдармен қоршалып, ішінде сауда үйлері, керуен сарайлары және басқа да құрылыстары болған. Сығанақ Сырдария өңіріндегі ірі тұрақ еді. Оның тұрғындары Кедейдің елшісі Хасан қажыны өлтіріп, моңғолдармен барынша қарсыласты» - деп жазған.

XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекетіндегі жазба деректердің барлығында Сығанақтың аты кездесіп отырады.

Сығанақ атауы XIII ғасырда өмір сүрген әрмене тарихшысы Киракос Гандзакеци еңбегінде де аталады. Әрмене ханы Хетумның Батый мен Мегу ханға барған сапарына арналған 58-ші тарауында тарихшы: «Бұл жерден олар Сгнах және Савранға бет алды, ол өте үлкен, одан соң Харчук пен Асон, Саври мен Отрар, Зурнух пен Дизак. Сол жерден он үшінші күн дегенде олар Самарқандқа, одан соң Сарипула, Кармана және Бұхарға жетті» /1,224 б/ деген мәліметтер келтіреді.

«Сунақ» туралы деректерді «Диуани лұғат ат-түріктен» де табамыз. Оны М.Қашқари оғыз еліндегі қала деп көрсеткен. /2,166/

Бұдан көретініміз: Киракос Гандзакеци Сығанақпен қатар Сауран, Отырарды да ірі бекіністер ретінде атайды. Бірақ олар моңғолдардың қоластында болған.

Сонау оғыз-қыпшақ дәуірінен жеткен бұл қаланы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде В.Бартольд, Н.Веселевский, В.Каллаур, И.Кастанье, П.Лерх, А.Якубовскийлер зерттеген болатын.

Сығанақ туралы қызықты деректер Ресей жерінде жарық көрген басылымдардан да кездесіп отырады. Мысалы, Спасский жариялаған «Книга Большого чертежа» (1846,74) атты кітапта (ХҮІғ) Сунақтың Қаратаудың бөктеріндегі қала екендігі жазылса, «Чертежная книга Сибири» (СПб, 1882) атты жинақта Сығанақ Сырдың оң жағындағы қала ретінде көрсетілген.

Сығанақты алғаш зерттеген П.Лерх болған еді. 1867 жылғы сапарында ол Сунаққорғанда болған.

Сығанақты зерттеген археологтардың бірі В.Каллаур десек (1899), оның еңбектерімен де бірқатар тың әрі қызықты деректер табамыз. Өзінің «Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии» жинағында жариялаған хабарында ол: «Сунақ-Атада ең алдымен күйдірілген қыштан соғылған екі құрылыс назар аударады. Олар осы жердегі қаламен тұспа-тұс болуға тиіс. Көлемі үлкен құрылыс үш бірдей кірер есігі бар екі бөлмеден тұрады (бүгінде тек оңтүстік жағындағы есігі сақталған биіктігі 8 кез, батыс және солтүстік есіктері көміліп қалған). Бұл бөлменің ұзындығы мен ені 15 кез, екінші бөлменің ұзындығы мен ені 9 кез» – деп жазады.

Бұрын Сырдария Қызылқұм арқылы аққандықтан, Сығанаққа су Арыстан тартылған. Ол арықты қазуға он мың адам қатысып, сол себепті ол Түмен аталыпты-мыс.

Түркістан аймағының картасында Сығанақ Төменарықтан 10 шақырымдай жерде Сунаққорған деген атпен көрсетілген. Осы атау бірқатар тарихи-ғылыми жазбаларға да түскен. Олай болса Сунақ-Ата – қаланың кейінгі атауы. Осыған жуық ойды Каллаур да айтқан./3,186-187бб/

В.Каллаурдан соң араға 7 жыл салып Сығанаққа келген И.Кастанье де қалаға қатысты бірқатар маңызды мәліметтерді қалдырған. Қамалдың жалпы көрінісін суреттеген жерде ол: «Сығанаққа жақындағаннан жол-жәнекей көптеген ыдыс-аяқтар мен күйдірілген қыштардың сынықтары, қираған мазар, қамал т.б. кездеседі. Бірақ ұзындығының аумағы 1000, биіктігі 15 қадам боларлық төртбұрыш үлгісіндегі биік қорған дараланып тұрады. Айналадағы қирап жатқан құрылыстар сияқты бұл да ғасырлық сексеуіл басып қалған көне қорған. Төменінен арықпен байланысатын терен ор қазылған, оның ізі қамалдың оңтүстік-шығыс бетінен байқалады. Түмен деп аталатын бұл арық өзінің суымен оның тұрғындарына молшылық пен жеміс әкеліп тұрған» – дей отырып, бұл жерде сексеуіл, тікенек шөптердің өсетінін, керуеншілер осындағы құдық маңында демалып, сусын басатыны, оның барлық көшпелілерге мәлім екендігін жазады.

Сығанақ қаласының орнында Н.И.Веселевский де болған. Өзінің «Описание развалин древних городов по дороге из Казалы в Ташкент» деген жолжазбасында ол Сығанақты Тоқтамыс ханның астанасы ретінде атай келіп: «Қаланың қираған орны Жанкентпен ұқсас. Өзінің қалануы мен архитектурасы жағынан Сығанақ мешіттері бір кезеңде салынған. Басты айырмашылығы олардың көлемінде ғана. Аман тұрған қамал қалдықтарына қарағанда, ондағы құрылыстар саз кесектен салынған, күйдірілген қыш өте сирек құрылыстарға қолданылған» - дейді.

Кеңес дәуірінің алғашқы онжылдықтарында Сығанақ қорғаны арнайы зерттеле қоймады. Тарихи жазбаларда Сығанақ, Сунаққорған атанып келген қала, кейін Сунақ-Ата болып өзгерген. Бұл ел ұғымында әулие есімі болғандықтан, жұрт одан бойын аулақ ұстауға тырысқан. Елуінші жылдары «Красная звезда» совхозы бұл маңайдағы мазарларды бұзып, кірпішін алған. Сойтіп кешегі коммунистік утопияға салынған көпшілік дін атаулыдан беземін деп жүріп ата-бабаларының ғасырлар бойғы мәдениетінен тартынғанын сезбей де қалған. Осындай рухани-мәдени тоқырау дәуірінде елге тоқтау салып, откеннің мұрасына байыппен қарау керектігін айтқан ұлт жанкүйерлері де болған. Ол-профессор Әуелбек Қоңыратбаев.

Ұзақ жылдар бойы ел ішінде отырып, жергілікті мәдени және тарихи ескерткіштердің жан-күйін бақылап отырған ғалым алпысыншы жылдары Сығанаққа арнайы барып, оның қирап жатқан орнымен танысқан. Сол сапарында ойға түйген тұжырымдарын қағаз бетіне жазып қалдырған. Онда негізінен Сығанақ шаһарының тарихына қатысты мәліметтер келтірген. Ғалымның Жанақорған аудандық «Коммунизм жолы» газетінің 1967 жылғы 7-қазан күнгі санында Ә.Қоңыратбаев «Сунақ» әулие атауы емес, қала, ел, (тайпа) атауы деп айтқан. Ғалым Сыр бойындағы осы қала жөнінде ойын былайша өрбітеді:

«Сыр бойында орта ғасырлардан бастап қалалы мәдениет өрістеген. VI ғасырда Қытайдан Византияға дейін созылып жатқан «Жібек жолы» осы Сығанақ (Сунақ) арқылы өткен.

Сығанақ халқы отырықшы болған. Онда сауда, қолөнері жақсы дамыған. Қала мәдениеті Тараз Баласағұн, Шиғу, Сайрам, Отырар шаһарларымен қатар қанат жайған. XIII ғасырға дейін Сырдың шығысында Отырар мен Сығанақтан ірі қала болмаған. Олар ислам дінін X-XI ғасырларда қабылдаған болуы керек.

Бұл қалалардың ғимараттары, қыш, құмыра үлгілері Самарканд (Афрасиаб), Бұхара, Ғират мәдениетінен кем соқпаған. Үлкен арығы (Түмен), кіші арығы (Сунақ) деп аталған. Халқы бидай, тары еккен. Қаланың сыртында жыңғыл мен балшықты кептеп салған биік қорғаны болған. Сол қорғанның орны бүгінде біраз жерді алып, төбе болып жатыр. XI ғасырда дуалдың сыртында да коше-көше дүкендер, Қытай, Үнді, Иран, Ауған жағынан келетін саудагерлерге арнап салынған рабаты болған. Оның орнынан бүгінде түрлі керамика табылып жүр.

Үргеніш ханы, Орта Азияның көрнекті тарихшысы Әбілғазы Баһадүр ханның Тұран тарихын баяндайтын «Шежіре-и түрк» дейтін кітабында Сыр, Әму бойының қалалары, олардың тұрмыс-тіршілігі суреттелген. Оның сөзіне қарағанда 1219 жылы монғолдар әуелі Отырарды, сосын Сығанақты күйреткен. Шала бұзылған Сығанақ XIV ғасырда қайтадан өмір сүріп, 1380-1600 жылдар арасында ноғайлы, қазақ хандарының астанасы болған. Атақты Мұхаммед Шайбани қазақ-өзбек әскерін бастап Орта Азияға келгенде осы Сығанақты астана еткен еді. Хорезмдегі Мұхаммед Салық Шахрухтан кұғын көріп, 1512 жылы сол Сығанақта Шайбаниға уәзір болған.

Сығанақ бекінісі туралы деректер К.Байпақоа, К.Ақышев, Ә.Әбіласановтың Сығанақ атты кітапшасында корсетілген. Бұл аталған еңбектерде Сығанақ қаласының арғы-бергі тарихына барлау жасалып, бірқатар тартымды мәліметтер келтірген.

Сонымен, Сығанақ XII ғасырда қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің астанасы болды. XIV ғасырда Сыр бойында Көк Орда шаңырақ көтергенде оның астанасы болған.

Сығанақ қаласының XV ғасырдағы тұрмыс-тіршілігін Шайбани ханның замандасы Рузбехани шығармасынан табамыз. Оның: «Мехманнаме – и Бұхара» атты шығармасының бір тарауы осы Сығанаққа арналған. Онда ол Сығанақты Дешті қыпшақтың ең соңғы отырықшы аймағы ретінде атай келіп, ірі сауда орталығы болғанын жазады. Рузбеханидің көрсетуінше Сығанақ базарына күніне 500 түйе түсіп, кешке дейін сатылып кетеді екен.

Қаланың бүкіл Орта Азия, Византия елдерімен де байланысы болған. Отырар үстімен өткен Жібек жолы Тараз, Арыс арқылы Сырдың төменгі ағысына дейін созылып көптеген қалаларды қамтып отырған. /4,106/

Сығанақ халқы негізінен көшпелі тайпалар болғанымен олар отырықшылық өмірге де ерте бейімделген. Өйткені, олар Хорезм елімен тығыз байланыс орнатқан.

Рузбеханның жазуына қарағанда Әбілқайыр (1468) ханда осы Сығанақтың жанына жерленген. Оның сипаттауы бойынша ханның күмбезі таңқаларлықтай өте биік, тамаша безендіріліп жасалған.

Жазба деректерде Шайбани тұқымдарынан Ақ Орданың ханы болған хандар осы Сығанақ жанына жерленгені айтылады.

Қаланың орталық қорғанының айнала қоршай салынған қарапайым халық тұратын шахристаны мен рабатының өзі ат шаптырым жерді алып жатқан атақты қалалардың бірі болған. Алайда қала тағдыры бұл кезде бейбіт жағдайда өмір сүре алмады.

XV ғасырда Орыс ханның ұрпағы Барақ хан мен Әмір Темірдің ұрпағы Ұлықбек арасындағы талан тартыстың көзі осы Сығанақ қаласы болды. Барақ хан өзінің Ұлықбекке жолдаған хатында «Менің атам Өрысхан Сығанақта тұрып, онда құрылыс орындарын салғандықтан Сығанақ жайылымдықтары заң бойынша да, әдептік құқық бойынша да маған тиісті» - дейді./5,466/

Өзінің 2000 жылға жуық тарихы бар Сығанақ қаласы қаңлылардың, қыпшақ хандығының (XI-XIIғ), Ақ Орданың (XIII-XIVғ), Әбілқайыр хандығының (XVғ), Қазақ хандығының(XVIғ) астанасы болған қала.

Қазіргі кезде Қожа Ахмет Иассауи атындағы университеттің профессоры С.Жолдасбаев Сунақ Ата қаласына археологиялық зерттеу жұмысын жүргізуде.

Біздің іңкіріміз, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша сұлу Сыр бойындағы тарих пен шежіреге толы елдігіміз бен ерлігімізді көрсететін, бағзы замандарда мәдениетіміз бен өнеріміздің ешбір елден, тіпті батыстан да кем болмағандығын, тек көшпелі емес, отырықшы халық екендігімізді де дәлелдейтін де осындай ежелгі қалалардың бірі – Сығанақ тағы басқа да құм жұтқан шаһарлар мен қорған бекіністер болмақ.

Енді алдымызда осы Сыр өңірінің тарихын шынайы тұрғыда жазып келешек ұрпаққа жеткізу парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Киракос Гандзакечи. История Армении. М., 1976. 224б
- 2.Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. А., 1993. 16б
- 3.Древности киргизской степи и Оренбургского края. Сост. И. А.Кастанье. Оренбург., 1910. 186-187б
- 4.Байпақов К.М, Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992. 10б
- 5.Жолдасбаев С. Сығанақ қаласының сырын ашалақ. //Алаш. - 2006 №3, 46б

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада орта ғасырларда Батыс пен Шығысты жалғастырған Ұлы Жібек жолының бойында бой көтерген Сығанақ қаласының тарихы баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается история города среднего века Сыганак который расположен на великом пути Жибек Жолы.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ МЕН ДІНІ

Қасымбекова М.А. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Абдиманов С.М. – оқытушы (Алматы қ-сы, ТЭК АТУ)

Ертедегі түріктер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Суға (Йер-суб) сыйыну болды. Құдірет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк болды. Қағандар нақ осы Көктің еркімен билік құрып, олар “Көк тектестер және Көкте туғандар” деп аталды. “Көк оз билігінен (көк жүзінен) менің әкем Илтериш-қағанға және менің анам Илбілге-қатынға жөн сілтей отырып, оларды (халықтан) жоғары қойды, менің өзімді түрік халқының аты мен даңқы жойылып кетпеу үшін қаған етіп отырғызған (қағандарға) мемлекетті сыйлаушы Көк деп ойлау керек”. Көктің еркімен “түріктер жеңіске жетіп немесе жеңіліске ұшырап отырған”. Жұт жайлаған жылдары түрік халқы Көк пен Жер-Су сақтап қалған. Түрік хандары өздерінің жазбаларында Көкті өздерін әрқашанда желеп-жебеуге шақырады.

Өзінің мәні жөнінен бұдан кейін тұрған әйел тәңірісі Ұмай-от басы мен балашағаны қорғаушы болған. Ұмайға табыну Алтайдың кейбір түркі тілдес халықтарында ХІХ ғасырдың аяғына дейін сақталып қалды. Сонымен бірге, Ұмай түріктер сыйынған құдіретті үш күштің бірі болған және оларға қашанда қамқоршы болып отырған. Мұны мәселен, Тоныкөктің құрметіне орнатылған ескерткіштен көруге болады, онда түріктердің сәтті жорықтарының бірін сипаттағанда былай делінген: “Көк, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-Су, міне бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек”. Ертедегі түріктер “қасиетті Отүкен кара күшіне” (Хантай таулары) ерекше қастерлеген, олардың рухы қаған тегінің қамқоршысы деп есептелген. Онда “бабалардың үңгірі” болған, түрік аңыздары бойынша, осы үңгірде қасқырдан түріктердің бабалары туған.

Осындай сипатталған наным-сенімдер ежелгі түркі тайпаларына, оның ішінде оғыздарға, карлұқтарға, қимақтарға, қыпшақтарға ортақ болған. Бұған, атап айтқанда, орта ғасырлардағы араб және парсы шығармаларында кездесетін түркілердің наным-сенімдерін сипаттайтын қысқа және үздік-создық сипаттамалар айқын дәлел бола алады. Араб географы әл-Макдиси (Х ғ.) Орта Азиядағы түріктердің діні туралы былай деп жазды: “Түріктер бір тәңірі, яғни “тәңір-біреу” дейді.

Ертедегі түріктер арасында әр түрлі діндер таралған, олардың ішінде ең әйгілілері-отқа табыну, жануарларға табыну, осімдіктерге табыну болды. Византия тарихшысы Менандр түрік қағаны Дизабулға елші Земархтың келуін сипаттай келіп, былай деп жазды: “Түріктердің осы тайпасының ішінен кесел біткенді аластай аламыз деп өзіне-өзі сенетін біраз адам Зеemarхқа келді де, римдіктердің өздерімен бірге ала келген заттарын бір жерге үйді, одан соң ливан ағаштарының бұтақтарын лаулатып жағып, скиф тілінде әлде бір тағылық сөздер айтып сыбырлап, дабылдарын ұрғылап, үйіліп жатқан заттарға қайта-қайта төнді. Шытырлар жанып жатқан бір бұтақты ортаға әкеліп, құтырына айғайлап, кәрін төгіп, ойнақтаған жын-шайтанды қуғандай болды.

Қала тұрғындар мен орырықшы халықтың отқа табынғанын археологиялық материалдар растайды. Баба-Ата қаласы жұртының қамалын қазған кезде сарай кешенінің ең басты залында, жердің қалың қабатына қарағанда, отқа байланысты діни ғұрып өткізілген. Қалалардың жұрттарын қазғанда қой мүсіндері шығады, олардың осы жануарларға табынуымен байланысты екені даусыз. Отырар алқабындағы Көк-Мардан қаласының орнынан YI-YII ғасырлар қабатынан от жағу үшін тақыт орнатылып, қошқар мүйіз түрінде жапсырмасы бар қуыс жасалған ғибадатхана қазылып алынды.

Түріктердің сикырлы күшке, шаман бақсы-балгерлеріне сенетіні жайлы парсы тарихшылары мен географтары да жазды. Өлген түріктер ертедегі шаман ғұрпымен жерленген. Деректемелерде жерлеу ғұрпының сипаттамалары сақталған, өлген адамды биіктеу жерге тігілген киіз үйге қойған. Туыстары құрбандыққа әкелген қойлары мен

жылқыларын табалдырықтан асырып қойған да, сонан соң киіз үйді жеті рет айналып өткен. Үйді айналып, есік алдынан өткен сайын беттерін тілгілеп, жылайтын болған; сонан соң белгіленген күні өлген адамның атын, киімдері мен заттарын алып, оларды өлген адамның денесімен бірге өртеген.

Бертін келе өлікті жерлеу ғұрпы өзгерді, өлген адамды шұңқыр қазып, жерге көметін болған, сөйтіп топырақтан немесе тастан оба ұйген. Қала мен далада ертедегі пұтқа табынатын наным-сенімдермен қатар дүниежүзілік діндер тарады. Бұл үрдісте Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарды. Зерттеушілердің пікірінше, Қытайға будда діні Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы өткен. Бұл үрдіс б.з.б. I ғасырдың орта шенінен басталды. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда дінінің таралуында Орта Азияның діншілдері мен миссионерлері, әсіресе, соғдылар, парфияндар, кангюлер маңызды рөл атқарды.

Орта ғасырларда будда дінінің негізгі миссионерлері ролін соғдылар алды. “Бодисатва” деген сөз парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енген. Шығыс Түркістандағы буддалық түрік тектестердің терминдеріне жасалған талдау олардың соғдылар арқылы келгенін дәлелдейді. VI ғасырдан бастап түріктер будда дінінің күшті ықпалына ұшыраған. Сюань-Цзян батыс түрік қағанатының будда дініне ізгі көзқараста болғанын жазады. Зерттеушілердің пікірінше, VII ғ. бірінші жартысында батыс түріктердің кейбір билеушілері будда дініне көшеді немесе будда дініне қамқоршылық етеді. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда будда едәуір кең таралды.

Будда дінімен қатар Жібек Жолымен Батыстан Шығысқа жылжи отырып, христиан діні де тарады. V ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Рим империясында әулие Несторийдің жолын қушылардың “күпілік” сектасы пайда болды. Несторий Мария анадан құдай емес, адам туған, Христос “құдайлар мекенінен келуші”, қасиетті рухты таратушы ғана болған деп үйретті. Несторийдің пікірінше, Мария ананы құдайдың анасы демей, қайта Христ анасы деп атау керек, “Мария құдайды емес, қайта адамды –Христы туған”. Нақ осы жаңалық бұқара арасында абыржушылық туғызды.

Несторийдің ілімі 431 жылы Эфес соборында айыпталып, несториандар аяуыз қудалана бастады. Қуғындаулар нәтижесінде олар Шығысқа қашуға мәжбүр болды. Азияның алыстағы аймақтарының несториандармен байланысты болғаны қайран қалдырды. Олардың колониялары мен сауда факториялары Жерорта теңізінің жағалауынан “Аспан империясына” дейін созылып жатты. Таулар мен ойпаттар арқылы өткен бұл жол бойындағы алқаптардан христиан мәдениетінің ескерткіштері табылды. Метрополияда да, отарларда да соғдыларға христиан дінінің таралуы соғдылардың сирия жазуымен танысуына жеткізді. Сирия жазуы христиан – соғдылардан ертедегі түріктерге жетті; бұл жазуды ұйғырлар қабылдады: “...сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке зор үлес қосты. Олар Шығысты дүниежүзілік мәдениет дамуының көне замандағы жетістіктерден бастау алған сарынына қосты”.

VII-VIII ғасырларда несториандық ілім Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кең тарады. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Патриарх Тимофей кезінде (780-819), қарлұқ жабғуы болар, түрік патшасы христиан дінін қабылдаған. IX-X ғасырлар шебінде ерекше қарлұқ метрополиясы құрылды, Тараз бен Миркиде христиан шіркеулері жұмыс істеді. Жетісу және Оңтүстік Қазақстан қалаларынан табылған несториандықпен байланысты олжалар жазбаша деректермен мәліметтерін айқын дәлелдейді. Бұл-Ақбешім қаласының жұртынан табылған христиан шіркеуінің қалдықтары болды.

Невакette христиан қауымының болғанын керамикадағы шарап құятын үлкен кеспектердің ернеулеріндегі соғды жазбалары дәлелдейді. Олардың біреуінде былай деп жазылған: “Бұл кеспек Йарук-Тегін мұғалімге (арналған). Пастун шебер. Ол (кеспек) толып тұрсын, аминь, аминь?”. Бұл жазудағы “мұғалім” деген сөз түрік соғды

эпитафияларындағы «мұғалім, тәлімгер» деген терминге ұқсайды. Қорытындысындағы «аминь» деген сөз Йарук-Тегіннің христиан қауымының басшысы болғанына күмән қалдармайды. Қысмычи қаласының жұртынан табылған кеспектің ернеуіне: «Епископ Ширфан», - деп жазылған. Жазбалардың шарап құятын ыдыстарға ойып жазылуына қарағанда, Жетісуда шарап өндірісі ғұрыптарында шарап маңызды рөл атқарған, ол христиандардың қолында болған.

Жібек жолының бойымен келесі бір-Манихей діні таралған. Ол III ғасырда Иранда пайда болып, тез арада Италиядан Қытайға дейін көп мөлшерде адептілер тапты. Ол жалпы алғанда зороастрашылдық пен христиан дінінің қосындысы болатын. Христиан дініне манихет діні-миссияншылықты, ал зороастрадан ізгілік пен зұлымдықтың, жарық пен қараңғылықтың күресі идеясын алған.

Манихей дінінің Жетісу мен Қазақстанның Оңтүстігінде, бірінші кезекте, отырықшы тұрғындар арасында өз жақтаушылары болды. Тұрпан алқабынан табылған манихейлік. «Екі негіздің қасиетті кітабы» деген шығарманың ертедегі ұйғырша қолжазбасында бұл кітап «он оқ елінде (нанымды) ояту үшін» «Арғу, Талас» қаласында жазылды делінген. Бұл арада Тараз қаласы айтылып отыр. Жетісудың тағы бірқатар қалаларында-Баласағұнда, Жікіл-Балықта манихей мекендері болғаны мәлім. Сірә, Таразды қазған кезде табылған манихейлік астралдық құдайлар нышаны болып саналатын айы бар әйел бейнеленген қола медальонды манихейлік жәдігерлер қатарына жатқызған жөн.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тұрғындары тағы бір дүниежүзілік дін-зороастра дінінің өкілдері болған. Ол дін б.з.б. VIII-IV ғасырларда ежелгі Иран аумағында қалыптасты. Оның ғұрыптық практикасына Ғаламның төрт элементін-суды, отты, жерді, ауаны құрметтеу тән. Зороастра ескерткіштерін Орта Азиядан, Сырдария қалалары мен Жетісудан аңғаруға болады. Бұлар-мұнара сияқты құрылыстардың қалдықтары, оларды от жағатын мұнаралармен байланыстыру қажет. Қостөбе және Қызылөзен қалаларының топографиясында сақталған. Алайда, Орта Азия мен Қазақстанда зороастра дінінің канондық түрінен айырмашылығы бар ерекше нұсқасы тараған. Ол жергілікті табынушылық діндермен, атап айтқанда, отқа, текке, бабаларға, жапуарларға-қойға, жылқыға, түйеге табынумен тығыз араласып кеткен.

Бұл дінге байланысты олжалар оссуарилерге –сүйекті, қыш жәшіктерге-кеспектерге, өлікті жер бетіндегі көрхана наус-сағаналарға қойып жерлеген жерлерден табылды. Зороастра тілін Қазақстан қалаларына VI-VII ғасырларда соғдылар әкелген. Алайда ислам шығыста христиан дінінде, будда дінінде, зороастра дінін де жергілікті діндерді де біртіндеп ығыстырып шығарды. Жаңа дін Жібек-Жолының көптеген қалаларында үстем дінге айналды. VIII-IX ғасырдың аяғындағы оқиғалар туралы баяндалатын деректемелер Оңтүстік Қазақстанды мекендеушілердің исламға көшкенін көрсетеді. 840 жылы Нұқ Ибн Асад Испиджапты бағындырып алды. 859 жылы оның інісі Ахмет Ибн Асад Шауғарға жорық жасады, онда бірнеше мың адам діни қудалауға ұшырады.

IX-X ғасырлардағы ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары аймақта қалалық мұсылман мәдениетінің қалыптасқанын көрсетеді. Тараз бен Миркидің христиан піркеулері мешіттерге айналдырылды. IX ғасырдың екінші жартысы-X ғасырда қала тұрғындарының жерлей ғұрпы өзгереді. Ол мұсылман ережелері бойынша жасалатын болды: олік жерден қазылған шұқырларға шикі кірпіштен қаланған сағаналарға жерленді. Оліктердің басы солтүстік-батысқа, беті оңтүстікке қаратылған. Қабірлерге құрал-сайман қойылмаған. Ең ертедегі мұсылман зираттары Отрар алқабынан ашылды және мерзімі IX-X ғасырлардеп беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов А. Түркі философиясы және жазу тарихы. Алматы, 1996. –128 б.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985. 368 б.

3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алма-Ата, 1973. 166 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алма-Ата, 1987. 368 с.
5. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994. 480 б.
6. Дербісалин Ә. Дәстүр және жалғастық. Алма-Ата, 1976. 204

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көне түркілердің наным-сенімдері мен діндері баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об верованиях и религии древних турков

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ТУРКЕСТАНА В XIII - XV ВВ.

Кожакеева Л. Т.-к.и.н., доцент (г.Алматы, КазгосженПУ)

Регион Южного Казахстана (по терминологии источников того времени Туркестана), особенно его северная часть, были традиционным политическим и экономическим центром всех государственных образований на территории Казахстана. Присырдарьинские города Сыгнак, Отрар, Ясы (Туркестан), Сайрам, Сауран, Сузак и др. постоянно были в центре военных столкновений правителей соседних государств. За них сражались с Тимуридами, правившими в Средней Азии (Мавераннахр), ханы Ак-Орды на рубеже XIV-XV вв., Абулхайр-хан в 4060 гг. XV в.; за них сражались с узбеками шейбанидами первые казахские ханы /1/.

Здесь правители Восточного Дешт-и Кыпчака раздавали владения своим вассалам, собирали налоги, опирались на местные города в борьбе за власть в степи, осуществляли строительство. Здесь находились их родовые усыпальницы (знак владения территорией). Свой вклад в развитие городской и земледельческой культуры на юге Казахстана, как и на юго-востоке в прошлом внесли далекие и близкие предки казахской народности, как и сами казахи в XV-XVII вв.

Ярким свидетельством оживления экономической жизни южноказахстанских городов служит нумизматический материал. В середине XIII в. Начинает интенсивно работать монетный двор Отрара, где чеканятся вначале золотые динары, затем посеребренные дирхемы, а также медные фельсы. Отрар был единственным городом в Казахстане и Средней Азии, выпускавшим в это время монеты всех трех традиционных номиналов. Причем отрарские посеребренные дирхемы обеспечивали не только местную денежную торговлю, но и торговлю межобластную.

Кроме Отрара во второй половине XIII в. денежную продукцию выпускали Кендже и Дженд. В маршрутниках середины XIII в. упоминаются города Отрар, Зернук, Сайрам, Ясы, Сыгнак, Барукет, Саудакент, Кумкент, Уросо-ган, Сузак.

На международных караванных путях возникали и развивались новые городские центры, такие как Сарайчик на р. Урал. Основание его относится ко второй половине XIII в. Город находился на главном торговом пути с Востока на Запад из Восточного Туркестана, Казахстана и Средней Азии в Поволжье, Крым, Европу /2/.

Исследователи считают, что последнюю четверть XIII в. можно считать временем, когда для частичного восстановления городской жизни и денежной торговли Средней Азии созрели прочные и достаточно благоприятные условия. Так, на Отраре раскопан комплекс крупной кирпичеобжиговой мастерской, которая начала функционировать в последней четверти XIII в. Она снабжала материалом строительство, которое

развернулось в Отраре именно в это время. Из жженого кирпича была выстроена на рубеже XV—XVI вв. соборная мечеть Отрара. Главный вход ее, судя по сохранившимся конструкциям, был оформлен прямоугольными пилонами и сдвинут к углу, где находилась круглая башня минарета /3/.

Как известно, монголы препятствовали возрождению разрушенных городов как военных крепостей. И лишь постепенно города стали вновь обноситься стенами. В Отраре стена была выстроена в конце XIII — начале XIV вв. В это время, как свидетельствуют материалы раскопок, формируются новые типы жилища. Среди них выделяются дома с линейной и крестообразной планировкой, известные уже с XI в., в XIII—XV вв. происходит их дальнейшее развитие.

Для жилищ были отмечены изменения в интерьере: суфа теперь занимает почти всю площадь жилого помещения, кроме площадки ташнау, появляется новый тип очага — тандыр с дымоходом. Он становится универсальным типом очага. Перекрытия домов опирались на центральный столб или стены. В домах имелись кладовые с закромами — глиняными ящиками.

Во второй половине XIII в. в городе при сохранении основных магистральных улиц полностью меняется планировка городских кварталов. Кварталы Отрара последней четверти XIV—первой половины XV в. сохранили свои прежние границы.

На Отраре был раскопан «квартал гончаров». Изучено 10 мастерских по уровню XIII—XV вв. Отрарские мастерские дают представление, в первую очередь, об индивидуальном производстве самостоятельных ремесленников, работавших в мастерской при доме /4/.

Топография мастерских, их взаиморасположение позволяют предположить наличие корпоративности производства. Сопоставление размеров мастерских, количества печей в каждой из них позволяет судить о социальной дифференциации в среде керамистов. Анализ же производимой продукции свидетельствует о существующей в это время специализации.

Было развито медницкое дело. Отрар являлся центром производства бронзовых зеркал. О ювелирном ремесле свидетельствуют многочисленные украшения из серебра и бронзы — перстни, браслеты, серьги, подвески. Как и прежде, было развито стеклоделие. — производство кувшинов, графинов, чаш, аптекарской посуды. Мало данных о производстве тканей, ковроткачестве. Об их существовании в городе можно судить по находкам коробочек хлопка, остаткам сгоревшей ткани и кусков саванов из погребений XIII—XIV на Куйруктобе /5/.

Несмотря на опустошения городов, международные торговые пути продолжали функционировать, появляются новые направления их, в частности наиболее оживленным был караванный и дипломатический путь, соединивший Европу и Азию через Поволжье, Урал, Хорезм, Сырдарью и Семиречье.

В подъеме экономики края и городов Сыгнака, Саурана, Отрара, бесспорно, важную роль сыграло и то, что в начале XIV в. они вошли в состав Ак-Орды, которая была первым крупным государственным образованием, сложившимся на местной экономической основе в послемонгольское время на территории Казахстана.

Присоединение южных районов Казахстана к державе Тимура, стабилизация политической обстановки способствовали некоторому оживлению экономической и культурной жизни. Немаловажную роль в подъеме Туркестана, Карнака, Отрара играло строительство грандиозного комплекса Ахмеда Ясави, мечети Арслан-Баб; сосредоточение в Отраре, Ясы, Сауране больших масс войск, и, как следствие этого, оживление междуобластной торговли /6/.

Иной была судьба городской культуры в Семиречье. Положение здесь в первые годы после монгольского нашествия было относительно благополучным. В Илийской долине упоминаются Кайлык, Или-балык, отмечаются города в Таласской и Чуйской

долинах. Жизнь в них протекала достаточно интенсивно. И, тем не менее, к середине XIII в. начинается общий упадок земледельческой и городской жизни. Причины, которые вызвали гибель городской культуры в Семиречье, были различными, но они сплелись в такой пучок, что противостоять им не смогли ни древние традиции оседлости, ни попытки сохранения городской культуры, предпринимавшиеся центральной властью, ни проходившие через Семиречье торговые пути.

Территория Семиречья оказалась политически разорванной на три части, в составе улуса Джучи (северные районы), улуса Чагатай (долины Чу, Таласа, южная часть долины Или) и улуса Угэдэя (северо-восточные районы). В Семиречье переселились большие массы кочевого населения, которые при поощрении верховной власти варварски относились к горожанам и оседлому сельскому населению. В интересах кочевой знати под пастбища отводились культурные земли, ранее использовавшиеся под посевы, огороды, сады.

Как бы иллюстрацией к этому замечанию служат слова Вильгельма Рубрука, проехавшего через Семиречье в 1253 г. Он пишет про Илийскую долину: «...прежде там находилось много городков, но по большей части они были разрушены татарами, чтобы иметь возможность пасти свои стада, так как там были наилучшие пастбища» /7/.

Таким образом, упадок оседлой культуры здесь начинается сразу же вслед за монгольскими завоеваниями и если города, будучи центрами транзитной торговли и ремесленного производства, в середине XIII в. еще внешне выглядят благополучно, то питавшая их земледельческая округа интенсивно разрушается, что и приводит вскоре к гибели самих городов.

Обследования остатков древних поселений показывают картину запустения. В Таласской долине лишь немного больше десяти городов и поселений продолжали функционировать, два из них в низовьях реки Талас, остальные в верховьях реки, области Шельджи, где продолжалась интенсивная разработка серебро-свинцовых рудников. Аналогичная картина запустения наблюдается и в Чуйской долине. Археологическими обследованиями здесь зафиксировано семь поселений, где жизнь функционировала и после монгольского завоевания. Однако в них наблюдаются явные черты упадка. Города постепенно пустеют, обживаются лишь отдельные участки шахристана и рабадов, территории городов, огражденные длинными валами, забрасываются /8/.

Археологические исследования в Илийской долине свидетельствуют об окончательном прекращении жизни на городищах Алма-ты, Талгар, Чилик, Дунгене. Антоновское, Сумбе, Кок-Тума к концу XIII в. В письменных известиях XIV—XV вв. говорится, что в области Или «нет ни городов, ни строений, все ее жители кочевники» /9/.

Окончательный удар по экономике Семиречья нанесли походы Тимура. Как справедливо отмечают исследователи, целью их были не только грабежи, захваты добычи, дезорганизация хозяйства и ослабление военной силы, но и прямой захват новых территорий. Однако, несмотря на погромы и опустошения, произведенные монголами, традиционные линии городской культуры не были прерваны. Так же, как и в других областях, где существовали древние оседлые и городские традиции, города описываемого периода и в социальном, и территориальном, и культурном отношениях были продолжением домонгольских городов /10/.

Преемственность прослеживается и в архитектуре, и в строительстве, и в элементах городского благоустройства, в ремеслах, в первую очередь, керамическом и ювелирном.

В последней четверти XV—XVII вв. история Казахстана достаточно подробно по сравнению с предшествующими, была освещена письменными источниками. По сравнению с предшествующим временем, количество городов, упоминаемых в

источниках, сократилось до 20, а городищ, датируемых второй половиной XV—началом XVIII вв.—до 23. Во второй половине XV в. в письменных источниках уже не встречаются названия свверокаратауских городов Уросогана, Сугулкента, Кумкента. В низовьях Сырдарьи прекращают жизнь городища (Джан-кала) Кыз-Кала; на Бугуни — городище Бузуктобс (Чилик), на Средней Сырдарье — Куйруктобе и Оксус. По сравнению с IX—XII вв. число известных по письменным источникам городов Южного Казахстана уменьшилось почти в 3 раза, а число городищ — в 6 раз /11/.

В Отраре с середины XV в. пустеет пригород. К XVI в. территория его занимала чуть больше гектара, и вся городская жизнь концентрировалась только в центральной части. Сокращение городов, территории отмечено для Сайрама, Сыгнака, Узгента, Сузака. Пустеют их рабады и вся городская жизнь сосредоточивается в пределах центральной, наиболее укрепленной части. В XVI—XVII вв. большую роль в политической и экономической жизни региона стали играть города левого берега Сырдарьи, такие, как Аркук, Куджан, Аккурган, Узгент. На северных склонах Каратау роль главного города перешла к Сузаку. Происходит быстрое возвышение Яссы-Туркестана до ранга столицы всего Южного Казахстана.

Почти все позднесредневековые города Казахстана наследуют планировочный остов городов предшествующего времени. В топографии позднесредневековых городов различаются «хисар» — центральная часть города, обнесенная стеной, и пригородные районы. Термин «хисар» понимается и как «город», «укрепление», и как «городская стена». Хисар—«это густонаселенная укрепленная часть города, в которой концентрировались правительственные здания, казармы, соборная мечеть, главные рынки и ремесленные мастерские, жилые дома основных городских слоев». Территория со следами застройки за стеной, за хисаром была пригородом, сельской зоной и жизнь ее резко отличалась от жизни хисара, собственно города. Уличная сеть, составляющая скелет города, была достаточно сложной. В Отраре, например, зафиксировано кроме центральной магистрали, соединявшей южный и северный въезд, еще шесть сквозных улиц, идущих в меридиональном направлении.

Центральная магистральная улица соединяла северные и южные ворота. Кольцевая улица опоясывала город по периметру сразу же за стеной. С нее имелись выходы и за город, сделанные уже в позднее время.

В Отраре открыто свыше 30 кварталов XVI—XVII вв. Каждый состоял из 6—12 домов, площадь, занимаемая одним кварталом, в среднем не превышала 150 кв. м, а среднее число домов в квартале — 11. Внутриквартальные улочки, шириной до 2 м, начинались от магистральных улиц и объединяли все домовладения квартала. Они, как правило, были не мощеные, имели плотную, утрамбованную поверхность. В качестве благоустройства иногда использовались вымостки участков улицы перед домами и отмостки вдоль из жженого кирпича и его обломков. Улочки имели «карманы» — расширения, видимо, служившие загонами для скота. Иногда внутриквартальная улочка переходила в дворик-площадь, где располагалась серия хозяйственных ям, а чаще всего такой дворик мог использоваться как загон для скота всех жителей квартала.

Социальная картина в кварталах, воссозданная на основе археологических материалов однородная. Нет кварталов «богатых» и «бедных». В каждом квартале есть 2—3 больших многокомнатных дома, 1—2 маленьких одно-, двух- и трехкомнатные и остальные приблизительно одинаковые по площади. Этот факт объясняется этнографическими параллелями. В Бухаре XIX в., например, в одном и том же квартале, в одной и той же квартальной общине имелись и богатые и бедняки. Причем социальное неравенство не нарушало издревле сложившегося бытового уклада. Напротив, для богатых и знатных семей такое соседство представляло много удобств, ибо им легко было найти людей для услуг.

Интерес представляет вопрос о выяснении специализации кварталов по роду деятельности проживающих в нем людей. В Отраре лишь один квартал может быть определен как «квартал гончаров». Специализация его жителей гончаров была традиционной и передавалась из поколения в поколение. В числе общественных построек в структуре города, как и раньше, были общественные бани.

В период ожесточенной борьбы между степными правителями за обладание сырдарьинскими городами, в ходе которых страдали в первую очередь сами города, каждый из них должен был иметь мощную систему укрепления. Не случайно стены городов, их высота и неприступность, глубина рвов столь красочно описываются в сочинениях позднесредневековых историков.

Металлургия и кузнечное ремесло, как и прежде, имели в городе широкое распространение. Ремесленники производили литье чугуновых котлов. Из чугуна делались втулки для колес, имевших характерную форму обоймы с тремя выступами по периметру. Из железа изготавливались серпы. Ножи и их обломки — наиболее многочисленная категория изделий из железа. Набор железных подков свидетельствует о том, что они были достаточно разнообразны по размерам. Подковывали не только лошадей, но и мулов, и ослов. Медницкое дело, как и раньше, играло большую роль в ремесленном производстве города.

Ювелиры широко использовали в производстве цветной камень: сердолик, огненный опал, яшму, нефрит, агат, гагат, серпентинит, горный хрусталь. Камни применялись для изготовления бус, вставок в перстни, а также как поделочный материал и для самих перстней. Из цветного камня изготавливали также застёжки, бляшки и другие вещи. Ювелирное ремесло, как свидетельствуют обнаруженные при раскопках изделия, характеризовалось высоким уровнем развития. Мастера знали и применяли различные технические приемы: ковку, литье, чеканку, штамповку, гравировку, накладную скань, позолоту, насечку серебром. Им был знаком способ изготовления серебряной и бронзовой проволоки, гранение и шлифовка, сверление цветного камня...

Из стекла изготавливали посуду и украшения (бусы, подвески). Обработка кости являлась традиционным ремеслом в казахстанском городе. В качестве поделочного материала использовались рога и трубчатые кости диких и домашних животных.

Мало сохранилось изделий таких широко распространенных ремесел, как ткачество, ковроделие, производство изделий из кожи. Но о том, что в городах имелись ткачи, производившие ткань, свидетельствуют находки на пряслиц, отпечатки ткани на суфах, куски ватных одеял, обрывки сторевшей хлопчатобумажной грубой ткани.

Новым явлением в транзитной торговле второй половины XV—XVIII вв. было налаживание торговых отношений Средней Азии и России через казахские степи и туркестанские города. Торговля с Россией становится важным фактором в развитии экономики казахстанских городов. Россия вывозила в Казахстан и Среднюю Азию сукна, атлас, зеркала, меха, серебро. Торговые караваны шли через казахстанские города — Сузак, Карачук, Туркестан. Не случайно источники называют Сыгнак торговой гаванью Дешт-и Кыпчака. Данные письменных источников подтверждаются археологическими находками.

На городищах Отрар, Туркестан, Сауран были найдены китайский селадон и фарфор XVI—XVII вв., русские медные копейки.

Наряду с международной торговлей существует традиционная торговля сырдарьинских городов с кочевым миром и местная торговля. Города снабжали окрестное земледельческое и кочевое население необходимыми товарами через базар. Базары городов представляли собой крытые ряды улиц. Дукан-лавка обычно принадлежала мастеру-ремесленнику и часто служила и мастерской, и местом торговли.

Наличие дуканов в Туркестане подтверждается сведениями письменных документов, имеющих отношение к вакфам мавзолея Ахмеда Ясави. На Отраре выявлены торговые лавки, выходившие на улицу.

О размерах международной торговли и торговли между городами и округой, между отдельными сырдарьинскими городами можно судить по нумизматическому материалу, главным образом из раскопок Отрара и Туркестана. Медные монеты, с указанием монетных дворов Ясы и Ташкента представляют собой типологически однородный комплекс и составляют основу монетных кладов из Туркестана и Отрара.

К продукции монетного туркестанского двора относятся, возможно, и мелкие медные монетки. Часто на них вместо надписей выбиты различные знаки, аналогичные тамгам, изображавшимся на керамической посуде.

В жизни средневековых городищ занятие земледелием играло важную роль. Жители имели за городом участки обрабатываемой земли, куда переселялись летом. Археологические раскопки подтверждают важную роль земледельческих занятий горожан. Так, отмечен в это время рост площади домовладений, который происходит за счет айванов, двориков, кладовых, помещений для скота. Эти изменения свидетельствуют и о переменах в хозяйстве городского населения. Хозяйственные дворики, частично закрытые навесами, большие кладовые для зерна и сельхозпродуктов, специальные помещения для скота в позднее средневековом Отраре показывают усилившуюся в это время аграризацию города.

Характеризуя развитие городской и оседлой культуры, следует отметить ее традиционность и преемственность с культурой более раннего времени, с одной стороны, и то, что многое из того, что было создано в позднесредневековом городе, вошло органической частью в культуру казахского народа.

ЛИТЕРАТУРА

1. Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987, с.244.
2. Ахинжанов С.М., Трифонов Ю.И. К происхождению и этнической атрибуции погребальных памятников Верхнего Прииртышья X-XIII вв.// Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. Омск, 1984, с.156-181.
3. там же, с.161.
4. там же, с.172.
5. Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. Ташкент, 1889. Т.1
6. Pelliot P. A. Propos des Comans // Journal Asiatique. 1920. Ser.II. t. XV.
7. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Москва, 1968, с.209.
8. Бартольд В.В. Киргизы, Исторический очерк. Москва, 1963, ч.1, с.493.
9. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Москва, 1963, ч.1, с.242.
10. История Казахской ССР. Алма-Ата, 1957. Т.1. С.65-66.
11. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950, с.77.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Түркістанның XIII-XV ғғ. әлеуметтік-мәдени дамуына қатысты мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена социально-культурному развитию Туркестана в XIII-XV вв.

НАЙМАНДЫҚ ТӨРТУЫЛДЫҢ АРҒЫ-БЕРГІ ТЕГІ ТУРАЛЫ

Тортаев С.Ә.-п.ғ.к., профессор (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ғабжалилов Х.М.- т.ғ.к., (Алматы қ-сы, Алаш тарихи зерттеу орталығының төрағасы)

Төртуыл – Найманның Төлегетайынан тарайтын белді руының бірі. Бұл рудың өмірге келген кезінде, иә болмаса сонан кейінгі жақын уақытта жазылған шежіресі жоқ. Төртуыл аты ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда ғана жазба деректерде кездесе бастайды. Аталмыш ру туралы жазушы авторлардың басым көпшілігі оның Төлегетайдың Қытай деген баласынан тарайтындығы жайлы жорамалды ұстанады. Әйгілі ғалым С.Аманжоловтың айтуынша Төртуыл Найман тайпалық одағына ХІІ ғасырдан кейін қосылған Қытайдан (“кидан”, “қара қытай” делініп жүрген) тарайды/1/

Біздің ойымызша, бұл пікір жаңсақ сияқты. Олай дейтін себебіміз ХІІ ғасырда қидандар (қара қытайлар) Қазақстан жеріне қоныс аударды да, кейін қазақ-қырғыз ұлттарына айналып кетті. Сол қара қытайлар Төртуыл руының бастауы болса, онда Қытай Халық Республикасында тұратын Төртуыл қайдан шығады және олар неге қытайша сөйлемей, қазақша сөйлейді? Біздің ойымызша, Төртуыл қиданнан (қара қытай) тарамайды, қидандардың басым бөлігі Төртуыл руына қосылып кеткен.

Төртуыл руы туралы азды-көпті мәліметтерді ХІХ ғасырдан бері қалам тартып келе жатқан төмендегі авторлардың еңбектерінен кездестіруге болады. Олар: И.Г.Андреев/2/, А.И.Левшин/3/, Б.Байбулов/4/, Қ.Халид/5/ М.Тынышбайұлы/6/, Ш.Құдайбердіұлы/7/, С.Аманжолов/8/, Ө.Марғұлан/9/ Н.Мыңжан/10/Х.Арғынбаев, М.Мұқанов пен В.Востров/11/, С.Нұрания/12/ Қ.Жұмаділов/13/, Қ.Жұпбаев/14/, Б.Кітапбаев/15/ және т.б. Бұл авторлар Төртуыл руын арнайы зерттемеген, бірақ ол рудың шыққан тегі, ұраны, таңбасы, ата мскені, кейінгі қоныстары, белгілі тұлғалары сияқты мәселелер бойынша құнды мәліметтер берген.

Төртуыл руының шежіресі туралы өте құнды еңбек М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған, араб әрпімен жазылған, Құлжа қаласында 2001 жылы жарық көрген «Төртуыл шежіресі» болып табылады. Рас, ол шежіредегі Ақболаттың Тоғас аталығы, Андабарақтың рулары, ата-жіктері әлі криллицаға аударылған жоқ. Сол себепті аталған аталықтардың жіктірен схема түрінде көрсете алмадық. Сондай-ақ, біз бұл еңбекті шындықтың шыңы дей алмаймыз. Дегенмен бұл Төртуыл шежіресін тәптіштеп, осы күнге дейінгі ұрпақтарының атын тізіп шыққан бірегей таптырмайтын еңбек. Сондықтанда біз Төртуыл шежіресін жазуда негізінен осы еңбекке арқа сүйедік.

Зерттеушілердің бәрі дерлік найман руларының әрқайсысының өз таңбасы болғандығын растайды. Оған мысалдар да келтіреді. Бірақ *Төртуыл* руының таңбасы туралы М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған шежіреде және жазушы Қ.Жұмаділовтың шығармасында айтылады. Шежіредегі Төртуылдың *Барақ*, *Болат*, *Босатай*, *Баймұрат* деген ұрандары болған. Ал Қазақстанның халық жазушысы Қ.Жұмаділов Төртуылдың ұраны *Баймұрат* дейді. Ол кісінің айтуынша Төртуыл елі «бәйгеге ат қосса да, жауға шапса да Баймұраттап шабады/16/Соған қарағанда Төртуылдың, оның ішінде ең алдымен Ақбарақтан тарайтындардың негізгі ұраны *Баймұрат* болған ғой. Ал, М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған шежіреде Төртуылдың таңбасы “Λ” (арабша сегіз) болғандығы айтылады. “...Мал мен бастың өсуіне байланысты дөртуылдың төменгі рулары да кейін келе айырым-айырым таңбалар тұтынған. Мысалы, Алтай аймағына қоныс аударып келген Бекбай болыстың ұрпақтары 1950 жылдарға дейін жылқыларына “...” (*босаға*) таңбасын басыпты. Көзқарақты қариялар бұл таңбаны тұтас Андабарақ тобына ортақ деп қарауда. Ақболат табының Іле аймағындағы Досан ұрпақтары қазірге дейін “...”, “...” (*тостаған*) таңбасын, Тілеуке тұқымдары “...” *таңбасын*, Қарақұлақтар “...” (көсеу) таңбасын істетіп жүр. Ал Тарбағатай аймағындағы Ақбарақ, Ақболат ұрпақтарының қандай

таңбалар қолданғаны бізге беймәлім. Ілеге келіп қоныстанған Ақбарак табының Жауғаш тұқымдарынан ғана “...” (төртбұрыш) таңбасын ұшыраттық. Олар мұны төңіректің төрт бұрышында жүрміз деген ойдан туған деп түсіндіреді”/17/

Енді *Төртуылдың* қандай аталарға бөлінетіндігіне тоқталайық. Зерттеушілердің көпшілігі *Төртуылдың* Ақбарак, Аманбарак, Андабарак және Ақболат болып төрт атаға бөлінетіндігін қолдайды. Олар: 1) Қ.Жұпбаев; 2) М.Жапарұлы мен А.Игенұлы.

Авторлардың екінші тобы *Төртуылды* Тоқан, Тоғыз деген екі атаға ғана бөледі. Олар: 1) Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров; 2) Қазақ Совет энциклопедиясы. Бұл авторлар *Төртуылдың* шежіресін сол екі атадан бері қарай таратпайды. М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған шежіреде Тоқан мен Тоғыз *Төртуылдың* өзінен емес, оның Андабарак деген баласынан тарайтын немере-шөберелері деп көрсетіледі. 1909 ж. жазылған орыс деректемесінде/18/ де, *Төртуылдың* Емілінен тарайтын немересі деп көрсетілген. Ал шежіреші Қ.Жұпбаев «Тоғыз ұлды Тоғанды» *Төртуылдың* Еміл деген шөбересінен тарайтын шопшегі етіп көрсетеді.

Сонымен біз *Төртуылдың* Тоқан мен Тоғыз болып бөлінетіндігі қате пікір деген тұжырым жасай отырып, *Төртуылдың* Ақбарак, Андабарак, Аманбарак, Ақболат болып бөлінетіндігін қолдаймыз.

Төртуылдың М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған (араб әліпбиімен) 389 беттік толық шежіресінде *Төртуылдың* ұрпақ қалмаған Аманбарағынан басқа Ақбарак, Ақболат, Андабарак аталарының шежірелері бүгінгі күнге дейін тарқатылып берілген. Енді осы шежіреден қысқаша үзінді келтіре кетейік.


Шежірені құрастырушылардың айтуынша “Жоғарыдағы аталардан қазірге дейін өсіп-өрбіп, дөртуылдың біз-біз деген табына айналып отырғандары – Ақбарак, Ақболат, Андабарак. ...Аманбарак жөнінде “ұрпақ қалмаған”, “нағашысы арғын асырап алып, ұрпақтары арғын болып кеткен”, “тұқымы аз болғандықтан қырғыз, өзбек ұлттарына сіңіп кеткен” деген аңыздар ғана естиміз. Ал Қартбарак, Қарабарак тұқымдары туралы ешқандай дерек табылмады”/19/.


Аталмыш шежіре бойынша *Ақбарақтан* тарайтындар: Байымбет, Байменбет, Баймұрат, Бораншы, Құттымбет, Қараменде, Сырымбет, Есет, Жалаң, Жұмық, Тоғас, Ақан, Жөтік, Сүйіндік, Байқара, Жауғашы, Елтізер, Шоқан, Кенжеқол, Әйтiм.


Ақболаттан тарайтындар: Қырбас, Қонай (Қойбас), Назар, Тiнiбек, Дәнияр, Тұрсын, Досан, Марқай, Қодағай, Тоғас, Қарақұлақ, Қаратума.

Андабарақтан тарайтындар: Есенгелді, Еміл, Есенқұл, Есімбек, Қарсал, Шақ, Жылкелді, Тоқан, Құдагел, Құттыбай, Атантайлық, Жылқайдар, Тоқтағұл, Тұзақшы деп жіктеледі. Олардан кейін кімнен тарайтыны белгісіз Оңалтай-Жәнібек-Есіркеп ата жіктері былай бөлінеді: Байкүшік, Байтөбет, Тасбай, Аралбай, Майа, Жабол, Көшпес, Жақау, Солтанкелді, Тоғыз (Тәңірберген), Байтемір, Дәулет, Жаманбай, Бөрен, Отар, Тебей, Сірқара, Олжас, Байсары.

Аталмыш шежіредегі *Төртуыл* руының алғашқы 3-4 атасын схема түрінде төмендегідей жіктеп көрсетейік.









Төртуылдың бұл шежіресіне академик А.Х.Марғұлан жинаған мәліметтер сәйкес келмейді. Ол мәлімет бойынша Төртуылдан Ақбарак пен Ақболаттан басқа Барак және Анда тарайды. Егер шежірешілер Барак дегенді Андабаракпен шатастырып жүр демесек, бұл соңғы екеуі басқа шежірелерде кездеспейді.


Ә.Х.Марғұланның мәліметі бойынша Бораншы аталығы Қаракерей руына жатады. Өзі Бораншы аталығынан тарайтын Қазақстанның халық жазушысы Қ.Жұмаділов пен *дөртуыл* шежіресін құрастырушылар М.Жапарұлы мен А.Игенұлы оны Төртуылға жатқызады. Төменде академик Ә.Х.Марғұланның құрастырған Төртуыл шежіресін келтіріп отырмыз.


РОДОСЛОВНАЯ ПЛЕМЕНИ НАЙМАН/20/






Мұндағы аталып отырған аталықтар Андадан таратылады да, Барак, Ақбарак пен Ақболаттың аталықтары туралы мәлімет келтірілмейді. Ал үш атаның бәрі бірдей ұрпақсыз қалуы мүмкін емес деп ойлаймыз. Сондықтанда академик Ө.Х.Марғұланның нұсқасынан гөрі М.Жапарұлы мен А.Игенұлы құрастырған шежіредегі Төртуылдың Ақбарак, Аманбарақ, Андабарақ және Ақболат болып төрт атаға бөлінгені дұрыс деп санаймыз. Біздің бұл пікіріміз Қ.Жұпбаевтың нұсқасына сай келеді. Осы автордың өлең сөзбен баяндаған *төртуыл* шежіресін біз сызба түрде төмендегідей бейнеледік.






Төртуылдың Ақбарак, Андабарак, Аманбарак, Ақболат болып бөлінетіндігін Ы.Қ.Қалиев/22/ деген автор да қолдайды.

«Қазақ шежіресі» деген кітапта да Төртуыл руы Аманбарак, Ақбарак, Андабарак, Ақболат болып бөлінген/23/:







Ә.Есенбайтегінің еңбегінде де Төртуылдан Ақбарак, Андабарак, Ақболат және Аманбарак деген аталар тарайтындығы айтылған. Бірақ олар Төртуылдың өзінен емес, Сығай мен Сырлы деген немерелерінен тарайтын шөберелері деп көрсетілген/24/.

Алматы қаласында тұратын жазушы Уақап Кәдірханұлының бізге берген мәлімет бойынша *төртуыл* руы оның Сығай деген шопнегінен туган Ақбарак, Ақболат, Аманбарак, Андабарак деген *неменелерінен* тарайды. Сөйтіп бұл информатор да *төртуыл* руы Ақбарак, Аманбарак, Андабарак, Ақболаттардан бастау алатындығын колдайды.

Қазақтардың жерді пайдалануы туралы/25/ мәліметте *төртуыл* Тұдақшы, Еміл, Ақбарак, Ақболат аталықтарына бөлінеді делінген.

Бұл пікір сәл-пәл өзгеріспен Сүлеймен Нұрания деген автордың еңбегінде де келтірілген. Ол *төртуыл* шежіресін томендегідей таркатады:





Осыған ұқсастау пікір Ақтайлақ бидің шежіресінде де білдірілген. Онда Төртуылдың Ақпарақ, Ақболат, Еміл деген балаларынан басқа төртінші баласы Байыл делінген. Сөйтіп, Ақтайлақ бидің еңбегіндегі Төртуыл шежіресі төмендегідей: «Төртуылдан Ақпарақ, Ақболат, Байыл, Еміл төртеу. Ақпарақтан: Кенжеғұл, Әйтiм, Дәулетай, Аманбарақ, Қартбарақ, Андабарақ. Емілден: Тоғыз, Тоқан, Атан, Тайлақ, Байылдан: Тұзақшы, Үкібай, Талас»/27/.

1988 ж. қайтыс болған Молдағұмар Қасымұлынан жазып алған Әзімқан Садуақас ұлының мәліметі бойынша: *Төртуыл* руы былай таратылады:



Бұл шежіреде де *төртуыл* руының төрт атадан тарайтындығы көрініп тұр. Тек қана Аманбарақтың орнына басқа шежірелерде кездеспейтін Барқыбарақ аты аталған. Артында еркек кіндік ұрпағы қалмаған Аманбарақтың аты бірде аталып, бірде аталмай, аталса – бұрмаланып жазылып келеді. Қанша бұрмаланғанымен Төлегетайдың *төртуылы* оның бір-екі немесе 8-9 ұлынан емес, төрт ұлынан бастау алатындығы анық деп айтуымызға толық негіз бар.

Сөйтіп, орысша, қазақша жазба деректеріне сүйене отырып, біз *Төртуылдың* төрт атаға бөлінетінін жақтаймыз. Барақ пен Анда деген екі кісінің аты емес, Андабарақ деген бір кісінің ғана аты сияқты. Төртуыл екі баласын Ақбарақ, Аманбарақ деп атаса, үшіншісін де алдыңғы екеуіне ұйқастырып, «Андабарақ» деп атауы ойға сиымды, логикаға сай. Оның үстіне Ә.Х. Марғұланның шежіресіндегі есімдердің бәрі М.Жапарұлы мен А.Игенұлының шежіресінде Андабарақ аталығынан өсіп-өнгендер.

Жазбаша деректердің басым көпшілігінде Андабарақ, Ақбарақ, Аманбарақ, Ақболат аттары аталды, бірақ олардан тарайтын үрім-бұтақтар туралы бірауыздылық жоқ. Сол себепті ол үрім-бұтақтар туралы үзілді-кесілді тұжырым жасауды оқырманның өз қазылығына қалдырдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1959. 59.
2. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1994.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996.
4. Байбулов Б. Заметки по истории и этнографии киргиз. Семипалатинск, 1900.
5. Халид Қ. Тауарих хамса. А., 1992.
6. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Алматы, 1993.
7. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ыәм хандар шежіресі. А., 1991.
8. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959.
9. Маргуланов А.Х. Найманы // Казаки. Сб. статей. Л., 1930.
10. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994.
11. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. А., 2000.
12. Нұрания С. Ұрпақ үндестігі. Алматы, 2003.
13. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т.10. Ғұмырнамалық роман. Алматы, 2005.
14. Жұпбаев Қ. Найман шежіресі. -Талдықорған, 2006.
15. Кітапбаев Б. Шежіре. А., 1994.
16. Жұмаділов Қ. 12 томдық шығармалар жинағы. Т.10. Ғұмырнамалық роман. -11 б.
17. Дортуыл шежіресі. Құрастырушылар М.Жапарұлы, А.Игенұлы. -8-9 бб
18. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Зайсанский уезд. Т. VIII. – СПб., 1909. Примечания. -162 б.
19. Дортуыл шежіресі. Құрастырушылар М.Жапарұлы, А.Игенұлы. -10 б.
20. Маргуланов А.Х. Найманы // Казаки. Сб. статей. -Л., 1930
21. Жұпбаев Қ. Найман шежіресі. -Талдықорған, 2006. -29-32 бб.
22. Қалиев Ы.Қ. Төртуыл қасиетті Қали қажы. – Семей, 2005. -50 б.
23. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1994. -126 б.
24. Аль-бестереки Әмир-бек Есенбайтегі. Шежіре. Алматы, 1992. 96 бет.
25. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Зайсанский уезд. Т. VIII. - СПб., 1909. Примечания. -162 б.
26. Нұрания С. Ұрпақ үндестігі. Алматы, 2003. 55-58 бб.
27. Ақтайлақ би. Алматы, 1991. 108-109 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Коптеген дерек көздері мен зерттеулерге сүйене отырып, мақалада найман тайпасының құрамындағы төртуыл руының қалыптасуы туралы ой-пікір тұжырымдалып, мәліметтер келтірілген.

РЕЗЮМЕ

Опираясь на многочисленные источники и исследования, в статье сформулированы взгляды на складывание одного из родов племени найман- тортуыл.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**АЛАШ ОРДА ҚҰРЫЛТАЙЫ**

Ауссова Л. Ж.-оқытушы (Алматы к-сы, ҚазмемқызПУ)

1917 ж. желтоқсанның 5—13 Орынборда 2-ші бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайы өткізілді. Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция Һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелері болды. Құрылтай делегаттары Уақытша үкімет құлатылғаннан кейін қазақтардың өмір сүруінің өзін күрделендіріп жіберген анархия (тәртіпсіздік) жағдайында елді аман сақтау үшін, «уақытша Ұлт Кеңесі» түріндегі берік билік құру, оған «Алаш Орда» деген атау беру (төрағасы Ә. Бөкейханов, Ұлт Кеңесі құрамына 25 адам кірді), сондай-ақ милиция жасақтау туралы қаулы қабылдады. Алаш астанасы — Семей (кейін *Алаш-қала* атауын алды) қаласы еді. Бұл туралы кейіннен Ә. Бөкейханов (1919 ж. ақпанның 11) былай деп мәлімдейді: «съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына (яғни қазақтар үшін жат-таптық жіктелу) жол бермеу мүдделерінен туындады...». Сол кезде Ресейде орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы — большевизммен күрес тұрды. Өздерінің қолға алған шараларын іске асыру жолында Алашорда үкіметіне Кеңестерге қарсы жақпен бірігуге тура келді. /1 304б./

Өйткені Кеңес үкіметі кеңестік негіздегі автономияларды ғана қолдап, көтермелесе, ал ақтардың Алаш автономиясына көзқарасы басқаша болды. Соңғыларының қолдауына сүйене отырып, қазақ халқы, дәлірек айтқанда Ә.Бөкейханов бастаған зиялылар тобы белгілі бір деңгейде дербестікке жетуге болады деп санады. Бұл жолдағы күрес оқиғалары төмендегідей өрбіді. Сыртқы істері Алаш Орданың ақтармен бұл бағыттағы алғашқы байланысы, 1918 жылы 8-ақпанда большевиктер тұтқындаған Сібір облыстық Думасының орнына құрылған Уақытша Сібір үкіметімен болды. Алаш Орда жетекшілері атаман Дутовпен, Самардағы Құрылтай жиналысы мүшелері Комитетімен (Комуч), Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен де байланыс жасады. Басталып кеткен азамат соғысы Алаш Орданың ұстанар бағытында айқындауды қажет етті. Сөйтіп, қазақ аутономиясы өлкеде әлеуметтік-саяси негізі жоқ Кеңес үкіметіне қарсы күреске шығып, ақтарға қосылуға мәжбүр болды. Уақытша Сібір үкіметі бастан-ақ қазақтарға ұлыдержавалық пиғыл танытты. Олар Алаш қайраткерлерінің ел ішіндегі беделін өздерінің мақсаттарын жүзеге асыруға мәселен, қажет кездерде әскер күшін жасақтау, соғыстың бүкіл салмағын халық мойнына арту т.б. жағдайларға пайдалануды көздеді. Бұл үкімет Алашорданың белгілі бір үкімет органы ретінде дербес, белсенді әрекет жасауына келісе қоймады. Архив деректері, Сібір үкіметінің мүддесін жүзеге асырушы эмиссарларға Алашорданың батыл қарсылық білдіріп отырғанын корсетеді. Мұның соны қазақ автономиясының өзін ресми тану туралы мәлімдемесін, Сібір үкіметінің «нағыз сепаратизмнің белгісі» деп айыптауымен аяқталды. Бұдан кейін Алашорда Бүкілресейлік биліктен үміткер тағы бір үкімет — Самарадағы құрылтай жиналысы мүшелері комитеті (Комучпен) қарым-қатынаста болды. 1918 жылы 8 маусымда өмірге келген негізінен эсерлер басқарған бұл үкімет, демократиялық принциптерге беріктігін бірден-ақ байқатты. Бұл олардың Алашордаға көзқарасынан-ақ байқалады. Тамыз айында Комуч құрылып жатқан басқа үкіметтердің қатарында Алаш Орданы да мойындайтындығын мәлімдеді. Комитет құрамына — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. және Х. Досмұхамедовтер, А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және т.б. кірді. Бірақ бұл табыс та ұзаққа бармады. Оппозициялық күштерді біріктіру мақсатында Комуч ұйымдастыруымен 1918 жылдың 8-23 қыркүйегінде Уфа кеңесі өтеді. Кеңеске жоғарыда аталған қайраткерлер

катынасты. Бұратана халықтар атынан сөйлеген Ә. Бөкейханов өздерінің сепаратизмнен аулақ екендігін, демократиялық-федеративтік Ресеймен біртұтас екендігін айтты. Кеңес жүрін жатқан кезде 11-қыркүйекте Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен Х. және Ж. Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, У. Танашев, Ә. Ермеков, А. Бірімжанов қатысқан Алашорданың төтенше мәжілісі өтеді. Онда қазақ автономиясын Алашорданың бір өзі басқаратыны, ал бұрынырақта (18-мамырда) батыс Қазақстандағы саяси жағдайға байланысты уақытша құрылған Ойыл уәлаяты таратылатыны шешілді. Оның онына жол қатынасы нашарлығымен соғыс жағдайы себебінен Алашорданың батыс бөлімшесі құрылды. Бұл болашақта шақырылатын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңында, бірауыздан құрылған автономия бар екенін Кеңеске қатысушыларға көрсету болатын. 23-қыркүйектегі Кеңестің соңғы күнінде Уақытша Бүкілресейлік үкімет — Директория жарияланды. Бірақ бұл Директория өзі жойылардан аз ғана бұрын 4-қарашада шыққан бұйрығымен, бөлінбейтін Ресейді қалпына келтіру үшін барлық облыстық үкіметтермен бірге Алашорданың орталық үкіметін таратып, оның облыстық, уездік ұйымдарын ғана қалдырды. Орнына мәдени-тұрмыстық мүдделерді басқаратын Бас Уәкілдік қызметін енгізді. Бас Уәкілдік мәселесі 18-қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде өзін «Жоғары Билеуші» деп жариялаған адмирал Колчак кезінде қаралды. «Николайдың заманы мен тәртібі келген уақытта да» қазақ зиялылары көздеген мақсатынан таймады. Колчак үкіметі Бас уәкілдің міндеті туралы Ережені талқылап, оған керекті материал жинау үшін қазақ даласына өз өкілдерін жіберді. 2-мамырда Семейге келген Ішкі Істер Министрлігінің өкілі Г. Малахов, аталған мекеменің Алашорда тағдыры туралы жоспарын бір топ қазақ интеллигенттеріне таныстырады./2-846./

1919 жылы 6-мамырда А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, Р. Мәрсеков, А. Қозбағаров, С. Дүйсембинов, Х. Ғаббасов өлкені басқару туралы жаңа Ережеге өз көзқарастарын білдіріп, Ішкі Істер министрлігінің «Бұратаналар» бөліміне Семейден хат жолдайды. Онда ұлттық-территориялық автономия құру туралы шешім қабылдаған ІІ жалпықазақ съезі, 1917 жылдың өн бойында өткен облыстық съездердің қорытындысы болғанын, сол съезд шешіміне қарай қажетті жағдайларда әрекет жасағандарын (Ресей мемлекетін қалпына келтіру үшін Кеңес үкіметіне қарсы ортақ күреске қосылғандарын) сондықтан да қазіргі ауыр жағдайда Ресей мемлекетін қалпына келтіруге келергі келтірмес үшін ұлттық мүддені қоя тұрып, Уақытша Бүкілресейлік Өкіметтің 1918 жылғы 4-қарашадағы бұйрығына көніп отырғандарын, бірақ бұл жарлықтағы қазақ өлкесін басқаратын арнайы органның құрылуы туралы ереженің кешігуі, қазақ халқын алаңдатып тұрғаны айтылды. /3 /2566./ Одан әрі хатта, бұл мәселені шешуді жолсапарға өз өкілдерін жіберу арқылы емес, Омбыдағы үкіметпен келіссөз жүргізіп жатқан Алашорда өкілдері пікіріне жүгіну жолымен шешу дұрыс болатыны ескертілді. Сондай-ақ, хат иелері қазақ халқын басқару туралы Малахов әкелген жоспар-жобаға байланысты өздерінің мынадай ұсыныстарын да көрсетті: 1) Бас уәкілдік туралы. Алаш автономиясын құрайтын қазақ облыстарын басқаратын Бас уәкілдік жекелеген бір министрлік өкілдігі болмауы керек, ол қазақ халқын ұлттық басқару органы болуы тиіс. Сондықтан Бас уәкілдік Ішкі Істер министрліне тәуелсіз болып, тек Министрлер Кеңесіне ғана бағынуы керек. Сонымен қатар Бас уәкілдіктің жанында жолдастарымен (орынбасар) қоса, Кеңес құрылуы тиіс. 2) Жергілікті жерлердегі басқару туралы. Бұл басқару ұлттық принципке негізделіп, облыстық әкімшілік және милиция басқармасы қазақ ұлттық басқару органына бағынсын. Ол үшін облыс-уездік, болыстарда тікелей Бас уәкілдікке бағынатын ерекше органдар құрылуы қажет. Біздегі земство түрінде ойлайтын, өзін-өзі басқару органдарына келсек, қазіргі облыстық, уездік земстволар (барлық ұлтқа ортақ) сол күйінде қалып, ал облыстық земстволар қазақ, орыс халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің өзара айырмашылығы жер мен көктей болғандықтан, қазақтардікі орыс

халқынан бөлек болғаны жөн. Болыстардағы әкімшілік органы земство мекемелеріне қосылып, оның міндеті земствоның бір мүшесіне жүктелсін. 3) Жекелеген мәселелер туралы. Діни істермен айналысатын жоғары инстанция — Бас уәкілдік жанындағы Кеңес болып, ол діни лауазымдары бар адамдармен толықтырылып отырса. Орыс бодандығындағы қазақтардың, шекаралас шет мемлекеттермен байланысы туралы істеріне қазақ ұлттық басқармасынан да адам қатыстырылуы қажет деп санаймыз./4 /152- 153-б./.

Колчактың қазақ даласын басқаратын Бас уәкілдік тағайындау туралы жаңа Ережені жаңғыртқан әрекеті алайда жүзеге асқан жоқ. Мұның себебі, бір жағынан күннен-күнге жеңіліске ұшырап жатқан Ақ Армиядағы сәтсіздіктер болса, екінші жағынан ұлттық қозғалыстарға жауыға қарайтын орыс үкіметтеріне тән қасиетті бойына сіңірген Колчак билігінің өзінен болды. Алашорда сонымен бірге Кеңес үкіметімен байланыс жасауға тырысты. Халел және Жанша Досмұхамедовтер Ленин, Сталинмен, сондай-ақ Халел Габбасов ұлт ісі жөніндегі халық комиссары Сталинмен келіссөз жүргізді. Мұның нәтижесі — аутономияның мәдени мұқтажына орталықтың көмегі, бүкілқазақтық құрылтайды шақыру, өлкеде азаматтық бітімге келу туралы уәделер болды. Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Аткару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың откенін ешуақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің сонына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комиеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді. Бұдан кейінгі Қазақстанның саяси тарихы бәрімізге белгілі. /5/ Алдымен 1920 жылы құрылған Қазақ Кеңестік Автономиялық социалистік республикасы, кейіннен 1936 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы болған тұсында қазақтар отаршылдық қамытынан қол үзген жоқ. Қазақ халқы өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын, саяси санасын жоғалту алдында тұрды. Өз тілінен жеріген ұрпақ пайда болды, мәңгүрттік пайда болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане начала XX века. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 304 с.
2. Турсунбаев А.Б. Казахстан в революции 1905-1907 годов. – Алма-Ата: Мектеп, 1987. – 84 с.
3. Сулейменов Б.С. Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 годах. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 256 с.
4. Қазақстан тарихы том 4. Алматы «Атамұра» 2010. Құл - Мұхаммед. М Алаш қайраткерлері саяси - құқықтық көз - қарастарының эволюциясы. Алматы: Атамұра, 1998, 152- 153-б
5. Р.К. Нурмагамбетова. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е гг. XX века.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются заседания Курылтая Алашорды.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алаш Орда Құрылтайындағы қаралған қазақ халқының кейбір мәселелері баяндалған.

Д.А.ҚОНАЕВ - МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Ахметова Ж.К.- т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының тарихында өмірі өзіндік бір кезең болған Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев өте бір күрделі шақта еңсесі түскен елін айбынды да, ауқатты жасау үшін барлық күш жігерін салды.

“Біздің Республикамыз қандай үлкен. Шіркін, өз алдымызға дербес мемлекет болсақ қой!” /1/ - тоталитарлық диктат үстемдігі жылдарында, соған қарамастан 26 жылдан астам ел басқарған Д.А.Қонаевтың арманы осындай болатын. Қазіргі таңда осындай алып тұлғаларымыздың арманы орындалып, тәуелсіз мемлекет атанғанымызға биыл 20 жыл толып отыр.

Ұлы Тұран перзентінің өміріне қысқаша шолу жасасақ, ол Алматы қаласында 1912 жылдың 12 қаңтарында дүниеге келді. Өз балалық шағы жөнінде былай деп еске алатын: “Балдәурен балалық шағым қайран жастық дәуренім өткен әсем қала Алматы мен үшін оттай ыстық. Әрине балалықтың да жастықтың да өз белгілері бар, қызығынан қиындығы басым сол бір кезеңнің біреу біліп біреу білмес, бірақ өзіме аян өмір жолы қандай болса, өзіммен бірге жасасқандай сезінетін бұл шахардың да аса бай тарихы бар” /2.14/

Ескі Верный, оның көрікті жерлері, Губернатор үйі, әскери маслихат үйі, дворяндар маслихат үйі, кафедральды собор, Покров шіркеуі, сәулеті жағынан бірінен бірі отетін мешіттер, көпестердің иін тірескен үлкенді-кішілі дүкендері бір қабат ағаш үйлер-міне Д.А.Қонаев туып өскен Верный қаласы осындай болатын.

Д.А.Қонаев Чернышевский атындағы №19 мектептің бірінші сатысында оқып, төртінші класты бітірген соң №14 мектепке ауыстырылды (екінші сатысы) /2,16/. “Мектеп адам өміріндегі естен кетпес белес қой мен үшін хат танытып, әліппені оқытқан, орыс тілін үйреткен алғашқы мұғалімім Анна Павловна Шурованың орны ерекше”-деп еске алып, №14 мектепте дәріс берген оқытушыларының аты-жөнін тізбектеп келтіреді: математик С.И.Соколов, физик А.А.Астраханцев, қоғамтанушы Е.С. Войцеховский т.б. білім берген ұстаздарын ерекше ілтипатпен айтады. Ол мектепте білім беру жүйесінің қатаң тәртіпте болғандығын айта келе өзінің шамасы келгенше жан-жақты оқып, талпынғанын айтады. Мектеп бітірген соң, республика жоспарлау органында санақшы болып жұмыс істеп ал кешкілік институттың дайындық курсына оқыған.

1931 жылдан бастап мемлекет қайраткерінің балалық шақтан өтіп, студент болған жастық шағы басталады. Осы жылы Қазақстан өлкелік комсомол жолдамасымен Мәскеудің Түсті металдар институтына түсуге Орталыққа жол тартты. Мәскеуде оқып жүрген тұста мәдениет университеттері деп аталатын шаралардың өткізіліп тұруына байланысты еліміздің көрнекті тұлғалары: жазушылар, әртістер, оқымыстылар келіп тұрған. Елінен жырақ жүрген студент Дінмұхаммед Қонаев жерлестерін ол жерден көргенінде аса қуанатындығын білдірген.

Студенттік жылдары республиканың, елдің өміріндегі аса ауыр кезеңге-зорлап ұжымдастыру науқанымен тұспа-тұс келді. Елінің қайғы-қасіреті туралы хабарлармен әрдайым таныс болып жүрді. Сөйтіп, ол бұл қайғы қасірет үшін қабырғасы қайысып “Мәскеуде оқып жүрген жастарда не ұйқы, не күлкі жоқ” деп баяндайды. Елдегі ауыр жағдай білім іздеп, өнер қуып келген қазақ жастарының еңсесін түсірді. Олардың көбісі оқуларын тастап ауылдарына қайтып жатты. Сондай қиыншылықтардан мойымай ол студенттік білім алып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, 1936 жылы шілде айында Мәскеу түсті металдар мен алтын институтын қызыл дипломға бітірін, Қоңырат-Балқаш құрылысына жолдама алады /3,54/. Міне осы тұстан бастап Д.А.Қонаевтың еңбек жолы басталып мемлекет қайраткері ретіндегі көзқарасы қалыптасады.

Д.А.Қонаев институттан соң 1936-1939 жылдары Қоңыратта кілтші-бұрғылау мастері, учаске бастығы, бұрғылау цехының, сосын қопару цехының бастығы, кеніштің бас инженері, кеніш басқарушының міндетін атқарушы сияқты сатылардан өтіп, “Үздік еңбегі үшін” медалімен марапатталады. Ол өз естелігінде былай дейді: “... осы жерден менің өмірбаяным, нағыз еңбек жолым басталды. Маған бұл өңір (Қоңырат) бұрыннан таныс еді: Өткен жылы жаз салым келіп, бес айдай практикамы өткергенмін. Қоңыраттың ыстық-суығына азды көпті төзіп, оның жайсаң жандарымен жақынырақ танысып қайтқанмын. Жаңа ғана көтерілген шығыс үйіндісінде десятник болып жұмыс істегенмін. Дипломға “жылына тоқсан мың тонна кара мыс өндіру үшін Қоңырат карьерінің қуатын айқындау” деген тақырыпты алғанмын. Жұмыс істей жүріп, содан материалдар жинақтадым. Еңбегім еш кетпеді. Үздік бағаға қорғап шықтым. Осылай алғашқы қадамым менің өмірімді Қазақстан түсті металлургиясының дамуымен ажырамастай етіп байланыстырып еді. Мен Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп кең қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болғанымды мақтан етемін.

Уақыт озған сайын дүние өзгеріп алып құрылыстар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Күллі Орта Азия республикаларын Сібір аудандарымен жалғастырып жатқан күре тамыр-Түркісіб темір жолы жалпы халықтық игілікке айналған. Қуаты жағынан кешегі Кеңес Одағында үшінші отын козі-Қарағанды, Шымкент қорғасын зауыты, Ақсай кеніші қанат жайып, республика индустриясының ірі ошақтарының бірінен саналды”.

Сол Қоңыратта коммунистік партия қатарына кандидаттыққа өткен. Сондықтан Риддер қалалық партия комитетінің 1940 жылғы 28 қаңтарда өткен бюро мәжілісінде “1939 жылғы 8 қазанда Балқаш қалалық комитетінде партия мүшелігіне қабылданған Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа № 1280070 кандидаттық карточкасын тапсыру жөнінде “Арнайы шешім шығады”. Д.А.Қонаевты Риддер кенішінің директоры етіп бекіткен 1940 жылғы 4 ақпандағы Риддер қалалық партия комитеті бюросының 13 наурыздағы облыстық партия комитеті бюро мәжілістері хаттамаларынан үзінділер және сол жылғы 26 сәуірдегі ҚК (б) П ОК сол ұйғарымдарды бекіткен /4/. Ол директорлық міндетіне кіріскенде Риддер кенішінің жағдайы маз емес еді. Ол жайлы Д. Қонаев “Отті дәурен осылай” кітабында “...оз абройымды асыру үшін айтқалы отырғаным жоқ шын мәнісіндегі істің жайы көңіл көншітпейтін еді. Кеніш тұралап тұрған, кен шығару жоспары орындалмай елдің еңсесі түскелі біраз болған екен... таусыла сөйлеп, түніле күңіренгеннен пайда шамалы. Арқаны кеңге салуға уақыт тар. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, елді соған жұмылдыру міндеті тұрды” - деп жазады /5/.

Жас та жігерлі басшы қарамағандағы халқын - асамын деп тасымай, жасытамын деп жәбірлемей қатарына алып, қан майданның алғы шебіндегі қас батырдай іс тындыруға жұмылдыра білді. Бір жылдан кейін 1941 жылғы 29 қаңтардағы Д.А.Қонаевты Риддер кен басқармасының директорлығына ұсынғанда бекіткен қалалық партия комитетінің мінездемесінде бұл жетістік жан-жақты да нақты көрсетілген. Онда: “1939 жылғы желтоқсаннан 1940 жылғы желтоқсанға дейін Д.Қонаев жолдас Риддер кенішінің директоры болып жұмыс істеді. Қонаев жолдас басшылық еткен кеніш Риддердегі озат кәсіпорындардың қатарында 1940 жылы кен өндіру жоспарын кеніш 103,5 % орындап шықты”-деп жазылған.

Одан әрі көптеген өндірістік жетістік нифрларын келтіре отырып жақсы жұмыстың нәтижесінде 1940 жылы кеніш Қазақ КСР-нің 20 жылдығына байланысты Шығыс-Қазақстан облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің грамотасымен және он бес мың сом сыйлықпен марапатталғаны, ал Ұлы Октябрь Социалистік революциясының XXIII жылдық тойында кенішке қалалық партия комитеті мен Қалалық атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілгендігі айтылады.

Риддер қалалық партия комитетінің хатшысы Давыдков қол қойған бұл өндірістік мінездеме Риддер қалалық партия комитетінің бюро мүшелігіне кандидат Қонаев жолдас іскер, ұйымдастырушы, білгір басшы ретінде 1940 жылы желтоқсанда Риддер кен басқармасының директорлығына ұсынылды деп аяқталады. Бұл кандидатура 1941 жылғы 26 ақпанда Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросында бекітіліп Д.А.Қонаев құрамында бірнеше кеніші мен өндірістік буындары бар ірі кен басқармасын қабылдап, жаңа қызметке кіріседі /6/.

Бұл қызметте де Д.А.Қонаев өзінің іскерлігін, өзіне де, өзгеге де аса талапшылдығын көрсете біледі. 1941 жылғы 15 наурызда Д.А.Қонаев бірауыздан Лениногор қалалық партия комитетінің бюро мүшелігіне сайланады. Мамыр айында түсті металлургия халық комиссариатына қарасты алтайлық кәсіпорындар активінің кеңесінде кең көлемді, мазмұнды баяндама жасайды. Соғыстың бастауына үш күн қалғанда осы газетте бас инженер Д.Вербидский мен Лениногор кен басқармасының директоры Д.А.Қонаевтың “Бұрғышыларды еңбектің стахановтық жаңа тәсілдеріне көшіру” атты мақаласы жарық көреді. Кейінірек бұл мақала барлық өндірістік буындарында кеңінен талқыланып нақты қолдауға ие болады /7/.

Лениногор кеншілерінің соғыс кезіндегі ерлік істері Д.А.Қонаевтың “Өтті дәурен осылай” кітабында аса бір ыстық ықыласпен баяндалады: “Қайрақсыз пышақ өткір болмайды. Ел іші болған соң жүрегіне түк байлаған ер де табылады, жауын жаумай су-су болып жүретін ез де табылады...”

Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы М.И.Кудрявцевтің басшылығымен өндіріс орындары қысқа мерзім ішінде соғыс жағдайына ыңғайланып үлгерді. Маусым айының соңғы он күніндегі жұмыс нәтижесі Лениногор еңбекшілерінің неге қабілетті екенін аңғартқан... Бір ғана біздің басқармадан 3652 жұмыскер оның ішінде 275 бұрғышы қайласын қаруға айырбастады...”/5/.

Сонымен, Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы жылдары жас маман, қабілетті инженер өзінің кәсіби шеберлігімен бірден көзге түскен еді. Дәл осы жылдары сталиндік режимнің салдарынан көптеген таңдаулы интеллигенция өкілдері халық жауы айдарымен лагерлерге қуғындалды, қамалды, атылды. Мұның өзі мемлекеттік құрылымның түрлі салаларында мамандар тапшылығын туғызды.

Жер көлемі жағынан бес Францияға тепе-тең боларлық кең байтақ Қазақстанды басқару оңай еместін. Оның үстіне республиканың екі рет-1920-1921 және 1932-1933 жылдары аштықты, коллективтендіру мен индустрияландыру сынақтарын бастан откергендігі басқаруға жаңаша көзқарасты, формалар мен әдістерді талап етті. Міне, осындай әлеуметтік-экономикалық жағдайда жас мамандар бірден көзге түсті.

1942-52 жылдары аралығында Д.А.Қонаев Алматы қаласында он жыл бойы республика министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде жүрді. Төрт жылдай Қазақ КСР Ғылым Академиясын басқарды. Сонымен қатар, жүзден астам ғылыми еңбектердің авторы болды.

1955 жылдан 1960 жылға дейін республика министрлер кеңесінің төрағасы қызметінде болды. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары орталықтың шикізат өндірудегі негізгі қоры болып келген Қазақстан территориясына сырттан қоныстанушылар, құпия аймақтар көбейді, түрмедегі қылмыскерлерге жаппай амнистиялар берілді - осының бәрі Д.А.Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің қызмет дәрежесіне қарай бұлардың бәрін шешіп отырды.

Жалпы тарихи әлеуметтік маңызы болған жағдайды айтқанда Д.А.Қонаевтың көптеген еңбек еткенін айтуымызға болады. Ол басшылық еткен жылдары халықтың мәдениетінің, әдебиетінің және өнерінің өскендігін әркім де мойындайды. Д.А.Қонаевтың қызметтен кенеттен алынғаны 1986 жылғы 16 желтоқсанда жайбарақат түрде ғана хабарланды. Бірақ ол кісінің орнына республикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын орыс адамы келді деген хабар Алматыда орын алған үлкен толқуға түрткі

болды. Бұл оқиғаның дүмпуінің қатты болғандығы соншама баспасөз беттерінде кеңнен орын алды.

Батыс баспасөзі деректеріне қарасақ бұл толқу кезінде екі жүз адам жараланып, мыңға жуық адам қамауға алынған. Қазақстанға толқуды басу мақсатымен М.С.Соломенцев бастаған арнаулы комиссия жіберілді. Себебі Москва бұл оқиғаға қатты мән берді. Өйткені толқуға шыққандарға Қазақ университетінің студенттері, комсомол мүшелері тіпті өз еркімен қоғамдық тәртіп орнатушылардың ресми өкілдері де қостады. Желтоқсан мәселесі өз алдына бөлек тақырып...

1993 жылы Қазақстан халқы ұлы перзенті Д.А.Қонаевпен мәңгілік қоштасты. Аса ірі саяси мемлекет қайраткері дүниеден өтті. Терең ақыл мен аса білімдарлық, көрегендік-бұл биік тұлғаның бейнесі еді. Д.А.Қонаев тек саяси көсем ғана емес, ол ұлттың рухани ұстазы болды. Ол республика үшін игілікті мол істер мен жоралғылы ізгі жақсылықтар жасады. Қазақстан өзге республикалардан көш ілгері озып, лайықты орын алды. Сол кезеңдерде республиканың ғылыми күш-қуаты өсті.

Осынау жемісті еңбектерін отаны әділ әрі лайықты бағалап үн мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын берді, оған қоса Ленин, Октябрь Революциясы Ордендерімен және көптеген медальдермен марапатталды.

Д.А.Қонаев өзінің асқақ мұратты парызын адал орындады

ӘДБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996. 47 б.
2. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы, 1994. 512б.
3. Елу жыл ел ағасы. Алматы: Санат, 2002. 184б.
4. Асқаров А. Ұлтымыздың мақтанышы. // Дидар 2002 12 қаңтар.
5. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. Естелік-эссе. Алматы, 1992
6. Байдосов З. Дүниеден өтті бір алып // Егемен Қазақстан. 2001. 18.05.
7. Қасымов А. Ұлттың рухани ұстазы. // Елу жыл ел ағасы. Алматы., 2002ж.

РЕЗИОМЕ

В этой статье рассмотрены жизнь и этапы формирования государственного деятеля известного сына казахского народа Д.А.Конаева.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ халқының тарихында өмірі өзіндік бір кезең болған Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен қайраткер ретінде қалыптасуы баяндалады.

Т. РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕСІ

Аширбекова Ж..Б. – т.ғ.к. доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан тарихнамасында ХХ ғасырдың 20-30 жылдары саяси оқиғаларға толы кезең болып табылады. Себебі бұл жылдар аралығында еліміз кеңестік билікті құру, азамат соғысы, жаңа экономикалық саясатқа көшу, ашаршылық, халық шаруашылығын қалпына келтіру, индустриялау, ұжымдастыру, колхоздастыру, қуғын-сүргін сияқты үкімет тарапынан жүргізілген іс-шара, науқандарды бастап кешірді. Дегенмен аталмыш жылдар аралығында болған бұл науқандардың екі жағы бар деп саралауға болады. Оның бірі – аз уақыт аралығында елдің экономикасының, халықтың әлеуметтік жағының өсуіне жол ашса, екінші жағы халықтың рухани жегілуіне нұқсан келтірді.

20-жылдардан бастап еліміздің мәдени өрлеуінде ілгері басушылық байқалды. Бұл оқу-ағарту саласында орта және жоғары оқу орындарының ашылуы, сауатсыздықты жою, баспа ісін қалыптастыру ісінен байқалды. Қазақстанның мәдени дамуында ұлт зиялылары елеулі үлес қосты. Әсіресе бұрынғы Алаш париясы мен Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде қазақ зиялылары үкімет қызметінен аластатылса да елді мәдени, рухани жағынан көтеруде үлкен қызмет етті.

Кеңес өкіметі патша үкіметі тұсында қызмет еткен ұлт зиялыларын үкімет билігіне жолатқысы келмеді. Дегенмен олардың ой-пікірлерін, идеяларын пайдалануға тырысты. Халық-ағарту саласын көтеруде, әсіресе орта және жоғары оқу орындарына қажетті оқулық жазуда сол ұлт зиялыларына жүгінді.

А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Ж. Тілеулин, Е. Омаров, Ә. Бөкейханов М. Дулатов, Х. Болғанбаев, М. Жұмабаев, С. Мұстафин, М. Тұрғанбаев, Қ. Кемелгерев, Б. Сәрсенов және т.б. қайраткерлер орта мектептегі I, II және III топтарға ғана арналған арифметика, геометрия, физика, гигиена, география жалпы тарих оқулықтарын, мұғалімдерге арнап педагогикалық, дидактикалық оқу әдістемелік құралдарын жасап, мектепке қажетті басқа да орыс тілінде шыққан оқулықтарды аударды [1/. Қазақ тіліндегі оқулықтардың жарыққа шығуы сауатсыздықпен күресте аса қажетті құрал болды.

Қазақстанда мәдени іс-шараларды өрістетуге 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кедергі келтірді. Мемлекет мәдени іс-шараға, театр, клубтарға бөлінетін қаражатты аштықпен күреске жұмсады. Бірақ осындай қиыншылыққа қарамастан мәдениетті көтеруде көп игі істер қолға алына бастады.

Ұлт зиялылары мәдениетті көтеруде баспасөз арқылы өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, ең бірінші неден бастау керектігін және оның нәтижесі қандай болатындығына болжау жасай білді.

Қазақстанда мәдени құрылыстың алғашқы қадамы сөйтіп елдегі сауатсыздықпен күрес жүргізу болды. Бұл жайында ғалым Хисмет Табылдиев: «Сауатсыздықты жою ісіне басшылық жасаған мемлекеттік құрылым жүйесі қызметіне екі тенденция тән болды. Біріншісі, сауатсыздықты жоюды тарихи қажеттігін ұғыну, оны мемлекеттік саясат деңгейіне көтере білу. Мұны жасампаздық тенденция деп атаса да болады. Екіншісі, осыншалықты жауапты да маңызды шараны жүзеге асыруда адам құқын аяқ асты етуге жол етуге жол беру. Хат танытын дәрежеде білім алу әркімнің жеке шаруасы болудан қалды. Мемлекет органдары сауатты адамды да, сауатсыз адамды да оқытпағаны немесе оқымағаны үшін жауапқа тарта алатын болды. Мұны, әрине, кереғар тенденция демеу мүмкін емес. Уақыт өткен сайын ол өмірінің басқа да салаларын қамтып, тоталитарлық тәртіпті біржолата нығайтты», - деп жазған болатын [2, 53-6.].

Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов ел мәдениетін дамытуға өзіндік жолдарын көрсеткендердің бірі болды. 1921 жылдың ақпанында Әзербайжан коммунистерінің III съезінде ол ұлт мәселесі жайында баяндама жасаған кезінде оқу-ағартудағы екі мәселені жөнге келтіру аса қажет деп көрсетті. Оның біріншісі, мектептерді жөнге келтіру. Ол үшін материалдық жағынан көмек беруді аса маңызды санады. Екіншісі, тіл мәселесі болды. Жергілікті халықтың тілінде оқу кітаптарын, қажетті оқу құралдарын шығару қажеттігін көтерді [3, 80-81-бб.].

«Еңбекші қазақ» газетінің «Кеңес халқының ұлт мәдениеті қалайша өркендемек, ішкі маңызы, өркендеу екпінінде оның өзіне ғана белгілі, пролетариат мәдениетінен айырымдататын өзгешеліктері бар ма?» деген сұрауына берген жауабында қазақтың мәдениеті түрімен «ұлттық» болғанымен ішкі жағынан социалшыл болуы керектігін ескерткен [4].

Тұрар Рысқұлов «Күншығыс елдеріндегі киноның (жандысурет) міндеті» деген мақаласында мәдениет құрылысын ілгері бастыруда өнер тарауының бірі саналатын

кино (жандысурет) саласын жандандыру қажеттігін көтерген еді. Кенже қалған мәдениетті көтеруде, сауатсыз қара халықты сауаттандыруда үгіт жолында осы кино саласын пайдаланудың маңыздылығын дәлелдеуге тырысады. Киноның артықшылығын «тілі ұғымды, суретті, көңілге қонымды» деп түсіндірді.

Ел мәдениетін, әр ұлттың бірлік, берекесін арттыруда, ғылым мен техниканың табысты болуына осы кино саласының әсер ететіндігін қайраткер көрегендікпен тани білген. Ол үшін біріншіден, елде театр, клуб сияқты халық жиналатын мәдениет үйлерін, ғимараттар салу қажеттігіне үндеген.

Кино саласын көркейту шаруа мәдениетін көтеру, шет мемлекеттердің мәдени жетістіктерін кино арқылы көре отырып, өз мәдениетімізді көтеру, елдің тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын таныстыруда баға жетпес насихат құралы болатындығын айқын көрсеткен. Т. Рысқұлов бұл жерде мәдениет биігіне көтерілуде өз кино саласының болғандығын қалады. Өзбеккино, Түркіменкино сияқты елімізде осындай кино саласын ашылса, елдің жетістігін республикамыздың шалғай аймақтарына насихаттаудың бірден-бір құралы болатындығын көрегендікпен айта білген. Алайда бұл саланы құрып, аяғынан тұрғызып жіберуде қомақы қаражат керектігін де жасырмады /5].

Тұрар Рысқұлов мәдениет саласында мерзімді баспасөз саласын көркейтулі қолдаған қайраткердердің бірі. 1926 жылы Қазақ өлкелік комитеті қазақ баспасөзі болімін басқаруды оған жүктеп, республикада шығатын қазақ, орыс және басқа ұлттардың газет-журналдарын шығарудағы кемшіліктерді жоюды, оның мазмұны мен сапасын жақсартуды, газетке журналистика саласында қызмет етуге қыры бар қызметкерлерді тартуды, сондай-ақ, осы салаға қажетті мамандарды арнайы түрде даярлау міндеттерін қолға алуды тапсырған еді /6]. Қайраткер бұл іске 14 қаңтардан бастап бар жауапкершілікпен кірісті. Ол бірінші ретте мерзімді баспасөздің республикамыздағы бірден-бір насихат құралы екендігін, екіншіден, осы басылымдарды көтеруде мемлекет тарапынан қомақы мөлшерде қаражаттың қажеттігін өлкелік комитет бюросында өткен мәжілістерде көтеріп, тілшілерді көбейту, газет-журналға оқырмандарды тарту мәселесін тез арада қолға алуды ұсынды. Осы жылдың 19 сәуірінен бастап Т. Рысқұлов «Еңбекші қазақ» газетіне редакторлыққа тағайындалады. Онымен бірге бұл газеттің редакция құрамына С. Сәдуақасов, О. Жандосов сияқты ұлт зиялылары мүше болды /7].

Т. Рысқұлов баспасөздің маңыздылығын баспасөз күніне орай жасаған баяндамасында айқын түрде көрсете білді. Ол баспасөз саласын бұрынғы баспасөзбен салыстыра отырып, өзіндік баға бере білді. Қайраткердің ойынша Қазақстандағы баспасөз саласы Казан төңкерісінен кейін ғана өркендеген. Сол кезде Қазақстанда 29 газет шығып, оның 12-і қазақ тілінде, 16-ы орыс, ал біреуі ұйғыр тілінде шығарылды. Сонымен қатар 2 мыңдай қабырға газеттері шығарылып тұрғандығын айта келе, елімізде ұлт мәдениетінің қалыптасып келе жатқандығын жетістікке санады. Алайда ол баспасөз саласының дамуында ұлтшылдық ағымның бағыт алғандығын, қазақтың ұлтшыл оқығандары жаңа дәуірге бейімделе алмай, ескіні көксіп отырғандығын, әсіресе олардың ықпалы осы баспасөз бен ағарту саласында күшті екендігін айқын келтірді.

Қайраткер газет шығарудың ірі кемшіліктерін атаған. Оның көрсетуінше, сапасында да, мазмұнында да кемшіліктер барлығын, көп жағдайда баслымдар қара бұқараға емес, қала өміріне көңіл бөліп, қала жырын жырлап отырғандығын нақтылай отырып, газеттердің мазмұнын жөндеп, тілін ауыл шаруашылығына түсінікті қылу шараларын қарастыруды ұсынды. Кітап шығару ісінде орыс тіліндегі кітаптардың көптігін, орыс халқы өз тілдеріндегі кітаптарды алдырып та оқытып отырғандығын, осы күні Қазақстан туралы орыс тілінде суретті кітапшалар шығару керектігін де

көтереді. Оны шығаруда баспасөздің сөзсіз көмектесетіндігін, бұл мәдени дамуымыздың алға қойған негізгі бір міндеті екендігін келтірді.

Республикадағы газет-журналдар, атап айтқанда жетекші газеттер партия, кеңес, комсомол белсенділеріне арқа сүйеп, қара бұқараның газеті болуға бейімделіп, халықтың мұң-мұқтажы, тұрмыс-тіршілігі, социалистік құрылыс жетістіктері мен кеңестік жүйеге нұқсан келтіретін жәйттерді, әсіресе ескіден қалған ауру, жаман әдет, салт мінездерді үнемі жазып отыруды қолға алу керектігіне үндейді.

Тұрар Рысқұлов баспасөз арқылы еліміздің мәдени салт-санасына кедергі келтіріп тұрған тұрақсыздықпен күресуді көтерген. Ол жікке бөліну, өзара тартыс, ұлттар арасындағы алақөздік еліміздің өсуіне, өркендеуіне үлкен кедергі келтіретіндігін, сондықтан жаман жағымызды жасырмай баспасөз арқылы сынға алып, келешекте тағы да қайталанбайтындай етіп ету керектігін көрсетті. Баспасөз саласын көтеруде ауыл тілшілерін тартуды негізгі мәселелердің біріне қойды [8].

1927 жылы Ташкент қаласында араб әрібімен шыққан «Қазақстан» деген кітабының үшінші «Қазақстанның кеңес жұмыстары мен мәдениет жұмыстары» деген бөлімінде еліміз баспасөз ісінде біршама жетістіктерге қол жеткізгендігін, оның ішінде әйелдерге, жастарға, мектеп оқушыларына арналған газет-журналдардың қобейіп келе жатқандығын, одан бөтен Қазақстанда қабырға газетінің шығарылуын үлкен жетістікке санады.

Қайраткер мәдени саланы көркейтуде ескі әдет-ғұрыпты, салт-сананы жоюдың маңыздығын жете көрсеткен. «Қазақстанда кеңес үкіметі мен коммунист партиясының ықпалын күшейту үшін салт-сана майданында тартысу ең маңызды жұмыстың бірі болады. Ескі ақсақал рушылдық дәуірінің, ру жікшілдігі тұрмысының мұралары әлі күнге шейін жойылып бітпегені күнбе-күнгі қазақ тіршілігінен көрініп отырады. Барымта, қалың мал, құн, ру араздығы, рушылдық жұмысының таптық жікті көмескілеп кетуі, жергілікті үкімет мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктер, жаңа үнем саясатына арқа сүйеп, бай мен манаптың жандана бастауы сияқты істер әлі көп ұшырайды. Мұның бәрі ескі тұрмыстың, ескі қалыптың жойылмаған мұралары. Бұған Қазақстан үкіметінің айырықша зер салу керек болады», - деп жаза отырып, осы кемшіліктерді жоюда үкімет көп істерді атқарып жатқандығын, мәдениетімізді көркейтуде «Сауатсыздықты жоюшылар ұйымы», «Жарлы» мен «Қосшы» одақтары көптеген іс-шараларды жүзеге асырып жатқандығын келтірді [9, 87-б.].

Жалпы, қайраткер Тұрар Рысқұлұлы Қазақстанның іргелі ел болып, тәуелсіз елге айналатындығын, саяси, экономика және мәдени жағымыздан алға жылжып, гүлденіп, өркендейтінімізге сенімінің мол болғандығын оның ісінен, бізге қалдырған тарихи мұрасынан білуімізге болады.

Бүгінгі таңда мәдениет, ғылым салаларындағы жетістіктерімізге жол бастап берген осы қайраткердің, оның замандастарының, яғни 20-30 жылдары Қазақстанның саяси-қоғамдық қызметіне етене араласқан ұлт зиялыларының қосқан үлесі деп бағалауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚРОММ. 81-к., 1-т., 258-іс. 41-п.
- 2 Табылдиев Х. Сауатсыздықтан білім шыңына. Алматы «Өлке», 1997.
- 3 Рыскулов Т. Избранные труды. Алма-Ата, 1984.
- 4 Рысқұлұлы Т. Жастардың хатына жауап // Еңбекші қазақ. 1926. №560. 9 июнь.
- 5 Еңбекші қазақ. 1929. № 30. 6 февраль.
- 6 ҚРПМ. 141-к., 1-т., 496- іс. 15- п.
- 7 ҚРПМ. 141-к., 1-т., 487- іс. 72-74-пп.
- 8 Еңбекші қазақ. 1926. №540. 18 май, № 541. 20 май.
- 9 Рысқұлұлы Т. Қазақстан. Ташкент, 1927.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль Т.Рыскулова в культурном строительстве Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕДЕ

Қазақстандағы мәдени құрылыстағы Т.Рысқұловтың ролі көрсетілген.

ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ - КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Бегалиева А.А.-т.ғ.к., профессор, Қайпбаева А.Т., т.ғ.к., доцент м.а.
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстанның егеменді ел болуы жағдайларында, демократиялық қоғам мен нарықтық экономика құру жолында Республиканың басынан кешірген тарихи жолдарын ғылыми тұрғыдан қайта қарап, әділ бағасын беру ісі едәуір нәтижелерге жетті. Оның бірнеше себептері бар. Олар: жоғарыда айтылған Қазақстанның егемендік алуы, ұлттық сана-сесімнің өсуі, тарих ғылымының идеологиялық қыспақтан арылуы. Санамыздан шайыла қоймаған Кеңестік идеология, тілге тиек етпекші ерлерімізді де «аяқтан шалып» санасына «қанды шеңгелін» батырып көрген. Десек те, азаматтарын әспеттей білер халқымыз бен өткеніне төреші болар тарихымыз бар елміз. Арқалы елдің үш ұлы – бірі қол бастаған қаарманы болса, Жұмабай Шаяхметов ел тізгінін ұстаған саясаттың «жілігін шаққан» қоғам қайраткері. Өткенімізге үнілмей, ертеңімізге иек арта алмаймыз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жетекшілік еткен алғашқы қазақтың бірі туралы мәлімет кімге болса да қызық, тағлымы бол болары сөзсіз. Бірақ өкінішке орай, 1946 жылдың маусымынан 1954 жылдың ақпанына дейін ел басқарған Жұмабай Шаяхметов туралы ұзаққа созылған үнсіздік оған мүмкіндік бермей келді. Сол себептен де Қазақстанды басқарған тұңғыш қазақты тарихи тұрғыдан қару қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Кенестер заманының 70 жылында Қазақстанның бірінші басшысы болған 21 адамның арасында үш-ақ қазақ қызмет атқарды. Олар Ж.Шаяхметов, Д.А.Қонаев және Н.Ә.Назарбаев (Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті болғаны өз алдына). Коммунистік партияның ұлттық саясатты қалай «адал, әділ жүргізгенінің бір көрінісі ғана бұл».

Жұмабай Шаяхметов 1902 жылы 30-тамызда Омбы облысының Шарбақкөл ауданындағы №1 ауылда, көшпелі малшының отбасында дүниеге келген. Жоқшылыққа қарамай, ол жеті жасында өз талабымен 1910-1913 жылдары сол облыстағы Ащыкөл ауылдық мектебінде оқып, оны бітіргеннен кейін Полтовскдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесін тәмамдаған. Мұқтаждық пен жоқшылық оның арманын одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді/1/. 1917-1919 жылдары күн көру үшін әкесіне көмектесіп байлар мен кулактарға жалданады, ауыр еңбекті басынан кешіреді. 1919 жылдың таман Ащыкөл ауылдық мектебінде мұғалімдік қызметіне өтеді. 1932 жылы Мәскеудегі Нариманов атындағы Шығыс институтын бірінші курстан тастап кеткен. Кейіннен Шаяхметовтың жеке іс қағазында «аяқталмаған орта білім» деп жазылған Жұмабай Шаяхметовтың алғырлығы мен шешендігі, ойының ұшқырлығы, орасан зор интеллектуалдық қабілеті оның академиялық білімі жоқтығын бүркемелеп, білдірмеді /2/.

1923-1926 жылдар аралығында Жұмабай Шаяхметов Шалқар қаласында милиция қызметкері болып жұмыс істеді. Басында жай қызметкер, кейіннен анықтаушы,

тергеуші болып қызмет атқарды. 1925-1926 жылдар аралығында Ақмола губерниясының әкімшілік бөлімінің іс-жүргізушісі, инспекторы, кеңес аппаратын жергіліктендіру комиссиясының секретары қызметін атқара жүріп, 1926-1928 жылдары аралығында Петропавлдағы «Қосшы» одағында нұсқаушы қызметін атқарды.

1928-1938 жылдары Ішкі Істер Халық комиссариаты органдарында түрлі жауапты қызметтер атқарды.

1938 жылдан бастап бірыңғай саяси басшылық жұмыстарына ауысады. 1938 жылы шілдеде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үшінші, 1939 жылы маусымда – екінші, 1946 жылы маусымда – бірінші хатшысы болып сайланады /3/.

Жұмабай Шаяхметовтың мұндай билік басына келуі XX ғасырдың ортасындағы Қазақстан өмірінде шын мәніндегі тарихи оқиға болды. КСРО тарихындағы коммунистік партия ұйымдары басшыларының, әсіресе бірінші хатшыларының мәртебесі ерекше болатын. Ойткені, партия кеңестік қоғамның бастаушысы, ұйымдастырушысы және жөн сілтеуші күш деп саналды. Оған ешбір оппозиция болмады. Сондықтан да, шын мәніндегі өкімет билігін аупарткомның бірінші хатшысынан бастап, СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысының қолында болатын. Социалистік қоғамның саяси жүйесі осылай құрылғандықтан Мәскеу қазаққа сенімсіздікпен қарап, Қазақстан ұйымының басшылығына басқа ұлттан көбінесе орыс нәсілдерді қойып отырды. Тек қана 1921 жылдың қаңтар-маусым айларында жарты жылдай – қырғыз (қазақ) облыстық бюросының және қырғыз (қазақ) обкомның жауапты (бірінші) хатшысы – қазақ Мырзағалиев Мұхамедхафий болды. Міне, одан 25 жылдан кейін КСРО-ның құрамындағы одақтас республиканың – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығын қазаққа – Жұмабай Шаяхметовке сеніп тапсыру – қысымда болып келген ұлттың үмітін оятты.

Соғыстан қалжырап шыққан КСРО-ның халық шаруашылығын қалпына келтіріп, оны одан әрі дамыту міндеттерін шешу де Қазақстанға үлкен үлес жүктеді /4/. Бұл мәселеде Қазақстан өз экономикасын бейбітшілік жағдайға икемдеп дамытумен қатар соғыс кезінде фашистік Германия басып алған аймақтарына жәрдем беруі де қажет еді. Мұны Жұмабай Шаяхметов Министрлер кеңесіне, оның сол кездегі төрағасы Нұртас Оңдасыновқа сүйене отырып ұйымдастыра білді.

Озімен қатар істеген әйгілі саяси әрі мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың сөзімен айтқанда, Жұмабай Шаяхметов: «... айтары жоқ тәртіптің адамы еді». Бұған дейінгі бірінші хатшылардан Жұмабайдың айырмашылығы – аса ұқыпты, әрі қиыннан қиыстыра білетін ұйымдастырушы еді.

Міне, осындай сипатты қайраткердің іс нәтижесін көрсететін Қазақстанның экономикасын дамытуда қандай жетістікке жеткеніне тоқтайық.

1949 жылдың 25 ақпан мен 1 наурыз арасында өткен Қазақстан Компартиясының IV құрылтайы соғыстан кейінгі 3 жылда істелген жұмысты үлкен қанағаттанғандықпен қорытындылады. Осы мерзімде республикада 400-ден аса өнеркәсіп орны 4 бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындаған. Өнеркәсіптің негізгі қоры – 2,7 есе көбейіп, жалпы табыс өнімі екі еседей артқан. Сонымен қатар елде 3700-ден аса кәсіпорын мен цехтар, тағы басқа өндіріс орындары ашылған. Қара металлургия, мұнай өңдейтін, мырыш өндірісі сияқты жаңа өнеркәсіп салалары іске қосылған. Бұл 200 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етті.

Ұлттық кадрлардың қатарын нығайта түсу үшін Жұмабай Шаяхметов басқа республикаларда қызмет істеп жүрген қазақтарды Қазақстанға шақырып, жауапты жұмыстарға орналастырды. Мәселен, Ресейдің Астрахан облысынан М.Ә.Сужиковті, С.Т.Бектелевті шақырып әкеліп біріншісін – Ақтөбе облыстық парткомның бірінші хатшысы етіп (1948-51 ж.ж.), ал екіншісін – Қызылорда облыстық парткомның бірінші хатшылығына жіберді. Елде тысқары жүрген, әрі мәртебелі қазақтарды елге әкелудің тағы бір жарқын мысалы, екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талған Бигелдиновті

Қырғыстаннан шақырып алуы және Роза Бағлановаға арнайы кісі жіберіп, Ташкенттен шақырып әкелуі болды /5/. Жұмабай Шаяхметов жұмысының тағы бір қыры - әйелдерді оқытып, тәрбиелеу, оларды басшы жұмыстарға тартып, өсіріп отыру болды. Оның кезінде Қазақстан орталық комитетінен бастап аупарткомға дейін әйелдермен жұмыс істейтін бөлімдер құрылды. Сонымен қатар аупарткомдар хатшыларының бірі, әрі аупарткомдар торағаларының бірі орынбасары – әйел болу тәртібі енгізілді. Ол кісі қазақ қыздарының оқып, білім алуына қатты көңіл бөлді. Соғыс өрті өршіп тұрған 1944 жылдың өзінде Қазақстан Компартиясы ОК екінші хатшылығын атқарып жүріп, Алматыда қыздар ғана оқитын педагогикалық институт аштырып өзі соған қамқорлық жасап отырды. Жұмабай Шаяхметов қазақтардың ана тілінде сөйлеуіне де мән беріп отырды. Орталық Комитеттің аппаратында істейтін қазақтар өзара ана тілінде сөйлеуге көшті. Қазақтар ғана емес, орыстар да қазақ тілін игере бастады.

Жұмабай Шаяхметов ұйымдастырушылық іскерлігімен де, жеке басының қабілеттілігімен де Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының ірі саяси қайраткерлерінің біріне айналды. Оны үшінші сайланған КСРО Жоғарғы кеңесінің 1-сессиясында КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің торағасы етіп бірауыздан сайлады. 1952 жылдың 5-14 қазанында өткен СОКП-ның XIX құрылтайында сайланған Орталық Комитетінің И.Сталин бастаған 125 мүшесінің бірі болды. Құрылтайдың бірер мәжілісіне Жұмабай Шаяхметов торағалық етті. И.Сталин оны жеке қабылдап, оған үлкен сенім білдіріп, бағалайтынын көрсетті. Әрине, Жұмабай Шаяхметовтың тұсында бәрі бірдей жақсы бола берді деуден аулақпыз. Ол өз дәуірінің перзенті болғандықтан, ел өмірінің саяси-әлеуметтік саласында, әсіресе рухани саласында заманынан озып кете алмады. 1946 жылдан 1950 жылдың басына дейін Кеңес Одағында сол кезеңге ғана емес, кейінгі он жылдықтарда да өзінің үлкен ықпал-әсерін тигізген идеялық-теориялық және саяси науқандар үлкен етек алды. Соғыстың жеңіспен аяқталуы – Кеңес Одағы халықтарының қанына сіңген Отанды, ұлтты сақтап қалу үшін күрестің, шын мәніндегі патриотизмнің жемісін көрсетті. Сонымен қатар соғыс – сталинизмнің саясат пен идеология ретінде кезең рухына қайшы келетінін, әсіресе ұлттық республикалар жағдайында дәуір, заман сабақтастығына сәйкес келмейтінін ашып берді. Халықтар арасында еркіндікті аңсау пиғылы күшейді. Мұны сезген Сталин кеңес өкіметіне дейінгі дәуірді, әсіресе патшалық Ресейге қарсы болған ұлт-азаттық қозғалыстарына берілген тұжырымдамаларды қайта қарауды қолға алды. Осы мақсатты орындау үшін 1946 жылы 14 тамызда СОКП Орталық Комитеті хатшы А.А. Ждановтың баяндамасы бойынша «Звезда», «Ленинград» әдебиет журналдары туралы қаулы қабылданып, ол идеологиялық жұмысты жаңа арнаға бағыттады. Әдебиет, өнер, тарих ғылымдары идеологиялық жұмыстың барлық саласында әдетте өте маңызды орын алатыны белгілі. Соныдықтан да осы саладағы жұмыс істеп жүргендер арасынан «қателесушілерге» шабуыл жасаушылық күшейді. 14-тамызда қабылданған қаулысының ізін суытпай СОКП Орталық Комитеті 26-тамызда: «О репертуаре драматических театров и мерах по его улучшению» деген қаулы қабылдап, театрлар репертуарларында жаңа кеңестік құрылыс тақырыбына жазылған пьесалар орын алуы қажеттігін атап көрсетті. Бұл да отаршылдық, ұлттық ерекшеліктер көрсетілген шығармалар ығыстырылып шығарыла берді. КОКП Орталық Комитетінің аталған қаулыларының негізінде «Правда» газеті сол жылы 19-қыркүйекте «Выше уровень идеологической работы» деген бас мақала жариялады. Ол Орталық Комитеттің пікірін көрсетіп болғандықтан бізде «большевик Казахстана» журналының 1946 жылғы 9-10-санында басылды. Осылайша бүкіл Кеңес Одағының мемлекеттің саяси-әлеуметтік жүйесі рухани құрсауға түсті. Бұл жаңа тарихи жағдайда, әрине, Қазақстан тыс қала алмады. Сталинизмнің бұл әрекетіне Жұмабай Шаяхметов түгілі Сталиннің төңірегіндегілер де дәрменсіздік көрсетті. Ал жандайшаптар қызған көрікті баса түсті. Ж.Шаяхметовтың өз тарапынан кезең рухына ермеске амалы қалмады /6/.

«Аса қырағылық» көрсетем дегендер Ғылым Академиясының президенті Қ.И.Сәтбаевты, Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, академик Т.Т.Тәжібаевты ұлтшылдық қозқарастағы сенімсіз адамдарға қамқорлық жасайды деп кіналады. Мұхтар Әуезовті «Абай» романында «кошпелі тұрысты әдемілеп корсетті» деп кінә тақты. Дегенмен, Тіл және әдебиет институтының сыналуы жазушыларға соққы болып тисе, ендігі кезек тарихшыларға ауысты. Тарихшылардан «қырағылық көрсетушілердің» нысанаға алғаны қазақтың алғашқы тарих ғылымының докторы дәрежесін алған Ермахан Бекмаханов болды. 1948 жылдың 28-ақпанында КСРО Ғылым Академиясының тарих институтында Е.Бекмахановтың 1947 жылы Алматыда мемлекеттік баспадан шыққан «Казахстан в 20-40 годы XIX века» деген монографиясы талқыланды. Тарихшылардың көбіне тілге тиек ететіні кітаптың «Освободительное движение под руководством Кенесары Касымова» деп аталатын екінші бөлімі болды. Е.Бекмахановқа тарихты зерттеуде маркстік-лениндік әдістемелік тәсілімен ауытқыған деген айып тағыла бастады. Бұл енді саяси айыптау еді. Осындай жағдайда 1950 жылдың 26-желтоқсанында «Правда» газетінде Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуниннің: «За марксистское-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген мақаласы шықты да, Е.Бекмаханов төңірегінде көтерілген науқанды ушықтырып жіберді. Мақалада оның монографиясын зиянды, өйткені Кенесары Қасымовтың көтерілісі ұлт-азаттық көтеріліс емес, реакцияшыл-феодалдық көтеріліс. Оны Бекмахановтың ұлт-азаттық қозғалысы деп көрсетуі тарих ғылымының маркстік-лениндік принциптеріне қайшы келеді деп көрсетіледі. Ақыры 1951 жылы Е.Бекмахановты партиядан шығарып, университеттегі жұмысынан да қуады. Осылайша Е.Бекмаханов қуғынға түссе де, Жұмабай Шаяхметов оған жазалау шараларын қолдандырмауға тырысып, оның озінше аяқталуына мүмкіндік жасады. Осының өзі Жұмабай Шаяхметовтың 1937 жылдың қасіретін Қазақстан жағдайында қайталанбауға тырысқанын көрсетеді.

Ұлттық зиялыларды қалыптастыру, оларды өсіру қиын процесс екенін түсінген Жұмабай Шаяхметов ұлттық кадрларға өте қамқорлықпен қарады. Айта кету керек соғыс кезінде жауға атылған он оқтың тоғызын берген Қазақстанның түсті металлургиясы еді ғой. Осы істің басы-қасында Жұмабай Шаяхметов жүрді. Осы тұста екінші хатшы болған Жұмабай Шаяхметов, бірінші хатшы Николай Скворцов, Совнарком төрағасы Нұртас Ондасыновпен бірге бар күшті майданға, бар күшті жеңіс үшін жұмылдырды, жұмсады. 1952 жылы соғыстан кейінгі алғаш партия съезі – XIX съезі болды. Партияның XIX съезінің алдында Одақ үкіметі Қазақстанды Шығыстағы мал шаруашылығын оркендетудің негізгі базасына айналдыру жөнінде арнайы қаулы алды. Сондықтан да Ж. Шаяхметов XIX партия съезінде сойлеген сөзінде осы маңызды мәселеге ерекше назар аударды. Бұл мәселелердің шешілу жолдарын өзінің баяндамаларында баяндап берді. Тарихи XIX съезд біткен соң төрт айдан кейін 1953 жылы 5-наурызда И.В.Сталин кенеттен қайтыс болды. Бас-аяғы отыз жылға созылған Сталин дәуірінің соңы да осы еді. Жеке басқа табыну да аяқталып, енді валюнтаризм кезеңі басталды. Бүкіл одақтағы барлық билік Н.С.Хрущевтің қолына тиді. 1954 жылдың ақпан-наурызында КПСС ОК Пленумы елімізде азық-түлік мәселесін шешу үшін шығыс аудандарда тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде мәселе қойылып, қаулы қабылдады. Қысқа мерзімде Қазақстанда 25,5 млн. тың жер және тыңайған жер игерілді. Соңғы кезде мұны Хрущевтің Қазақстандығы ланы деп өте орынды жазып жүр. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттері тың игерілген облыстарда 900-ден астам қазақ мектептері жабылып, мемлекеттік тілдің аясы тарылғанын, басқа да келтірілген зияндарын дәлелдеп жазып келді. Н.С.Хрущев кезіндегі реформаларын, тың жерлерді игеру жөніндегі валюнтаристік шешімдерін Орталық партия комитетінің Президиум мүшелері де сынағаны белгілі. В.М. Молотов «тың жерлерді беталды асығыс игермей, алдымен Ресейдегі қара топырақты өңірді игерін, содан кейін басқа өңірлерді бірте-

бірге игеру керек»,- деген еді. Бірақ, амал қанша, Никити Сергеевич ешкімнің де пікірін тыңдап, санасқан емес /7/.

Жұмабай Шаяхметов Қазақстанды орыстандыру саясатына қарсы тұра алмады. Тұра да алмас еді. Қазақстанда қалыптаса бастаған ұлттық орлеуді жақсы сезген Мәскеу басшылығы, әсіресе Никита Сергеевич Хрущев Жұмабай Шаяхметовке қарсы кінәлау, айыптау шараларын өрістете берді. Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін өз қалауынша игеру үшін, республиканың басшылығын да, халқын да орыстандыру үшін Шаяхметовты қызметінен алу қажет болды. Өйткені соғыстан кейінгі тұста жана буын, білікті жергілікті кадрлар қаулап оскен еді. Колхоз басшыларының ішінде қазақ ұлт өкілдері 62,8 болса, барлық басқарушы кадрлар арасындағы қазақтар үлесі 40,2 пайызға жетті. Ж.Шаяхметов республиканы басқарған 16 жыл ішінде өзі байқаған-бағалаған бірсыпыра партия және мемлекет қайраткерлерін өсіріп шығарды /8/. Солардың ішінде Тайбсков, М.Бейсебаев, Ж.Тәшенов, І.Омаров, Ә.Қанафин, тағы басқа сол сияқты республиканың көрнекті мемлекет қайраткерлері өсіп шықты.

1954 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің шешімі болды, Жұмабай Шаяхметов бірінші басшылықтан босатылып, Оңтүстік Қазақстан облысына партия комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындап, қызметке жіберілді.

Біреулер сол кездегі Қазақстанның ядролық сынақ алаңына айналдырғанын, Семей полигонын миллиондаған жердің берілгенін сол кездегі республика басшыларының қорқақ, жасқаншақтығынан болды деп көлгірсиді қазір. Ол кезде атом қарудың әлемдік, адамзаттық тағдырды шешетін мәселе болғанын да олар білмеді. Осыған орай Д.Қонаев өз кітабында Орталық Ж.Шаяхметов пен Н.Оңдасыновтың келісімінде сұрамаған ғой, бұл мәселені бастан-аяқ Орталық өзі шешкен деп жазды. «Шаяхметов Ж. Ұлтшыл да, рушыл да болған емес», деп жазды белгілі қайраткер М.Сужиков, Оның КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар палатасының төрағасы болғаны да бекер емес.

Тікелей саяси ұйымдастырушылық, экономикалық мәселелермен шұғылданып жүрсе де Ж.Шаяхметов әрқашан мәдениет, білім беру істеріне жанашырлықпен қараған, тікелей қамқорлық жасаған. 1946 жылы Қазақ Ғылым академиясы құрылғанда тұңғыш Президенті Қаныш Сәтпаев пен ұйымдастыру комитетінің төрағасы М. Әбдіхалықовпен бірге басы-қасында болды. 1943 жылы М.Әуезов «Абай» романы үшін Сталиндік (кейін мемлекеттік) сыйлық алғанда Ж.Шаяхметов құттықтап хат жолдаған. Сондай-ақ, 1944 жылы Алматыда опера және балет театрының жаңа үйі және сол қауарлы соғыс жылдарында Мемлекеттік консерватория ашылғанда Ж. Шаяхметов еңбегінің ізі, демі сезілін тұратын еді. Соғыс кезінде И.В.Сталинмен бір сөйлескенде, «алыс аудан, ауылдардағы қазақ қыздарына білім беру, оқуға тарту үшін ерекше жағдай жасау керек» деп мәселе қозғағанда, Сталин: «Сонда не істеу керек?»,-деп сұрайды. Ж.Шаяхметов қазақ қыздары үшін арнайы, тегін оқитын оқу орнын ашу керек дейді. Сталин ұсынысты қолдайды. Сөйтін қазіргі Қыздар институты, қазақ қыздарының жоғары білімді, мәдениетті де тәрбиелі талай ұрпағы тәрбиеленген оқу орны осыдан басталған. Қазір Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінің (2008 жылдан бастап) 66 жылдық тарихы бар.

Жұмабай Шаяхметов Қазақстан тарихында өз орны бар, республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткері. Өмір жолы мен басшылық қызмет атқарған жылдары И.В.Сталиннің Кеңес Одағы мемлекетін басқарған кезеңмен тұстас келеді. Сондықтан да оның тоталитарлық жүйе кезеңінде өсіп – қадыптасқан, сол жүйе аясында қызмет еткен аса көрнекті басшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері екені даусыз

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Хисматуллина А. Заманның заңғары: Мемлекет қайраткері Ж.Шаяхметовтың қызымен сұхбат. // Парасат. -2002. №10. -32-33 бб.

- 2.Аблақов Р. Оз дәуірінің біртуары: Ж.Шаяхметов – 100 жаста. // Ақиқат.-2002. №11. - 60-62 бб.
- 3.Асқаров А. Шаяхметов қоғам қайраткері. // Қазақ батырлары.-2006, мамыр.№5. -3б.
- 4.Әбдірахман Н. Шаяхметов. // Егемен Қазақстан.-2003.-26 ақпан. №45-48.
- 5.Бізді кімдер басқарып келді? //Егемен Қазақстан. 2000.-31 мамыр.
- 6.Қозыбаев М. Қарама-қайшылықтағы тұлға немесе Ж.Шаяхметовтың саяси келбеті. // Заман-Қазақстан. -1997.-25 шілде.-12-13 бб.
- 7.Елеусізов М. Ұмытылмас кездесулер. Алматы, 2002.
- 8.Ғали Ө., Омаров М. Уақыт талабына байланып. // Егемен Қазақстан.-2002. -20 тамыз. (№203-206). -10 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются жизнь и деятельность выдающегося государственного общественного деятеля Ж.Шаяхметова.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қайраткер Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметі баяндалады.

ШОНАНОВА ШАХЗАДА – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

Бегімқұлова Ш.А. – т.ғ.к., доцент

(Қызылорда қ-сы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)

Биылғы жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өткелі отыр. Тарих үшін бұл қас-қағым сәт. Ата-бабаларымыз бұл тәуелсіздікті сан ғасырлар бойы армандап өткен.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайының мәжілісінде «Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер. Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді. Отаршылдықтың темірқұрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі желтоқсанда ұлттық намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді» - деп көрсетті. /1/

Қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысында өр тұлғалы қазақ қыздарының да зор үлесі болды. Тәуелсіздіктің көк байрағы желбірет тұстағы қаһарлы 1986 жылғы желтоқсан ызғарында да бұғанасы қатпаған қазақ қыздары ерліктің үлгісін көрсете білді. Олар желтоқсан көтерілісіне қатысты. Дүйім жұрттың алдында жүріп сөз бастап өз талаптарын қойып, сол үшін тоталитарлық жүйенің қол шоқпарларынан таяқ та жеді. Қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, тағдырдың бастарына салғанын көтере білді. Қазақ халқының алақанына салып аялап өсірген ұлтжанды қыздары желтоқсан көтерілісінің тақсиретін тартты.

Қазақ қыздарының мінезіне тән ерекше бір қасиет оның қайтпас қайсарлығы, ожеттігі, тіпті керек кезінде ел үшін, отан үшін отқа түсуге дейін баруға батылы жететіндігі осы желтоқсан көтерілісі кезінде көрінді.

Тарихта ел намысын ерлерше қорғап, жауға шапқан, қайрат көрсеткен қазақ әйелдері де баршылық. Сондай ерліктің үлгісін көрсеткен Кир патшаның ғазиз басын қанжығасына байлаған Томирис (Тұмар ханша) сонау ерте заманда қазақ қыздарының ержүректілігін, батырлығын, қаһармандығын дәлелдеген.

Тарихтың терең қойнауына үңілмей-ақ беріректегі 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы жылдарында ер етікпен қан кешіп, сұрапыл соғыс майданында ерліктің үлгісін көрсетіп, қаһармандықпен қаза тапқан қазақтың аяулы қыздары, біртуар азаматшалары Әлия мен Мәншүктің Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болып, тарихта аттарының қалуы қазақ қыздарының ерлігінің жарқын көрінісі. Мұндай мәртебеге шығыс елдерінде бірде-бір әйел ие болған жоқ.

Кеңес үкіметі тұсында біз қазақ әйелдері бұрын езгіде болып, енді теңдікке жеттік деп 70 жыл бойы мақтандық.

Шын мәнінде Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе көш басында тұрған кезеңде тәуелсіздікті аңсаған Алаш қозғалысының жетекшілеріне, олардың әйелдеріне «Кеңес өкіметіне жау», «буржуазияшыл-ұлтшылдар», «Террорлық әрекеттерді дайындаушылар» деген айыптар тағылып, 1928 жылдан бастап олар түрмелерге жабылды.

1930 және 1932 жылдары екі сот процесінің үкімімен олар ұзақ мерзімдерге концлагерьлерге айдалды. Одан елге оралғандар 1937-38 жылдары «үлкен террордың» құрбандары болды.

Саяси репрессияның келесі құрбандары кеңестік биліктің түрлі негізсіз шараларын ашық теориялық тұрғыдан сынаған зиялылар мен қолына қару алып, оған қарсы қайрат көрсетуге шыққан қарапайым халық болатын.

Қазақстанда осы жылдары жүргізілген жаппай репрессиялау саясаттың ауқымын мынадай фактілерден байқауға болады. Мәселен, 1930 және 1932-жылдары Алаш қозғалысының басшыларын жазалау шаралары барысында 80-нен астам адам жауапқа тартылып, олардың басым бөлігі ұзақ мерзімдерге сотталып, төртеуі атылды. 1929-1933-жылдары күшпен ұжымдастыруға қарсы шыққаны үшін, республикада 3386 шаруа ату жазасына кесілді. 13151 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге сотталды. Ал тарихшы Д.Орынбаеваның есебі бойынша, 1937-1938 жылдардағы «үлкен террор» тұсында республикадағы тек жеті облыс (Ақмола, Ақтобе, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау) бойынша ғана 16520 адамға саяси айып тағылып, репрессияға ұшыраған. Тек Алматы облысы бойынша түрлі саяси айыптаулармен атылғандардың саны 1680 адамға жеткен. /2, 3436/

Осы жылдары қуғын-сүргін көрген халқымыздың аяулы қыздары да болды. Ақмола қаласының қасында орналасқан сол кездегі ресми түрдегі ГУЛАГ-тың 26-шы нүктесі деп аталған АЛЖИР-де бас бостандығынан айырылған эзиз аналар тағдырдың тауқыметін тартты. Олар С.Қожановтың жары Күләнда Қожанова, Т.Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Жүргенова, С.Сейфуллиннің өмірлік жолдасы Гүлбахрам, Қ.Сармолдаевтың әйелі Майнұр Сармолдаева, Б.Майлинның әйелі Күнжамал Майлина, Т.Рысқұловтың жан жары Әзиза Рысқұлова т.б. қуғын-сүргіннің тақсиретін тартты.

Сондай қуғын-сүргінге ұшырап сталиндік репрессияның құрбаны болған оның қанды қылышына іліккен, мыңдаған адамдардың бірі, қазақтың өжет қызы Шахзада Шонанова еді.

Тағдырдың тауқыметін ерте тартқан Шахзаданың ату жазасына кесілетіндей жасаған қылмысы не еді? Осы сұраққа жауап іздеп мұрағаттағы сарғайған құжаттарға үңіліп, сол құжаттардың негізінде ой түйінін тізбектесек Шахзада Шонанова 1937 жылы қаңтардың 1 жұлдызында Қазақ Мемлекеттік университетінің биология факультетінің 2-ші курс студенттерінің тізімінде жүр. /3, 25 бет/

Шамасы 1936-37 оқу жылдарында Шахзада осы университетте оқыған. Ал университет мұрағатындағы Шахзада Шонанованың жеке іс-қағазына сүйенсек, ол

1903 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген. Осы 2-ші курста оқып жүргенінде ол 34 жаста болған. Демек басқа студенттермен салыстырғанда Шахзаданың жасы ересектеу. Шахзаданың осында кеш оқып жүргеннің өзінде үлкен сыр жатқан сияқты.

Университетке оқуға түскенге дейін Шахзада оқу-ағарту халық комиссариатында алты жылдай мектепке дейінгі тәрбие әдіскері, ғылыми хатшы және мектеп инспекторы болып қызметтер атқарған. Өкінішке орай Шахзаданың өмір дерегімен толығырақ танысудың мүмкіндігі аз болды. Ойткені Қазақ Мемлекеттік университетінің мұрағатында Шахзада туралы мәліметтер өте аз екендігі байқалды.

Осы мұрағаттық деректерге сүйенсек, Шахзаданың 1917 жылы оқуда болғаны және қазан төңкерісінен кейін оның қандай қызметтер атқарғандығы жайлы анкета толтырылған. Ол тоғыз жылдай ішінара Кеңес мекемелерінде қызмет атқарған. Құжаттағы мәліметтерге сүйенсек Шахзада 1926 жылдан бастап КСРО-ның ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі болған екен.

Шахзада ең алдымен Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен, ол жерден Шахзада оқуды бітіре алмайды. Оны 2-ші курстан «әлеуметтік тегіне» байланысты оқудан шығарып жібереді. Одан кейін Шахзада Алматы медициналық институтына оқуға түсіп, ол жерден де 2-ші курсқа келгенде шығарылады. /4, 2 бет/

Шахзада өзінің өжет мінезімен жазықсыз екенін дәлелдеу үшін ізденеді. Сөйтіп оқудан шығарылғандардың арызын қарайтын халық ағарту комиссариатының комиссиясына шағым жолдайды. Оның арызын 1931 жылы қазан айында комиссия қарап, мәжіліс өткізеді. Ол мәжіліске халық ағарту комиссариатынан Таштитов, БК(б)ІІ өлкелік комитетінен Смирнов, Денсаулық комиссариатынан Әрімбетов, халық ағарту комиссариатының кадр бөлімінен Зилов қатысады. Мәжіліс төрағасы Таштитов, хатшысы Зилов болып қол қояды. Күн тәртібінде қаралған мәселе: оқудан шығып қалған студенттердің арыздарын талқылау. Мәжіліс қазақ медицина институтының 2-ші курс студенті Шонанова Шахзаданың арызын тыңдап, төмендегіше қаулы алады. «Шонанованың Кеңес өкіметі тұсында қызмет атқарғаны, өзінің әлеуметтік тегін жасырмағаны ескеріліп, оған медицина институтында оқуын жалғастыруға мүмкіндік берілсін деген. Институт дирекциясына және студенттік ұйымдарға жақын семестрлерде Ш.Шонанованы студенттік ұйымдарда, қоғам жұмысында тексеру міндеттелінсін» деген қаулы қабылданған екен. /5, 5 бет/

Осылайша Шахзада қайтадан оқуын жалғастырады. Бірақ оның қуанышы ұзаққа созылмайды. Бұдан кейін Шахзаданың басқан ізі аңдулы болады. Қызмет орнынан оның қалай жұмыс істегені жөнінде анықтамалық құжат сұралып отырады.

1932 жылы наурыздың 12 жұлдызынан көкектің 11 жұлдызына дейін ең қауіпті ауру - бөртпе сүзекпен індет жайлаған Прибалхашстройдың Спасска деген бөлімшесіне Шахзаданы жұмысқа жібереді. Жұмысты аяқтап қайтар шағында Спасска бөлімшесінің бастығы, әрі оқу комбинатының директоры Жамшиннен Шахзада оқитын оқу орнына анықтама жіберіледі. Онда былай делінген: «Жолдас Шонанова өзін қайратты, іскер қызметкер ретінде көрсетті. Тек өзінің міндеттерін орындап қоймай бөлімшеде де, студенттер мен тұрғындар арасында да қоғам жұмысына қатынасты. Жолдас Шонанова студенттерге жақын жүріп оларды жұмысқа тарта білді. Жатақхана мен цехта активтер ұйымдастырды. Жергілікті тұрғындар арасында санитарлық шаралар жүргізуші ретінде Шонанова орны толмас қызметкер болды» делінген. /6, 6-7 бб/

Осы анықтаманың өзі Шахзаданың адамгершілігі мол, кішіпейіл, білгір дәрігер болғанын көрсетеді. Бірақта Шахзада қуғын-сүргіннен құтыла алмайды. Ол институтты да бітіре алмайды.

1936 жылы Шахзада Шонанова Қазақ Мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға түседі. Алайда Шахзада бұл жоғарғы оқу орнын да бітіре алмайды.

Өйткені оған тағылған басты кінә - әкесі үстем тап өкілі, оқыған адам болғандығы. Бірақ онымен де мәселе бітпейді. Тағдырдың талқысы Шахзаданың алдынан тағы да көлденең келіп тартылады. Шахзаданың жұбайы бірнеше жылдар бойы Қазақтың педагогикалық институтында және Қазақ Мемлекеттік университетінде доцент болып қызмет атқарған, белгілі ғалым филолог көптеген еңбектердің авторы, әрі тарихшы және аудармашы Телжан Шонанов еді. Осы азаматтың жұбайы болғандықтан да Шахзада зардап шегіп қуғындалған екен.

1937 жылы таңдаулы педагог-ғалым Т.Шонанов «халық жауы» деген жаламен сотталады. Шахзада да дәл осындай жаламен ұсталады. «Халық жауы» деген жаламен 30 мыңға жуық халық зиялылары атылған болса, сол тізімдердің ішінде өмір бақи жоғарғы білім алуды армандаған, халқы үшін қалтқысыз қызмет етуді мақсат тұтқан қазақтың аяулы қызы Шахзада Шонанова мен ұлағатты ұстаз, ғалым, оның ері Телжан Шонановта бар еді. Телжан Шонанов 1938 жылы 27 ақпанда, Шахзада Шонанова 9 наурызда «халық жауы» деген жаламен сталиндік репрессияның құрбаны болды.

Сталиндік репрессия кезінде қазақ ғалымы Телжан Шонановпен бірге Елдос Омаров та зардап шегеді. Бұл азаматты бұл арада еске алуымыздың себебі оның айыпталуы да Телжан Шонановқа қатысты болғандықтан.

Е.Омаров 1911 жылы Орынбор қырғыз (қазақ) учительдер институтын бітірген, кейін кеңес өкіметінің мәдениет майданына ат салысқан, көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жазған, түркі тілдерін меңгерген ғалым болған. Елдос 1935 жылы өзі туралы іс қағазда: «1930 жылы 10 жылға концлагерге кесілдім, 1933 жылы уақытымнан бұрын босатылдым» - деп жазады. Алайда Елдос Омаровтың бұдан кейінгі тағдыры да мәз болмайды. Шахзаданың жұбайы Телжан Шонановты мақтадың деп ҚазМУ-дың сол кездегі директоры Оликов Е.Омаровты әшкерелеуге асығады. Оны университеттің тілдер кафедрасы 1937 жылғы 13-ші қазанында өткен мәжіліске салады. Кафедра мәжілісіне әрі директор, әрі тілдер кафедрасының меңгерушісі Ф.Т.Оликов, биология факультетінің деканы Митрофанов, оқытушылары: И.О.Байков, М.Б.Байкова, И.О. Папоратная, Рат және Омаров қатысады. Мәжілісте биология факультетінің 2-ші курс студенттерінің оқытушы Омаров «халық жауы» Шонановты ерекше қорғаштағаны жайлы арызы тыңдалыпты. Осы арыздың негізінде кафедра мәжілісі болған күнгі бұйрықпен Е. Омаров «контрреволюционер Шонановтың ашық қорғаушысы» - деп қызметінен босатылады. Мұнымен де тынбай Е.Омаровтың отбасын ҚазМУ-дың ғылыми қызметкерлері тұратын жатақханадан да «Шонановтың ашық қорғаушысы» болғаны үшін қуып шығады.

Осылайша 37 жылдың ойраны қазақ даласының қаймағын қалқып сол кезеңнің ар-ожданы іспеттес зиялыларды жазықсыздан жазықсыз жапа шектірген еді. Соның ішінде қазақтың аяулы қызы Шахзада да бар еді.

Шахзада Шонанова армандаған тәуелсіздіктің орнағанына да биылғы жылы 20 жыл толып отыр. Тәуелсіздік қазақ халқына оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік Райымбек, Кенесары, Махамбеттің қанымен, кешегі қыршын кеткен Қайрат пен Ерболдың, Ләззат пен Сабираның қанымен келген. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның белгілі азаматы болып, туған тілімізде сөйлеп, туған жерімізде еркін өмір сүріп жүргеніміз солардың арқасы.

Қазақстан әйелдерінің III форумында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Бұл жылдарда елімізде ұйыған татулық, дәстүрлі достық сақталып келгенінде әйел-аналардың шешуші үлесі бар екендігін тағы да қадап айтамын. Сіздердің алдарыңызда шыдамдылық, төзімділік танытқандарыңыз, салқын сабырды сақтағандарыңыз үшін, бас иемін...» деген еді. Елбасымыздың осы сөзі қазақ қыздарының, аналарының қандай қиыншылық болса да мойымағандығын көрсетіп тұрғандай. /7, 606/

Бүгінде Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Қазақстан Елбасының сындарлы саясатының арқасында Еуропаның төрінен орын алды. 2010 жылы ЕЫҚҰ-на төрағалық етіп, қазақ елінің бүгінгі таңда қоғамдық-саяси дамыған мемлекет екеінін әлемге мойындатты.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алған аз уақыт шеңберінде толағай табыстарға жетті. Сондай жетістікке Қазақстанның жетуіне үлес қосқан әйел аналардың да ерен еңбегі болды.

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ әйелдері өмірдің әр саласына белсене араласып, қызмет етуде. Саясатқа араласып парламентке депутат болып, түрлі мекемелерде басшылық жасауда. Ерлермен бірдей қызметтер атқарып, қоғамдық өмірден өзінің орнын табуда. Сонымен бірге отбасында аяулы ана, сүйікті жардың қызметінде атқаруда. Халқымыздың салт-дәстүрінде қыз балаға, анаға құрмет ерекше сақталған. Қадым замандардан бастап-ақ ата-бабаларымыз әйелді сыйлаған, ананы қастерлеп құрметтеген. Қызын әлпештемейтін, әйеліп құрметтемейтін, анасын алақанына салып аяламайтын қазақ кемде-кем. Қазақ халқының тарихында Айша бибіні, Домалақ ананы, әулие Қара Буранын қызы Бегім Ананы барша халқымыздың қасиет тұтуы анаға деген құрметтің белгісі екені баршаға мәлім.

Ендігі мақсат бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнап, жазықсыз құрбан болған Шахзада сынды қазақ аруларының, Телжан сынды ел ағаларының есімін тарихқа алтын әріппен жазып, келешек ұрпақтың есінде қалдырып, олардың істеген ерлігін жас ұрпақ оқып біліп жүрсе, рухына бас иіп тағзым етіп, олардан өнеге, тәлім-тәрбие алса демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы, 1993. 190 б.
2. М. Қойгелдиев Ұлттық саяси элита. Алматы, 2004, 343 б.
3. ҚРОМА 1352 қор, 1 тізбе, 139 іс, 25 бет.
4. КазМу-дың мұрағат қоры, тізбе - 1, 6897 іс, 2 бет.
5. КазМу-дың мұрағат қоры, тізбе - 1, 6897 іс, 5 бет..
6. Бегімқұлова Ш. Мезгілсіз солған гүл. //Қазақстан әйелдері. 1994ж. №2 ақпан. 6-7 бб.
7. Е. Найзағараева. Әйелдердің қоғамды демократияландыру процестеріне қатысуы. //Ақиқат 2002, 60 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье, на примере жизни Шонановой Ш. рассматривается деятельность репрессированных женщин Казахстана и их вклад в становлении независимости нашего государства.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада мемлекетіміздің тәуелсіздігі жолында өмірлерін қиып, репрессияға ұшыраған әйелдердің қатарында болған Ш. Шонанованың ғұмыры баяндалады.

К.Н. НҮРПЕЙІСТІҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Бижанова К.К. - аға оқытушы, Тақабаева Б.М.- оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісұлының ғылымдағы орны мен отан тарихына қосқан зор үлесі, тарихымызды терең зерттеп, жаңалық ашқан мәселелері, ғылыми кадрлар дайындаудағы қызметі, жарық көрген еңбектері қазақ халқының тарихында өзіндік мәнге ие. Ал, ғалымның Жалпы білім беретін мектептерде тарих пен басқа да қоғамдық пәндерді оқытуды жақсартуға қосқан үлесі мен ұстаздық қызметі тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырып отырды.

XX ғасырдың 90 жылдарынан Қазақстанда ғана емес, басқа да жаңа елдерге, КСРО-ның ыдырауынан кейін құрылған, тарихтың жаңа оқулығында – идеологияның жаңа толқыны жүріп өтті. Он бес түрлі – түсті идеологиялық тарих беттерін сонау ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейін қамтыды. Жекелеген мемлекеттер үшін оның неғұрлым айшықты сипаттағы бағыттары атап айтсақ:

- идеализация және аңыздандыру;
- тарихтың кеңестік кезеңін сынау;
- өз халқын тым асыра көрсету;
- Ресейді өздерінің откендегі қателіктері үшін айыптау және т.б. болды.

Көптеген авторлар жекелеген төңкерістерге, жеке тұнғаларға, факторлар мен оқиғаларға қарсы шықса, кейбірі кулактарды қорғайды. Ар-намысқа тиетін ұғымдарды, айыптауларды, тенеулерді, дәлелсіз тұжырымдарды баяндау көптеген жаңа оқулықтардың «жақсы термині» болып алды /1/.

Осындай алмағайып уақытта академик Кеңес Нұрпейіс өзінің «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Қазақстанның жаңа тарихы» /2/ деген көлемді мақаласында: «Қазақстанның жаңа, шыншыл тарихын жазуға батыл кірісуге еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі қолайлы жағдайлар туғызды. Себебі, тәуелсіздіктің қарсаңы мен оның алғашқы жылдары тарихи тақырыпқа қалам тартушылар саны көбейді. Бұл Кеңес өкіметі өмір сүрген 73 жылдан астам уақытта біздің отандық тарихымыз, яғни қазақ тарихы көп жағдайда тек патшалық Ресейдің, одан кейін Кеңес Одағы тарихының кішкене бір бөлшегі ретінде қарастырылды да, өзіміздің ұлтымыздың толыққанды тарихы жазылмады. Жалпы, мектептер мен жоғарғы оқу орындарында ондаған жылдар бойы КСРО тарихы (шын мәнінде Ресей тарихы) оқытылып келді, ал Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихына ол оқулықтарда бірер сағаттық қана орын берілді. Осыған байланысты «қайта құру», «жаңаша ойлау» жағдайлар қалыптаса бастаған кезде көптеген адамдар тарих мәселесіне қалам тартты. Өйткені бұрын айтылмаған нәрселерді айтуға, жазуға болмаған нәрселерді жазуға мүмкіндік туды», - деп тәуелсіздік алған жылдардағы тарихи сана туралы ой қозғайды.

КСРО мемлекетінде болған өзгерістер, Қазақстан Республикасының егемендігінің жариялануы, еліміздің дамудың жаңа жолына түсуі білім беру саласына үлкен өзгерістер әкелді. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған тарих оқулықтарын қайта жазып, жаңа бағдарлама жасауды талап етті. 1989-1990 оқу жылынан бастап «Қазақстан тарихы» мектептің оқу жоспарына жаңа дербес пән болып енгізілді. Осыған байланысты «Мектепте Қазақстан тарихын оқыту тұжырымдамасы», бағдарлама, оқулықтар жарық көре бастады /3, 293-б./.

Осыған байланысты 90 жылдардың басындағы жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарындағы қиындықтарды ескеріліп, мектептің оқу жоспарында «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу сағаты 5-6 есе көбейгендіктен, тездетіп жаңа оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар шығару күн тәртібіне өткір қойылды. Осындай қысылшаң уақытта Кеңес

Нұрпейісұлы Қазақстан тарихының ең бір күрделі кезеңінен оқулық жазуды қолға алды.

«Қазақстан тарихы» оқулығы алғаш 1993 жылы жарық көрді және жалпы алғанда оқырмандар мен мектеп оқушыларының тарапынан жақсы қолдау тапты. Кітап авторлары ескі принциптер мен бес жылдықтар кезеңдеріне бөлуден аулақ болуға тырысты.

Мамандар мен жалпы оқырман қауым жылы қабылдаған жалпы білім беретін орта мектептің 11 сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы («Рауан» баспасы, 1993 ж.). Оның авторлары – белгілі ғалымдар К.Нұрпейісов, Б. Аяғанов, Н. Жақсылықовтар болды. Бұл оқулық екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Онда жаңа көзқарас тұрғысынан еліміздің өткен жолы, дәуір құжаттары негізінде баяндалады. Бір кезде отарлық езгіде болып, империяның шикізат шылауына айналған қазақ даласының ахуалы оқулықтан анық көрініс тапқан. Олардың ішінде республиканың ядролық және ракеталық қарулардың сынақ полигонына айналуы, халық құрамының өзгеруі, экономиканың дамуы және басқа да мәселелер бар. Егеменді еліміздің төл оқулығы хақында Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М.Х. Асылбек «Тарих оқулықтарына әділ сын болсын» деген шағын мақаласында: «Өтпелі дәуірдің қазіргі қиын жағдайында тұрақтылық иен ынтымақ өте қажет екенін, «Қазақстан тарихы» пәні мен оның оқулықтары республикадағы барлық ұлт мектептеріне ортақ екенін естен шығармайық. Даурықпа ұлтжандылық отаншылдық емес. Оның көп ұлтты елдің жігін ашар зиянды жақтарынан да сақтану керек. Бұл республика елбасының да соңғы кезде ұдайы айтып жүрген мәселесі. Шәкірт тұрлаулығы ең алдымен ұстаз парасатына байланысты екенін ұмытпайық. Сонда ғана тарихи тағлымы жас ұрпақ санасында өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай атқарыры сөзсіз»,–деген /4, 57-58 б./ пікір айтады.

1995 жылы жарияланған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы» деген тақырыппен құжаттың қабылдануы тәуелсіздік жағдайындағы еліміздегі тарихи сананың қалыптасу жағдайы, тарих ғылымының алда тұрған мәселелері, тарихи білім мен ағарту ісінің келешегін айқындап берген үлкен мәні бар құжат болып табылды /1/.

Тұжырымдаманың басты қағидалары қысқаша айтқанда мынаған саяды: бұдан былай Қазақстан тарихы, біріншіден, әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде, екіншіден, Шығыс әлемінің құрамдас бөлігі ретінде, үшіншіден Ислам әлемінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, одан кейінгі кезеңдер Қазақстанның Ресей империясы мен Кеңес Одағының құрамындағы тарихы ретінде қарастырылып, зерттелуі қажет. Осыған орай Қазақстанның тарих ғылымының алдына төмендегі міндеттер қойылды:

- өткен тарихты үзінділер (фрагменттер) түрінде ғана емес, мүмкіндігінше тұтас үрдіс ретінде қарастыру;
- көне және орта ғасырлық тарихқа күшті назар аудару;
- Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін қайта қарау;
- қазақ диаспоралары тарихын зерттеуге басты назар аударумен қатар, елімізді мекендейтін этностық топтар тарихына тиісті мән беру басты мәселер болып табылды.

Жаңа тұжырымдама бойынша көне замандардан бергі Қазақстан тарихының дерек көздеріне жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттігі баса көрсетілді.

Міне, осындай жыл сайын болып жататын қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық т.б. өзгерістер мен жаңалықтарды тап басып жазып, оқулыққа енгізіп, мектеп бітіргелі отырған мыңдаған жастарды, студенттер қауымын жаңа тарихи біліммен қамтамасыз етті. К. Нұрпейіс басшылығындағы ғалым-педагогтар оқулықтарды әр басылым сайын мұқият қарап, жетілдіріп отырғандықтан, сапалы тарих оқулықтарының қатарына қосылды.

К. Нұрпейісұлы «Мектептерде Қазақстан тарихы дұрыс оқытылып жүр ме?» - деген мақаласында «Тарихшылардың жаңа көзқарастағы мәселелері мектеп оқулықтарына там-тұмдап еніп жатыр. Мен өзім де осы оқулықтар жазуға араласып жүрген адаммын. Оқулық жазу жеке монография жазғаннан да әлде қайда қиын шаруа екен. Оны өзімнің тәжірибем көрсетті. Ол оқулық міндетті түрде сыныптың оқушысының жас деңгейіне, қабылдау ерекшелігіне лайықтап жазылуы қажет. Оқулық жазу жеке адамның ғана шаруасы емес, ол ұжымдық еңбек. Оқулық жазуда тек ғалымдар ғана катынасып қойса, ол біржақты ғана оқулық болады екен, оған қосымша ұстаздық әдістемелік мәселелерінің қыр-сырын игерген педагогтар қатысу керек», - деп /5, 18 п./- ой түйіндеген еді. Осыдан-ақ, ғалымның оқулық жазу ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, жастарға білім беру мәселесіне жанашырлық танытқанын байқауға болады. Жас ұрпақ санасында жаңа тарихи көзқарастарды қалыптастыру мен оны насихаттау барша педагогтардың, оның ішінде тарихшылардың міндеті екендігі белгілі. Жоғарғы оқу орындары мен мектептерде оқытылатын тарих пәнінің міндеті тарихи оқиғалардың адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттау, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан да, ғалым-ұстаз мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарға енгізілетін іріктеуге мұқият қарау қажеттігіне баса назар аударды.

Көрнекті ғалым К. Нұрпейіс тек тарихқа қатысты мәселені ғана емес, қазақ тіліне қатысты өзекті мәселелерді де қозғаған. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында өтетін іс-шаралардан тыс қалмай, факультеттің студенттері шақырған кешке үнемі қалмай қатысып отырды. Мысалы, факультеттің «Тіл апталығында» «Қазақ тілі тарих ғылымында» тақырыбына баяндама жасап, студенттерге кейбір көріп біліп, ойға түйген мәселелерді сөз етеді, ғалым баяндамасында: «Қазақ тілін шын мәніндегі ғылым тіліне (оның ішінде тарих ғылымының да) айналдыруда сол жылдары ғылым мен білімнің әр саласында қажырлы еңбек етіп, халқымыздың мәдени өмірін байытуға қомақты үлес қосқан аға буын өкілдеріне бүгінгі ұрпақ қарыздар» -деп баса айта келе «Сол кезде Халел Досмұхамедовтың зоология, биология, медицина, Жүсіпбек Аймауытовтың психология, Мағжан Жұмабаевтың педагогика, Ахмет Байтұрсынұовтың тіл мен әдебиеттану, Қаныш Сәтбаевтың алгебра, Әлімхан Ермековтың математика. Мұхтар Әуезовтың әдебиет тарихы жөнінде жазған оқулықтары мен зерттеу еңбектері сол заманның рухани сұраныстарына жауап берген бағалы туындылары болды. Осы еңбектері арқылы жоғарыда есімдері аталған алыптар қазақ тілінде ғылыми терминдер қалыптастыруға қомақты үлес қосты.

Қазір қоғамымыздағы саяси және мәдени хал-ахуал сапалы өзгерістерге ұшырады. Оның маңызды құрамдас бөлігі ретінде тәуелсіздік берген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ тілін шын мәніндегі мемлекет тіліне, сол мемлекеттің ғылымы мен білімінің тіліне айналдыру ісіне баршамыз белсенді түрде ат салысуымыз керек. Бұл істе орта және аға буын ұстаздар қауымдастығы атқарар жұмыстар аса көлемді де жауапты. Біз келешегіне үлкен үміт артар жастарымыздың ұлттық мүдде, ұлттық мақсат, Тәуелсіз Қазақстан идеясы кезінде ой мен әрекет батылдығына тәрбиелеуіміз қажет. Бұл тәрбие қазіргі өркениеттің жетістіктерін қабылдаған ұлттық негізде жүзеге асуга тиіс, ал оның өзегі – ана тіліміз болуы керек. Сонда ғана біз бұл күндері әлемде жүріп жатқан жаппай жаһандану тасқынына қарсы тұра аламыз, болашағымыздың тірегі – жастарымызды – батыл ой мен әрекет қайраткерлері ретінде қалыптастыра аламыз» /6/ -деп қазақ тілін ғылым мен білімнің тіліне айналдыру жолдары жөнінде ой-пікірін білдіреді.

«Мен сенемін жастарға,
Алаң отын аспанға
Шығарар олар бір таңда

Мен жастарға сенемін» -деп ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай ғалым К.Н. Нұрпейісте қазақ жастарының бүгінгі іс-әрекеті ертеңгі тарих болатындығын және жас ұрпақ сол тарихи сананы қалыптастыру үшін «білімділік пен серпінді іс-әрекет тікелей байланысты» екендігін үнемі айтып отыруға тырысады /7/. Мысалы, желтоқсан көтерілісінің болуы қазақ жастарының саяси санасының оянғандығы мен ұлттық намысының көтерілгендігінің көрінісін «Егер біз... немесе тарихты өзгертуге шамамыз жетсе» деген мақалада: «КСРО-да үстемдік құрған тоталитарлық мемлекет пен Коммунистік партияның билеуші тобы ұйымдастырған және ХХ ғасырдың 20-30, 40-50, 80 жылдарында жүзеге асырылған жаппай қуғын-сүргін нәтижесінде 100 мыңнан астам еліміздің (республикамыздың) маңдай алды ұл-қыздары «халық жаулары» деген жаламен атылды, айдалды, сотталды. Олардың қатарында Алаш қозғалысының жетекшілері, белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, шаруашылық жетекшілері, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің саңлақтары болды. Жүз мыңдаған Қазақстан азаматтары 1941-1945 жылдары фашизмге қарсы соғыста опат болды. Бұлар - елде орын алған «казармалық социализмнің» салдарлары еді» дей келе «Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда ұлттық рухтың жаңғыруына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлмегендігін жарқын түрде дәлелдеді. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі Кеңес Одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдістің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Сонымен бірге ең маңыздысы – халқымыздың, ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятуы мен ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің алғышарттарын дайындауға қызмет етті» - деп, еліміз жастарының батыл қадамдарын мақтанышпен еске алады /6, 3 б./.

Кеңес Нұрпейісұлы көптеген шәкіртінің ғылыми жұмыстарына басшылық жасап, сәтті қорғауларына ықпал етті. Ғалым баулыған шәкірттері еліне танымал ғалым-ұстаздар қатарын көбейтіп, талантты тарихшылар болып отыр және сол талантты жастарға бағыт беріп, аспирант, ізденушілердің ғылыми жұмыстарын дайындау барысында өз септігін тигізді. Солардың ішінде ғылым докторлары Т.О. Омарбеков «Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру тарихы мен тағлымы» /8/, А.Т. Қапаева «Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 40-х – 1990 годов», Б. Аяған «Социально-экономическое и общественное развитие Казахстана с 1970 по 1990 годы», Н.Ә. Алдабек «Ресей, КСРО және Қытайдың Шыңжаңдағы саясаты (ХҮІІІ ғ. – 1949 ж.)», Қ.Ә. Ахметов «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті (Мәдени революцияның концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы)», Е. С. Қуандық «Қазақстандағы кіші октябрь» бағыты: бастауы, барысы және салдары (тарихи-саяси талдау); ғылым кандидаттары Г. Өскенбаева «Массовые крестьянские организации Казахстана (1921-1929 гг.): становление и опыт деятельности», Н.К. Мыңжасов «Қазақстанның территориялық тұтастығының қалыптасуы» /9, 54 б./ тақырыптарында т.б. ғалымдар ғылыми жұмыстарын жақсы қорғап, отандық тарих ғылымының дамуына зор үлестерін қосып отыр және бүгінгі таңда бұл ғалымдардың да шәкірттері магистранттар мен тарихшы студенттерге дәріс беріп, еңбек етуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мажитов С.Ф. Қазақстанның тарих ғылымы: дәстүрлер және қазіргі кезең // Халық. ғыл.-практик. конф. материал жинағы. - Алматы, 2009. - Б.6-7.
2. Нұрпейіс. К.Н. Қазақстанның жаңа тарихы // Егемен Қазақстан. – 2005, қазан - 28. - 3 б.
3. Нұрпейіс К.Н. Ұлағатты ғұмыр // Қазақ. - 2006, қараша - 17. - № 34 (299). -10 б.
4. Асылбеков М.Х. Тарих оқулықтарына әділ сын болсын // Қазақ тарихы. - 1995. - № 1 - Б.57-58.

5. АОММ, 1099-қ., -1-т., 16-іс., 71-п.
6. Нұрпейіс К.Н. Қазақ тілі тарих ғылымында // ҚазмемқызПУ Хабаршы. - 2006. - №2. - Б. 7-8.
7. Қазақ қыздарының парасат мектебі. - Алматы: Өнер, 2004. - 20 б.
8. АОММ, 2268-қ., -1-т., 170-іс., 36-п.
9. Нұрпейіс К.Н. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар. - Алматы, 2005. - 91 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада академик К.Н. Нұрпейістің ғылыми-педагогикалық қызметі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается научно-педагогическая деятельность академика К.Н. Нурпеиса

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ВОСПИТАНИИ ПАТРИОТИЗМА И ТОЛЕРАНТНОСТИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА

Бурханова Д.С. – к.и.н., доцент (г.Алматы, КазгосженПУ)

Воспитание любви к Отечеству в начале XXI века является делом особой важности. Пессимизм и неуверенность, поразивший значительную часть взрослого населения из-за трудностей, переживавших в нашей стране в конце XX века, передался молодому поколению. В таких условиях важно вселять оптимизм в души молодежи на историческом опыте Казахстана. И в более трудные времена известные в истории Отечества ее истинные сыны верили в лучшее будущее своего народа и государства.

Особое место в разработке идеи воспитания у граждан патриотизма и толерантности историей выдвигается вопрос, какие качества у подопечных надо воспитывать? По этому поводу В.О.Ключевский писал, «И развитие нравственного чувства, и политическое сознание, и чувство любви и долга к отечеству - очень хорошо. Если все это является результатом изучения истории....»

В статье «Воспоминание о будущем» известный писатель и общественный деятель А. Кекильбаев пишет: «Историзм – одно из главных черт мировоззрения и мироощущения современного человека, ежедневно и ежечасно наглядно удостоверяющегося в общественной значимости своего труда и творческих дерзаний. Он придает его бытию осмысленность, повышает заинтересованность в улучшении и усовершенствовании окружающей социальной и экологической среды, личную ответственность не только за свой поступок, но и за деяния своего общества и эпохи».

В начале XXI века отчетливо вырисовываются следующие важные качества, востребованных государством, обществом и реально решаемых в изучении и преподавании истории: патриотизм, межнациональное и межконфессиональное согласие, умение преодолевать трудности. Патриотизм – это любовь к родине, преданность своему отечеству, своему народу. Слово патриот пришло из Франции. Так 200 лет назад называли граждан, добровольно вступивших в армию для борьбы с австро-прусскими интервентами. В Испании термин «патриот» встречается в призыве «Патриа о муэрте» - «Родина или смерть».

Патриотизм проявляется в различных условиях. Патриотическое чувство казахстанского гражданина выражается в осознании долга по отношению к Родине, в

стремлении охранять и приумножать все - то материальное и духовное, что накоплено поколениями соотечественников, наконец, в готовности пожертвовать ради Отчизны личными интересами и даже жизнью.

Воспитание патриотизма и толерантности Отечественной историей на рубеже XX-XXI веков сопряжено с рядом негативных явлений, охвативших часть общества. Это разрушение прежних нравственных ориентиров общества. Слом традиций общения и взаимодействия людей различных национальностей и религиозных конфессий. Миграционные процессы, происходящие в стране. Это также отход определенной части населения в бизнес. Влияние некоторых телепередач. Наконец, это низкий жизненный уровень многих семей. Эти и другие факторы вынуждают подрастающее поколение больше самовоспитываться на окружающей действительности, чем на изучении истории, порой впитывая чуждые нашей действительности взгляды и убеждения.

Процесс воспитания патриотизма и толерантности историей включает в первую очередь воздействие на молодежь с целью осознанного восприятия исторических знаний о лучших традициях народа, героической борьбе, подвигах, самоотверженном труде на благо Родины, талантах, высоких нравственных качествах лучших сынов Отечества, любви к ее природе, уважения герба, флага, гимна страны.

Какие факторы лежат в основе воспитания патриотизма и толерантности историей? Оно осуществляется на основе объективного изучения исторического прошлого. Прошлое не всегда может быть вызывать гордость за жизнь своих далеких и близких предшественников по причине очернения, фальсификации их истории, или мало изученности достоверных источников. Но на современном этапе молодежь должна понять, то «что дети без родителей»- это не мы. Для этого требуется ярко показывать все достижения нашей прошлой истории, начиная с древности по сегодняшний день. Делая это ярко, педагог убедительно и доходчиво прививает чувство гордости за Родину, ведь ее достижения действительно заслуживают уважения. Например, при изучении древней истории Казахстана тема: «Великий Шелковый путь и ее казахстанские трассы». Особую гордость может вызвать то, что многие города расположенные на этом пути были известны далеко за ее пределами. Это Тараз, Сыгнак, Сауран, Мерке, Яссы, Коялык, Отрар и многие другие. Города исполняли роль узловых точек, обеспечивающих в значительной степени реализацию экономических функции трассы. В городах располагались караван-сарай, которые постоянно были заполнены людьми разных культур, языков и вероисповеданий. Стремление к поддержке торговых связей, к получению экономических выгод, а значит и к процветанию государств, заставляло отодвигать на второй план межрегиональные и межэтнические противоречия. Идти навстречу представителям других этносов, вероисповедания, культур ослабляло межклановые и межплеменные противоречия.

Воспитание патриотизма и толерантности осуществляется путем показа героической борьбы, подвигов, талантов граждан республики – на примерах для подражания. Раскрывать подвиги героев необходимо так чтобы слушатели осознавали, почему наши далекие предки и недавние предшественники жертвовали состоянием, любовью, самой жизнью во имя интересов Родины. Поистине велик смысл деяния пастуха Ширак, царицы Томирис, Чокан Валиханов, Мустафа Чокай, Ахмет Байтурсынов, Алия Молдагулова, Маншук Маметова, Ш.Берсиева, П.Ангелиной, Н.Гастелло, И.Панфилов и многие другие. Ни одно занятие не должен проходить без изучения яркого примера истории или исторических личностей. Особенно ярко представляются борцы, созидатели, мужественные и благородные люди, радевшие за землю родную. Известный педагог В.А. Сухомлинский по поводу патриотизма писал сыну-студенту : «Знай, что настоящего патриота нашей Родины можно убить, сжечь,

закопать живым в землю, как это делали изверги фашисты, но покорить нельзя». На таких примерах воспитываются идеалы служения своей Родине и народу.

Одним из ярких примеров Отечественной истории, является защита Отрара от монгольских завоевателей. «Источники не дают нам точного определенного времени, когда монгольские войска появились перед стенами Отрара. Правитель Отрара Гайр-хан, зная, что ему нечего ждать пощады от монголов, защищался отчаянно, до последней возможности. Под его началом, согласно ан-Насави, было 20 тысяч воинов, По Джувайни, хорезмшах дал ему 50 тысяч «внешнего войска». На исходе пятого месяца героической обороны Отрара Караджа-хаджиб, незадолго перед осадой посланный хорезмшахом на помощь Гайр-хану с десяти тысячным отрядом, пал духом и, покинув город через ворота «Суфи хане» сдался со своим войском монголам; по приговору царевичей Чагатая и Угедея он был предан вместе с приближенными казни за измену. Но монголы успели ворваться в город и, выгнав из города его жителей «словно стадо баранов», начали повальный грабеж. Однако Отрар еще упорно защищался; Гайр-хан с 20-тью тысячами «подобных львам» смельчаков укрепился в цитадели, для взятия которой моголам понадобился еще месяц. Когда цитадель была взята и все ее защитники полегли, Гайр-хан с двумя оставшимися в живых боевыми товарищами продолжал оказывать сопротивление на кровле здания. Когда пали и эти двое, и уже не оставалось стрел, он бросал в своих врагов кирпичи, которые рабыни подавали ему «со стены дворца»; когда не осталось и кирпичей, монголы, имевший приказ взять правителя живым, окружили его и связали. Монголы, разрушив крепость, сравнивали стены города с землей».

Воспитание патриотизма и толерантности осуществляется на выработке непримиримости к недоброжелателям и врагам Отечества. Кого можно считать на современном этапе врагами и недоброжелателями, когда нет открытых военных действий между государствами или группами стран. Таковыми являются те кто своим действием наносит вред или урон экономике, экологии, политическому курсу президента и правительства, идеологии независимости, межэтническому согласию, межконфессиональной терпимости, т.е. те кто пытается подорвать современные устои Казахстана. Нельзя также не учитывать международный терроризм, религиозный экстремизм, наркобизнес, которые активно проявляются во многих точках мира. Педагог, хорошо зная концепцию безопасности, внешнеполитическую доктрину и другие регламентирующие внешние отношения Казахстана документы, реалии международной и внутренней жизни, подчеркивает нужные проблемы, доводя их до осознанного восприятия, показывает на конкретных примерах «кто есть кто».

Формирование межнационального согласия и патриотизма одна из важнейших задач не только Отечественной истории, но и всего цикла гуманитарных дисциплин. В стране, где проживают представители более 130 национальностей, принадлежащих 46 религиозным конфессиям нет коллектива, состоящего только из представителей одного этноса. Каждый коллектив будь эта студенческая аудитория, школьный класс, трудовой коллектив – небольшая интернациональная семья. Но если на каждого члена этой семьи вовремя не воздействовать, если не обращать внимание на проявление шовинизма или оскорбления национального или религиозного достоинства, если не вести повседневной кропотливой работы по воспитанию в духе патриотизма и толерантности на примерах истории и текущей жизни, то это может привести к негативным последствиям.

На современном этапе развития нашего общества именно в воспитании патриотизма и толерантности ведущая роль принадлежит системе образования, и значительное место в нем занимает и История Казахстана. Она активно способствует формированию в каждом казахстанце, независимо от его национальной принадлежности, сознания, что Казахстан - это плоть от плоти его, родное государство,

всегда готовое защитить его права и свободы. Только в этом случае появляется корневая основа для возвращения и воспитания чувства казахстанского патриотизма, только в этом случае сограждане испытают чувство гордости за принадлежность государству, которое весь мир знает теперь как Казахстан. Созданная казахстанцами модель межэтнического согласия - это результат признания принципов, базирующихся на учете и разумном сочетании интересов всех этносов, равноправии граждан.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ключевский В.О. соч. т.9 с 302
2. Кекильбаев А. соч. в 6-ти томах, Алматы «Жазушы» 2001, т.6 с.20.
3. Сухомлинский В.А. Письма к сыну. М.. 1979, с.35
4. С.Г.Кляшторный и Г.И.Султанов Казахстан летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992, с.176-178.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы воспитания патриотизма и толерантности в современных условиях независимости при изучении Истории Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазіргі замандағы Қазақстан тарихын оқытудағы патриоттық және толеранттық тәрбие мәселелері қарастырылған.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ 1937 ЖЫЛЫ

Даркенов Қ.Ғ. –т.ғ.к., доцент

(Астана қ-сы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

Шығармашылық қазақ зиялыларының рухани-моральдық дағдарысы 1937 жылғы қуғын сүргін жылдарында айқын көрінді. 1937 жылы әдеби көркем шығармаларымен елге танылған қазақ зиялыларын айыптау мен қуғындау етек алып, олардың шығармаларының әр жолынан, айтылған ой пікірлерінен ұлтшылдық пен байшылдықты, кеңес үкіметіне қарсылықты, теріс ниеттілікті көруге тырысушылар шықты. Тарих саханасынан кеткен алашордашыларды айыптау, бұрындары азды көпті байланыста болғандар мен оларға жылы қабақ танытқандарды алашордамен байланысын үзбеген, алашорданың агенттері, ниеттері бір деп кінә тағу қалыпты іске айналды. Жазушылар шығармаларынан күмәнді деген ой-пікір тауып, партия бағытынан, тап жолынан ауытқыды деп айыптады. Сыншылар осылай жасау арқылы, бір жағынан, тап жауларын, халық жауларын әшкерлеуге үлес қосты. Екіншіден, партия саясатын, бағытын қолдау үстінде деген өзі жөнінде жағымды пікір тугызу мақсатын қозғеді. Тап жауларын әшкерлеу ісінен, жалпы елді қамтыған науқаннан қарапайым халықтан бастап, өкімет билігіндегі тұлғалар да тыс қалмады.

Бұрынғы көзден таса бола бастаған «алашордашылар ісі» 1937 жылдың басында тағы көтерілді. Қазақ КСР Халық ағарту Комиссары, Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі Т.Жүргеновтің «Мәдениет майданын талқандалған ұлтшылдықтың қалдықтары мен сарқыншақтарынан тазартайық» /1/ деген мақала жариялауы, мәдениет саласында әлі де ұлтшылдардың қалдықтары мен оларға ниеттестер бар деген пікірдің жандануына себепші болып, ұлтшылдарды, олардың

сарқыншақтарын іздеуді онан сайын күшейтті. Араға бір апта салып Р.Жаманқұловтың «Қырағылықты күшейтейік» /2/ атты мақаласының жарық көруі әдебиеттегі ахуалды ғана емес, ел ішіндегі саяси-идеялық ахуалды да одан сайын ушықтырды. Р.Жаманқұлов алашордашыларды «тап жауы» деп атады. Сонымен қатар, олардың агенттері әлі де бар деп жазды. Бұл «тап жауы» алашордашыларға ниеттес, пікірлес, үндес акын жазушыларды іздеу мен әшкерлеудің жаңа қарқынды кезеңін бастап берді. Қазақ Өлкелік партия ұйымының да ұстаған бағыты мен іс шаралары бұл іске екіпін қосты.

«Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп-тамырымен құртайық»/3/ деген тақырыппен шыққан мақала әдебиетшілер ішінен ұлтшыл жауларды іздеуге жаңа қарқын қосты. Ақиқатында, мақала алашордашыларды қалыптасқан тәртіппен аяусыз сынағанымен, негізінен олармен ниеттес, пікірлес, көзқарастары бір, буржуазияшыл-ұлтшылдармен ауыз жаласқан «ұлтшыл-фашистер» деп Сәкен, Ілияс, Бейімбетті айыптады.

Сәкен, Ілияс және Бейімбеттің күні өте бастағанын сезді ме әлде әдебиет сахнасынан біржола шығарын тастау мақсатын ұстанды ма, үшеуіне қарсы жазылған мақалалар баспөзден түспеді. Осы кезде редакция тарапынан жазылған «Көркем әдебиеттегі қателер мен сапасыздықтар туралы»/4/, «Қазақ жазушылары арасындағы дерттерге қарсы /5/ деп аталған мақалаларда, «... жазушылар шығармаларында қателіктер бар, жұмысшылардың, колхозшылардың өмірін білмейді, ескі тақырыптан шыға алмай жүр, халықтың дұшпаны Троцкийді мақтайды» деген кемшіліктерді үшеуінің бетіне басты/6, 210 б/. Сәкенді 1923 жылы жазылған «Қара бүркіт» (Арыстан Дәуітұлы – Лев Давидович Троцкийге) деп аталған өлеңі/7,113 б/ үшін ұзақ жылдар бойы үздік создық кінәлау, бір басылып, бір котеріліп жалғаса берді. Елден аластатылып, шетелге кеткен Троцкийге арналған өлең Сәкен үшін ескі жараның орнындай болды. Қайта қайта сыздап, жанына батты. Сәкен шығармашылығына сын айтқан сыншылар ұмытыра беріп қайта соқты, қайта еске түсірді.

Осы уақыттағы саяси идеялық ахуал шығармашылық интеллигенцияны рухани дағдарысқа душар етті. Бір біріне сенбестік орын алып, олар бір біріне ғана емес, өз шығармаларына да күдіктене қарады. «Қашан, қалай айыптауға түсуіміз мүмкін» деген қорқыныш пен үрейдің жетегінде жүрді. Үрей мен қорқыныш, жалтақтық олардың белсенділігін төмендетті. Саясат жөнінде сөз айтудан қашқақтады. Шығармашылық жұмысқа селкостық туды. Партия мен үкімет тарапынан берілген арнайы тапсырмаларды орындаумен шектелді. Бірақ, бұл да қырағы сыншылар назарынан тыс қалмады.

С.Сейфуллин өз өмірінің осы тұсын былай сипаттады: «Мен дәл осы кезде саясат туралы сөйлесуден бездім, тіпті кейбір жолдастармен жолығысудан қашқақтайтын болдым. Жалғыз ақ әдебиет мәселесімен араласқым келді. Мұнан да бірқадар шықпады. Бұл жолым да бірте-бірте мені сыртқа шығарып, ешнәрсеге араласпай қалуға айналдырды. Бұл сарыуайымшылдық пен упадничествоға икемдеді. Менің бұл халіме Кеңес өкіметінің жаулары «шөк, шөк» деп табалап масаттанып тұрғандай көрінді. Осы ойлар мені төмен тартты, дұшпандардың қыңқыл сөздері мені сарыуайымшылдыққа салды. Менің кейбір шығармаларымда партия жолына қиғаш кеткен жерлер тап осы кездің, осы секілді жағдайдың жемісі еді», – деп жазды/8,138–139 бб/.

Акын-жазушыларды шығармаларынан, жеке бастарынан ілік табу арқылы кінәлау. саяси-идеялық айыптауға ұласты, науқанға айналып кетті.

1937 жылдың мамырында «Социалистік Қазақстан» газеті бірнеше рет баспасөзде жариялағандай С.Сейфуллинді 5-7 сәуірдегі қаламгерлер шығармаларындағы кемшіліктерді жою жөнінде өткен жазушылар жиналысына қатыспады, осылай істеу арқылы жазушылар арасындағы қателіктерді жою ісіне араласпай отыр деп кінәлады.

Жазушылар Одағы бастауыш партия ұйымының есеп беру сайлау жиналысына қатысып сөйлеген сөзі де өз басына қиындық туғызды. Жиналысқа қатысқан Сәкен, Илияс және Бейімбет өз шығармашылықтары мен сыншылар сынына іліккен жіберілді делінген қателіктер жөнінде сөйледі. Әбден сынға ұшыраған Сәкен ақталып: «Бандитке (бұл арада Л.Д.Троцкий айтылып отыр) Сәкен өлең арнады дейді. Ол уақытта ол бандит емес еді, политбюро мүшесі еді. Оның бандит екенін білсем жазам ба? Сыншыларымыз осы жағын ескермейді. Сонымен қатар «Домбыра» туралы сөз болды. «Банды» деген кінәні жуу үшін 1924 жылы «Домбыраны» Троцкийге арнап бастым. 1928 жылы қате екенін айтып өзім мақала жаздым. Журналға да жаздым. 1932 жылы КазПИ-де айтылды. 1932 жылы Жаманқұловтың баяндамасында да айтылды. Партия сайлауында да биыл арыз бердім. Қысты күні Крайкомға да арыз бердім. Сондықтан сыншылар датаны ескеруі керек еді. Енді сол үшін ұра беруі керек пе» еді деп ашына айтты./6,211 б/. С.Сейфуллин жан даусы шығып, әділетсіз сыннан ақтала сөйледі. Бірақ, байқағанымыздай ілік іздеген сыншылар осы жиналыста сөйлеген сөздерінде «Сәкен жолдас күні бүгінге дейін өз қателіктерін көрмей отыр» деп алған беттерінен қайтпады.

Илияс пен Бейімбет істің бет алысы ушығып кеткелі тұрғандығын байқандықтан да болар. Өз қателіктерін мойындады. Бейімбет «Менде үлкен қателер болғаны рас. ...Түзетуге шаралар іздеймін» деуге мәжбүр болды. Жиналыста қабылданған қаулы баптарына үшеуіне жеке жеке баптар арналып, егер алдағы уақытта осындай қателіктер жіберілетін болса, қатаң шара қолданылатындығы ескертілді. Қаулыға олардың зиянды кітаптарын таратудан алып тастау жөнінде бап енді /9/.

Маусым-шілде айларында да Сәкенді айыптаған бірнеше мақала жарияланды. «Хлестаковтың көркем әдебиеттегі тәсілін» қолданып өз бейнесін «революция ісі жолындағы күрескер» ретінде көрсетіп, «халық жаулары» өз достары Рысқұлов, Нұрмақов, Садуақасов, Асылбековты жағымды жағынан көрсетіп жазды. Өзін-өзі және жауларды көкке көтерін мақтау мақсатында «Тар жол, тайғақ кешу», «Домбыра» т.б. – «контрреволюциялық шығармаларын» жариялады, – деп айыптады/10/. Сәкенге ашық түрде «революцияға қарсы» шығарма жазды деп айып таға бастады. «Ұлтшыл-фашист» деген атауға да ілікті.

Сонымен қатар, сыннан көз ашпаған Сәкенді «шығарма жұмысы шабандап кетті, соңғы жылдары көрнекті ештеңе жазбады, жұртшылықпен қатынасы азайды» деп айыптады. Қазақ зиялылары, оның ішінде жазушылар арасында бірін бірі саяси-идеялық жағынан айыптау, кінәлау күшейіп қарқын алған кезде, өзі сыналып жатқанына қарамастан Сәкен, «халық жауы» деп айыпталғандарға қарсы ештеме жаза қоймады. Бірақ, бұл да назардан тыс қалмады.

«Сәкен жолдас халық жауларымен күнделікті күресудің орынына, олардың қылықтарына шектен асқан шыдамдылық істеп үндемей отыр. Қазірде, қазақ ұлтшылдығы ең басты қауіп болып отырғанда, бұрынғы уклондар, партияға қарсы жіктер бір арнаға құйылып, ұлтшыл-фашистке айналып отырғанда, Сәкеннің тым-тырыс үндемей отырғаны, партия ұйымына жәрдем бермей отырғаны – партиялық міндетін толық атқармай отырғаны», – деп айыптады/11/.

Осы кезде оң солын әлі толық танымаған, өзіндік ой-пікірі, дүниетанымы мен көзқарасы қалыптаспаған, жас ақын-жазушылар ғана емес, қазақ әдебиетінің танымал тұлғалары да әлсіздік көрсетті, пендешілік жасады. Сонау, 1928 жылы басталған С.Мұқанов пен І.Жансүгіров арасында өзара сын, пікір айтудан туған жай, 1937 жылы шиеленісіп, ушығып кетті. Сәл шегініс жасасақ, 1928 жылы Қазақ баспасының бас редакторы С.Мұқанов баспадан шығарған І.Жансүгіровтың өлеңдер жинағына «Беташар» жазып, «таптық беті айқын емес» деп сын айтты. Оған наразы болған Илияс «Бетім анадай емес, мынадай» /12/ деп көлемді мақала жазды. Бұдан кейін де бірнеше жыл бойы үздік создық бірін бірі сынаған, кінәлаған бірнеше мақалалар жазылып, екі жақ та бірін бірі жікшіл, ұлтшыл деп айыптады.

Бірақ, замана бетінің қайда бұрылып бара жатқандығын байқады ма, Сәбитпен түсінісу ниеті бар екендігін білдіріп І.Жансүгіров «Қателесуге қарсы большевиктік сынды күшейтеміз» /13/ деген мақала жазды. Мақалада «өз өлеңдерінде байшылдыққа, кейде үмітсіздікке салынғанын, кейде жаңа өмірдің жақсы жағын көре алмаған қателіктерін мойындады. Сәбиттің өзінің қателіктерін көрсеткенде артық кеткенімен бірге, дұрыс айқандары да болды деп онымен түсінісуге қадам жасады. Өзара салқындық лебі сейілген секілді болғанда, 1937 жылы зұлмат басталғанда С.Мұқанов И.Жансүгіровке қайта тиісті, аяусыз шүйлікті. Шығармашылығы ғана емес, жеке басы да талқыға түсті. «Тарихи қаулыдан кейін» /14/ деп аталатын мақаласында «Жансүгіровтың редакциясымен 1935 жылы Сүйінбайдың ұлтшылдық кітабы шықты. Ол кітаптың ішінде қазақты қырғызға өшіктіріп айдап салды» деп оның шығармашылығына айып тақса, жазушылардың жиналысында «...Жансүгіров екі баласымен әйелін қоя берді. Жіберіп қана қоймай, балаларына тиісті заңды ақшасын төлеп тұруды міндетім деп те білмеді» /15/ деп оның жеке басына, отбасылық ісіне араласып кінә тақты. Бұл аздай-ақ С.Мұқанов «Кировтың өліміне арнап жазған өлеңінде саяси қате жіберді. Ол қатенің өзі де анау мынау қате емес, үлкен қате» деп саяси айып тағып, Илиясты бұл қатесін жөндімеді деп сынады/16/.

І.Жансүгіровті айыптау саяси сипат алып, оның шығармаларынан жаулық көзқарас іздеудің күшейгені соншалық, көркем шығармалары да бұрмаланып талқыға түсті. Кәріжан Дәукенов деген І.Жансүгіров жинағына ерекше шүйлікті. Ол: «Жинақтың ішіне ерте кезде ұлтшылдық идеологиясында жазған «Мерген мен бөкен» деген әңгімесін кіргізіп Жансүгіров қазақ еңбекшілеріне совет үкіметін жамандап, құбыжық етіп көрсетеді... Қазақ ұлтшылдарының ықпалына Жансүгіров те мықтап түскен. Сөйтіп қазақ еңбекшілерін «бөкен», совет өкіметін «мерген» етіп суреттеген. Сөз жоқ, бұл – барып тұрған контрреволюциялық, совет өкіметі мен қазақ еңбекшілерінің арасына дұшпандық отын жақпақшы болған алашордашылардың әрекетінен туған нәрсе.

Бұл кітап оқушыларымызға ешбір пайда бермейді, пайда беруі былай тұрсын, оқушыны теріс пікірге, алашордашыл контрреволюциялық идеяға қарай тартады. Мұнымен қатар партиямызға жау элементтерге құрал болатын жинақ», деп жазды /17/. Мақала І.Жансүгіровты совет өкіметіне қарсы, контрреволюциялық шығарма жазып алашордашыл идеяны халық ішінде насихаттап отырған сенімсіз күдікті адам ретінде ғана емес, беті ашық «халық жауы» ретінде көрсетті. Бұл сол зұлмат жылдары өте ауыр саяси айыптау еді. Арада екі апта өткенде тамыздың 13 інен 14 не қараған түні Илияс тұтқындалды.

Қазақ әдебиетінің дамуына азды көпті үлесін қосып белгілі болып қалған көрнекті ақын жазушыларды, енді қадам басқан жас әдебиетшілерді де тап жауларына іш тартады, тап жауларымен байланысын үзбеген, шығармалары зиянды, кеңестік қоғамға жат деген сипатта баспасөзде әшкерлейтін мақалалар жаңбырша жауды. Оған жазушылардың өздері де белсене араласты.

Жас жазушы Қалмақан Әбдіқадыров М.Әуезовты: «Мұхтар совет жазушылары қатарына кіргелі 5 жыл болды. Совет жазушысына істелінетін жәрдем оған түгел берілді. Мұхтар үш төрттеген тәуір еңбек те берді. Сонымен қатар, ескі уақытта, ұлтшыл, алашордашыл пікірде жүріп жазған зиянды шығармаларын жинақ қылып басқызып отыр. Ол туралы өзі жұмған ауызын ашқан жоқ. Сонымен қатар, бұрынғы алашордашыл ұлтшылдар фашизмнің агенті болып беті ашылғанда, солардың сырын апарлық іс істемей, үндемей отыруының өзі – күдік. Меніңше, олардың көп сырын Мұхтар білуге тиіс еді. Беті ашылған жаудың тамырын қопара ашуға Мұхтар ат салысуы керек еді. Бірақ, оны Мұхтар істемей отыр» деп бұрын алашордашылармен бір болған, олардың сырын білетін Мұхтар, айыптап ештеңе жазбай, үнсіз отыруына күдік келтіріп сынады/18/.

Осы мәндес мақала арада шамалы уақыт өткен соң, «Қазақ әдебиеті» газетінде редакция атынан тағы басылды. «Әуезовтың сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды» деп алды да, «Әуезовтың советке келгеніне, совет жазушысы болғанына бес жылдан аса уақыт өтті. Бірақ, Әуезовтың бүгінге дейін шын советтік бағытта жазылған іліп аларлық бір шығармасын көре алмай отырмыз. Ол әлі 1932 жылғы уәдесін қайталақтап, «мені істе сынаңдар, мен ұлтшылдық, байшылдық пікірден мүлден қол үзген адаммын» деумен жүр. ...Әуезовтың 1932 жылдан бері жазған шығармаларынан іліп аларлық, советтік дерлігі ...«Түнгі сарыны» да сол бұрынғы «сарынын» совет сахнасына шығаруға тырысқандығы. Ал... «Алма бағында», «Тас түлек» пьесалары барып тұрған совет жастары өміріне жала жапқандық. Совет шындығына, жастар жұртшылығына суық қол сұққандық... Әуезов бұл пьесаларында астарлап отырып, совет жастарына күйе жағып, жаудың сойылын соғуға тырысатындығы айқын көрінеді. Бұл бұрынғы ашық байшылдығының, ұлтшылдығының бетін бүркемелеп, советтік шығарманың атын пайдаланғандық... Әуезов бірлі-жарым шығармасында ғана «қателесіп» отырған жоқ, совет жұртшылығына, совет жастарына жала жауып, ескілікті дәріптегенін оның барлық шығармаларынан көреміз» /19/. Бұл – М.Әуезовты бұрынғы алашордашыл бетінен қайтпаған, бұрынғы ұлтшылдық сарыны, бір сарын, өзгермеген деп, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов басқа да ұлтшыл, алашордашыл деп таңба таңылған қазақ зиялылары артынан жіберуді көздеген мақала еді.

С.Мұқанов С.Сейфуллиннің «қателіктер жіберіп, сүрінгенін», Майлин мен Дөнентаевтың революцияның алдыңғы жылдарында халық жауы алашорданы мақтап қателесуін, «Майлиннің қатесі Сейфуллиннен тереңірек» болғанын, ал «Сәбит Дөнентаев алашорда мәселесінде Майлиннен де ауыр адасып», совет әдебиетіне келгендігін сатылып айтып келеді де, ... былай тұжырымдайды:

«Мұхтар Әуезовтың советтік тарих алдындағы кінәсі бұлардан әлдеқайда ауыр. Егер оның 1932 жылы баспасөз бетінде жарияланған хатына сенсек аталған жылға дейін ол марксизм-ленинизм жолына саналы түрде қарсы боп, сол жолдың өркендеуіне бөгет болуға тырысқан кісі» деген пікірді ұстанды/20,119 б; 192-194 б./

Айыптаған, сынаған мақалалар газет-журналдарда күн құрғатпай басылды. Д.Әбілев те «...Зиянкес элементтерден баспасөз орындары әлі де түгел арылып біткен жоқ» деп зиянкестердің атын атап, түсін түстеді/21/. Сонымен қатар ол «Мұхтар өзінің «Ескілік көлеңкесінде» деген қате әңгімелер жинағын бастырып, ірі қате жасады. Бұл қатесін Мұхтар ісімен түзетуі керек» деп М.Әуезовты да сынап өтті/8,83 б./

Х.Жүсіпбеков те қырағылық танытты. «...Соңғы кезге дейін Жазушылар ұйымының көркем әдебиет баспасының саяси бейқамдығын, ашықауыздығын пайдаланып, халық дұшпандары Сұлтанбеков, Жұмабаевтар көркем әдебиет аудармасын алып келген. Уалиахметов, Қоңыратбаев, Айсариндер бір кезде Жазушылар ұйымының басқарушы ісіне дейін араласып жүрген. Беков, Гатаулиндер әдебиет маңында болып келген. Осы жауыздардың көркем әдебиетке істеген қаскүнемдіктері аз емес. Сондықтан біздің ең басты міндетіміз – контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдығымен, оған ымырашылдық жасаумен ешбір аяусыз күресіп отыруымыз керек» деп ұлтшылдарды әшкерлеу ісіне араласты/22/.

Ж.Саин одан да қатты кетті. «Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялылығын пайдаланып, әр жерге-ақ қанат жайғысы келді. Олардың сұр күшкітері Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында орын алып келді» деп Тоғжанов пен Жансүгіровты ашық түрде «халық жауы» қылып шығарды/23/.

30 жылдардың екінші жартысында қазақ әдебиетіне өзіндік қол таңбаларын қалдырған корнекті тұлғалардың өзі рухани моральдық дағдарысқа түсті. Бұрын бірін бірі шығармаларындағы таптық, саяси-идеялық көзқарастары бойынша сынаса, енді бір

біріне ашық түрде жала жапты, кінәсіз екендігін біле тұра айыптады. Ақиқатында, әрқайсысы өз қара бастарын қорғауға жаналасты. Бұл адамдар арасындағы жаман қасиеттерді принципсіздікті, жалтақтықты, жағымпаздықты, жаны ашымастықты өршітті. 1937 жылғы репрессия бұрыннан бықсыған шаланы үрледі. Бұрынғы жікшілдік, жершілдік, рушылдық, бақталастық жаңа сатыға көтерілді. Енді өз қызметтестеріне саяси айып тағуға, қуғындауға тікелей араласты. Репрессияны қолдады, жазалау шараларына баспасөзде үн қосты. Бүгін біреуді айыптағандар, ертең оздері айыпталды. Оларды ұсталамын ау деген, үрей мен қорқыныш биледі. Адамды басқалар не болса о болсын, қалай болса да тірі қалсам ау деген құлдық психология жеңді. Әсіресе, «жалақорлар ... бассауғалау қамында болды. «Қырағылығың кем» деген айыптауға ұшырап, креслодан сыпырылып қалармын деп қорықты. Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, жылатуға, айдағып, аттыруға барды. Басқаларды әшкерлеп, еңбек сіңіріп жүрген адам ретінде көрінін, қолды болмауға, лаузымынан айрылмауға тырысты. Сөйтіп, өз бастарының амандығын қарастырды»/24,92 б/. Айыптау мен жазалау шаралары қазақ интеллигенциясын әбден үрейдің жетегіне жекті. Олар қиянатты көре тұрса да үндемеді, бірін бірі кінәсіз еді деп ақтауға, қарсылық білдірін дауыс көтеруге қорықты. Академик, тарихшы Р.Б.Сүлейменовтың «30-шы, 50-ші жылдардағы репрессияның табы бүгінгі күнімізден де сезілетіні – шындық. Жөнсіз, жосықсыз қудалау біздің интеллигенцияны зәреп қылғандығы сонша, үрейдің өзі мұра сияқтанып, бір ұрпақтан екіншісіне жалғасып келеді/25/» деп жазғаны тарихты таразылау ғана емес, ақиқат екендігі де талас тудырмайды. Ғ.Мүсіреповтың өзіне «Жиырмамыншы-отызыншы жылдар ... оңай соқпаған тәрізді. ... бүгін болмаса – ертең, ертең болмаса – бүрсігүні айдалып кетемін деп ойлаған. Сондықтан, бір-екі пар таза киім, беторамал, шұлық, ұстара, сабын, тарак және басқа аса қажет дүниелер салынған жол чемоданын босағаға сүйеп қойып, екі көзі есікте болған. Ерте ме, кеш пе – ұстала қалған күндері тергеушілер жармасады-ау деген туындыларынан алдын ала бас тартып, күнделікті жазбаларында өз пайдасына шешілетін пікірлер жазып отырған. Бір ғажабы, ешқандай дау туғызбау үшін, бұрмалап аудармау үшін кейбір пікірлерін, «мойындауларын» орыс тілінде жазған. Мысалы, латын әріпімен басылған «Қыз Жібек» драмасының үшінші бетінде өз қолымен жазылған мынадай сөздер бар: «Прошу всех, мужчин и женщин, настоящих и будущих, т.е. ныне здравствующих и будущем рождающихся, если эта глупейшая вещь попадает кому-нибудь в руки, не читайте ее дальше этой страницы. Написаны мерзко, глупо, бездарно, даже бессовестно!» Автор Мусрепов»/26,42-43 бб/. Бүгін болмаса ертең ұсталам деген қауіп пен үрей тек қана Ғ.Мүсіреповтің емес, барлық қазақ зиялылары басынан өтті.

Ақиқатында, 30 жылдары жазалау шаралары қарқын алғанда жалпы қазақ интеллигенциясы, оның ішінде шығармаларымен танылып көзге көрініп қалған, айыптау нысанасына іліккен шығармашылық интеллигенция қорқыныш пен үрейдің жетегінде жүрді. Қайтсем аман қалам деген пенделік сұрақ басты орынға шықты. Сонымен қатар, шынымен «халық жауы» шығар, партия мен НКВД қателеспейді деген түсінік те болды. Содан да, шығар троцкишілерді айыптауға қазақ интеллигенциясы өкілдері де үн қосты.

Москвада 1937 жылдың 23-30 қаңтарында «Антисоветтік троцкистік орталық» ісі бойынша Пятаков, Сокольников, Радек т.б. соты өтіп, олар атылу жазасына кесілді. Осы кезде І.Жансүгіров Пятаковтың өлім жазасына кесілгенін қолдап:

Бәрекелді, халқым соты, жақсы айттың!

Біліңмен жұрт ашуын жұбаттың.

Халқым сүйген Сталинді атпак болған

Әсіресе Пятаковты жақсы аттың! – деп өлең жазды/27/. Ал, арада шамалы уақыт өткен соң І.Жансүгіров те «ұлтшыл-фашист» деп айыпталып тұтқындалды.

37 жылдың дүрбелеңі кезінде «халық жаулары» ұсталып, дүркін дүркін сот өтін жатқанда баспасызде бұл шараны қолдаған мақалалар, өлеңдер жиі жарияланды. Халық жауларын әшкерлеу мен жазалауды партия саясаты деп түсінген интеллигенция қалыс қалмады, қолдауға мәжбүр болды. Ж.Жабаев «Кекті ашу» деп аталатын жырында Троцкий, Зиновьев, Каменевтерді «ит, қара бет, қасқыр» деп не бір сөздермен төпелесе, жырдың соңында оларды «атылсын!», «Жасасын күнім Сталин» деп аяқтады. Ал, «халық жауларын» тауып жазалаған, кейін өзі де осы жазалау машинасының құрбаны болған сталиндік Нарком Ежовқа өлең арнады:

Гүл жайнап, сән түзеген қала, дала
Алтын зер шапан киген сай мен сала.
Сүйеді Сізді бәрі Ежов жолдас,
Елінде Қазақстан қарт пен бала.

Мұның өзі тоталитарлық кезеңнің ащы шындығы болумен қатар, қазақ зиялыларын тағдыр талқысына, әрі тәлкегіне салған тарихтың қасіретті бір кезеңі. Әрине, біз 37 жылдың зұлматына байланысты қазақ зиялыларының бірін ақтау мен екіншісін кінәлау, айыптау мақсатын қойып отырған жоқпыз. Солай болғанмен, тарихтың доңғалағы кері айналмайды. Тарихтың өткенін таразылау, одан сабақ алу бүгінгі күннің еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахстанская правда. 1937, 11 январь
2. Қазақ әдебиеті. 1937, 18 қаңтар
3. Әдебиет майданы. 1937, №3
4. Қазақ әдебиеті. 1937, 9 сәуір
5. Социалистік Қазақстан. 1937, 28 маусым
6. Бейісқұлов Т. Жанталас өмір.—Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.—320 б.
7. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. —Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. —304 б)
8. Қожакеев Т. Қым-қуат іздер. —Оқу құралы. Алматы, «Санат», 1999. —400 б.
9. ҚР Президентінің мұрағаты. Қ.708. тізбе 1. іс.931.
10. Әдебиет майданы 1937, №7.
11. Қазақ әдебиеті, 1937, 13 тамыз.
12. Еңбекші қазақ. 1928, 5 сәуір.
13. Социалды Қазақстан. 1932, 12 ақпан.
14. Қазақ әдебиеті, 1937, 26 сәуір.
15. Қазақ әдебиеті, 1937, 23 мамыр.
16. Лениншіл жас. 1937, 12 сәуір.
17. Қазақ әдебиеті, 1937, 30 шілде.
18. Қазақ әдебиеті. 1937, 13 тамыз
19. Қазақ әдебиеті. 1937, 20 қазан.
20. Кәкішев Т. Шығармалары. — Алматы: «Ана тілі» баспасы. —2007. — 336
21. Қазақ әдебиеті. 1937, 28 тамыз.
22. Қазақ әдебиеті. 1937, 14 шілде.
23. Қазақ әдебиеті. 1937, 31 тамыз.
24. Зауал. Мақалалар, естеліктер. —Алматы: жазушы, 1991. —272 бет.
25. Социалистік Қазақстан. 1988, 25 тамыз.
26. Мырза Әли Қадыр. Иірім. — Алматы: Атамұра, 2004. — 360 б.
27. Социалистік Қазақстан, 1937, 2 ақпан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақтың шығырмапшылық зиялыларының 1937жылғы кайғылы тағдыры сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об трагической гибели казахской творческой интеллигенции в 1937 г.

ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ МӘСЕЛЕСІ

Дауылбаев Б.Б. – оқытушы (Алматы қ-сы, Алматы аграрлық колледжі)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде аграрлық мәселе маңызды орын алды.

Қазақстан отар ел ретінде XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен тығыз байланысты болды. Әкімшілік-аумақтық ереже, 1867-1868 және 1886-1891 жылдардағы реформалар Қазақстанның отар ел ретіндегі метрополиядағы рөлін нығайта түсуге бағытталды. Барлық аумақтарда жерді иелену мен жерді пайдалануды реттеудің қажеттігі мейлінше айқын да откір қойылды.

1886-1891 жылдардағы Түркістан мен Дала өлкелері жөніндегі реформалар бойынша Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, оның орнына орталығы Омбы қаласы болып табылатын Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары енді. Осылардың ішінен Жетісу облысы 1897 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының қарамағына берілді.

Реформа барысындағы жер-құқықтық нормалар ең алдымен отарлаушы халықты артықшылыққа ие ететін құқықтар беру арқылы қазақтар шеттегі қолдануға жарамсыз, шұрайсыз жерлерге ығыстыру бағыты ұсталды. 1867-1868 жылдардағы реформа жер қазына меншігі деп жариялап, қазақтарға жерді пайдалану құқығын ғана берді. Мұның өзі оларды бұл жерлерден шеттетуге заңды негіз жасады. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі «Уақытша ереженің» 210 бабында айтылғандай, қазақ кошпенділері иеленіп отырған жерлер мемлекеттік деп танылады және олардың қоғамдық пайдалануына уақытша берілетін болды.

Жетісу және Сырдария облыстары үшін де осындай құқықтық нормалар жасалды. Жер дауларын шешу, көші-қон, шабындық орнын анықтау және т.б. мәселелерді кезінде генерал-губернатордың жеке өзі бақылап, билігін айтып отырды. Осы уақытта Ресейдің орталық аудандарындағы шаруалар арасында құнарлы қазақ жерлері және оны игеру қоныс аудару қажеттігі туралы кеңінен өрістеген үгіт-насихат жұмысы нәтижесінде көптеген шаруа отбасылары, тұтас қауымдар өз бетімен көшіп келіп, Қазақстанда қоныстана бастады. Шаруалардың орталық губерниялардан Қазақстанға жаппай қоныс аударуы өлкеге көшіп келушілердің заңды мәртебесін айқындау себептерінің бірі болды. 1868 жылы Жетісу генерал-губернаторы Г.А.Колпаковский алғаш рет қазақ халқын жермен қамтамасыз етудің нормативтерін сақтай отырып, көшіп келушілер мәртебесін заңдастыруға тырысты. Жетісудағы көшіп келген шаруалар туралы "Уақытша ереже" жасалып, ол 1883 жылға дейін қолданылып келді. Қазақстанның барлық аумағы бойынша өз бетімен көшіп келушілердің толассыз тасқыны патша үкіметіне қысқа мерзімде оларға жер бекітіп берудің тәртібін айқындауға мүмкіндік берді. Сөйтіп 1889 жылы «Селолық тоғышарлар мен мещандардың бұрын қоныстанған қауымдар адамдарына белгіленген қазыналық жерлерге қосып алу тәртібімен ерікті қоныс аударуы туралы» ереже бекітілді. Ереже бойынша: «Қоныс аударуға тілек білдірген адамдарды орналастыру үшін Мемлекеттік

мүлік министрлігіне Европалық Ресейдегі, Тоболь және Том губернияларындағы, сондай-ақ Жетісу, Ақмола және Семей облыстарындағы қазыналық жерлерден ауыл шаруашылық жағдайына қарай оның иеленушілеріне нұқсан келтірмейтіндей және бос болуы мүмкін деп танылатын ерекше учаскелер құруға құқық берілді». Сөйтіп, үкімет ресми түрде оларға қазақ халқының жерін басып алуға мүмкіндік берді, өйткені бұл кезде қазақтардың жерді иеленуге емес, оны пайдалануға ғана құқығы болды.

XIX ғасырдың 80-жылдарының соңғы кезінен бастап негізгі міндеті орталық аудандардан қоныс аударушылар үшін қазақтардың жерлерін тартып алу болып табылатын органдар мен ұйымдар құрылды. Тұтас алғанда, 1917 жылдың қарсаңында қазақтардың пайдалануынан Дала өлкесі, Бөкей ордасы және Маңғыстау приставтығы бойынша қазақтардан 40 млн. десятина жер алынды /1/.

1917 жылға дейін тұтас алғанда Қазақстан бойынша 45 млн. десятина жер тартып алынды. Бұл бүкіл жер қорының 0,25 процентіне жақындады. Бұлар ең құнарлы жерлер еді.

Сөйтіп қазақтар шөлейт және жартылай шөлейт, сортаң жерлерге қарай тықсырылды. Жермен бірге барлық су көздері де алынып қойды, мұның өзі сайып келгенде дәстүрлі шаруашылық жүйесін ауыр жағдайда қалдырды /1/.

Патша үкіметі орыс қоныстанушыларын Орта Азияға да жайғастыруға үлкен мән берді. 1869 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының жеріне патша үкіметінің орыс қоныстанушыларын Жетісуға қоныстандыру туралы жарлығы келіп жетті. Осы жарлыққа сәйкес 1868-1882 жылдардың аралығында Сырдария облысына келіп қоныстанған орыс қоныстанушыларының 29 елді мекені құрылып, онда 25 мың адам тұрды /2; 287-288/.

1891 жылға дейін Ресей жерінен қосымша 19 елді мекенге қоныстанушылар келді, олардың саны 1300 адам еді.

1891 жылы Ресейде қуаңшылықтың болуы көптеген орыс халықтарын жаңа жерлерді іздеуге итермеледі. Осының нәтижесінде көшіп-қонушылардың көпшілігі Жетісу мен Сырдария облысына келіп, қоныстана бастады. Бос жатқан жер жоқ еді. Іс жүзінде Түркістан өлкесі қоныстанушылар үшін жабық еді, бірақ, орыстар жергілікті халықтың жерін тартып алып, қоныстанды. Сонымен 1910 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының территориясында: Сырдария, Самарқанд, Ферғана облыстарында 124 орыс поселкалары болды. Онда 70 мыңдай халық тұрды. Түркістан генерал-губернаторлығына қоныс аударған орыстардың жалпы саны 200 мың адам болды /2; 289/.

Ресейдегі тоқыма өнеркәсібінің сұранысы негізінен мақта болды. Америкадан әкелінген мақта Ресейдің сұранысын қанағаттандырмады. Сондықтан да Ресей Орта Азияны өзінің мақта өсіруге арналған шикізат көзі ретіндегі базасына айналдырды. Түркістан генерал-губернаторлығының интеграциясының негізі де мақта шаруашылығы болды. Орыстар Түркістанды жаулап алған алғашқы кезден бастап, мақта өндіру тәсіліне, оны егіп баптауға баса назар аударды. 1884 жылы Ташкент қаласының түбінде Американдық мақта мен Түркістандық мақтаны будандастырушы селекциондық тәжірибе жинақтаушы база ашылды. Осының нәтижесінде 1884 жылы 300 десятина жерге мақта егілді, 1866 жылы 12 мың десятина жерге, 1890 жылы 59 мың десятина, 1900 жылы 191 мың десятина жерге, 1910 жылы 350 мың десятина жерге мақта егілді.

Сөйтіп Түркістанның Ресейге барған сайын мақта арқылы тәуелділігі арта түсті. 1907 жылы Түркістан генерал-губернаторлығынан Ресейге 5 млн пұт мақта жеткізілді.

Енді Түркістан генерал-губернаторлығында агроөнеркәсіптік комплекс: мақта егетін жер – мақта тазалайтын зауыт – тоқыма фабрикасы пайда болды. Түркістан генерал-губернаторлығында мақта егетін негізгі жер Ферғана жазығы болды.

Түркістанның мақтасы Ресейдің ірі қалаларының фабрикаларына, атап айтқанда Москва, Ярославль, Иваново-Вознесенскіге тікелей жеткізілді. Енді Орта Азияның мақтасы капиталдың көзіне айнала бастады. 30-ға жуық кеңселер мақта сататын іспен айналысты. Орыс-азиат банкісі ашылды.

Түркістан генерал-губернаторлығында мақта майын шығаратын «Беш-Бош» деп аталатын серіктестік құрылды. Бұл серіктестік Түркістандағы өндірілетін мақтаның 30 пайызын сатып алып, қайта сатты. Бұл серіктестіктің мақта тазалайтын зауыты болды. Олармен бәсекеге түсе алатын Вадьевтің үйі болды. Оның 30 зауыты болды. Ол да тек Ферғана жазығынан жылына 7-8 млн пұт мақтаны алып отырған. Патша үкіметі осы қоныстандыру саясатында 1891 жылы 25 наурызда Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережені қабылдады. Ереженің негізгі баптарында былай деп жазылды: «Көшпелілер тұрағы орналасқан жерлер сондай-ақ орман-тоғайыда мемлекет мениігі деп саналады». Көшпелілер тұрағы орналасқан жерлер, олардың салт-дәстүрі мен осы ереже баптардың негізінде көшпелілердің пайдалануында мерзімсіз қалдырылады делінген /3/.

Міне осындай заңдық негіз жасап алған отаршыл патша әкімшілігі Түркістан жерлерін тартып алуды пәрменді жүзеге асыра бастады.

Мәселен, 1893 жылдан 1905 жылға дейін қазақтардың 4 млн десятина жері тартып алынса, 1906-1912 жылдар аралығында 17 млн десятина жері орыс шаруаларына таратылды.

1917 жылы қазан төңкерісінің қарсаңында жер көлемі 45 млн десятинадан астам жер орыстарға тартып алынып берілген. Сонымен қатар, 1847-1915 жылдар аралығында Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Жетісу меп Сырдария облыстарының халқынан 3 192008 десятина жер тартып алынып, орыс келімсектеріне берілген. Осылайша жергілікті халықтардың ең шұрайлы, егін егуге қолайлы аудандарына орыс қоныс аударушылары келіп қоныстанды. Ал керісінше, құмшауыт егін шықпайтын Перовск, Қазалы сияқты құмды өлкеге орыс қоныс аударушысы бармаған.

Түркістан өлкесін қоныс аударушылар арқылы отарлау саясатын 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1.1847-1867 жылдар аралығы. Бұл кезеңде казак әскерлерінің қоныстары салына бастады.

2.1868-1895 жылдар. Бұл аралықта казак-өрыстармен қатар өлкеге орыс мүжықтары келе бастады.

3.1896-1906 жылдар. Түркістан өлкесі қоныс аударушыларға жабық аймақ болып есептелді. Бірақ соған қарамай осы жылдардың өзінде қоныстану процесі жүріп жатты.

4.1907-1917 жылдар. Бұл орыс қоныс аударушылары арқылы отарлау саясатының шырқау шегіне жеткен кезеңі /3; 37/- дейді.

Қоныс аударушылар арқылы отарлаудың нәтижесінде Түркістан өлкесі толықтай экономикалық және саяси жағынан тәуелді аймаққа айналды. Өлкеде миссионерлік саясат пен орыстандыру жоспарлы түрде жүргізілді. Жергілікті жерде өзіне «тірек-күш» таба білген отарлық аппараты оны өзіне отарлау барысында зор шеберлікпен пайдалана білді. Осылайша, қоныс аударушылар арқылы отарлау саясаты біршама жақсы нәтиже көрсетті. Ал 1953 жылы басталған Хрущевтік «тың игеру» кезіндегі қоныс аудару саясаты өзінің сипаты жағынан патша үкіметінің отарлық саясатының заңды жалғасы іспеттес еді.

1897 жылы Бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанның қазіргі шекарасы шебіндегі территориясында 4147,8 мың адам тұрды, мұның 3 392,7 мыңы немесе 81,7 пайызы қазақтар болды. 1914 жылға қарай өлке халқының жалпы саны 5 910,0 мыңға жетті, солардың 3 845,2 мыңы немесе 65,1 пайызы қазақтар еді.

«Орыстардың Қазақстанды отарлауы» атты зерттеудің авторы Джордж Демко: «1896-1916 жылдар аралығында орыстардың Шығысқа қарай миграциясы өте кең сипат алып, 5 миллионнан астам (5 494 694. – С.Ш.) адам Азиялық Ресейге келіп қоныстанды /4/. Олардың 1,5 миллионы (1474 319. – С.Ш.) немесе 29,5 пайызы Қазақстанның үлесіне тиді» - деп мәлімет берді. Бұл статистикалық көрсеткіштер отарлық саясаттың нақты көрінісі болып табылады. Қазақ жерінде орыс мұжықтарының көбеюі ұлттық келбетімізге кері әсерін тигізе бастады. Орыс мұжығы өзін «жабайылар өлкесіне» мәдениет жеткізушімін деп санады. Ресейдің ішкі аймақтарында өмір сүру қаблеті төмен, ең мәдениетсіз, сауатсыз, әрі арақ ішетін орыс мұжығы болашақта патша үкіметінің қазақ жеріндегі «құлағы» мен «көзі», негізгі саяси әрі әлеуметтік тірегі болуы тиіс еді. Сондықтан да, 1891 жылы «Түркістан қоныстанушыларын қаруландыру туралы заң» қабылданды. Осының нәтижесінде өлкедегі орыс қоныстары «әскери-халықтық басқарма» жүйесіне көшірілді. Бұл өз кезегінде Түркістандағы болуы ықтимал қарулы көтерілістер мен ұлт-азаттық қозғалыстарына қарсы бағытталған алдын-алу шараларының бірі болып табылды. Нәтижеде, ХХ ғасырдың бас кезінде әрбір орыс отбасында дерлік винтовка болды.

Орыс қоныс аударушыларын қаруландыру алғашқы кезеңде баяу жүргізілді. 1892 жылы орыс қоныстанушыларына таратып беру үшін Сырдария облысы 1500 винтовка алды. Оның 1231 данасын 1897 жылы орыс шаруаларына таратып берген. 1894 жылы Ферғана облысының Покровское селосы 17 винтовка алған. Ал 1897 жылы Ферғана облысы тағы да 50 винтовка алады /3; 38/. Бірінші кезекте қаруды отаршыл орыс әкімшілігі сенімді деп тапқан қоныс аударушылар тобына үлестірсе, бірте-бірте барлық қоныстанушы мұжықтарға таратқан /3; 38/.

1916 жылғы көтеріліс кезінде, одан кейінгі Түркістан (Қоқан) автономиясын талқандауда және Ташкент Кеңесінің «пролетариат диктатурасын» жүзеге асыруда қаруланған, ұлыорыстық, ұлыдержавалық шовинизм дертіне шалдыққан осы орыс шаруалары негізгі саяси, әскери әрі әлеуметтік базаға айналды.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресейдің орталық аудандарынан Орта Азия және Қазақстанға қоныс аударып келгендерге де тән болды. Патшалық Ресейден 1910-1911 жылдары Түркістан өлкесіне қоныс аударушылардың жай-күйін көруге зерттеуші В.Вошинин олардың бұл жерлерге мәдениетсіздік, тұрпайылық, алаяқтық жағымсыз қылықтарды өздерімен бірге ала келгенін жазды. Көнеден келе жатқан ескерткіштерді қиратып, орман-тоғайлардың ағаштарын кесіп, арықтарды бүлдіру, аң-құс, балықтарды жөн-жосықсыз аулау оларға үйреншікті іс болды. Оған Арыстанбаб батырдың отырғызған бағының жай-күйі мысал бола алады. «Қоныс аударушылар деп жазды – Вошинин, - Арыстанбаб батыр отырғызған бақтың бүлдіруде, арықтарын күл қоқыстармен толтырып, небір ағаштарын қарақшылықпен шауып – отауда, кесіп – жөнсіз істер жасауда» /5/.

Келімсектердің қазақ даласына өздерімен бірге алып келген «мәдениеттерінің» бірі – араққұмарлық еді. Оны қоныс аударушылардың елді мекендеріндегі маскүнемдікке салыну фактілерінің кең етек алуынан байқауға болады. Мәселен, 1910 жылы Михайловка станциясындағы 200 семья тұрғындары 5000 шелек арақ ішкен және жергілікті тұрғындарды да бұл әдетке баули бастаған /5/.

Дала өлкесін отарлау тек қазақ жерін тартып алып, оған орыс мұжықтарын көшіріп әкелу арқылы ғана толық орнығуы мүмкін емес еді. Батыс Сібір генерал-губернаторы 1875 жылғы есебінде: «... қырғыздар(қазақтар - Ө.О.) орыс халқынан алыста өз беттерімен шөл даланың кең жазығында оңаша көшіп жүре берсе, олардың бізге бағыныштылығы жай сөз болып қалады», - деп жазды. Сондықтан, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық жүйесін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бұзуды қажет деп тапты. Мұны патша үкіметі орыс мұжықтарын қазақ жеріне жаппай қоныс аудару арқылы іске асырмақшы болды.

Біріншіден, 1861 жылғы 19-ақпанда жарияланған басыбайлықты жоюға байланысты реформадан кейінгі уақытта метрополияда қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті, оздеріндегі ішкі қайшылықтарды жерге мұқтаж орыс мұжықтарын Қазақстан сияқты отарлық тәуелді аймаққа қоныс аудару арқылы бәсеңдету болса, екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа еуропалық шаруаларды жаңа елдердегі өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақ қоғамындағы отарлық билікке қарсы күштерді біржола әлсірету, сөйтін, болашақта қазақ елін, қазақ жерін империяның географиялық құрамды бөлігіне айналдыру болды.

Қазақтар тіпті өз ата-қонысында отырып, жатжұрттық тонаушы-қарақшылық ниеттегі отарлаушыларға жерді пайдаланғандары үшін салық төлейтін сорақылыққа дейін жетті. Мәселен, Кереку қазағы жылына жер үшін казак-орысқа 90 мың сом шамасында алым төледі. Әрине, бұл шығын қазақ шаруасына қатты батты, оның еңсесін езіп шарасыздыққа душар етті.

Патша үкіметі әкімшіліктерінің қазақ даласындағы жүгенсіздіктері туралы сол кездегі баспасөзде де аз айтылған жоқ. Газет сандарының бірінде Сырдария облысының көші-қон ісінің меңгерушісі Тресвятскийдің жергілікті қазақтардың жерін иемдену үшін олардың ашықтан ашық алдап-арбағаны, жерді арзан алу үшін, кейбір жерлерде жергілікті тұрғындарды арақ беріп мас қылып, мас адаммен сауда жасап жерін тегін алып отырғаны туралы, алданған қазақтар наразылық білдірсе, оларды қамшымен ұрып, еріксіз көндіргені сөз болып, Тресвятскийдің жоғары білімді заң қызметкері екендігі және ол өзінің барлық істерін заңмен бекітіп отырғандығы айтылды. Хат авторы топограф болып істейтін Балхин деген адам. Бұдан басқа сауатты қазақ азаматтарының арыз-шағымдары Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінде де көптеп кездеседі.

1892 жылы 10 маусымда Сырдария облысы Царское болыстығына қарасты 4-ші ауылдың тұрғындары бас қосқан жиын болған. 145 түтіннен тұратын тұрғындар атынан ауыл старшинасы Тұяқ Шәкиұлы бастаған 95 адам өздерінің күн-көріс көзі ретіндегі малдарын бағып отырған шұрайлы жерлердің қаладан келген келімсектерге күштеп алып беріліп отырғандығына наразылықтарын білдіріп, Сырдария облыстық қоныс аудару басқармасына өтініштерін түсіреді. Өтініш соңында өздерінің араб әрпімен бедерленген морлерін басқан. Алайда, мәселенің қалайша шешілгендігі жөнінде біз осы зерттеу барысында нақты дерек кездестіре алмадық.

1905 жылы наурыз айында Сырдария облысының Әндижан үйезінде мынадай бір оқиға болған. Қоғарты болыстығы, Қотыма бөлімшесі, №2 қазақ ауылының жер аумағында орыс-мұжықтары ешбір келісімсіз жер жыртқан. Осы кезде өз жерлерін қорғамақ болған Жұмақұл Айбашұлын орыс мұжықтары мылтықпен атып өлтіріп, оның жанындағы Бегәлі Әбдікәрімұлын ауыр жарақаттаған. Бұл оқиғадан кейін тексеру комиссиясына орыс мұжықтары жалған түсініктеме жазып, «400-ге тарта жергілікті қазақтар бізге келіп қоқан-лоққы жасады. Таспен және таяқпен ұрып соға бастаған соң, амалсыздан мылтық атуымызға тура келді» - деп сендірмек болған.

1906 жылы Сырдария облысы, Шымкент үйезінің Бадам болыстығына қарасты №2 ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажымен санаспай, жергілікті қоныс аударушылар әкімшілігі қазақтардың пайдаланып отырған арықтарын орыс мұжықтарына алып берген. Соған байланысты, генерал-губернаторға жазған өтініштерінен ешқандай нәтиже болмаған соң, Қоқай Қоқиұлы мен Иманқұл Төленегұлы сияқты білімді азаматтар халықтың басын біріктіріп, үлкен жиын ұйымдастырады. Осы жиын үстінде жергілікті халықтың бірігіп әрекет істеуі, орыс мұжықтарының жүгенсіздіктері, жергілікті басқару жүйелерінің оларға көмектесіп отырғандығы ашық айтылады. Біріншіден, отарлау сипатының осылайша тереңдеуі заңға, қару-жарақ әскери күшке сүйенген орыс отарлаушыларына қарсы әділеттің ақ жолында қолдарындағы құр таяққа сүйенген қазақ халқын ашындырып, әрі өшпенділік сезімін оятып, ашық қарсылыққа

шығуға, көтерілістерге итермелесе, екіншіден, елім деп еңірегем, соның болашағы үшін өз өмірлерін сарп етіп, ұлт зиялыларының қалыптасуына әсерін тигізіп, оларды саяси күреске итермеледі.

Сонымен қорытындылап айтқанда патша үкіметінің Түркістандағы отаршылдық саясаты XX ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторлығын жоятын алып саяси оқиғалардың аренасына айналды. Соның нәтижесінде патшаның тақтан құлауымен бірге Түркістан генерал-губернаторлығы да өзінің қызметін тоқтаға мәжбүр болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Озганбай Ө. Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан. Алматы, 1997. 135 б
2. Хидояттов Г.А. Моя родная история .Ташкент, 1990. С. 266
3. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы, 2002. 36 б
4. Демко Д.Ж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы /1896-1916/. Алматы, 1997. 46 б
5. Воцанин В. Очерки нового Туркестана. Свет и тени русской колонизации. СПб., 1914. С. 11

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Ресей империясы тұсында Түркістан генерал-губернаторлығындағы реформа бойынша отарлаудың көрінісі мен жер-су мәселесі сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается аграрные и колониальные проблемы генерал-губернаторства Туркестана при Российской империи.

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Жылқышыбаева Қ.Қ.-т.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Әр халықтың тарихында өзінің ұлттық ар-намысын, құқықтары мен мүддесін қорғап қалуға, өзіндік бет-бейнесін, егемен ел болуға лайық екендігін көрсетуге ұмтылатын сын сағаттар болады. Егер ұлт уақыт талабына үн қата алмаса, онда оның болашағы бұлыңғыр болмақ. Ал егер, халық басына түскен мұндай сынақтан сүрінбей өтсе, басқа халықтардың тарихы корсеткендей, бұл сәт, бұл оқиға осы халықтың тағдырында тарихи оқиға болып қалады.

Осындай тарихи оқиға-1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсандықтар уақыт талабына лайықты үн қата білді. Қазақстанның ар-намысы, тәуелсіздігі мен мүддесі үшін күреске шыққан жүздеген, мыңдаған, тіпті ондаған мың жігіттеріміз бен қыздарымыздың жаппай ерлігіне Қазақстан осы 20 жылдық тәуелсіздігі шежіресінде тиісті бағасын берді. Желтоқсан қаһармандары өздерін жаппай соққыға жығып, қақаған аязда мұздай су шашқанына, өздеріне қарсы иттер, БТР-лер, сапер күректері мен шоқпарлармен қаруланған милицияның ерекше отрядтарын, арнаулы әскерлердің курсанттары мен солдаттарын айдап салғанына, сондай-ақ, “бейбіт жасақтар” дейтіндердің темір сыммен, арматурамен соққының астына алғанына, жаппай тұтқындауға қарамастан, бірнеше күн бойына бүкіл Қазақстанда бір жерде ашық, бір жерде жасырын түрде халықтың еркі мен мұң-қайғысын жанына жалау етіп, республиканың дербестігіне, еркіндігіне және тәуелсіздігіне қол жеткізу жолындағы күресті жалғастыра берді. Олар денсаулығын, болашағын, тіпті өмірін де құрбандыққа шалды! Сол кездегі қыздарымыздың ерлігі мен батырлығы ел ішінде аңызға айналды.

Тарихтың бұл кішкентай кезеңінің ақиқаты туралы деректердің әлі күнге дейін шым-шымдап шығарылып, толық ашылмай келе жатқандығы баршамызды ойлантады. Сол олқылықтың орнын толтырып, замана келбетінің бар болмысын, бар бояуын қалпына келтіру – қасиетті парызымыз. Сондықтан қоғамымыздың негізгі күші-студенттерге оларды үлгі ету керек екендігін естен шығармау керек. Осы мақсатта желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды ақтау үшін құрылған Комиссияның жұмыстары мен қорытындысы жөніндегі мәліметтерге тоқталып кетейін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын тексеру жөніндегі комиссиясының жұмысына 200-ден астам білікті мамандар-әртүрлі мамандықтағы сарапшылар, юристер, медиктер, социологтар, саясатшылар, философтар, демографтар, экономистер, прокуратураның, юстицияның, ішкі істер министрлігінің қызметкерлері, мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы қызметкерлері, шығармашылық интеллигенция мен қоғамдық ұйымдардың, комсомолдың, кәсіподақтың өкілдері қатыстырылды. Комиссияның жұмысшы табына сарапшы ретінде бірқатар қоғамдық ұйымдардың - Латвияның адам құқы лигасының, Қазақстанның адам құқы жөніндегі комитеттің өкілдері, сондай-ақ ССРО прокуратурасының бригадасы қатыстырылды. Комиссия қылмыстық және әкімшілік істердің 500 томын, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен прокуратурасының альбомдарын, аудандық ішкі істер бөлімдері мен Ішкі Істер министрлігі мекемелерінің журналдарын, медицина мекемелерінің, мүрдеханалар т.б. орындарын тіркеу журналдарын қарады. 800-ден астам адамның, олардың ішінде жауапты партия, совет басқа да органдар басшыларының, әскери адамдардың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, куәлардың, жасақшылардың, оқиғаға қатысқандардың, сотталғандар мен жапа шеккендердің әңгімелері тыңдалды. Республика аланы төңірегіндегі үйлердің 9000-нан астам тұрғынына және сол маңда орналасқан мекемелердің қызметкерлеріне түрлі сұрақтар қойылып, жауаптар тыңдалды.

Ұсталғандардың саны Ішкі Істер министрлігінің мәліметі бойынша 2336, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде - 2212, прокуратурада - 2401. Комиссия мынаны анықтады: уақытша ұстайтын изоляторға, арнайы қабылдау орындарына, тергеу изоляторына апарылған, сондай-ақ «автозак» машиналары мен автобустармен қала сыртына апарып тасталған 6000-ға жуық адам есептен жасырылып қалған. Сонымен комиссияның бағалауы бойынша, ұсталғандардың жалпы саны 8500 адам. Денесіне жарақат түскен адамдардың саны - 763-тен 1137-ге дейін деп әртүрлі көрсетілді, ал комиссияның бағалауына 1,7 мыңнан астам дене жарақатын алған/1/.

Желтоқсан оқиғасына байланысты арнайы комиссия құрылып, оның жұмысы нәтижелі болды. Комиссияның қос торағасы тағайындалды. Олар : М.Шаханов - ССРО халық депутаты, ССРО Жоғарғы Советінің мүшесі, Қазақ ССР Жазушылар Одағының хатшысы, «Жалын» журналының бас редакторы. Қ.Ф. Мырзалиев - Қазақстан халық депутаты, ақын.

Комиссияның хатшылығына Т. Бурабаевты - Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты, комиссияның мүшелігіне: Н.К. Фокина. И.Н. Тасмағамбетов. Ю.И. Кериницианов, С.А. Абдрахманов, Ю.Е. Дуберман, Жақсымбетов Н.В. Задорожный, Ф.Ф. Игнатов, Т.А. Измұхаметов, С.А. Қасымов, В.А. Ким, М.А. Сарсембеков, Е.Т. Мергенов, А.С. Стамқұлов.

Желтоқсан оқиғасын ұлтшыл элементтердің, маскүнемдер мен нашақорлардың жаппай тәртіпсіздігі деп пайымдау, саяси өрескел қате ғана емес, тұтас бір халыққа танылған жала болып табылады. Қоғамдық санаға еріксіз ендірілген бұлайша бағалау ұлтаралық қатынастарды қолдан ушықтыруға себепкер болды/2/. Комиссияға 25 томнан тұратын 2000 құжат түсіп, тексерілді. 500 том қылмыстық және әкімшілік істер қаралды. Жауапты партия, совет қызметкерлері, право қорғау, заң органдары басшыларынан бастап 800-ге жуық ресми адамдар сұралды. Желтоқсан оқиғасы

жөнінде жазған жергілікті, республикалық, одақтас және халықаралық баспасөз материалдары, шетелдік радиостанциялардың хабарлары зерттеліп, талданды. Көптеген кино, фото, видеоматериалдар қаралды. Комиссия жұмысы барысында қылмыстық істер бойынша-98, ал, әкімшіліктер бойынша 360 сараптау қорытындылар жасалды/3/. Комиссия желтоқсан оқиғасынан жан-жақты әділ бағалануы үшін көп еңбек етті. Комиссия өзінің жұмысында оқиғаның объективті: әлеуметтік, экономикалық, саяси және тарихи тамырлары болды деген шешімге келді. СОКП ОК, дәлірек айтқанда оның саяси бюросы ескі әміршілдік-әкімшілдік әдіспен республика басшылығына экономикасы, мәдениеті, ұлттық ерекшеліктерін жақсы білмейтін бөтен адамды тықпалап, желтоқсан оқиғасының тұтануына саяси себеп беріп алды. Орталықтың басты саяси қателігі - Қазақстанды егеменді республика емес, қарапайым әкімшілік-территориялық аймақ деп, республиканың дербес коммунистік партиясын бастауыш ұйым ретінде қарау болды. Осы айтылғандарға қарап: 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы ұлтшылдық емес Орталықтан басқаруға қарсы қазақ жастарының стихиялық-әлеуметтік саяси наразылығы деген ой түюге болады. Шын мәнінде, ол елдегі ең алғашқы жастардың рұқсатынсыз жасалған бейресми қозғалысы еді. Жастар Мәскеудің өктемдігімен әділетсіз қабылданған саяси шешімінің аяқ астынан болу себебін түсіндіруді талап етіп, оған өздерінің келіспейтінін білдіру үшін алаңға бейбіт демонстрацияға шықты. Орталық басылымдар, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, оны Алматыдағы экстремистердің, ұлтшылдардың, бұзақылар мен напакорлар тобының басбұзарлығы деп хабарлады. Партиялық ресми құжаттарда да дәл осылай баға берілді. Оқиғаның байыбына барып жатпай, теріс асығыс саяси баға беру республика басшылығынан, СОКП ОК-нің орескел қатесі болды. Республика ұлтаралық қатынасты аяқ астынан шиеленістіруге ықпал етті. Елімізде қайта құру жана қарқын алып, демократия мен жариялылық өмірімізге етене араласа қоймаған кезеңде ескі әміршілдік-бюрократиялық басқару аппараты оны осы күнге дейін күштеп басып-жаншуды ғана көздеді/4/.

Демонстранттар мен шын мәнінде мәмілеге келіп, пленум шешімін ашық талқылап, түсіндіру қажет деп табылмады. Оқиғаның саяси мәні бұрмаланып, оны бір топ бұзақылардың, напакорлардың іс-әрекеті деудегі түпкі мақсат мынау: демонстранттарды басып тастау үшін кез-келген күшті, әскерлерді техниканы, ұрын-соғатын қару түрлерін еркін пайдалану және осылай болды да. Барлық сұралған ресми адамдардың куәлік етуінше, 17 желтоқсанның 1-ші жартысында республикалық жағдаймен таныс болмағандықтан, Колбин өзінің бағалауларында, қорытындылау мен түйіндеулерінде Орталық Комитеттің екінші хатшысы О.С. Мирошхиннің, республика Ішкі істер министрі Князев пен Мирошниктің кеңестеріне сүйеніп отырған. Ал, 18 желтоқсанның кешінен бастап, саяси және жалпы басшылықты М.С. Соломенцев өз қолына алады.

Демонстранттарды қуып таратудың арнайы оперативті жоспары «Метель-1986» деп аталды. Ол ССРО ішкі істер министрлігінің №0385 бұйрығы негізінде жасалынды. Қазақстанда бұл жоспар тап осы желтоқсан оқиғасы күндері іске асырылды. Кейіннен, ол Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің жекелеген басшы қызметкерлерінің бұйрығы бойынша «практикалық мәнін жойған құжат» есебінде жойылып жіберілген. Бұлай етудің шын мақсаты операцияны жүзеге асырушыларды жауапкершілікке тартудан құтқару еді. Бәрібір комиссия оперативті жоспардың 1986 жылғы көшірмесі бойынша демонстранттарды қуып тарқату барысын қалпына келтіріп зерттеді. Осы жоспар бойынша құқық қорғау органдары, милиция, әскер күштерінің демонстранттарды басып, жаншын, қуып, тарқату әдіс-тәсілдері, іс-қимылдары тегіс Комиссияға мәлім болды. «Метель» бұл тек қана демонстранттарды қуып, тарқату жөніндегі операция ғана емес, ол саяси құқық қорғау, жазалау, идеологиялық және басқа әкімшілік-бюрократиялық жүйе тізбектерімен тікелей байланысты терең ойластырылған кең

көлемдегі тұзақ. Алматыда 1986 жылы оның мынадай ерекшеліктері байқалды: оқиға болған жерге күштер тез әкелініп, шұғыл шешімнің қабылдануы, оның барлық бөлімшелерінің басшылық орталығына қатаң бағынуы және басып жаншудың қауіпті дәрежеде болуы. Бұдан кейін оқиғаны қалаған бағытта-қылмыстық, ұлтшылдық немесе қайта құруға қарсы іс-әрекет деп бұрмалау, жұртшылыққа жалған хабарлар беру, оқиғаның себеп-салдарын жасыру, түрлі айла-шаралар қолдану Қазақ ССР Жоғарғы Советі Комиссиясының жұмысы барысында ресми хабарларға мүлдем кереғар құбылыстар ашылды/5/. Медициналық сараптау актілері негізінде жасалған Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша ұсталғандардың арасында бірде-бір нашакор, бірде-бір маскүнем болмай шықты. Егер алаңда бұзақылар мен маскүнемдер, нашакорлар жиналса, оларға қарсы күш қолдану саясаты өзін-өзі ақтап шыға келмек. Сондықтан өкімет басындағылар шеруге қатысушыларды өңшең бұзақы, маскүнем етіп көрсетуге тырысты. Істің мәні осында.

Шындығында, шеруге қатысушылардың қайсібір тобының заң аясынан шығып кетіп, бұзақылық жасағанын да мойындау керек. Республика басшыларымен әңгімелесуге әрекеттенген кезде, олардың кейбіреулері саяси мәдениеті жоқтығын көрсетіп, бұзақылық әрекеттерге барды. Тәртіп қорғау күштеріне тас лақтырды. Бұдан өзге де заңсыз әрекеттерге шақырған жауапсыз арандатушылықтар жасалды. Д.А. Қонаевқа шеруге қатысушылардың алдына шығып сөз сөйлеуден бас тартуы, Г.В. Колбиннің сайлануы туралы шешімді ұнатпауы, сөйтіп, бейбіт шерудің жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуіне белгілі дәрежеде әсер етті деген айып тағылды/6/.

Комиссияда бұған қарама-қайшы мәліметтер бар. Шын мәнісінде С.С.Мирошхин мен Г.В.Колбин екі рет телефон соққаннан кейін Д.А. Қонаев желтоқсанның 17 күні, күндізгі сағат 11:00 Орталық Комитетке келді. Ал Д.А.Қонаев бірінші хатшының қабылдау бөлмесінде екі сағат отырғанын, сағат 13:00-ге таман Москвамен телефон арқылы кезекті сөйлесуден кейін Г.В. Колбин оған «Сіз қайта беріңіз мәселені өзіміз шешеміз»-деп мәлімдегенін айтады. Д.А.Қонаев түсініктемесінде өзіне таңылған айыптың мүлдем негізсіз екенін жазды/1/. Осы мәселеге байланысты және бұдан өзге де күрделі сұрақтардың кейбірі Мәскеудегі ең үлкен лауазымды адамдарға барып тіреледі.

Оқиғаларға қатысушылардың қозғалған қылмысты істерін сотпен тергеуде қарау процесінде де заңдылықтың өрескел түрде бұзылуына жол берілген. Солар бойынша тергеу қысқа мерзімде, үстірт және айынтауға айқын бейімділікпен жүргізілген. Бұл тұрғыдан алғанда, комиссияның пікірінше, жергілікті дәлелдер болмастан өлім жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбековтың өліміне ерекше тоқталған жөн. Жүзінен намыс алауы лапылдаған осы жігіт тірі тұрғанда сөз жоқ өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді. 1987 жылы 17 маусымда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Сазайларын тартты» атты Каз ТАГ-тың хабарында былай делінген: «Адам өміріне қастандық жасаған бұзақылар қаншама айла-шараға салып, бұларғандарымен жауапкершіліктен құтылып кете алмады». Алматыда 17-18 желтоқсанда болған қоғамға жат әрекеттерге белсене қатысқан біртоп бұзақыларды тергеу орындары анықтап сотқа тартты. Олар: Алматы архитектура-құрылыс институтының I курс студенттері Қ.Рысқұлбеков пен Е.Көпеспаев. Алматы энергетика-құрылыс техникумының III курс студенті Ж.Тайжұмаев, «Алматы промстрой» тресінің балташысы Т.Тәшенов пен «осы трестегі электрмен дәнекерлеушісі К.Күзембаев дегендер. Олар неше түрлі көпірме, қитұрқы сөздермен ұтаралық өшпенділікке шақырып, санасы төмен жастарды төбелеске, т.б. бұзықтық қылықтарға айдап салған. Олар қызмет автомашиналарын аударып тастап өртеген, үйлердің ірге тасын қопарып лақтырған. Ж. Тайжұмаев өрт қоюдың инициаторы болды, халық жасақшысы, радио, телевизия орталығының директоры Г.Г. Недельдің өміріне қастандық жасады. Қ. Рысқұлбеков пен Т.Тәшенов басқа да бұзақы элементтермен бірге ауыр қылмыс жасады. Соның

салдарынан қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде өз міндетін атқарып жүрген халық жасақшысы, радио, телевизия орталығының инженері С.А.Савицкий қаза тапты. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты Істер жөніндегі сот коллегиясы жоғарғы соттың мүшесі Е.А. Грабарниктің председательлік етуімен істі ашық мәжілісте қарап, Рысқұлбековты ең ауыр жазаға - атуға, Тәніенов пен Тайжұмаевты 15 жылға, Күзембаевты 14 жылға, Көпеспаевты 4 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды». Қайрат Рысқұлбековке жасақшы С.А.Савицкийді өлтірді деген айып тағылды. Бірақ, кейбір куәлар Савицкий өлтірілген уақытта Рысқұлбековтың қаланың басқа шетінде жүргендігін айтады. Заң орындары ол куәлардың түсініктерін назарға алғысы келмеген. Рысқұлбековке «кісі өлтірді» деген айыптың тағылуына бірден-бір себепкер болған жігіт қазір мүлдем жаңа түсінік беріп отыр. Ол жігіт өзін бір заң қызметкерінің аяусыз ұрып-соғып, Қайрат жөнінде теріс мәлімет беруге мәжбүр еткенін жазады. Кезінде жоғарыдан Савицкийді өлтірген адамды тез арада табу керек деген жарлық түскен. Айқын дәлелі болмаса да заң органдары Рысқұлбековты осы қасіретке байлаған. Қ. Рысқұлбеков Қазақ ССР Жоғары Сотына, ССРО Жоғары Сотына шағынады/7/. Бірақ бұл шағымдарынан еш нәтиже шықпайды. Сот органдары оның кінәсі толық дәлелденген, лайықты жазасын алған деуден бір тайынбайды. ССРО Жоғарғы Советі Президумының 1988ж. 28 сәуірдегі Жарлығымен Қ.Рысқұлбековке кешірім жасалып, өлім жазасы 20 жыл бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Алайда бұл хабар Қайратты қуанта алған жоқ. Өйткені жазықсыз 20 жыл қапаста отыру, атылумен бірдей болды/8/.

Қ.Рысқұлбековтың өлім жазасына кесілуі сол кезде әлем интеллигенциясының заңды ашу-ызасын тудырды. Чехословакияның, Польшаның, Венгрияның, АҚШ-тың т.б. елдердің қоғам қайраткерлері акын-жазушылары, ғалымдары СОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С. Горбачевпен ССРО Жоғары Советі Президумының бұрынғы төрағасы А.А. Громыконың атына арнайы хат жолдап қарсылық білдірді. Бірақ бұл толқулардан Совет жұртшылығы, әсіресе, желтоқсан қасіретін бастан кешірген Қазақстан Республикасы мүлде бейхабар жатты.

Сот қарауына түскен әрбір іс адам тағдыры. Ал, адам тағдырына асығыс, немқұрайлы қарауға болмайтынын біле тұра, мұндай сорақылықтардың кешірілмес қателіктерге апарып ұрындыратынын ап-айқын сезіне тұра, әділет сақшыларының бойында оны түзетуге ықыластың болмауы неліктен? Сөйтін желтоқсан оқиғасына қатысушылардың қылмыстық және әкімшілік істерін қарау кезінде, олардың кінәсі бар-жоғын саралап-салмақтауға да уақыт қалдырмастан, процестерді қысқа мерзім ішінде аяқтауды талап еткен Тетеркин қаңарынан қаймығып, көптеген судья адалдықтан ала жібін еріксіз аттауға мәжбүр болды. Шерушілердің алғашқы тобы Ішкі Істер бөлімдеріне әкелген мезетте-ақ прокуратура тарапынан басталған тергеп, тексеруді ССРО Бас прокурорының көмекшісі К.В. Стрельников қадағалап бағыттап отырды. Бұлардың қол астында республика прокурорының орынбасары, тергеу басқармасының бастығы А.Д.Мызников пен тергеу бөлімінің бастығы В.С.Волтунов жетекшілік жасайтын арнайы тергеу тобы жұмыс істеді. Оның құрамына прокуратура қызметкерлеріне қоса Ішкі Істер министрлігі мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің таңдаулы 98 тергеушісі енді. Прокуратурада 5324, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде 850 адамнан жауап алынды/9/.

Тергеу, соттау барысы Орталық Комитетінің әкімшілік органдары бөлімінің меңгерушісі В.Ефимовқа тікелей баяндалып отырды. Ол мәліметтерді ары қарай Колбиннің құлағына жеткізді. Бұл мәліметтерді әртүрлі мәжілістерде, кездесулерде Колбиннің талай пайдаланғаны белгілі. Жоғарғы партия басшылығының өз компартиясына енбейтін заңдылықты қадағалап, сот саласына орынсыз қол сұғу салдарынан тергеу ісі мен сот процестерінің саяси рең алуы, Қазақ ССР Қылмыстық процессуалдық кодексінің 15 және 19 баптарына мүлдем қарама-қайшы келгенін

комиссия эксперттері атап өтті. Бұл баптарға сүйенсек, тергеу мен сот өндірісі аралығындағы істердің жылжу мерзімін белгілеуге прокурордан басқаның құқысы жоқ. Бұдан да басқа толып жатқан заңсыздықтарды көргенде жүрек шайлығады.

Қажетті құжаттармен танысуға әрекет жасаған кезде комиссияға алуан-түрлі кедергілер келтірілді. Көптеген құжаттар, оның ішінде сақталу мерзімі әлі бітпеген қағаздар әдейі жойылған. «Метель 1986» атты құпия оперативті жоспар да өртелген болып шықты/9,7/.

Қазақ ССР Ішкі Істер министрінің бірінші орынбасары Э.О.Басаров комиссияға келін әңгімелескеннен кейін, дереу желтоқсан оқиғасына қатысты адамдар туралы анықтаманы өртеуге бұйрық берген. Э.О.Басаровтың пікірі бойынша, бұл анықтамалардың «тарихи және ғылыми құны жоқ және олар іс жүзіндегі маңызын жоғалтқан», ал нақ осы анықтама Комиссия үшін өте бағалы еді. Республика құқық жүйесінің заңдылық пен тәртіпті қорғауға емес, керісінше саяси нұсқаулар мен партия басшылығының тапсырмасын орындауға бағытталғаны белгілі болып отыр. Егер шын мәнінде құқықтық мемлекетке жеткіміз келсе жол берілген заңсыздықты жоюымыз керек/1/.

Комиссия мынадай қорытынды жасады:

Қазақстанның жоғары саяси басшысын тағайындау кезінде республика коммунистері мен халқының пікірін ескермегені үшін, Ішкі Істер министрлігінің арнайы әскери бөлімшелерін Алматыға енгізу арқылы ауыр салдарға, оның ішінде адам өліміне алып келген, шолақ шешімді мақұлдағаны үшін, бүкіл қазақ халқының намысын қорлайтын ұлтшылдық айдар таққаны үшін СОКП ОК Саяси Бюросының 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы жөнінде ұстанған саясаты айыпталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі комиссия ұсынысы бойынша ССРО Жоғарғы Советіне және ССРО Президентіне мынадай мәселе қойылды:

-Г.В.Колбинді ССРО Бақылау Комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы;

-О.С.Мирошхинді ССРО-ның Замбиядағы төтенше және өкілетті Елшісі қызметінен кері шақыру туралы;

Желтоқсан оқиғасы кезінде жіберілген қателіктері үшін мына лауазымды адамдардың қызметінен босатылуы талап етілсін:

-Г.Б.Елемесов-Қазақ ССР прокуроры;

-Т.К.Айтмухамбетов-Қазақ ССР Жоғарғы Сотының төрағасы;

-И.А.Тетеркин-Қазақ ССР Бас арбитрі.

Мына фактілер бойынша қылмысты іс қозғалуға тиіс:

-шеруге қатысқандарға қарсы сапер күрегін, қызмет иттерін, өрт сөндіру машиналарын қолданғаны үшін;

-прокурордың санкциясыз және соттың арнайы қаулысынсыз шеруге қатысқандарды заңсыз қамауға алып, тұтқында ұстағаны үшін;

-прокурордың санкциясын осы оқиға барысында адам өлтірген және ауыр, орташа дене жарақатын салған адамдар жайлы;

-ұсталғандарға, оның ішінде әйелдерге, балаларға қатыгездік көрсеткен кейбір тәртіп сақтау қызметкерлеріне;

-бұған қоса Қазақ ССР прокуратурасы мен Қазақ ССР Жоғарғы Соты желтоқсан оқиғасына қатысқандарды қылмыстық және әкімшілік жолымен жазалаған барлық істерінің негізділігі және заңдылығын қайта қарауға тиіс.

Комиссия республика сайлаушыларын Қазақстанның сайланған ССРО халық депутаттары Г.В.Колбиннің, В.М.Мирошхиннің, М.С.Мендібаевтың, А.Мещеряковтың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезіндегі рөлі мен әрекеттерінен хабардар етті.

Сонымен бірге комиссия 1986 жылғы желтоқсанда жастардың саяси шеруін басуға белсене қатысқаны үшін қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамоталарымен, Құрмет грамоталарымен наградтау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

қаулысының және ССРО ордендері мен және медальдарымен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президумы қаулысының күшін жойғызуды талап етті.

Ресми деректерде келтірілгендей, Желтоқсан оқиғасы әкелген материалдық шығынның көлемі -302 644 сом 68 тиын /9/. Әскери бөлімдермен қатар 27 мекеме заттай шығын інекті. Ең көп зиян шеккен коммуналды-шаруашылық Министрлігі (49 166сом). Ресми мәліметтерде төмендегі аталған шығындар мүлдем еңбеген:

-Орта Азия мен Сібірден әкелінген әскер бөлімдерін самолетпен тасымалдау ақысы;

-Дәрігерлік «жедел жәрдем» машиналарының қызмет корсету емдеу ақысы, оларға жұмсалынған жанармай құны;

-Жараланғандардың еңбекке жарамсыздығынан болған кәсіби шығындар;

-Тергеу, сот органдарында қосымша іс жүргізетін аппаратты ұстауға кеткен жалақы молшері;

-Айыпкерлердің еңбектен еріксіз қол үзуі кезіндегі, әрі оларға тергеу барысында жасалған қаражат шығындары (суретке түсіру, қамауда ұстау, күзет жалдау, іс қағаздарын толтыру т.с.с.).

Ақиқаттан анықтаудан гөрі айыптау, жазалау көп болды. Сот, милиция қаулысымен және кәсіпорындар, мекемелер, оқу орындарының шешімімен 900-ге жуық адамға әкімшілік жаза қолданылды, 1400 адам ескерту алды.

Ресми органдар дерегі бойынша оқудан 264 студент шығарылды. Ал, халыққа білім беру министрінің соңғы 1990 жылдың (тамыз айындағы) анықтамасында -309. Бұл арада Денсаулық сақтау және Жол қатынасы министрліктеріне қарайтын оқу орындарының студенттері есепке алыпбаған. БЛКЖО-дан 768 қызбен жігіт шығарылып; 1164 жас комсомолдық жаза алды. 53 СОКП мүшесі партиядан шығарылды. Өртүрлі мекемелердің бастауыш ұйымдары 210 коммунистің жеке мәселесін талқылады. Оқиғаға қатысушы 319 адам жұмыстан қуылды. Сонымен қоса Алматыда осы күндері қылмысқа, алкоғолизмге және еңбексіз табысқа қарсы күрес шаралары жүргізіле бастады. Жалпы алғанда қылмыстық жауапкершілікке 99 адам, соның ішінде 80 адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің екі түрлі бабымен айыпқа тартылды. Әкімшілік қамауға 700 адам алынды...

«Желтоқсан» қоғамдық ұйымының мәліметтеріне қарағанда, 1986-шы жылы желтоқсан айында Алматыдағы наразалық шеруіне он мыңнан астам жас қатысқан. Олардың 100-ден астамы кейін әр түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылып, 8 мыңнан астам адам оқу орындары мен жұмыстарынан босатылған. Алайда, бүгінгі күнге дейін желтоқсан оқиғасы қанша адам қайтіп жапа шекті деген тәрізді сауалдарға бірізді жауап жоқ. Қорыға айтқанда, комиссия Желтоқсан оқиғасын жан-жақты, әділ бағалау үшін көп еңбек етті.

1990 жылғы 24 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының қаулысы қабылданып, онда Алматыда 1986 жылғы желтоқсанда болған оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның қорытындылары мен ұсыныстарын мақұлдады. Қазақ республикасының біз білген тарихында, тіпті бүкіл Совет одағының тарихында тұңғыш рет кезінде бүкіл қазақ халқына «ұлтшыл» деп айдар таққан Орталықтың өктемдігіне қарсылық білдіріп, СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының шешімі айыпталды. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде жарлық шығып, онда желтоқсанның 17-сі демократиялық Жаңару күні болып белгіленді.

Желтоқсан оқиғасына уақыттың өзі әділ бағасын берді. Бұл Қазақстанның егеменді ел болуының белгісі. Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне енді сол күнге де жеттік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Комиссия материалдарынан // Социалистік Қазақстан. 4 қазан, 1990 ж.
2. Б.Исабаев. «тарих қиянатты кешірмейді» // Лениншіл жас. 29 қыркүйек, 1990 ж.
3. Алматы. 1986. Желтоқсан. // Алтын Орда. 1991 ж., 40 бет.
4. Н.Савицкая. «Күнгеймен көлеңке» // Бірлесу газеті. 27 қыркүйек, 1990 ж.»
5. К.Ергебеков. «Асыра сілтеуге неге жол берілді?» // Социалистік қазақстан. 5 декабрь, 1989 ж.
6. М.Устюгов. 1986 ж. желтоқсанда не болған еді? // Социалистік қазақстан. 5 декабрь, 1989 ж.
7. Қ.Рысқұлбеков. «Бір құдай өзі куә, адам баласын өлтіргем жоқ» // Өркен. 20 қазан, 1990 ж. 5 бет.
8. Н.Муфтах. «Құпиялы қаза» // Егеменді Қазақстан. 24 тамыз, 1991 ж.
9. К.Табей. «Жаппай жазалау. Сот» // Қазақ әдебиеті. 20 желтоқсан, 1991 жыл, 6 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются итоги работы Комиссии, созданной для оправдания молодежи, участвовавших в декабрьских событиях 1986 года в Казахстане.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды ақтау үшін құрылған Комиссияның атқарған жұмыстары мен қорытындысы туралы жазылған.

МҰСТАФА ШОҚАЙ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АҢСАҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚ МҰҒАЖЫРЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Есибаева А.К. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Өзінің сан ғасырлық қайғы қасіретке толы тарихында Түркістан халықтары тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, талай оқиғалардың куәсі болды. Кешегі тоталитаризм заманында бостандықты, азаттықты, теңдікті аңсаған сол үшін жан аямай күрескен ата-бабаларымыздың тарихы Ресей тарихнамасының ықпалында жазылып отаршыл идеологияның темір құрсауында бұрмаланып жазылды. Түркі халықтарының сан ғасырлық тарихы, мәдениеті Ресей тарихының көлеңкесінде қалып қойды.

Тарихымыздың аласапыранды, құғын-сүргінді беттеріне 20-30 жылдар жатады. Бұл түрік халқы үшін күрестерге толы тарихи кезең болды. Үміт пен күдікке қымқиғаш шытырманды оқиғаға тап болған кез болды. XX ғасырдың басында қазақ, башқұрт, өзбек яғни жалпы Түркістанның халықтарының бостандығыны мен тәуелсіздігін талап еткен зиялыларымыз халық жаулары деген айдармен айыпталып тұтқынға түсті, қудаланды, атылды. Осындай жолға түскісі келмеген түрік зиялылары Кеңес өкіметінің саясатына келіспей шетелге мұғажырлыққа кетуге мәжбүр болды. Ал олардың шетелдегі қоғамдық-саяси қызметі туралы айту түгіл оларды еске алуға да рұқсат етілмеді. Сондықтан Түркістандық Еуропадағы мұғажырлардың тарихы архивтерде жабық күйінде шаң басып жатты. Енді міне, Түркістан халықтары тәуелсіздік алғаннан кейін тарихымыз түгенделіп, "ақтаңдақтардан" ажыратылып, шынайы, объективті түрде тарихымыз жазылуда.

Сонымен Ресейде жеңіске жеткен большевиктердің ұлт мәселелесіне қатысты саясаты және олардың ұлттық демократиялық күштермен санаспауы көптеген түркістандық қайраткерлердің эмиграцияға кетуіне себеп болды. Олардың қатарында Ресейдегі түрікшілдік қозғалыстың көрнекті өкілдері М. Шоқай, А. З. Уәлиди, А. Ысқақи, Ф.Тоқтар, М.Э.Расул-Заде және т.б. болды /1/. Осы тұлғалар Түркістанның азаттығы жолында күрес жүргізді және тұтас Түркістан идеясының басты қолдаушылары болды. Әсіресе, өзінің эмиграциялық өмірінің ешбір кезеңінде тұтас Түркістан идеясына салқылдақтық танытпаған М. Шоқай бағытын зерттеу тарихи әділеттілік тұрғысынан да, адамгершілік тұрғысынан да дұрыс болса керек. Ал енді оның шетелдік эмиграцияға кетуі қаншалықты негізді еді деген мәселеге тоқталайық. Осы орайда М.Қойгельдиев еңбегінен мынадай бір кішкене деректі келтіре кетейік: "Ол Грузияда журнал шығарып тұрған шағында Ташкендегі Сұлтанбек Қожанұлынан телефонограмма алады. Онда алдымен істеп алып, артынан кешірім сұрайтын Кеңес үкіметінің бbbҚоқан автономистеріне амнистия жариялағандығы, соған байланысты Мұстафаның кейін, Ташкенге қайта орала беруіне болатындығы жөнінде айтылған еді. Бір ғажабы, Мұстафа бұл арада өте тиімді шешімге келе білді" /2/. Осындай шешімге 1923 жылы 20 ақпанда А. З. Уәлиди де келген болатын.

Өмірдің өзі көрсетіп бергеніндей ешқандай да эмиграциялық жолға бармай, отанында қалған Алашзиялылары түгілі, ұлтының табиғи құқығы жолында күрес жүргізген немесе дұрыс пікір айтқан коммунистін тұғырнамадағы түрік қайраткерлерін кешіре алмаған РКП(б) ОҚ-ның М. Шоқай мен А. З. Уәлидиді "кешіруі" екі талай еді. Мұны М. Шоқай да, А. З. Уәлиди де айқын ұғынса керек. Сондықтан да олар саналы түрде эмигрант тағдырын таңдап алды.

Эмиграциялық жолмен Парижге келгенде пойыз станциясында Шоқайларды (жұбайы Мария екеуі) қазан татарларынан Фуат Тоқтар күтіп алды /3/. Шоқайды Петербургтағы Ресей мұсылмандарының ортақ саяси жұмыстары кезінен бері танитын Тоқтар бір жылдан бері Парижде болатын. Осы уақыт ішінде біраз французша үйреніп, қалаға да үйреніп қалған еді. Парижді қыдыртып, жол бастаған Тоқтар оларды отельге орналастырды. Осылайша ерлі-зайыпты Шоқайлар лғаш түскен күні Парижде жаттық көрмеді.

Бірақ қуаныштары ұзаққа бармады. Бірнеше аптадан соң қолдағы бар ақша таусылды. Шоқайдың жұмыс табуы қажет еді, бірақ Парижге жаңа келген және тіл білмейтін оған жұмыс табылмады. Пәтер ақысын төлей алмай, көшеде қалу қауіпі туды.

Мұның амалын Мария тапты. Ол үйді ресторанға айналдырып, Париждегі бойдақ орыс басқындарына үй тағамдарын жасап сататын болды. Бұл үшін қолда қалған соңғы 15 франкпен газетке хабарландыру берді. Хабарландыруда: Мадам Шоқайдан, 5 франкке үш табақтан (тарельке) тұратын түскі ас. Алдын ала орын бөлгізіп қою қажет. Түскі ас 12.00 мен 15.00 арасында", - делінді. Олардың бұл істері оңынан түсті. Ертеңіне алғашқы тапсырысты Ресейдің Ирандағы бұрынғы елшісі берді. Мария ханым бұрынғы елшіден келесі күн үшін 10 франк аванс алып, алғашқы ақылы тамағын дайындады /3/.

Париждегі алғашқы күндерінде Мұстафаға Мария арасан зор медеу болды. Ол үйде басқындарға тамақ дайындаумен қатар, театрда жұмыс істеп, түстен кейін Малчевский атындағы орыс хорына барып, ән салатын. Хормен бірге Париждің "Альгамбра", "Олимпия" және басқа театр сахналарына шыққан Мария үйіне келе саласымен ертеңгі күннің тамақ әзірліктеріне кірісетін. Шоқай көкөніс тазап, үстел мәзірін дайындап, жұбайының ауыр жүгін жеңілдетуге тырысатын. Сонымен қатар Мұстафаның баспасөзге жазған мақалалары үшін алған қаламақылары да үйдің кірісіне үлес қосатын. Бұл кезде Шоқай француз тілін де үйренуге күш жұмсады.

М.Шоқайдың 1923 жылдан бастап Париждегі орыс басқындарының баспасөзіне мақала жазуын жыл сайын арттыра түсуінің екі маңызды себебі бар еді. Біріншісі - қаламақысы, екіншісі - Түркістан мәселесін әлем жұртшылығына, әсіресе, Кеңестер Одағының халықтарға жеткізуі мақсаты болып табылады. Оның мақалалары көбіне Кеңестердің жүргізіп отырған саясатының Түркістанның жергілікті халқының мүддесіне қайшы екенін көрсетуге бағытталды. Түркістандықтардың мемлекеттік басқару орындарында екінші дәрежелі билікке ие екеніне назар аударып, олардың басқарудың әр сатысында белсенді қызмет атқару қажеттігін баса көрсететін еді. Ол Кеңес өкіметін осы тұрғыдан қатаң сынға алатын.

Сондықтан М.Шоқай Кеңестік Орта Азияда болып жатқан әлеуметтік және саяси өзгерістерге ашық қарсылық көрсеткен дара қайраткер ретінде ерекшеленді.

М. Шоқайдың эмиграциялық өмірінің алғашқы екі-үш жылы "өмір үшін күрес" және Францияға қалыптасу кезеңі болып откенге ұқсады. Мысалы, 1923 жылы Германияда орын алған ауыр экономикалық дағдарыс уақытында ондағы инфляцияны пайдаланған М. Шоқай Мария Яковлевна екеуі алты ай Германияда тұрып, ақшаларын үнемдеуге мәжбүр болады /4/. Тек қана 1923 жылдан бастап олар Ногот (Ножан) қаласында тұрған. Күнкөріс қамымен М. Шоқай Керепскийдің "Дни" және Милюковтың "Последние новости" басылымдарына корректор болып қызмет істейді. Мария Шоқайдың және басқа да зерттеушілердің айтуына қарағанда, 1923 жылдан бастап М. Шоқай "орыс демократиясынан мүлдем теріс айналып, орыс баспасөзінен де қол үзген".

Біріншіден, шынайы түркістандық мүддені білдіретін мақалаларын бұл басылымдар баса қоймаған. Өйткені, эмиграциядағы орыс "демократтары" Ресей империясының ішіндегі Түркістан мен өзге орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. Екіншіден, кезінде Түркістан ұлттық үкіметінің басшысы болған, өзі түрікшіл, тұтас Түркістан идеясын насихаттаушы тұлғаның өзге ұлттардың табиғи құқығына күле қарайтын орыс басылымдарында жұмыс істеуі оның саяси беделіне зор нұқсан келтіретін және өзіне деген сенімсіздік тудыратын. Үшіншіден, М. Шоқай сол кездің өзінде тәуелсіз Түркістан баспасөзін ұйымдастыруды ойға алып, оның жолында белін бекем буганға ұқсайды.

М. Шоқай Кеңестік Ресейдің қоластында қалған Түркістан мәселесіне халықаралық конференцияда көтеруге және әлем жұртшылығының назарын аударуға тырысқан. Мысалы, 1922-1923 жылдары (Т. Шағатай өзінің еңбегінде 1926 жыл десе, А. Оқтай 1925 жыл деп көрсетеді, ал 1923 жылы 24 шілдеде Швейцариядағы Лозанна конференциясы аяқталып, дүние жүзі Түркияның тәуелсіздігін мойындады) /5/. Швейцарияның Лозанна қаласында жиналған Түркияның тағдыры жөніндегі Халықаралық конференцияға Түркістан және жалпы түрік әлемі жөнінде М. Шоқай, А. Ысқақи, С. Максуди, Ф. Тоқтарлармен бірге оз талаптары мен көзқарастарын білдірген үндеу жіберген.

М. Шоқай Түркістаннан Батыс Еуропаға келген бірқатар түрік саяси эмигранттарымен бірге түрік халықтарының азаттығы жолында күрес бастады.

Жоғарыда атап көрсетілген мақсатқа орай, Франция астанасы Парижде тұрып, М. Шоқай Ыстанбұлда Зәки Уәлидидің бас редакторлық стуімен "Жаңа Түркістан" ("Иени Түркістан") журналын ұйымдастырды /4/. М. Шоқай 1927 жылдың маусым айынан 1931 жылдың қыркүйек айына дейін "Жаңа Түркістан" журналына атсалысып, аса құнды мақалалар жазады /6/.

Тұтас Түркістан үшін күрескен Түркістан саяси эмигранттарының азаттық қозғалысын көмескілендіріп, оларды Германияға соғыс жылдары қызмет еткен сатқындар ретінде көрсетуге тырысушылық әлі күнге қалмай келеді. Біз осы жерде тікелей "Түркістан легионы" нәм М. Шоқайға қатысты бұндай пікірдің толық негізсіз екендігін айтамыз. Бізге дейін осындай пікірді осы мәселеге

катысты зерттеу еңбектерінде Ө. Тәкенов, М. Қойгелдиев, Г. Көкебаева, А. Кәкен, Б. Садықова, Ә. Бәкіров сынды тарихшылар мен зерттеушілер де айтқан болатын. Сонымен қатар, М. Шоқайдың да, "Түркістан легионының" да Кеңес Одағына қарсы соғысқан сатқын болмағандығын Т. Шағатай, А. Өктай, Қ. Қанатбай, Кантемир, Х. Абдолла сияқты сол кезең куәгерлері де өз еңбектерінде толық дәлелдейді.

М. Шоқайға Германия үкіметі тарапынан "Франция мен Англияның шпионы" деген айып тағылған болатын. Бұндай айыптың толық негізсіздігіне Германия басшылығы тез арада көз жеткізді. Бірақ арақдатушыларға (Вали Каюм болуы әбден мүмкін) ешқандай шара қолданылмады. Ал Кеңестік насихат машинасы М. Шоқайға "Түркістан легионын құрушы", Германияға сатылған опасыз" деген айыптар тақты. Ал шын мәнінде, М. Шоқай "Түркістан легионын" құруға қарсы болып, ауру мен аштықтан, даң айтқысыз айуандық қатынастың салдарынан қырылып жатқан түркістандықтарды өлімнен арашалап алу үшін оларды жұмысқа орналастыру жағдайын қарастырған. М. Шоқай тұтқындардың өте нашар жағдайы туралы әкімшілік орындарға жолдаған хатында: "Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыз. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көрні жүргендерім болса, онда мен сендерге де тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін" /4/ - деп жазған. Легионер Қарыс Қанатбай "Менің Мұстафамен кедесуім" естелік-әңгімесінде Мұстафа былай деді деп еске алады: "Менің ең негізгі қамқорлығым сендердің әрқайсыңа біздің болашақ отанымызды - Түркістанды құру үшін қажетті әр түрлі іскерлік жұмыстарға орналастыру болмақ!" Бұл пікірді түркістандық соғыс тұтқыны, кейіннен Германияда қалған Жәкебай (Жантемір) Бағыш толығымен растай отырып былай дейді: "Мұстафа неміс басшыларымен сойлескенде, үркістандықтардан легион құруға қарсы болған. Ол түркістандықтардың тұтқыннан босатылып, Германияның кәсіпорындарына жұмысқа орналастыруын талап еткен. Бұл, әрине, неміс басшылардың ол кездегі саясатына қайшы келгендігі түсінікті. Германияның әскери істер және эмигранттарымен шұғылданған кісілердің түрік тектес әскери тұтқындарды Мұстафа тірі тұрғанда басқа біреу арқылы басқартуы қиын екендігін әбден түсінгендігі мүмкін" /7/.

Біз ендігі жерде М. Шоқайдың өліміне қатысты мәселеге қысқаша тоқтала кетейік. М. Шоқайдың жары Мария ханым өз естелігінде Мұстафаны у беріп өлтірген деген пікірде екендігін білдіреді. "...мен Мұстафаның, - дейді Мария Шоқай, - өз ажалынан өлмегенін, оған у беріп өлтіргенін айтып қоймадым. Кантемир олай еместігіне мені сендірмек болып, бәріміз де сол науқасқа шалдығып, кейіннен айығып кеткен едік", - деді /4/. Ал Х. Абдуллин былай деп жазған болатын: "...Мұстафаның тамаша кимас досы, Солтүстік Осетияның мұсылманы Қантемір сол кезде қазақ жігіттерінің басшыларына - Кәріс Қанатбаевқа, Мәжит Айтбаевқа (қобызшы Қорқыт) және Мәулікеш Қайбалдинге (Асан Қайғы) бұл мәселені ешбір адамға айтпайтын құпия түрінде хабарлаған. Қантемірдің сөзін кейіннен, 1947 жылы, "49 Түркістан сатқындарының" он күнге созылған процесінде Берлиндегі СС бас штабының Шығыс бөлімінің бастығы доктор Ольшердің орынбасары профессор Шлемс дәлелдеп берген". Профессор Шлемс сот үстінде "49"-ды соттаған генерал-майор Қазболатовтың алдында былай деп жауап беріпті: «Мұстафа Шоқайды Шығыс министрі Розенбергтің тапсырмасы бойынша Вели Каюм у беріп өлтірді. Бірақ бұл сұмдықты мен де, доктор Ольшер де білмей қалдық, біз білген күнде бұл қайғылы оқиғаны болдырмайтын едік. Өйткені біз ешкімде де (Германияға да, Түркістанға да) бір тиын пайда түсірмейтін қылмыстың жасалуына жол бермеген болар едік. Кейіннен Вели Каюмнің ешнәрсеге қабілеті жоқ екендігін өмірдің өзі көрсетті!» /8/.

Ал енді, М. Шоқайды өлтірді деп күдік тағылған В. Каюмнан 1991 жылы Өзбекстаннан Германияға барған журналист Мұстафа Асаудуллаевқа "Мұстафа Шоқайға ешқашан у бермедім. Ол қайтыс болғанда екеуміз екі жерде едік" - еп жауап берген /9/. Сондай-ақ, Мария Шоқай 1943 жылы шілде және қараша айларында өзінің екі рет тұтқындалуын В. Каюмнан көреді. Және В. Каюмның өзіне Франциядан кетуге ұсыныс жасағанын, сыдан кейін В. Каюмға сенбегенін айтады.

Мұстафаның артында бай мұра қалды: ол 1917 жылы Ташкентте "Ұлұғ Түркістан", Қоканда "Жаңа Түркістан", 1919 жылы Тбилисиде "Вольные горцы", "Нарубеже", 1921 жылы Стамбұлда "Шөбнәме газетасы" газеттерін; сондай-ақ "Жаңа дүние" (1920), "Жаңа Түркістан" (1927-1937), "Түркістан" (1935), "Орта Азия" (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, "Жас Түркістан" журналын шығарып, т. б. да көптеген еңбектерін бастырып шығарды /4/.

Мұстафа Шоқайұлы жөнінде әлі арнайы еңбектер жазылады деген үміттеміз. Ол нақты деректерге, архив мәліметтеріне сүйене жазылуға тиіс. Басты мақсат - туған халқының мүддесі үшін тар жол, тайғақ кешуден өткен Мұстафа Шоқайдың шынайы бейнесін корсету, әділ бағасын беру, орынсыз жаладан арашалау, ол туралы ащы шындықты боямау, бүркемелемей халыққа жеткізу парызымыз болып табылады.

Ұлттық зиялылардың өмір тарихын зерттегенде, атап айтқанда ХХ ғасырдың 20-30 жылдарын зерттегенде, кеңестік дәуірдегі тоталитарлық жүйеге, коммунистік партияның ұлттар туралы саясатына, оның ішінде шығыс халықтарымен қызыл империяның қарым-қатынасы мәселесін назардан тыс қалдырмау қажет. Өйткені баса айтып сол кездегі тоталитарлық жүйенің сын көтермейтін тұстарын ашып көрсетуге мүмкіндік туады. Отанынан жырақта жүріп өзінің елі, туған жері, сол жердегі халықтың бостандығы, теңдігі, егемендігі туралы бүкіл дүние жүзіне жар салған Мұстафа Шоқайдың еңбектерін, мұраларын жинау, оларды зерделеп оның қоғамдық-саяси қызметінің барлығы да тұтас Түркістанның тәуелсіздігі болғандығын зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу және Мұстафа Шоқайдың еңбектерін Қазақстан тарихының тарихнамасына қосу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселенің бірі екендігін мойындауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. // Алматы, 2002, 164 б.
2. Қойгельдиев М. Түркістанның ұлы перзенті. // Қазақ тарихы. 1997, № 2, 21 б.
3. Абдуқап Қара. Мұстафа Шоқай. // Алматы, 2004, 154 б.
4. Шоқай М., Шоқай М. Естеліктер. // Ыстанбұл, 1997, 271 б.
5. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түрікшілдік. // Түркістан, 1997. 26 наурыз
6. Оралтай Х. Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары. // Қазақ тарихы, 1997. № 2, 9 б.
7. Бапыш Ж. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ диаспорасы жайында. // Жас Түркістан, 2001, № 2, 85 б.
8. ҚРОМА. Р-2164-қ, 1 тізім, 81-іс, 4 п.
9. Вали Каюмхан. Мұстафа Шоқайды мен өлтірген жоқпын. Өзбекшеден аударған М. Ерiмбет. // Түркістан, 1997, 13-19 тамыз, 3 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада тәуелсіздікті аңсап, шетелге мұғажырлыққа кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқайдың өмірінен естеліктер баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются воспоминания М.Чокая, в котором он мечтая независимости вынужден был покинуть Родину.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Қозғамбаева Г.Б. - т.ғ.к.доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1997 жылы жариялаған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында қоғамымыздың кемел келешегі мен мемлекетіміздің ұлық мұратын баяндай отырып, сол мақсатқа жету үшін ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет деп көрсетті. Соның бірі – 4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларының барлығы ұзақ мерзімдік «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асыру жолына бағытталған және соңғы Жолдауларында білім беру мәселесіне ерекше ден қойылып, іргелі міндеттер белгіленді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 19-наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында атап көрсетілгендей: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады» /1/,3/. Нақтылай айтсақ, ұлттық қауіпсіздік, тәуелсіздік, әлемдік өркениетке ену және одан лайықты орнын табу – халықтың білімділік деңгейіне тікелей тәуелді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта білім беру саласын нығайтуға бағытталған реформалар жүзеге асып келеді. 1999 жылдың 19-маусымында қол қойылған Болон декларациясы еліміздің білім жүйесінің еуропалық және халықаралық білім кеңістігіне кіруіне үлкен мүмкіндік берді. ҚР Президентінің 2001 жылғы желтоқсандағы жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйытқы болуымен Республикада білімді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Білім жүйесін реформалаудың көптеген өзекті тұстары осы бағдарламада нақты жоспарлар мен дәйекті сандар арқылы айқын көрініс тапты.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінің басты мақсаты – ол әлемдік білім кеңістігіне кірігу, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру, бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастырып, білікті маман етін даярлау, сөйтіп мемлекеттің дамуына үлес қосу.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» жолдауында білім беру жүйесін дамытудың бірнеше ауқымды шаралары ұсынылды. Келешекте жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтау керек екенін, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу қажеттілігін атап өтті. Қазақстандағы жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемге танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті екендігі айтылды.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылғы 1 – наурыздағы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпінді жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында таяудағы он жылда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттің қатарына шығару міндетін қойды. Бұл жолдауда

еліміз үшін экономикалық және қоғамдық жанару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім жүйесінің қажеттілігіне назар аударылған. Осыған орай 12-жылдық оқуға көшу шеңберінде техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында одан әрі оқуды таңдағысы келетіндерге 10-жылдық орта білім беруді жоққа шығаруға болмайтындығы айтылды. Адамның өмір бойы білім алу үшін жағдай жасалуы керектігі назардан тыс қалған жоқ. Жоғары білім беру саласында техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып жоғары оқу орындары желісінде оңтайландыру жүргізілуі тиіс екендігі, жоғарғы оқу орындарының мәртебесі мен мамандыққа қарай мемлекеттік гранттардың құнын саралауды ойластыру керектігі айтылды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28-ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі- тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі керек» деп атап көрсетті /2/,9/.

Осы жолдаудың ««Қазақстан – 2030» стратегиясы «Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты» деп аталатын екінші бөлімінде білім беру мен кәсіптік қайта даярлаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат баяндалып, еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу жолдары қарастырылған. Ол бойынша біріншіден үш ауысымдық оқытуды жою керектігі айтылып, 2007-2009 жылдары 100 мектеп салу қажет деп жоспарланған. Республикада үш ауысым бойынша оқитын мектептер саны-115. Ал әрбір облыс бойынша қарастырсақ мынадай мәліметтер: Оңтүстік Қазақстан облысы -55, Қызылорда- 11, Атырау- 9, Алматы- 9, Батыс Қазақстан облысы - 8, Ақмола- 5, Астана- 5, Маңғыстау-4, Жамбыл- 3, Алматы- 3, Шығыс Қазақстан облысы - 2, Қарағанды- 1. Республика бойынша мектептердегі оқушы орындарының жетіспеушілігі 153585, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы – 93 300, Алматы қаласы -19 485, Астана қаласы – 11 842, Маңғыстау – 11 288, Атырау-10 080, Қызылорда-7 584 /3/,12/.

Салынатын 100 мектептің 39 мектебі Оңтүстік Қазақстан облысында салынуға жоспарланған, олар: Арыс ауданында – 1, Бәйдібек ауданында – 4, Қазығұрт ауданында – 1, Мақтарал ауданында – 5, Ордабасы ауданында – 2, Отырар ауданында -2, Сайрам ауданында – 3, Сарыағаш ауданында – 4, Созақ ауданында – 2, Төлеби ауданында – 2, Түлкібас ауданында – 3, Шардара ауданында – 1, Кентауда– 1, Түркістан ауданында – 2, Шымкент қаласында – 6 мектеп.

Мектептерді материалдық-техникалық, оқу -әдістемелік және ақпараттық тұрғыда қамтамасыз етпейінше сапалы білім беру мүмкін емес. Барлық мектептерді химия, физика, биология, тарих, география, еңбек кабинеттері мен көп тілді білім беруді дамыту үшін мультимедиялық кабинеттермен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер Президенттің 2004 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған және іске асырылуы Үкіметке тапсырылған. 2010 жылға дейін мектептердің компьютермен қамтамасыз етілуін шәкірттердің жалпы санынан әр жиырма оқушыға 1-компьютерден келетін қатынасқа жеткізу және міндетті түрде интернетке қосылу мүмкіндігінің болуы міндеті қойылды /4/.

Бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысында шамамен 200-дей мектеп интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасы бойынша жалпы білім беретін мектептердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етіледі деген жоспар бар.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстан мектебі нарыққа көшумен байланысты елеулі материалдық, кадырлық және моральдық кедергілерге тап

болды. Алайда халықтың көпшілігі үшін тегін орта білім берудің материалдық және кадрлық базасын сақтап қалудың сәті түсті.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында қазақ мектептері әлемдік тәжірбие тұрғысында ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар ескеріле отырып, біртіндеп жаңғыртыла бастады.

XXI ғасырдың басында бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін қалпына келтіру үшін нарықтық қатынасқа баламалы орын іздестіріле бастады. Негізінен бизнестің экономикалық өрлеу жағдайында жұмысшы кадрларын даярлауға деген мүдделілігін пайдалануға баса ден қойылды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурызда халыққа арналған Жолдауында «Бизнес пен оқу-білім жүйесінің экономика үшін білікті кадрлар даярлау саласындағы бірлескен қызметі компаниялардың өздеріне де, жалпы елдің мүдделеріне де тиімді. Мұнда байсалды түсіндіру жұмысы да, бизнестің бастамаларын қолдау бағдарламасы да талап етілетіні айқын» екені айтылды/5./3/.

Әлемдік сұранысқа сай Қазақстан да жалпы білім беру жүйесі негізінде 12 жылдық білім жүйесіне көшірілуде.

Оқу-тәрбие процесін ізгілендіру арқылы, сапалы білім берудің тиімді жолдарын игеруде Оңтүстік Қазақстан облысында 1996 жылы ҚР Президентінің «Дарынды балаларға арналған мектептерді дамыту және мемлекеттік қолдау туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің қолдауымен дарынды балалармен жұмыс жүргізетін білім беру мекемелерінің желісі құрылды. Олар: ОҚО-ы орталығында орналасқан №1 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты, сондай-ақ Кентау, Түркістан, Қазығұрт, Төлеби аудандарында дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп-интернаттары ашылды. Облыс бойынша қазақ-түрік лицейлері де, «Тау самалы» оқу сауықтыру орталығы да «Дарын» желісі негізіне орай жалпы білім берілуде.

Мұндағы ең басты мақсат - дарынды балаларды анықтау, оқыту, дамыту, оларға қолдау көрсету, жекелеген пәндерге деген қызығушылығын арттыру.

Осы бағдарламаның нәтижесінде жоғарыда аталған білім беру мекемелерінің түлектері түрлі деңгейдегі білім сайыстарында биік жетістіктерді көрсетуде, мысалы облыс оқушылары облыстық, республикалық білім сайыстарынан кейін халықаралық деңгейдегі Босния, Герцеговина, Ресей федерациясы Саха, Түркия мемлекеттерінде откен білім сайыстарында көптеген жеңісті орындарды иеленуде. Бұл көрсеткіш бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жалпы білім беретін мекемелердің көрсеткіші, ал республикамыз бойынша қаншама түрлі деңгейдегі білім сайыстарында биік жетістіктерге жеткен оқушыларымыздың саны қаншама.

Н.Ә. Назарбаевтың «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» өкімі Қазақстан мектебін сапалық жаңғырту жолындағы нағыз стратегиялық мәні бар алғашқы елеулі қадам болды./6./282/

«2030 стратегиясын» жүзеге асыру барысындағы республика бойынша мұғалімдерінің жұмысты шығармашылықпен ұйымдастыра білуі, педагог тұлғасының жылдан-жылға қадір-қасиетінің көтерілуінің бір жақ беті десек қателеспейміз.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуде атқарылып жатқан іс-шаралар көп. Елдің ертеңі – ұрпақ қолында. Егемен еліміздің болашақта өркениетті мемлекеттер санына қосылып, тәуелсіздіктің қок байрағын биік ұстауы қазіргі мектеп партасында білім алып өтырған жас ұрпақтың білімі мен ақыл-парасатына, іскерлігі мен жауапкершілігіне байланысты. 2030 жылдарға қарай Қазақстанды өзге дамушы мемлекеттерге үлгі болатын дәрежеге жеткізетін зерделі ұрпақ қазір мектепте отыр. Елбасының тапсырмасымен әрбір баланың алаңсыз оқуына, әлемдік деңгейде білім алуына жағдай жасалып отыр.

Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім жүйесін одан әрі дамытуға, оның қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру қолға алынды.

Қазақстанның ғылымы мен білім беру саласында ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында қойылған Қазақстан ғылымын одан әрі дамыту жөніндегі міндеттерді дамыту барысы нысаналы және жоспарлы түрде жүргізілуде.

2006 жылы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жаңа жоспары мен түйінді іс-шараларын әзірлеу жұмысын бастады.

Қорыта айтқанда, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» жасау, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру өз қолымызда. Ол үшін білім, ғылымның кілтіне мықты болуымыз қажет. Туған тіліміздің тұғырын биік ұстай отырып, өзге тілдерді меңгеру, сол арқылы әлемдік экономика жетістіктеріне қол жеткізу, жаңа технологияларды меңгеру - бүгінгі күннің талабы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2004, 19 наурыз.
2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Астана, 2007.
3. Материалы к выступлению Министра образования и науки Республики Казахстан Ж.К.Туймебаева на расширенном заседании коллегии «О мерах по реализации Послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» от 28 февраля 2007 года и Программы Правительства Республики Казахстан на 2007-2009 годы» г. Астана 20 марта 2007 г.
4. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2006ж. 1 наурыз // Егемен Қазақстан, 2006, 2 наурыз.
5. Бәсекелестік - білім сапасының кепілі // Егемен Қазақстан, 2004, 8 қазан.
6. Қазақстан тарихы. Алматы Атамұра баспасы 2010., /Көне заманнан бүгінге дейін 5 том, -282б.,

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Қазақстан-2030» бағдарламасы және Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается Послания Президента и общая образовательная система в Казахстане

КЕҢЕСТІК БИЛІКТЕГІ КОМСОМОЛ ОДАҒЫ ҚАЛАЙ ТАРАТЫЛДЫ

Сайлан Б.- т.ғ. к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Комсомол кеңестік саясаттың барлық тапсырмалары мен нұсқауларын бұлжытпай орындады. Ал негізінде оны орындауға мәжбүр болды да. Өйткені кеңестік қоғамның басқару, билік жүргізу жүйесі тек бір гана орталықтан жүргізілді. Қалай десекте комсомол өз басынан қилы-қилы замандарды бастан өткерді. Қайнаған тірлік пен сұрапыл соғыс, шаруашылық пен өнеркәсіп секілді ауыр тірліктердің басы қасында бірінші қатарда болып жүрді.

Бүгінде біздің республикамыздың тарихындағы комсомолдың ролі туралы көптпеген түрлі тұжырымдар, болжамдар бар. Комсомол белгілі бір тарихи жағдайларда қандай болуы керек болса, соның ырқымен жүруге мәжбүр болды. Біз бұны түсінуіміз де, мойындауымыз да қажет. 70 жыл тарихымызда қазақ қоғамының гүлденуі, экономикамыздың өрлеуіне комсомол ұйымы елеулі үлес қосты. Сондықтан - өткен жылдардағы жалынды жастардың патриоттық іс-әрекеттерін сызып тастауға да болмайды. Бұл тарихтың ерлікке толы немесе қайғылы жылнамасын өмірлерімен жазған миллиондаған жігіттер мен қыздардың тағдыры. Өздерінің арман-тілектері үшін де қан төккен алғашқы комсомол жетекшілері Ғани Мұратбаев, Алма Оразбаева, Мирасбек Төлепов, Садық Нұрпейсов және т.б. арманшыл алғашқы комсомолдардың көпшілігі небәрі 18-20 жаста еді /1/.

1917 жылы шілде-маусымда болған РСДЖП-ның VI съезі «Жастардың одақтары» турасында қарар қабылдады. Съездің шешімдері партияның революцияшыл жастар ұйымын құру жөніндегі қызметінің негізгі бағыттарын белгілеп берді, ал бұл шешім 1918 жылдың қазанда Ресей Коммунистік Жастар Одағының құрылуымен аяқталды. В.И. Ленин РКЖО-ның I съезінің делегаттарымен кездесіп, комсомол съездеріне құттықтау жолдады. 1920 жылы РКЖО-ның III съезінде ол сөз сөйлеп, сөзінің негізгі арқауы комсомолдың міндеттері туралы болды. Ленин нақ осы комсомолды жастардың ұйымдастырушысы, жігіттер мен қыздарға коммунистік тәрбие беруде, оларды жаңа қоғамның құрылысына тартуда партияның көмекшісі деп білді /2, 17-б./.

1921 жылдың 7-шілдесінде Өрынборға, алғашқы комсомол съезіне шала сауатты, аш-жалаңаш, бірақ В.Ленин идеяларын бойларына сіңірген және оның жеңісі үшін күресуге бел буған кедей шаруалар мен малшылардың балалары жиналды. Міне, республикалық комсомол ұйымы өзінің өмір сүру жылнамасын осы сәттен бастады /1/.

Жастар мәселесі саласындағы заң жобасын жасау жөніндегі белсенді жұмыс әлемдік қоғамдастықтың белгілі бір бөлігінде қоғамның дамуы үшін жас ұрпақ проблемаларының маңыздылығын түсінушілік бар екенін көрсетті, КСРО-дағы бұл саладағы белсенділік те осыған байланысты өрбіді.

1960-жылдардың басында-ақ қоғамда жастар проблемаларын зерттеуге көңіл бөлініп, бір топ жас ғалымдар өздерінің отандық әлеуметануды қайта өрлету туралы бастамашылығын қолдауды ұсынды. Алайда жоғарғы басшылық ол уақытта жастар туралы арнайы Заң қабылдау идеясын қолдамады. Бірақ мұның өзі мемлекеттік жастар саясатын дамытуда белгілі бір қадам болды.

Жастарға коммунистік тәрбие беру жұмысына КПСС тің XXIII съезінің шешімдері нақтылы талаптар қойды, жастар тәрбиесін өнімді еңбекке айналдырымыз және партияның бағдарламаларын жүзеге асыра отырып Кеңес үкіметінің ұлдары мен қыздарын коммунистік рухта тәрбиелейміз деп сендірді. КСРӨ-да жастар туралы Заң қабылдау туралы тиісті уәждер келтірілген ұсыныстар мен ұсынымдар ғылыми жарияланымдарда одан әрі көтеріліп жатты. 1980-жылдардың ортасына қарай жастарға қатысты заңдарға түрлі көзқарастар болды. Бұған 1985 жылы Халықаралық жастар жылын дайындау мен өткізу, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 40-

сессиясының 1985 жылғы 18 қарашадағы «Жастарға қатысты тиісті дәйекті шараларды одан әрі жоспарлау мен жүзеге асыруға арналған басшылық принциптер» жөніндегі қарарының жүзеге асырылуы көп септігін тигізді. Қарарда үкіметке «Жастарға қатысты ұлттық заңдарды тиісті халықаралық құжаттарда белгіленген халықаралық нормаларға толық сәйкестендіре отырып қайта қарау, жаңарту және қажет болған жағдайда жақсарту» ұсынылды /3, с. 121/.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 41-ші және 42-ші сессияларында Халықаралық жастар жылына байланысты бұдан кейінгі қызметке барынша назар аударып, жастарға қатысты тиісті шараларды одан әрі жоспарлау мен жүзеге асыруға арналған басшылық принциптерді толықтай жүзеге асыру қажеттігі атап көрсетілді. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Бас хатшысының «Жастарға қатысты саясат пен бағдарламалар: қатысу, даму, бейбітшілік» деген баяндамасы талқыға алынды. Баяндамада Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитет құру козделгені атап айтылды.

Алайда 80-жылдардың екінші жартысында кеңестік идеологияның қыспағына қарсы уәж айта бастаған жастардың қатары бірте-бірте көбейе бастады. Қазақ жастары Еуропа елдерінің студент жастары сияқты қоғамда болып жатқан саяси жағдайларды назарларынан тыс қалдырмауға тырысты.

Қазақ жастары кеңестік билік саясатына ашық қарсылықтарын әлемнің Еуразиялық бөлігін тұтастай алып жатқан кеңестік қызыл империяның іргесін шайқалтқан, төрткүл дүниеге серпін берген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында білдірген болатын. Бұл қазақ жастарының ұлт республикаларын жетпіс жылдан астам уақыт бойы тас бұғауда ұстап, сан мыңдаған адамның тағдырын күйреткен тоталитарлық мемлекеттің саясатына қарсы ашық түрде араласуы еді. Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы бүкіл әлемді елең еткізді. Ұзақ жылдар бойы КСРО-ның құрсауында болып келген республикалардың ішінен қазақ жастарының бас көтеруі басқа республикалардағы демократиялық қозғалыстардың жандануына бастамашы болды. Желтоқсандағы қазақ жастарының бейбіт шеруі ұлтшылдық бой көрсету емес, ол – жастардың билік басындағылардың әлеуметтік-экономикалық саясатына наразылықтары және әлі буыны қатпаған демократия мен тоталитарлық жүйенің қақтығысы еді.

КСРО-да жастар мәселесіне байланысты Заң қабылдау қажеттігі жөнінде ұсыныстар одан әрі жалғаса берді. Бұл 80-жылдардың екінші жартысында үлкен шындыққа айналып, Заңды дайындауға белсене кірісті. Мұны әсіресе комсомол құжаттарына жасалған талдау айқындап берді. Нақтырақ айтсақ, 1987 жылы сәуір айында өткен XX съезінде жастар туралы Заң қабылдау жөнінде комсомолдар тарапынан ұсыныс түсіп, бұл идеяны көпшілігі қолдады /4/.

1988 жылғы КОКП-ның Бүкілодақтық XIX конференциясы жастар саясатын талдап белгілеуге қатысты маңызды қадам жасады. Онда былай деп атап көрсетілді: «КОКП-ның, мемлекеттің қазіргі заманғы жағдайда жастарға қатысты ойластырылған, біртұтас саясаты болуға тиіс. Және осымен бір мезгілде оны жүзеге асырудың заңи, экономикалық және саяси тетіктері жасалуы тиіс» екендігі арнайы атап көрсетілді /4/.

Комсомолды реформалау үдерісі жас ұрпақты әлеуметтік-қорғау функциясымен сипатталды. Жастар саясатының құқықтық негіздерін құру комсомолдың нақты әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуге белсене қатысуымен қуатталды. БЛКЖО ОК-ның тікелей қатысуымен әлеуметтік қамсыздандыру тәртібі өзгертілді, жас отбасыларын, жалғызбасты аналарды матариалдық қолдау жөніндегі шаралар енгізілді, кәсіпорындар мен ұйымдарға жігіттер мен қыздарға көмектесу үшін, жастар қорларын құру үшін қажетті құқықтар берілді. «КСРО-дағы мемлекеттік жастар саясатының жалпы бастаулары туралы» заңды жүзеге асыру үшін КСРО үкіметі жанынан Жастар істері жөніндегі комитет құрылды. Бұл заңның дайындалуымен қатар республикаларда

европейскому восприятию даже не назовешь философской системой — настолько оно просто и как будто незначительно. Ни глубины Платона, ни сложности Гегеля. Лев Толстой, излагая учение Конфуция, свел его почти к одной фразе: «Достигнув спокойствия и постоянства, следовать своей природе» Конфуций открыл простой, универсальный закон бытия людей. «Правитель должен быть правителем, работник — работником, отец — отцом, сын — сыном. Младшие должны беспрекословно подчиняться старшим, но старшие должны требовать от подчиненных и младших только то, что могут подтвердить своим примером. Перечитав Библию и Коран, труды древнегреческих и новых философов, мировую художественную литературу с целью ответить если не на вечный вопрос «Зачем мы живем?», то хотя бы на вопрос «Как нам жить?», в конце концов приходим к этому закону бытия, сформулированному древним китайским философом, пророком или просто мудрецом не в нескольких томах сочинений и трактатов, а в нескольких строках. Это такой же абсолютный, всеобщий закон для жизни людей, как закон всемирного тяготения для вселенной. Камень, брошенный рукой человека, может некоторое время двигаться вопреки закону тяготения, но потом все-таки упадет на землю. Люди тоже некоторое время — иногда очень долго — могут жить вопреки естественным законам человеческого бытия. Это бывало и в Китае. Но рано или поздно жизнь пойдет по тому пути, который ясно увиделся когда-то Конфуцию.

Конфуций делил всех людей на пять категорий. Первая - люди привычки, живущие повседневной животной жизнью; их понятия дальше глаз, ушей и рта не простираются. Вторая - люди грамотные, образованные, живущие в соответствии с законами и обычаями. Третья - люди здравого смысла, одинаковые в горе и радости, невозмутимые философы, умеющие говорить и молчать. Четвёртая - люди прямодушные и истинно добродетельные. Пятая - люди, совершенные во всех отношениях. Он учил, что "человек обладает способностью совершенствоваться или развращаться, смотря по доброму или злему употреблению своей воли; за злые деяния он заслуживает наказания, за добрые - награды". Духовного человека от материалистичного Конфуций отличал на основе следующего критерия: "Человек возвышенный понимает, что хорошо; человек низкий понимает, что выгодно".

Наилучшим примером в этом смысле является сам Конфуций. Он завоевал славу великого учителя. Основой его учения стала концепция гуманности (жэнь). Так же, как сострадание является великой добродетелью буддизма, а любовь - христианина, жэнь представляет для конфуцианца конечную цель поведения и самоперевоспитания. И хотя большая часть работ Конфуция посвящена оценке человечества с этической стороны, он дал ясно понять, что именно небо его покровитель и источник мудрости: "Небо - автор моей добродетели". Конфуция и в самом деле можно назвать величайшим учителем всех времен. Именно Конфуций положил начало новому виду обучения, основав учебное заведение нового типа. До него система образования в Древнем Китае состояла из «казенных школ», в которые брали только детей из знатных семейств. Конфуций выступал против социальной дискриминации в обучении и воспитании и любил повторять: «Обучение доступно всем слоям общества». Он впервые в истории Китая создал частную школу, в которую могли поступать все люди независимо от их социального положения, и первым стал обучать простолюдинов. Как гласит предание, Конфуций имел около 3 тыс. учеников. Из всех обучавшихся у мудреца именно 72 ученика стали его ближайшими последователями и получили известность, например: Цзы Лу, Жань Ю, Цзы Гун, Янь Юань и др. Большинство из его учеников были выходцами из бедных семей. Все обучавшиеся были разного возраста, а некоторые из них даже приходились сверстниками своему учителю. Такие педагогические идеи Конфуция, как «обучение с учетом индивидуальных способностей ученика», «эвристический метод обучения» и др., не утратили своей актуальности и сегодня.

Обучая других, Конфуций систематизировал и редактировал литературное наследие прошлого: «Шаншу» («Книга документов», древнейшее собрание исторических записей Китая), «Шицзин» («Книга стихотворений», древнейший свод китайской поэзии за период с 11 по 6 в. до н. э.), «Ицзин» («Книга перемен», гадательная книга в древнем Китае). По преданию, летопись княжества Лу написана самим Конфуцием. Она называется «Чуньцю» («Весны и Осени») и является первой исторической хроникой в Китае. Летопись «Чуньцю» служила образцом ведения исторических записей в Древнем Китае (до этого летописи составлялись придворными историографами). Особо почитаемая книга конфуцианства – «Луньюй» («Беседы и суждения») – представляет собой сборник высказываний и вопросно-ответных бесед учителя с ближайшими учениками и последователями. Позже, уже спустя много лет после кончины любимого учителя, эти беседы были записаны по памяти учениками Конфуция. В «Луньюй» в концентрированном виде собраны политические взгляды, философские идеи, моральные принципы, методы воспитания и обучения, разработанные Конфуцием. На протяжении многих веков эта книга оказывала существенное влияние на мировоззрение и образ жизни китайского народа, в особенности китайского ученого сословия и интеллигенции.

ЛИТЕРАТУРА

1. Беседы и суждения Конфуция . М., 2001 .
2. Малявин В.В Конфуций.
3. Переломов Л.С. Слово Конфуция.
4. Переломов Л.С. Конфуций: „Лунь юй“» (исслед., пер. с китайского; комм. Чжу Си).
5. Фицджеральд С.П. Искусство .
5. Энциклопедия для детей. Том 6. «Религии мира». Часть 2 — М., 2001 .
6. Чудина Ю.Ю. История древнего мира. М., 2001

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются учение Конфуций и его высказывания которые не утратили своей актуальности и ценности до наших дней.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада бүгінге дейін маңызын жоғалтпаған Конфуций ілімдері мен өсиеттері туралы айтылады.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА**ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ
ТОТАЛИТАРИЗМ ҚЫЛМЫСЫН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ**

Абжаппарова Б.Ж. - т.ғ.к., доцент

(Астана қ-сы, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті)

Өндірістік-техникалық интеллигенцияға қатысты тоталитаризм кезіндегі репрессиялық саясат тарихын зерттеуді біз бірнеше кезеңге бөлін қарастырамыз:

- бірінші 1928-1930-шы жылдардың басында. «Донбасстағы шахта ісіне» байланысты буржуазиялық мамандарды қудалаушылық, айыптау көрініс тауып, оның ықпалы Қазақстанға да әсер етуі;
- екінші кезең 1937-1938 жылдар. Өндірістік-техникалық интеллигенция өкілдерінің халық жаулары ретінде айыпталып, саяси қуғын-қуғын сүргінге ұшырауы;
- үшінші кезең 1940-шы жылдардың ортасы мен 1950-ші жылдардың басы буржуазиялық ұлтшылдықпен күрес;
- төртінші кезең 1960-1980 –ші жылдардың ортасына дейін. Тоталитарлық жүйенің қазақ ұлтшылдарын айыптауы. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасымен байланысты болуы.

1970 жылы көптомдық «КОКП тарихында» «шахта ісіне» байланысты берген түсініктемесінде «бұрынғы шахта иелері мен ескі мамандардан құрылған ірі көнтрреволюциялық ұйымның мүшелері көмір өндіруге іріткі салып, КРСО-ғы индустриализациялауды бүлдіріп, қорғанысын әлсіретуге тырысуда деп атап көрсетілді. Оларға шахта, заводтардың, электр станцияларының құрылысын қасақана дұрыс жасамай, шахтерлердің материалдық жағдайын төмендетуге тырысып отыр деген айып тағылды /1, 547-548/. 1928 жылдың бас кезінде Донбасстың Шахта және басқа аудандарында буржуазиялық мамандардың зиянкестік ірі ұйымы әшкереленгендігі де жазылды.(Шахта ісі) /2, 389-390/. Сот процестері арқылы интеллигенцияны қорқытып, үркіту арқылы, экономикалық саясаттағы кейбір келеңсіздіктер, іске аспаған міндеттер үшін барлық жауапкершілік интеллигенцияға жүктелуі интеллигенцияны идеялық жағынан тәрбиелеудің құралына айналды. Осы кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында сот процестерінің барысы кеңінен жарияланды. Интеллигенция тарихын зерттеген ғалым В.А. Куманев. «30-е годы в судьбах Отечественной интеллигенции» деп аталатын 1991 жылы жарық көрген еңбегінде «шахта ісі – алғашқы ашық сот спектаклі» деп бағалай отырып, Донбасс елдің кочегаркасы, КСРО-ның жетекші пролетарлық аудандарының бірі ретінде таңдалуы кездейсоқ емес екендігін, әрі буржуазиялық мамандарды жай қорқыту ғана емес, сол кезеңде генсекке ұнамай отырған кәсіподақ пен еңбекші бұқараның басында отырған М.Томскийге қарсы ұйымдастырылған әрекет екендігін пайымдайды /3, 44/. Бұл жөнінде «барлығы көмір өнеркәсібінде жұмыс істейтін 53 инженерлер мен техниктердің сотқа тартылып, шахталарда жаппай диверсиялар ұйымдастырып, көмір өнеркәсібі мен транспорттың бұрынғы иелерімен байланыста болып, тікелей зиянкестік пен кеңестік насихатқа қарсы және шетелден ақауы бар қымбат құрал-жабдықтарды сатып алуға қатысты деп айыпталғандығын» саралайды /3, 46/.

Сонымен қатар В.А. Куманев империалистердің жұмысшылар мен шаруалардың бірінші мемлекетіне қауіп төнуі мүмкін деген сталиндік насихат, бас хатшы мен оның төңірегіндегілердің қатаң күшті әрскетін ақтаудың басты факторларының бірі болды. Нәпты жою, басқаша ойлағандарды қудалау, партиялық өмірдегі, өндірістегі, мәдениеттегі, биліктегі әміршілдік тәсілдерді «социалистік индустриализацияны» және «ауылды жаппай ұжымдастыруды» ақтау деп түсіндіруге тырысты. Мемлекеттік-

партиялық механизмнің бюрократиялық «басшы кадрлары» пайда болды. Партиялық және күштеу аппаратына ие болған Сталиннің мақсаты самодержавиеге жетуде кедергі келтірген қаптаған адам топтарын аяусыз құртты деп бағалайды В.А. Куманев /3, 31-32/.

1940-1950-ші жылдары ғылым мен мәдениеттің идеологизациялануы күшейе түсті. Шығармашылық атмосфераны буржуазиялық ықпалдан, формализмнен, космополитизмнен тазарту мақсатында республикамыздың көптеген ғалымдары қатаң сынға ұшырады. Сенімсіздік, түсініспеушілік нәтижесінде ғалымдарға саяси айыптаулар тағылды.

Қ.И. Сәтбаев жайлы еңбек жазған жазушы Медеу Сәрсекеев 1950-ші жылдары Қазақ ССР-і Ғылым Академиясының президенті Қ.И. Сәтбаевты да «Ер Едіге» халықтық эпосын 1927 жылы Москва қаласында баспадан шығартқаны үшін айыпталғандығын айтады. Мұнан басқа айтар айыптары да болмағандығын саралайды /4, 366/.

Қ.И. Сәтбаевтан өз еркімен президент қызметінен босату жөнінде арыз жазуды талап етеді. Ондаған ғалымдардың тағдыры шешіліп, Ғылым Академиясының жұмысына күмән келтіріл жатқан жағдайда, Қ.И. Сәтбаев күреспей, бір топ адамдарды тағдыр талкегіне қалдырып, сырттап кете алмады.

1951 жылы 23 қаранда Қазақстан КП(б) ОК Бюросының мәжілісі болып, Қ.И. Сәтбаевты қызметінен босатып, партиялық есең карточкасына қатаң сөгіс берілгендігін жазу керектігі хабарланды. Қ. И. Сәтбаевқа үш пункт бойынша айып тағылды: 1) партияға өткенде әлеуметтік шығу тегін жасырған; 2) 1945 жылдан кейін, 1927 жылы Едіге жайлы фольклорлық басылымның алғы сөзін жазып, оған редакциялық басшылық жасап, қате шыққандығы айыпталмаған; 3) Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясының кадрларында жат элементтер пайда болды /4, 371/.

Қ.И. Сәтбаев 1954 жылы 10 мамырда Қазақстан КП(б)ОК-нің Бірінші хатшысы Пономаренконың атына хат жолдап, онда Қазақстан КП(б)ОК-нің Бюросында өзінен партиялық жазаны алып тастауын сұрады. Ол «Оглядываясь на весь свой жизненный путь, особенно на последние 28 лет своей зрелой жизни и деятельности в качестве инженера и геолога, которые протекали в Джезказгане (15 лет)» и в Алма-Ате (13 лет), я могу со спокойной совестью сказать что целиком и польностью были посвящены честному служению интересам горячо любимой Родины...что некоторые ошибки и недостатки, которые проистекали не по злой воле и исправлялись всегда в процессе работы» /5, 415/. Тоталитарлық билік интеллигенция өкілдерін қудалағанда оны кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Мамандығы бойынша инженер-геолог, Қаныш Сәтбаев Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметінен босағанда 200 ден астам ғалымдар саяси жағынан сенімсіз немесе жақыны деген айыптаумен Ғылым академиясынан қуғындалған /6, 32/.

1990-шы жылдардың басында Қазақстан интеллигенциясының соғыстан кейінгі тарихнамасындағы «ақтаңдақтарды» ашып көрсетуде Л.Я. Гуревич еңбектерінің алар орны зор.

Л.Я. Гуревичтің ғылыми концепциясы соғыстан кейінгі саяси науқандарды айқындап, тоталитарлық жүйе кезеңіндегі қатаң идеологиялық ұстанымдарды ашуға арналған /7/. Интеллигенция жаңа идеологиялық шабуылдың басты нысанына айналды.

30-шы жылдары еліміздің ең таңдаулы интеллектуалдық күштерін физикалық жағынан жою интеллигенцияның қалған бөлігін өз ыңғайына көндіруді аятаумен жалғасуы қажет болғанымен, соғыс ол мақсатқа жетуге кедергі келтірді деп баға береді.

40-шы жылдардың екінші жартысы мен 50-ші жылдардың басындағы «идеологиялық шабуыл» алдын-ала нақты ойластырылып, жоспарланған саяси науқандар жүйесін құрды. Л.Я. Гуревич «олардың әрқайсысы нақты міндеттер қойып, әрдайым оны жариялап отырған жоқ. Әдебиет пен өнерде қатаң идеологиялық

стандарттар қойып, халықтың өзіндік ұлттық санасына әсер етіп, кеңестік интеллигенцияның халықаралық байланыстарына шек қойды. Шын мәніне келгенде саяси кампаниялар сталиндік жүйенің, ұлыдержавалық, империялық эволюциясының аяқталғандығын көрсетті» деп ой қорытады /7, 1-2/. Сталин қайтыс болған соң тоталитарлық-деспоттық жүйе тоталитарлық-бюрократиялыққа ұласты. Алайда интеллигенцияға ұстанған мемлекеттік саясаттың мақсаты өзгерген жоқ. Оларды идеологиялық жағынан ноқталап, кейде ғана еркіндік беріп отырды. Сыни ойлау қабілетінен айрылған интеллигенция постиндустриалдық қоғамға аяқ баса алмағандығын айтады /7, 145/.

Қазақстан тарихында тоталитарлық режимнің ұлттық интеллигенцияға қарсы репрессиялық саясатын зерттеп, кезеңдерге бөлуде тарихшылар әртүрлі көзқарастар білдіруде. Солардың бірі зерттеуші Н.И. Мұстафаев соғысқа дейінгі республикадағы репрессия тарихының бірінші кезеңі 1929-1930 жж. қамтиды деген көзқарасын білдіреді. Осы жылдары ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның революцияға дейінгі көрнекті өкілдері: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Е. Омаров, К. Кемеңгеров, М. Күдерин т.б. айыпталғандығын көрсетеді. Әрине олардың қатарында қазақтың тұңғыш инженері М. Тынышпаевпен қатар қазақстандық экономист-ғалымдар С.П. Швецов, А.Н. Донич, Г.Ф. Прокопович, М.Г. Сириустардың «кондратьевшілдікпен» айыпталғандығын көрсетеді. Террордың екінші толқыны 1920-шы жылдың бірінші жартысында білім алған ғылыми кадрларды қамтып, 1937-1938 жылдарға дейін созылды деп пайымдайды. Осы жылдары Т. Жүргенов, И. Қабылов, Ғ. Тоғжанов, С. Меңдешев сынды жеке басқа табынушылық пен тоталитаризмге қарсы идеялық күрескерлер болмаса да репрессия құрбанына айналғанын саралайды /8, 56-57/.

Д.А. Қонаев естеліктерінде де жазықсыз тұтқындалып, халық жауы атанып, жаппай репрессия құрбандығына айналған зиялылардың өз халқына опасыздық жасауы мүмкін емес екендігін ашына жазады. Әрбір құрылыстың, саяси жүйенің өз жаулары мен сатқындары болатындығы рас. Біздің ортамызда да сондай адамдар болды деп есіне алады мемлекет қайраткері Д.А. Қонаев. Белгілі құрылыс басшыларын жаппай қамау басталғанда, әсіресе инженер, құрылыс басшысы, Қысқы сарайды алуға қатысқан Ивановтың қамауға алынғанын естігенде халықтың көпшілігі үдеріп кетті. Ол жөнінде 1955 жылы ғана ҚазССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметін атқарып жүргенде анықтап, 1938 жылы атылғандығы жөнінде білгендігін еске алады /9, 30-31/. 1937-1938 жылдардағы негізсіз репрессия нәтижесінде Иванов, Степанов, Богатиков сынды Балқаш құрылысындағы инженер басшылардың құрбандыққа айналғандығын қынжыла еске алады /9, 31/. Қоғамдық қорғау, кешірім сұрау жайлы әңгіме болуы мүмкін болмағандығын еске алады. Д.А. Қонаев 1994 жылы жарық көрген «От Сталина до Горбачева» деп аталатын тағы бір ғұмырбаяндық естелігінде қандай құрылыстың, саяси жүйенің болмасын өз жаулары, сатқындары болатындығын айта келіп ондайлардың өз араларында болғандығын ескертеді. Қоңырағта саяси процестер болмаса да, чекистер тұтқындауларды түнде жүргізіп, түн орталарында келіп, еш ың-шыңсыз әкеткендігін саралайды /10, 34-35/. Естеліктердің өзі тарихи факті болып саналатындықтан, бір басшылықтың орнына басқасы келгенімен, біз «зұлымдық империясын» құрған жоқ едік қой деген сөздерінің жаны бар.

1996, 1998 жылдары Қазақстан территориясында 30-50-ші жылдары саяси айыппен атылғандардың тізімі енген «Азалы кітап» шықты. 1998 жылы жарық көрген «Азалы кітаптың» алғы сөзінде академиктер М. Қ. Қозыбаев, М. Баймаханов, пен т.ғ.к. К. Алдажұмановтар «30-шы жылдары кінәсіз миллиондаған адам өмірін жалмаған жаппай саяси репрессиялар халықтың жадында сақталып, жазылмастай жара салды. Осы қылмыстардың кең көлемде қанат жаюына тарихи бастау болған Кеңестер Одағындағы Қазан төңкерісі мен азамат соғыстары» деп есептейді /11, 5 /.

Сонымен қатар ғалымдар өздерінің пікірлерін білдіріп: «кеңес өкіметі орнағаннан кейін, пролетариат диктатурасы мемлекеті өзінің саяси және тап жауларын қудалай бастады. Тоталитарлық жүйенің бекуімен байланысты ұлт-азаттық қозғалысқа, 1917 жылы революция кезінде Ресейдің шеткері аймақтарында әрекет еткен саяси партияларға қатысқандарға қарсы саяси қуғын-сүргін күшейе түсті. Әсіресе 1923 жылы Москвада ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен өткен РКП (б) ОК кеңесінен кейін қуғын сүргін қатаң мазмұнға ие болды

20-шы жылдардың соңында большевизммен альтернативті партия мен қозғалыстар, атап айтқанда Қазақстанда «Алап» қозғалысына қатысқандар тұтқындалып, жауапқа тартылды. Республиканың басшы қызметкерлері де өлкедегі кең көлемді әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүзеге асыруда орталықтың жүргізіп отырған саясатына күмән келтіретіндіктерін білдіргендігі үшін қудалауға ұшырады. Орталық жергілікті халықтар мен олардың ұлттық ерекшеліктерімен есептеспеді /11, 6/.

Күштеу саясаты республикаға Ф.И. Головневтің БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы болып келуімен байланысты бұқараға жасаған қысымы күшейе түсті. «Кіші Қазан төңкерісі» деп аталатын идеологиялық науқан күштеу ұжымдастыру кезеңінде қазақ халқын қайғы-қасіретке ұшыратты. Орталықтың пікірімен келіспейтін қазақстандық басшы қызметкерлер ұлттық-жікшілдікпен айыпталып, 1937-1938 жылдары жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. «Әлеуметтік тапсырыс» мемлекеттің барлық қуғын-сүргін, қарақшылық органдарын бар күшімен жұмыс істеуге мәжбүрледі. Қазақстан территориясы концлагерлер аймағына айналды» деп талдау жасайды /11, 15/.

Қорыта келгенде, өндірістік-техникалық интеллигенцияға қатысты мемлекеттік ұстанған саясаты мен тоталитаризм қылмысын зергтеу тарихында тәуелсіздік кезеңінде ілгері басушылық байқалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.История Коммунистической партии Советского Союза. М., 1970. Т. 4. кн. 1. С. 547-548.
- 2.Куманев В.А. 30-е годы в судьбах Отечественной интеллигенции. М: Наука, 1991. - 296 с.(44)
- 3.КПСС съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Т. 5. (1917-1927). А., Қазақстан, 1972. 389-390 бб.
- 4.Сәрсекеев М. Сәтпаев. А., 1989. 366 б., 371б.
- 5.Сәтпаев К.И. Избранные статьи. А., 1989. С. 415.
- 6.Чокин Ш. Ч. Путь национальной академии наук. Алматы, 1996.
- 7.Гуревич Л.Я. Тоталитаризм против интеллигенции. Алма-Ата: 1992. А/О Караван. – 145 с.
- 8.Мустафаев Н.И. Из истории науки и научной интеллигенции Казахстана. // Известия АН РК. Серия ОН. -1992. №4.
- 9.Кунаев Д.А. О моем времени: Воспоминания. - Алма-Ата: Дәуір, МП «Ынтымақ»,1992, - 312 с.
- 10.Кунаев Д. От Сталина до Горбачева. Алма-Ата: Санат, 1994. -352 с.
- 11.Книга скорби – Азалы кітап: Расстрельные списки. – Выпуск 2: Алматы, Алматинская (включая Талдыкурганскую) и Жамбылская области. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 496 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается история изучения преступлений тоталитаризма в отношении производственно-технической интеллигенции. Особое внимание уделено к периодизации изучения данной проблемы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тоталитаризм жүйесінің өндірістік-техникалық интеллигенцияға қатысты жүргізген қылымыстарын зерттеу тарихнамасы қарастырылған. Әсіресе бұл тақырыптың кезеңдерге бөлу мәселесіне баса назар аударылған.

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНЕ ЖАТАТЫН АВТОРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК СИПАТЫ

Айтбай Р.Т.- т.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ауызша тарих айту дәстүріне жататын авторлық туындылар дегеніміз-белгілі бір тарихи оқиғалардың куәгері болған ақын-жыраулардың өлең-жырлары, әңгімелері. Бұл шығармалар ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып күні бүгінге дейін жеткен. Әсіресе мұндай шығармалар қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты көптеп кездеседі. Олардың деректік сипаты жайында көрнекті ғалым Е.Бекмаханов былай деген болатын: «...өлең мен поэманың суреттейтін оқиғасының дұрыстығының дәрежесі көтерілісті көзімен көрген және оған қатысқан адамдардың аузынан жазылған әңгімелердің дұрыстығы дәрежесінен томен болады, ал мұндай әңгімелердің түп қазық деректер болып табылатын мемуарлық материал ретінде күмәнданбай қарау ләзім»/1/.

Е.Бекмаханов Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына арналған авторлық жырлардың ішінде Нысанбайдың «Кенесары туралы жырының» іноқтығы биік /2/ деп көрсетеді. Себебі Нысанбай көтеріліске тікелей қатысқан кісі болатын. Сондықтан көрген оқиғаларын баяндаған.

1916 ж. Жетісу қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты Көдек Маралбайұлы, Болтірік Атыханұлы, Әбен Атамқұлұлының өлең, жырлары ұрпақтан ұрпаққа таралып, күні бүгінге дейін жеткен/3/.

1916 ж. Торғай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы жайында жырлаған ақындардың бірі Күдері Жолдыбайұлы (1870-1931) еді. Күдері ақынға қатысты деректер Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар қорында және ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. Өлеңдерін жинап 1925-27 жылдары Ерғали Есенжолов, 1946-47 жылдары Мариям Хакімжанова өткізген.

Артында қалған мол әдеби мұрасы мен шығармалары толық жиналмаған Күдері ақын жөнінде Торғай жеріндегі сөз қадірін түсініп сақтаған көнекөз қариялар мен өткеннің мұрасын жинап, сақтап жүргендер ғана азды көпті, үзік-үзік өлеңдерін біледі. Кезінде:

Белгілі Орта жүздің ақынымын,

Әбдірахман, Оспан қожа жақынымын,

Досымның осы күнде бірі де жоқ

Айрылған серігінен пақырыңмын.

Қалаулы қариялардан бата алып ем,

Білімді жақсылардан хат алып ем,

Сөз бастап талай шешен ортасында

Торғайдың Күдері ақыны атанып ем.

Адамын көрдім Омбы, Орынбордың,
Мәнісін білдім талай биік, зордың,
Ақыны шешені бар, жақсысы бар

Бәрімен таныс болып кеңес құрдым – деп басталатын өлеңдерін артында қалдырған Күдері ақын мұрасына үңіле түссек терең мағына бар.

Келтірілген өлеңінде арғынның Жылқайдар руындағы өз заманында қолы ашық жомарттығымен аты шыққан, Сарықопа, Майқарау болыстарында ұзақ жылдар болыстық билікте болған, Мекке, Мединеге барып қажы атанған туысқаны Иманқұлдың Әбдірахманы мен Торғай жерінде ислам дінін таратқан, шығу тегі кожа болғанымен Жылқайдарға бір тармағындай ағайын туыс болып сіңісіп кеткен елге сыйлы Оспан қожаны жақыным деп әрі айбар тұтып айтып отырғаны белгілі. Қадірлі екі туысынан айрылып өзі ғана қалған Күдері ақының «айрылған серігінен пақырыңмын» дегені аумалы төкпелі заманда тәркілеу мен аштық салдарынан базарлы тұрмыстың сәні де, мәні де кетіп өз басындағы халды баяндауы еді. Сөз тапқыр шешендігімен, кесіп айтар өткірлігімен Батпаққара, Наурызым, Қостанай, Ақтөбе, Ұлытау жерінде Торғайдың ақын Күдерісі болып танылып, сыртқа да белгілі болып Омбы, Орынборда айтысты ма дегенде пікір бар. Оған жоғарда келтірілген «Адамын көрдім Омбы, Орынбордың...» деген өлең жолдары куә.

Күдері ақынның «Амангелдінің Торғайды алғаны» атты жырында 1916 ж. ахуалы былай суреттеледі:

Қазаққа қысым күн туып,
Қатын мен бала зарлаған.
Старшын болыс қағынып,
Мойныша знак тағынып,
Еріксіз басқа қол салып,
Ар, иманын қорлаған.
Мұншама қатты қорлаған,
Халықтың көзі қарайып,
Аспанды бұлт торлаған,
Жас өспірім жастарды,
Аламын деп солдатқа,
Еріксіз айдап зорлаған.
Ұлықтың сөзін мақұлдап,
Жарамсақтап жақындап,
Бұзылып болды "оңды адам".
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен қармаған,
Мылтық ата білмейтін,
Тіл білмейтін бұл қазақ,
Не бітірмек кіл надан?
Жер қаздырып кеп қылса,
Қара сухарь жеп тұрса,
Қайтып келмес бір де адам!

Күдері ақынның «Ер туды» деген жырында Торғай көтерілісі былай баяндалады:

Арғын хан Жауғашардан болды Оспан,
Неше бекзат тілегінде жол тосқан,
Қыпшақтан хан Әбдіғаппар сайланған,
Таланты ерге болса еді жол бостан.
Мал мен жанын пайдаланды қазақи,

Ыза болып бармаймыз деп қазаға,
 Біржолата өлеміз деп қырылып,
 Мойынсұнды жас пен кәрі жазаға.
 Бұрынғы әйдік тұра алмады табандап,
 Жүретұғын өтті заман шабандап,
 Бір жүздің халқы болып жиылды,
 Басымызды қалалық деп амандап.
 Торғайға көп арғын, қыпшақ жиылды,
 Жиылып ап “көреміз” деп жиынды,
 “Пайғамбарлар жәрдем бер”,- деп нашар да,
 Шын тілекпен түк қалдырмай сиынды /4/...

Торғай көтерілісінде Әбдіғалпарды хан сайлағаны туралы және оның көтерілістегі рөлі жайында алғаш айтқандардың бірі осы Күдері ақын болатын.

Төменде беріліп отырған шығармасында 1930-32 жылдардағы қазақ халқы басына түскен аштық зардабын көзімен көріп, көңілге түйгенін Күдері ақын өлеңмен өреді. Өлең жолдарындағы бір адамның басынан өткені, тағдыры, ой арманы, тілегі, қасіреті арқылы сол жылдардағы қазақ басына түскен ауыр жағдайды түйсінуге, жан айқайын түйсінуге болады. Аштық алқымға алған жылдары туған жерін тастап Торғай елінен Қостанай, Ақтөбеге, көршілес Ресей аумағына, темір жол бойына шұбырған халықтың қайғы қасіретін өз көзімен көрген ақын бүкпесіз ащы шындықты жазады. Ақын Күдері Жолдыбайұлы көзімен көргенін баяндап сол жылдары қызмет басында жүрген туысы, жанашыр бауыры, аталас інісі Дәрке қажының ұлы Тұрмағамбетке арнап, сәлемін жолдаған екен. Бізге ақын өлеңіндегі елдің басынан өткізген ауыр қасіретін өлең жолдарымен өрін, баяндайтын өткеннің тарихи белгісіндей болып бүгінге жеткен ақиқаты қымбат.

Ақын Күдері Жолдыбайұлының інісі Тұрмағанбет Дәркеұлына сәлемі

Көзімнің нұры шырағым,
 Жетіп өлем панаңа.
 Іш бауырым қан болды,
 Оқ тиіп жүрек қабына.
 Енді үміт жоқ бөтеннен,
 Болар деп тірек тағы да,
 Қолымыз жетпей босқа өлдік,
 Бір тамшы сүт ағына.
 Қойдан бетер қырылдық,
 Тигендей індет табына.
 ...Елден топырақ бұйырмай,
 Кірмейтін жерге айналдым,
 Қарға адым жер мұң болды,
 Қазыққа ажал байландым.
 Құр терім тұр қаудырап,
 Сүйегім қалды саудырап,
 Баладан пайда болмады
 Құр басым қалды жаудырап.
 Аштықтан басқа дертім жоқ,
 Талықсып тұрмын маужырап.
 ...Жетсе хабар ендесім,
 Аузыма келін су тамыз.
 Аша алмай жабық түндікті,
 Өлімге қазақ көндікті,
 Кімнен келген қасірет

Сұрайтын адам жоқ тіпті.
Жүрмін қаңғып әр үйде,
Таусылды тұзым фаниде,
Өліктің исі аңқиды,
Бей жай боп тұрмын бір күйде.
Болар ма мұндай тақырлық
Күнім бір туды пақырлық,
Сәлемім осы ақырлық
Бір келі май бермесең,
Ата аруағын шақырдық.

Күдері акын өлеңінің терең иірімдеріне, қалтарыстарына үңілгенде тарих тұңғығына тасталып, ұзақ жылдар тұмшаланған, айтылмаған ақиқатты көреміз. Әр бір өлең жолында халықтың қиналысы, жан айқайы акын ауызымен айтылып отыр. Күдері Жолдыбайұлының осы өлеңінің құндылығы және басқа ақындар шығармасынан ерекшелігі сонда, акын оқығанын, немесе біреуден естігенін жазып отырған жоқ, өз басынан өткенді, көрген қиыншылықты, халық басындағы қасіретті жазып отыр. Аштықтан жүре алмай шыбындай қырылып, жол бойында пашылып жатқан қазақтар халін «Қолымыз жетпей босқа өлдік, Бір тамшы сүт ағына. Қойдан бетер қырылды, Тигендей індет табына деген жолдармен баяндайды. Жаны ауырып ашынған акын «Жүрмін қаңғып әр үйде, Таусылды тұзым фаниде, Өліктің исі аңқиды, Бей жай боп тұрмын бір күйде» деп бүкпесіз шындықты жазады. Ақынның ашаршылық ақиқатын жазған шығармасының әр жолын мұрағат деректері және аштық жылдары дабыл көтерген қазақ қайраткерлері еңбектері дәлелдейді.

Тұрар Рысқұловтың И.В.Сталинге жазған екінші хатында мынадай деректер бар. «...Қазір Ақтөбе облысында жүрген Қызыл крестің москвалық отрядының мәлімдемесінде Торғай секілді аудандарда қазақтарды ашаршылық пен пен індеттің жайлап алғандығы айтылады. *Аш адамдар қсқысқа төгілген ас қалдықтарын, шөптің тамырларын қорек қылған, ұсақ кемірушілерді ұстап жеген. Аштар осы жерлердегі иттер мен мысықтарды түгел жеп бітірген, олардың күркелерінің айналасында жеріне жеткізе қайнатылған иттің, мысықтың, ұсақ кемірушілердің сүйек-саяқтары үюлі жатқан көрінеді. Кейбір аштардың кісі өлігін жегені туралы да хабарлар бар.* Отрядтың осы мәлімдемесінде аудан орталығы Торғайдағы 2500 тұрғынның 728-інің шешекпен ауырғаны және олардың көпшілігінің қаза тапқаны атап корсетілген. ...ауданның 25 мың адам тұратын ауылдарында егу жұмыстарын небары екі адам ғана жүргізген. Торғай ауданындағы шешек індеті жайында Ақтөбе облысының орталығындағылар білмеген. Ал Қазақстан Денсаулық сақтау Халық Комиссариаты мұндай аудандарды есепке алмаған, соның салдарынан осы уақыт ішінде шешекпен ауырғандар саны 2400-ге жеткен. *Жергілікті органдардың мәліметі бойынша, Торғай (қазіргі Жангелдин ауданы) және Батпаққара (қазіргі Амангелді ауданы) аудандарындағы халықтың 20-30 проценті тегіс қазаға ұшыраған және қалған тұрғындарының көпшілігі кошіп кеткен»/5/.*

Ауылдардан аудан орталығы Торғайға, ауданнан Ақтөбе, Қостанайға шұбырған халықтың көпшілігі аштық пен індеттен қырылған. Әсіресе, балалар шетінеген. Тағы да Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хатына сілтеме жасасақ, Торғайдағы қазақ балаларының жағдайы туралы мынадай дерек келтірілген. «Балалар аса ауыр халде қалып отыр. Ата-анасынан ажырап қалған 4 жасқа дейінгі балалар бірі қалмай түгел қазаға ұшырады. Балалар үйлері мен т.б. мекемелерден төрт жастан жоғары жадап-жүдеген балаларды көруге тура келді. Төрт жастан төмендегілер ата-аналарымен бірге жүргенімен, өте азған. Балалар үйлеріндегі сәбилердің түгел іші өтіп ауырады. 100-150 орындық балалар үйлерінен әдетте күніне 1-2, кейде 3 балаға дейін өледі және

бұлардың орыны жаңадан қабылданғандар есебінен тез ақ толықтырылып тұрады. Балалардың түгел қырылып кету қауіпі төніп тұр».

Т.Рысқұлов елден шалғайда Москвада қызметте болғандықтан, ел ішіндегі ауыр жағдайдың бірін білсе ді бірін білмеді. Голощекин мен оның төңірегіндегілер оған, ел жайы жөнінде ақпарат жеткізбеуге тырысқан. Естігенінің өзі, білгені осы осы болды. Ал қозбен көргендер жазуынша ашаршылық пен індет жайлаған елі жағдай бұдан да ауыр болды. Сталин Голощекиннен «Қазақстанда не болып жатыр» деп сұрағанда, ол «Қазақтар көшіп конуға дағдыланған көшпелі халық, бір орында тұрақтай алмайды содан, Ресейге кетін жүргені» деп жауап берген екен.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, мал басы осы аштық жылдары күрт кеміді. 1932 жылы Батпаққара ауданында бүкіл малдың – 4,1%, Торғай ауданында – 7% ғана қалған. Тіршілік көзі малдан айрылу Торғай елі халқын ашаршылыққа ұшыратты. Аштық пен індет жайлаған халық босқыншылыққа душар болып, азып тозған, ілбіп облыс орталығына, қалаларға, темір жол бойындағы елді мекендерге, Ресей жеріне шұбырған тобырға айналды. Бірақ, көпшілігі жете алмай жол бойында ауру мен аштықтан өлді. Жеткендердің өздері де көпшілігі індеттен, аурудан көз жұмды.

Ашаршылық тұзағынан Күдері ақында құтылмады. 1931 жылы Семиозердің, Бекбау поселкасының маңында Қызылқұм деген жерде 61 жасында дүниеден отеді. Дәркенің Тұрмағанбеті/6/ сол жылы, сол жаққа іздеп барып ақынға жолығады. Сонда айтқаны:

Тұрмағанбет шырағым,
Көлге біткен құрағым
Алпыс жасқа келгенде
Қызылқұм болды тұрағым.
Бас қамы қылып босып жүр
Өркім жанның қамына
Қосылмас түрім көрінді
Қожабике тамына.

Күдері ақын өлеңдері сөз қадірін түсініп бағалаған, үлкендер ауызында жүргенімен қозден таса болып, уақыт шаңына көміліп ұмытыла бастады. Солай болғанымен, өлең жолдары аштық зардабынан елін тастап босып кеткен әр қазақ басындағы қасіретті, ащы ақиқатты жеткізгендігі хақ. Өлеңнің әр шумағын, әр жолын жай сыдыртып оқу мүмкін емес, жан жарасының беті ашылып жаныңды ауыртады, терең ойға жетелейді. Тарих ақиқатына назар аудару өткенді білу, жадты жаңғырту, асылдықастерлеу. Мұрасы ел аузында сақталған ақиқатты алмас қылыштай кесіп айтатын Күдері ақын да құрметке лайық ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. А., 1994. 44-бет.
2. Бұл да сонда, 45-46 беттер.
3. Нұрпейіс К.Н. Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс: себептері, қозғаушы күштері, аймақтық ерекшеліктері, тарихи маңызы. // Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи оқиғаға жаңа көзқарас. Алматы, 2006, 17 – 18 беттер.
4. Күдері Ер туды. // ОҒК, қолжазба қоры, 1019 п., 185- 186 беттер.
5. Зауал. Мақалалар, естеліктер. – Алматы, 1991. – 272 бет.
6. Тұрмағанбеттің әкесі Дәрке 1810 жылы 6 қазанда Торғай облыстық генерал-губернаторына өтініш жазып, шетелдік құжат алып Мекке, Мединеге барып қажы атанған. Күдері ақынның туысканы. (ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. қор-25, тізбе 1, іс 808а, 210, 408 беттер).

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада авторлық жырларға жататын Күдері ақынның туындыларының тарихи деректік сипаты баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об источниковедческом характере произведений Кудери акын.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Құсайынова Р.Т. - доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ғылыми - әдістемелік мақалаларда педагогикалық технологияларға қатысты мәселелерде инновациялық оқыту, жаңа педагогикалық технологиялар, ақпараттық технологиялар қатар айтылады. «Инновация» деген сөз «Жаңалық», «Жаңалық ендіру» яғни «Реформалау» деген мағынада қарастырылады. Егер әдістемеледе қарастырсақ «педагогикалық инновация» білім беру жүйесінде өзгерістерді жаңалықтарды енгізу болып табылады.

«Инновация» термині дүние жүзілік ғылыми айналыста өткен ғасырдың 1940 жылдарынан бастап кездеседі. Оның теориялық негізін салушылар неміс, австрия ғалымдары. Олар бұл терминді Еуропа елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық, технологиялық үрдістерге байланысты пайдаланған. Бұл термин бірте-бірте педагогикалық ғылымына да ендірілген. Ал, 1950 жылдардан бастап дүниежүзілік халық ағарту саласында кеңінен қолданыла бастады, ЮНЕСКО жанынан арнайы орталық мекемелер, баспасөз орындары ашылды. Оның педагогикалық инновациясын Орталық Азия континент елдерінің педагогика саласындағы жаңалықтарын зерттейді. «Педагогикалық инновация» дегеніміз – педагогикалық жаңалықтарды ашатын, оны бағалайтын және тәжірибеге ендіретін ғылым.

Тарихи білімді оқушыларға дұрыс қалыптастыру аса маңызды – іс. Олар: тарихи фактілер, тарихи даталар мен хронологиялар, тарихи ұғымдар т.б.

Оқушылар сапалы білім, саналы тәрбие беруге олардың ойлау, таным қызметін дамыта отырып, өздігінше тарихи білімді табу, қабілетін қалыптастыруға бағытталған жаңалықтар мен өзгерістердің мәні зор.

Оқыту үрдісіндегі жаңалықтар мұғалімдер мен оқытушылардың тәжірибесіне кеңінен тарауда. Оларға: Педагогикалық технология – Топқа бөліп оқыту, Деңгейлік тапсырмалар, Инновациялық әдістерді қолдану, Ақпараттық технологияны пайдалану, Сайыс сабақ және Жарыс сабағы.

Осы салада еңбек етіп жүрген бірқатар ғалымдардың: М.В.Кларин, Ғ.М.Құсайыновтың және Ж.Қараевтың еңбектеріне сүйенсек мектеп жағдайындағы педагогикалық технология дегеніміз - өнер, шеберлік, іскерлік білімді меңгерудің жаңаша жолы (оқытуды ұйымдастырудың жаңаша формалары, әдіс-тәсілдері), оқыту үрдісін ұйымдастырудың, өткізудің жан-жақты ойластырған педагогикалық қызметтің моделі, оқытуда мақсатты нәтижеге жетудің кепілдік беретін жазба үлгі жоспары, оқыту үрдісінде адамның іс-әрекеті мен техниканың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану. Мысалы: «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті» деген тақырыпты (5 сағатқа арналған) тақырыптың мазмұны жүйелілік-құрылымдылық

ұстанымды қолдана отырып; өнері, әдебиеті, музыкасы, сәулет өнері деген бағытта бүкіл ғасырдағы мәдени мұраны жеке-жеке талдай отырып, оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, ойлау қызметін де дамытты. Осы тәсілмен бірнеше сабақ өткеннен кейін-ақ оқушылардың ақыл-ой дамуындағы өзгерістер байқалады.

Жаңа педагогикалық технологияларды тарих сабағында пайдаланудың бірде-бір әдіс модульдік әдіспен оқыту, бірлескен топпен жұмыс жасау, рөлдерге бөлін ойын жүргізу, жекелеп, жұппен және топпен оқыту түрлері, сондай-ақ жобалар талдау әдістері. Тәжірибеде байқағанымыздай егер мұғалім дұрыс ұйымдастыра алса білім мазмұны терең меңгеруді, өз ойларын ашық ортаға сала алатын еркіндікті біледі. Мұғалім модульдік оқыту әдісін 10-11 сыныптарда оқушылардың ойлау, талдау, жинақтау деңгейіне жеткен ерекшеліктерін ескере отырып жүргізеді. Олар: - өтілетін оқу материалын мұқият оқып – зерттеп, іріктеу проблемаларды анықтап, оқу міндеттерін тұжырымдап, оларды шешудің ең оңтайлы тәсілдерді қарастырады:

-Мұғалім оқушыларды білім алуға сүйремейді, тек оларға бағыт береді, көмектеседі, үйретеді;

-Мұғалім таңдалған оқыту формасы мен әдістері оқушылардың таным белсенділігін арттыратындай болу керек;

-Оқушылардың жеке ерекшеліктерін үнемі ескеріп отыру, саралап оқытуды қолдану;

-Білімнің, біліктің қалыптасу дәрежесін үнемі бақылап, әділ бағалап отыру;

-Сабақ кезінде оқушылармен де оқушылардың өз араларында да ізгілікті, өркениетті демократиялық қатынасты қалыптастыру.

Сабақ барысында технологияны қолданғанда, мұғалім ұйымдастырушы, ынталандырушы ролін ғана атқарады.

Қазіргі уақытта таным үрдісіндегі оқушылардың орны мен ролі өзгереді, олардың жеке жауапкершілігіне қойылатын талап едәуір өсті. Тарих сабағында «Модульдік технология хақында» 5-12 сағаттық тақырыпты қамтиды. Мысалы: «Қазақ хандары» деген тақырыпты оқыту барысында орта диалогтық бөлімге беріледі. Онда оқыту ойындары, бірін-бірі оқыту және тексеру, өздігінен оқу, өзін-өзі тексеру, салыстыра отырып қарау, белгілі бір даталарды хронологиялық жүйемен сипаттап беру, әңгіме құрастыру, арқылы оқу материалын жақсы меңгеруге, қарапайымнан күрделіге, жай тапсырмадан шығармашылық ізденуге мүмкіндік берді. Әрбір оқушы тақырыпты түсіну дәрежесінен білімді жеткізе білу дәрежесіне көтеріледі. Оқыту барысында диалогтық қарым-қатынастар тудыру, түрлі ойындар арқылы жүргізу, тақырыптың мазмұнын толық алуға мүмкіндік туады.

Қазақстан Республикасы дүние жүзінің дамыған елдері сияқты, орта білімді ақпараттандыру жолына түсті. Ал, білім беру саласын ақпараттандыру тек қана оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіріп, өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар бүкіл оқыту үрдісін басқарудың және бақылаудың жаңа әдістерінің пайда болуына жағдай жасайды.

Тарих пәнін оқытуды ақпараттық технологиямен жабдықтауда компьютердің мүмкіндігі көбірек. Мұғалім де, оқушы да тез іске қосатын мол оқу-әдістемелік материал жинақталады, оқу материалының қолдану тиімділігі арттылады, жеке бағдарламалармен жұмыс жасауға мүмкіндік туады; сабаққа дайындалу мен оны өткізудің тиімділігін арттырады, мұғалім өзі немесе оқушылардың көмегімен оларға таратылатын дидактикалық материалды көбейтеді, оқушылардың білім дәрежесін қадағалап, бақылауға мүмкіндік береді, оны тестілік-тапсырма сұрақтар бойынша жүзеге асырады, сабақты оған қажетті барлық ақпараттық материалмен қамтамасыз ететін мультимедиялық бағдарлама негізінде ұйымдастырылады, мұның өзі оқушылардың оқу материалын сапалы меңгеруге жұмылдырады. Егер ақпараттық

технология интернет жүйесімен байланыстырса мұның өзі оқушылардың қажетті білімдік материалды ізденуіне мүмкіндік береді.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін күнделікті оқулықтарымен бірге, электронды оқулықтар дайындалды: «Иллюстрацияланған Қазақстан тарихы», «Адам, қоғам, құқық», «Ежелгі және Орта ғасырлар тарихы» т.б.

Жаңа педагогикалық технологияларды тарих сабағында пайдалану

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юсубекова Н.Р. Общие основы педагогической инноваций. Москва, 1991.
2. Леднеев Б.С. Содержание образование: сущность, структура, перспективы. Москва,
3. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, Ғылым, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала жаңа педагогикалық технологияларды тарих сабақтарында пайдалану әдістемесінің мәселелеріне арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена некоторым проблемам методики использования новых технологий на уроках истории.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Басшыбаева А.С. - аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қарастырып отырған мәселеге байланысты әдет-ғұрыптар, басқа көрші және туысқан халықтарда сияқты, бірнеше жүйелі бөліктерден тұрады. Бұлардың қатарына біз келесі әдет-ғұрыптарды жатқызамыз: а) үй-жайлардың құрылымын көрсететін; ә) үйді салу жұмыстарының басталуымен, тұрғызылуымен, тұрғызылып аяқталуымен байланысты; б) жаңа үйге және қоныстануға байланысты; в) үйдің аумағына байланысты т.б.

Әрине ең негізгісі үйді алғаш тұрғызуға байланысты дәстүрлер саналады. Ал бұл өз кезегінде жаңа үйді салуға қажетті заттарды, жерді және уақытты таңдау сынды құрылымдарды қамтиды.

Орта Азия халықтарындағы сияқты, жергілікті халықтар да ұзақ жылдар бойы негізгі құрылыс материалы ретінде балшықты көп қолданып келеді. Одан пахса, саман немесе күйдіру арқылы – кернеу кірпіштерден үйлер тұрғызды. Сондықтан Оңтүстік Қазақстанда кең тараған ұлттық ырымға байланысты балшықтың екі түрі қолданылған. Біріншіден – киелі "таза" құралдар ретінде есептелетін жаңадан қазылған және бұрыннан қолданылып жүрген су құбырларымен қатар орналасқан жыра аңғарларынан алынады. Екінші жағынан Оңтүстік Қазақстанның шекаралық аймақтары (ауылдық округтер, әкімшілік тұрғыдан Түркістан қаласына қарасты жерлер; Қызылорда (Жаңақорған) облыстарында ерте дәстүр бойынша құрылыс балшықтарын ортағасырлық қала орындарынан әкелінген. Мысалы, қираған Сауран немесе соған

ұқсас қала қалдықтарынан балшық алынған. Мұндай кең тараған тәжірибені біз Сауран, Шорнақ ауылдық аймақтарының құрамындағы аудандардан, тіпті Түркістан қаласының өзінде де кездестірдік.

Біздің ойымызша, осы халықтық дәстүрдің қалыптасуына мүлтіксіз әсер еткен келесі екі факторларды атап өтуге болады: а) откенмен байланыс, ұрпақтар сабақтастығы және ғасырлық дәстүрлердің сақталуы; ә) экологиялық фактор. Соңғысы Аралда орын алған қолайсыз экологиялық жағдай, тек Қызылорда облысына ғана емес, онымен шекаралас Оңтүстік Қазақстанның батыс аймағында да кері әсерін тигізуі негізінде жердің үстіңгі қабатында орналасқан балшық бүлініп, тұзды, ақ қабатқа айналды (сорға). Бұл жер қабаты еш нәрсемен тазартылмайды. Сондықтан қираған қала орындарынан алынған балшық мұндай теріс жағымсыз балшықтан сапалық жағынан таза болып табылады.

Егер ағаштан жасалған құрылыс материалдарына келсек, онда дәстүрлі ұлттық көзқарастарға байланысты құрылысқа жарамды және жарамсыз ағаштар болған. Біріншісіне тал, қарағай, қайын т.б. сынды табиғатта өзіндік табиғи жолмен өскен, өсу барысында адамдардың көп қамқорлығын қажет етпейтін ағаштар жатады. Екіншісіне, Орталық Азияның көрші халықтарына тән бау-бақшаларда өсетін жеміс ағаштары, сондай-ақ жаңғақ жатқызылады. Олардың сынған бұтақтары немесе өлген ағаштар тек отқа жағуға отын ретінде қолдануға жарайды. Бұлардың қатарына, сондай-ақ жергілікті халық “қасиетті ағаш” деп санаған және сол немесе басқа да жағдайларға байланысты кеуіп қалған ағаштарды жатқызуға болады.

Құрылыс барысында жеміс беретін ағаштарды пайдалануға тиым салу адамдардың жеміс ағаштарын ерекше қастерлеуіне негіз болады /1/, ал өмірлік күші жоқ құрғақ ағаштарды халық ішінде “өлі” деп есептеген /2/. Құрылысқа байланысты келесі дәстүр – құрылыс орнын анықтап алуға байланысты негізделген. Өр бір халықта осы тандап алынған аумаққа бақытты немесе бақытсыз деген түсінік беріледі /3/. Бастапқыда оның тәжірибелік мәніне көп көңіл аударылды. Яғни біріншіден, бұрын қоныстаған және жақын туысқандарының жанында немесе жақсы көршілермен қатар болуы; екіншіден, су көзінің маңы немесе жаңа құдық қазып алуға болатын ыңғайлы орын; үшіншіден, қардың басып қалу қауіпі төнбейтін және табиғи апаттары болу мүмкіндігі аз жерлер, әсіресе су тасқандары жүрмейтін жерлер.

Халық арасында кері әсері бар жерлер ретінде үлкен жолдар бойы, зираттар жаны, немесе адам сүйегі табылған орындар саналған. Бұлар орт, су тасқыны, ауру, өлім сияқты табиғи апаттар кесірінен жапа шеккен қараусыз қалған жерлер қатарына жатқызылды.

Сонымен қатар ғасырлар сынынан өткен дәстүрлер жаңа тұрғын үй құрылысын салуға мүмкіндік береді. Бұл жерде басты мағынаны жылдық күнтізбеге аударатын болған, яғни ең бастысы тұрғындардың шаруашылығы мен өмір сүруінің басқа да маңызды жақтары ескерілді. Сондықтан дәстүр бойынша құрылысты көктем айларында бастауға тырысты, ол суық түскенге дейін жаңа үйге кіріп алу мақсатында жасалды. Одан әрі халықтық күнтізбеге сүйеніп қалыптасқан көзқарас бойынша бастапқы мәнді “сәтті” күнге аударған. Халық ішінде бұл күндер сәрсенбі мен бейсенбі есептеледі. Сондай-ақ, бұл “сәтті” күндерде ауыл шаруашылығы жұмыстарында (жер жырту, егін егу, егін жинау) немесе отбасылық және қоғамдық жиындар мен қонаққа шақырған, жақын және ұзақ ара қашықтыққа сапарға шығу дұрыс болады деп сенген /4/.

Үй құрылысының бастамасы болып құрбандық шалу дәстүрі табылған. Ол республика және одан да тыс жерлердегі халықтарда кездеседі. Бұл дәстүрдің семантикалық үлгісі көп жерде ұқсас келеді. Мамандардың пайымдауынша “құрылыстық құрбандық” тұрғын үйдің сакралдығы, құрбандықтың денесінен негізделіп шығуы, құрбандықпен екі арадағы байланыс, тұрғын үй мен ғаламның құрылымының концепциясы арасындағы тығыз байланысы. Қазақстанда “құрылыстың

құрбандық” малы ретінде қойды пайдаланады. Аталмыш құрбандық малын құрылыстың басталу кезінде ғана емес, үй құрылысының барысында, мысалы "асар" кезінде де сойған.

Жергілікті тұрғындар арасында асарды жасау дәстүрі көрші елдерде де бірдей, тамырымен терең тарихқа кетеді. Оған шартты түрде көмек ретінде жақын туыстары, руластары, көршілері мен бір ауылда тұратындарды шақырған. Ол күш сабан кірпішті күйе, қабырға қалау, үй төбесін жабу кезінде, жалпы көп адамды қажет ететін жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылады. Осындай дәстүр Орта Азия республикаларының халықтарында да кеңінен тараған /5/.

Мұнда ауыр жұмыстарды жас және орта буын өкілдері атқарып, ал жасы үлкен адамдар өздерінің кеңестерін берін отырған. Әйелдер сылау, әктеу, сырлау сияқты жеңіл жұмыстарды атқарған. Айта кететін жайт, асар ұйымдастыру аз адамды қажет ететін түрлі шаруашылық жұмыстарында да кездеседі. Асарды көп жағдайда үлкен күшпен көп қолды қажет ететін ауыр жұмыс атқарылғанда жақындарының немесе көрші-қоландардың, ал соңғы кезде көптеген жағдайда жора-жолдастарының көрсеткен көмектері арқылы жүргізеді. Мысалы, жол салу, арық қазу және арық тазалау. Мұндай дәстүрлі көмек өрт, су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар кезінде туыстары немесе ауылдастары үйінен, шаруашылық құрылыстарынан, малынан айырылғанда жиі қолданылған. Асар жасайтын жұмыс иелері бір күнді белгілеп, ақылдасып, алдын ала көмектесушілерді шақырады. Көмекке келген асаршыларға ақы төленбейді. Жұмыс иелері жұмысшыларға жақсылап дастарқан жайып, құрметпен қызмет көрсетеді. Асарға келген адамдарға қойды құрбандыққа шалып, дәмді тағамдар пісіріліп, құран оқылған. Бұндай асар бір-бірін сыйлауды, жанашырлықты, бірлікті, туысқандықты, достықты білдіреді. Әйелдер жағы асаршыларға ас дайындайды. Дастарқан басында әңгіме-думан кұрып, жасалған істің нәтижесіне баға беріп, ән айтылады. Асарға жас балаларда қатысады. Үлкендер оларға жеңіл-желпі жұмыстарды тапсырады. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші қазақ халқы, осындай асар туысқандар мен жора-жолдастар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.

Соңғы кезде асарлатып көмек көрсету дәстүрі Оңтүстік Қазақстанда әйелдер арасында да ұйымдастырылады. Көптеген жағдайда мұндай асар ұзатылғап қыздың киімін және көрпе-төсегін жасауға арналады. Үйдің жақын абысындары мен келіндері, құдағилары, көрші әйелдері жиналып, көрпе мен көрпеше көктеп, жастық тігіп, қызға арнап алған ыдыстар мен киімдерін қарап реттейді. Жұмыстың соңында шай, тамақ ұйымдастырылып, әйелдер қыздың жасауына өз ақыл-кеңестерін, пікірлерін айтып кетеді.

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағында жаңа үйдің жоғарғы бұрышына шүберекке немесе шыны ыдысқа тұз салып іліп қояды. Тұрғындардың түсінігі бойынша бұл тұмар ретінде әлі құрылысы бітпеген үйді жаман көзден, қайғыдан т.б. қорғайды. Жаңа үйге көшуге байланысты салт-дәстүрлер арасында ең кең таралғаны “жаңа қонысқа” қонақтарды шақыру саналады. Оның мағынасында біріншіден, үй иелері үшін көп қаражат, жұмыс күшін қажет еткен күрделі еңбек процесінің аяқталуы. Екіншіден, жаңа үйге қоныстану ерекше әлеуметтік мағынаны білдіреді – жаңа үйді жанұя мен туыстары, көршілері және ауылдастары арасындағы қарым-қатынас аясына қосу. Бұл жағдайда белгілі жанұямен жаңа тұрғын үй көлемі арасында ресми түрде байланыс бекітіледі /6/. Жаңа үйге қоныстану салтанатты түрде өткізіліп, оған көптеген қонақтар шақырылады. Түрлі тағамдар дайындалып, құрбандыққа қой шалынады. Қоныстану тойына келген қонақтар ізгі ниеттері мен тілектерін білдіріп, тәжірибелік тұрғыда қажет етілетін сыйлықтарын да тапсырады. Өкелінген сыйлықтардың құндылығы әдеттегідей келген қонақтардың үй иесіне қатысты туыстық және достастық дәрежесімен анықталады. Мұндай салтанатты жиынның негізгі бір бөлігі болып арнайы шақырылған молданың және кәдірлі ақсақалдың беретін батасы

саналады. Көптеген халықтардың ұғымында, оларға қазақтарды да қосқанда, жаңадан салынған үй ішінде адам өміріне байланысты белгілі бір салт-дәстүр атқарылған соң ғана, ол толығымен игерілді деп саналады /7/.

Олардың қатарына бірінші кезекте нәрестенің дүниеге келуіне немесе үйлену тойына байланысты жанұялық салтанат жиын ұйымдастыру жатады.

Тұрғын үй мен оның ішкі көлемін игеруге тікелей бағытталған салт-дәстүрлер, түсініктер мен ұғымдар, тиымдар да белгілі дәрежеде маңызды болған. Қазақтардың ұғымында тұрғын үйдің жеке бөліктері – шаңырақ, төр, босаға және ошақ наным-сенім жоралғыларымен тығыз байланысты болып, ұрпақ жалғастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін символдығын білдіреді /8/.

Осыған тікелей байланысты қазақтарда жас отау тіккендер мен жаңа үйге қоныстанғандарға тілек білдіреді: “Шаңырағың биік болсын, төрің кең болсын, босағаларың берік болсын, ошақтарың сөнбесін!”

Қазақ халқында шаңырақ жалпы дүниетанымында және арнайы әдебиеттерде қажетті ғылыми дәрежеде сипатталып тек киіз үймен ғана байланысты емес, сонымен қатар үйдің белгілі бір жанұя мүшесінің иелігінде екендігін білдіреді. Мысалы, қазақтардың дәстүрлі құқығы бойынша әкесі қайтыс болған жағдайда мұрагерлік кіші ұлына өтеді – оны “шаңырақ иесі” деп атайды. Сондықтан, шаңырақтың жоғары символикалық мағынасы өз көрінісін біздің мемлекетіміз бен көршілес Қырғызстан ұлттық елтаңбаларында орын алуы кездейсоқ жағдай емес.

Қазақтарда және де басқа туыстас түркі халықтарында ерекше қадірленетін үй бөлігінің бірі – төр. Бұл үй бөлігі адамның өмірінде аса маңызды әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді атқаратын орын болып саналады /9/.

Олардың қатарына түрлі жанұялық салтанат жиындар, қадірлі қонақтарды күту жатады. Қадірлі қонақтарды күтуде төрді ұсынбау, олардың әлеуметтік маңыздылығын төмендету деп түсіндіріліп, тіпті туыстық қарым-қатынастардың ыдырауына дейін әкелген. Жәй күндері төрде, әдет бойынша, тек үй иесі ерлер отырған, ал әйелі одан сол жақ орынды алған. Мысалы, бірнеше түркі халықтарында, оның ішінде түркімендерде әсіресе, үй төрі тіпті қадірлі қонақтарға ұсынылмаған. Сондықтан осыған байланысты қазақтарда мақал бар: “Түркімен төрін бермейді” деген.

Босағаның да үйдің бөлігі ретінде белгілі бір мағынасы бар. Халықтың ырымы бойынша босаға арқылы үйді қорышы әулиелер мен рухтар кіреді. Сондықтан үйге жаңадан алғаш қадам басқандарға, оның ішінде жас келін мен күйеу балаға, аса қоңіл бөлген. Салт бойынша оң аяқпен табалдырықты аттаған дұрыс саналған. Босағамен көптеген тиымдар да байланысты – табалдырықты баспа, босағаны керме, босағаға сүйенбе т.б.

Қазақ халқында есікке керілме, маңдайшаға төбенді тіреме деп айтылатын сөздің қыр-сырлы мағынасы бұрыннан белгілі болған. Соған байланысты ерте кезде барымтада олген адам үшін, не жаугершілік соғыстарда өлген батырлар үшін өлтірген жақтан күн сұрататын. Айыпты жақ күн төлеуге тиісті болатын. Жапа шеккен жақтың адамы екі қолымен үйдің босағасын керіп, бір аяғымен ішке аттап, екінші аяғымен сыртта тұрып күн сұраған. Оның мәнісі – өлген адамның құнын төлемесе, босағаны қиратып, шаңырақты ортаға түсіру деп түсіндірілген /10/.

Халық арасында дәстүрлі түрде ерекше ошақты тұтқан, оның үй ішінде немесе аулада орналасуына қарамастан. Ошақтың тікелей тәжірибелік маңызына қарамастан, онда жанған от жылу берумен қатар үй ішінде тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз етеді. “Ошағы сөнді” деген түсінік біреудің өмірден өткенімен бірге үй ішінің қаңырап қалғандығын, оның қызметі мен аман-саулығының аяқталғандығын білдіреді.

Ошақ, от ұғымдары халық түсінігінде тазалайтын, қорғайтын, жақындастыратын күшке ие болған. Мысалы, отпен, адыраспан түтінімен жаман күштерді қуалап шығу үшін үй бөлмелерін аластайды. Жанып тұрған шамшырақ, шырағданмен қатты қорқып

қалған баланы немесе ауруды кәдімгі қалпына келтіру үшін төбесінен айналдырып өткен. Жаппай зерттеліп отырған аймақта, Қазақстан және көршілес Орта Азия республикаларында жаңа түскен келін күйеуінің және оның ата-анасының табалдырығын аттап өту алдында, отқа май тамызған. “От – ана, май – ана жарылқа” деп аруақтарға сиынған. Келін табалдырықты аттардың алдында, енесі қызып тұрған отқа май салғызады. Бұл қазақтарда отқа табынудан бері келе жатқан салт болып саналады.

Қазіргі кезде біз зерттеп отырған аймақта жақсы сақталып келеді. Бұнысы бір жағынан отқа табынудың белгісі болса, екінші жағынан үй ошағының түтіні өшпесін дегенді білдіреді. Түтін өшті деген қазақта бір шаңырақ бітті, күйреді деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұлай етсе жаңа түскен келін әзәзіл тіліне ермейді, сол босағаға шын беріледі (сіңіп кетеді) деп ұққан. Келін майдай жұмсақ болсын деп, майдың түтінін алақанына тигізін, келіннің бетін сипаған.

Халық арасында дәстүрлі түсініктермен жатын бөлмеде төсеніш пен төсек орындарды жинау жүйелілігі де тығыз байланысты. Мұндай түсініктер зерттеліп отырған аймақта ауыл тұрғындары арасында әлде де тұрақты сақталып келеді. Төсек орынды жинау әдеттегідей келесі түрде жүргізіледі: ағаш жүк аяқ немесе түрлі-түсті өрнектелген сандық үстіне алдымен киіз немесе кілемдер жиналады. Оның үстіне оралып бүктелген көрпелер мен көрпешелер, ал соңынан құрақ жастық және жұмсақ жастықтар жиналады. Мұндай қатаң сақталған жүйелілік және құрылымдықты сақтау тәртібі “ұрпақ жалғастыру – байлық – бақыт” түсініктерімен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л.: Наука, 1983. – 188 с.
2. Иванов В.В., Топоров В.Н. Славянские языковые моделирующие семиотические системы. – М.: Наука, 1965. – 226 с.
3. Зулъяров А.Б. О традиционном строительстве жилищ уйгуров Казахстана // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. – 1993. – № 6. – С. 36-41.
4. Оспанов Д.М. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін): Тарих ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 1996. – 18 бб.
5. Абрамзон С.М., Антипина К.И., Махова Е.Н., Сулейманов Д. Быт колхозников киргизских селений Дархан и Чичкан // Труды НЭ АНССР. – Т. 37. – М., 1958. – С. 3-272.
6. Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л.: Наука, 1983. – 188 с.
7. Баскаков Н.А. Душа в верованиях тюрков Алтая // Сов. этнография. – 1973. – № 5. – С. 105-114.
8. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.) – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.
9. Кальшев А.Б. Культура и быт современного сельского населения Павлодарского Прииртышья: Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – М., 1989. – 24 с.
10. Қыдыралин Ү. Маңғыстау қазақтары әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы, 2001. – С. 164-170.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының баспанасына қатысты әдет-ғұрыпы жан-жақты зерттеліп, ғылыми әдебиеттер негізінде түйінделген.

РЕЗЮМЕ

В статье по материалам научной литературы рассматриваются обычаи казахского народа относящихся к очагу .

ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Бидашова Ш.О.- оқытушы (Алматы қ-сы, АТУ, ТЭК)

Қазақ отбасы тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеп көлемді еңбек жазған тарихшы, этнограф-ғалым – Х.Арғынбаев. Ғалымның 1973 жылы жарыққа шықты «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты монографиясы қазақ отбасы тарихына арналған. Еңбек жан-жақты ізденіс пен зерттеу жұмысын жүргізу барысында жиналған деректер қорын жүйелеудің нәтижесі. Зерттеуде ХХ ғасырдың басына дейінгі, яғни төңкеріске дейінгі қазақ отбасы түрлері мен қазіргі отбасы, неке, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып мәселесі қамтылып, әр өңірдегі қазақтардың салт-дәстүрлері сипатталған.

Х. Арғынбаевты 1924 жылы 21 қыркүйекте Павлодар облысы Баянауыл ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келгенмен, 30-шы жылдардағы байлардың малын тәркілеп, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру саясаты кезінде ел басына түскен қиыншылықтан Баянауылдан көшіп Камчатқаға барады. Жастайынан пысық алғыр, білімге құштар болып өскен болашақ ғалым жеті жасында білім алу жолын 1933 жылы Камчатқада бастап Томскіде жалғастырады. Кейін 1934 ж. Новосибирдегі «Арғын» колхозына келіп орналасады да 1935 ж. отбасымен Жетісуға келген соң, оқуын Қапалда жалғастырып сонда жеті кластық мектепті, кейін мұғалімдер училищесін аяқтайды. Училищені бітіріп, 1942 ж. Отан қорғауға аттанып, елге оралған соң 1947–1951 жылдары Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін бітіріп, Панфилов училищесінде мұғалімдік қызмет атқарады /1/. Ғалымның ғылыми қалыптасу жолы Ә.Марғұлан, И.В.Захаровтардың жетекшілігімен 50-ші жылдардан басталады. Осы жылдардан бастап еліміздің түкпір-түкпіріне жүргізілген экспедициялық зерттеу жұмысының барысында жинақталған этнографиялық деректердің негізінде ғылыми еңбектері жарияланады. Олардың бастылары: «Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы»(1963), «Қазақтың мал шаруашылығының жайында»(1969), «Колхозды ауылдың тұрмысы мен мәдениеті», «Қазақ халқының қолөнері» (1987)«Қазақ отбасы» (1996), және т.б. Көріп отырғандай Х.Арғынбаевтың еңбектері халықтың тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылығымен тікелей байланысты. Сондықтан болар ғалымның кез келген еңбегі оқырмандардың жүрегінен жылы жол тауып жатты. Оған тарихшы ғалым Ү.Қыдыралиннің: «Қазақ ауылында өсіп, қалың елдің ортасынан шыққан Халекен тәжірибе мен ғылымды шебер ұштастыра білді», деген сөзі дәлел бола алады /2/. Аталған еңбектердің ішінде отбасылық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен наным- сенімдер кең түрде қамтылған қазақ отбасы үшін шоқтығы биік еңбегі «Қазақ халқындағы семья мен неке» монографиясы, 1996 жылы толықтырылып «Қазақ отбасы» деген атпен қайта жарық көрді. Ғалымның отбасы мәселесін көтеруіне отбасы, өскен ортасы, өткен өмір жолы әсер еткені сөзсіз. «Халел» сөзі араб тілінен алғанда «жарқын адам», «жақсы дос», дегенді білдіреді. Еңбекте ұлттық тәрбиемізге ерекше әсер ететін, халықтың тегін сақтаушы «жеті атаға дейін қыз алыспау», өзіндік ерекшелігі бар туысқандық дәстүр, шаңырақ

көтеріп, семья құру сияқты салт-дәстүр жан-жақты қарастырылған. Зерттеу барысында ғалымның деректерді жинақтауда қолданған әдіс тәсілдері:

- Қазақстанның барлық жеріне зерттеу экспедициясын жүргізу,
- мұрағатта сақталған құжаттарды пайдалану,
- халық ауыз әдебиетіндегі мағлұматтарды (мақал-мәтел, бесік жыры, сүндет той, жар-жар, бет- ашар, т.б.) пайдалану,
- білгір азаматтардан ақпараттар жинау және оларды дерек арқылы салыстыру (әңгімелесу, анкета алу, т.б.),
- Ресейлік шығыстанушы зерттеушілердің еңбектерін (авторлардың ел аралап жинаған деректері),
- ауылдық кеңес, АХАЖ (ЗАГС-тің) тіркеу бөлімдерінің (қазіргі отбасына байланысты) деректері пайдаланылған.

XIX ғ. мен XX ғ. басында патша өкіметіне қазақ өлкесін әкімшілік аумақтық жағынан басқару үшін жергілікті халықтың тарихын, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқын жете, танып білу қажеттілігі туындады. Осы мақсатпен қазақ халқының тарихын, этнографиясын кешенді түрде зерттеу қолға алынды. Осы саясатты жүзеге асыру үшін қазақ даласына келген саяхатшылар мен зерттеушілердің, ел арасынан әр түрлі жолдармен мәліметтер жинаған патша шенеуніктерінің жазба деректері қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты қажетті мағлұматтар береді. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тілін, мәдениетін зерттеген орыс ғалымдары: И.Н.Березин, В.В.Григорьев, П.М.Мелиоранский, В.И.Веселовский, В.В. Бартольд, А.Е. Алекторов, А.В.Васильев, И.С. Колбасенко, Н.А. Кисляков, И.Г. Георги, Г.И. Боллюзек, В.В. Радлов, А. Левшиннің қазақ отбасының мәселелері жөніндеде қалдырған жазбаларының маңызы ерекше.

Ғалымдардың қазақ халқының тарихы, қазақтың әдеттік құқығы, неке, мұра, балаға қамқорлық жасау мәселелері, бата бұзу, жесір дауы, қалың мал туралы жарияланбаған құжаттарын кеңінен пайдаланылса, қазақ халқының некелік қатынастар тарихы көршілес халықтардың тарихымен салыстырыла зерттелген. Қазақ халқының орналасқан тарихи-географиялық аймақтарына қарай салт-дәстүрлерінде де әдет-ғұрыптарында да өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктер кездеседі. Еңбекте бала асырап алу мәселесіне, туысқандық қатынасқа, бала тәрбиесіне, отбасындағы әйелдер мәселесіне, олардың қоғамда алатын орнына, бала мен ата-ана арасындағы сыйластыққа үлкен мән берілген. Сондай ақ төңкеріске дейінгі және қазіргі кездегі қазақ отбасы тарихында адамның дүниеге келуінен бастап, жер бесікке дейінгі атқарылатын тәрбиелік мәні бар әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерге байланысты жиналған мәліметтер салттың атқарылуы бойынша ретке келтірілген.

Еңбек кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан тұрады:

Бірінші тарау – «Қазақтағы дәстүрлі отбасы және отбасылық қарым-қатынастар». Тарауда, отбасы түрлері, әке мұрасы және мұрагерлік құқы, туыстық қарым- қатынастар, туыстық жүйе, бала асырап алу салты, отбасындағы әйелдер жағдайы, көп әйел алу салты, бала тәрбиесі, қонақ қабылдау дәстүрі, мәйітті жерлеу және оның артын күту дәстүрі қарастырылған;

Екінші тарау – «Қазақтағы некелесу әдет-ғұрпы». Бұл тарауда некелесу дәстүрі, некелесу түрлері – қалыңдық айттыру, күйеудің ұрын бару салты, үйлену салты;

Үшінші тарау – «Қалыңмал және жасау» тарауында қалыңмал, оның мөлшері және құрамы, жасау оның мөлшері мен құрамы, қазақпен көрші халықтардағы қалыңмал мен жасау, қалыңмал мен жасаудың қалыптасуы, сипаты;

Тортінші тарауда «Қазіргі отбасы және некелік қатынастар», деп аталатын отбасы түрлері, отбасылық қарым-қатынастар, некелесу түрлері, әдет-ғұрыптар сияқты халықтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрып, атқарылатын жөн-жоралғылар қарастырылған.

Еңбектің негізгі мақсаты - қазақтардың тарихи-этнографиясын жалпықазақтық этнографиялық болмысымен шендестіре, сабақтастыра зерттеу, сондай-ақ, қазақ өлкесіндегі қазақтарының тұрмыс-салтындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді саралап зерделеу.

Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде әр аймақта өмір сүретін қазақтардың этнографиялық болмыс-бітімін сипаттай отырып, ондағы отбасы ерекшеліктерін, айырмашылығы мен ұқсастығын айқындаудың ғылыми маңызы зор екендігі белгілі.

Ұлттық болмысымызды танып білуде ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлердің алатын орны ерекше. Салт-дәстүр - халқымыздың рухани, мәдени және адамгершілік дүниемізді көрсететін, кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазынамыздың бірі. Халқымыздың тіршілігіне байланысты туындаған салт-дәстүрлер: діни әдет-ғұрыптар, жыл мезгіліндегі өткізілетін және отбасылық мерекелер болып болінеді. Діни әдет-ғұрыптарға ертеден келе жатқан наным-сенімдер, әр түрлі ырымдар жатады. Жыл мезгілдеріне байланысты «Наурыз той», сабан той», т.б. жатса, отбасылық салт-дәстүрге - құда түсу, жаушы жіберу, қыз таңдау, қарғы бау, үкі тағар, ұрын бару, есік-төр көрсету, жар- жар, беташр, қыз ұзату, келін түсіру, отқа май құю, олтірі беру, неке қию бұлар үйленуге байланысты болса, баланың дүниеге келуіне байланысты құрсақ шашу, шілдехана, азан шығарып ат қою, қырқынан шығару, тұсау кесер, тілашар, сүндет той болса, қара тігу, аза тұту, жаназы шығару, жоқтау, қырқын беру, ат тұлдау, ас беру адамды о дүниеге аттандырғанда атқарылатын салттар. Міне адам өмірі осы салт-дәстүрлер аясында өтеді. Осы салт-дәстүрде халқымыздың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, даналығы, тапқырлығы, ақыл парасаты, шешендігі, алғырлығы, қонақжайлылығы, адамгершілігі, зерделілігі, анымдық көзқарасы жатыр.

Салт-дәстүр халқымыздың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі. Сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жұрттың санасына сіңіп қалыптасқан үрдіс. «Қазақ отбасы» еңбегінде, қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері жөн-жолымен сипатталған. Қазақ халқы ұрпағы ел жұртының тарихын, ата-тегін, жеті атасын, үш жұртын білуге ерекше көңіл бөлген. Тіпті қазақ халқының әдеттік құқық заңы болып табылатын «Жеті жарғыда» жеті ата ішінде қан алмасуға тыйым салынған. Осының бәрі еңбекте кең түрде қамтылған. Қазақтың салт-дәстүрі отбасының құрылуынан басталады. Ал, отбасы ер мен әйелдің некеге отыруынан басталады. Отбасын құрған ер мен әйел отбасы салт-дәстүрінің негізін қалап, оны жүйелеп ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырушы ұжым. Баланы өсіру, оны жақсылыққа баулу, ер жеткізу, айналасындағы адамдармен қалай қарым-қатынас жасау, олармен сойлесу, ата-бабаның аруағына сыйыну, үй-ішінің абыройын қорғау отбасылық дәстүрлі тәлім-тәрбие беретін салтқа жатады. Әке - мал жанның, жердің билеушісі, әрі отбасының қамқоршысы болса, ана отбасының берекесі, шуағы, ал бала отбасының тірегі, қуанышы. Отбасы мүшелері әкенің билігіне бағына отырып отбасылық қандай мәселе болса да әкенің қатысуымен ғана шешім қабылдайтын болған. Яғни әкешенің балаларына деген билігі шексіз болған.

Қазақ қауымында ұрпақ жалғастырушы ұл балаға ерекше көңіл бөлген, әрбір қазақ жиған-терген мал-мүліктерін мұра ретінде ұлдарына қалдырып отыруы, ал егер жиғанын қалдыратын ұлдары болмаған жағдайда корінгеннің қолында кетпес үшін бала асырап алатын ғұрып ертеден келе жатқан дәстүр. Ұлы көп әкеге үлкен

құрмет көрсетіліп, той-жиындарда ақ үйге кіргізіліп торден орын алатын болған. Ер бала тек ұрпақ жалғастырушы, мұрагер ретінде ғана емес елін, жерін, халқын қорғайтын ер азамат ретіндеде құрметтелген. Қыз балаға келетін болсақ, олар қонақ ретінде саналып мұрагер қатарына қосылмаған. Ол ру мүлкінің сыртқа кетпей ру ішінде қалуын білдіреді. Демек, мұрагерлік мәселесі рудың шығуымен тікелей байланысты.

Дегенмен, қыз бала мұрагер қатарына жатпаса да, ата-аналар оларға шамалары келгенше жасау беретін болған. Қазақ отбасында шаңырақтың иесі кенже ұл болып саналғандықтан әке қайтыс болған жағдайда, үлкен үйдің иесі кенже ұл болып есептелген. Кенже ұл шаңырақ иесі болғанмен үлкен ұл ата жолымен үлкен шаңырақтың шаруасына басшылық ететін болған. Мұның өзі үлкенге құрмет, кішіге ізет дегенді көрсетеді. «Абысын тату болса ас көп», деген сөздің өзі ағайындардың татулықта, ауызбіршілікте болуы әйел қауымына да байланысты. Отбасының берекесін кіргізетін, жылулығын сақтайтын, ер адамның мерейін асыратын әйел болғандықтан қазақ отбасында әйелдер ерекше орын алған. Ошақ түтінінің дұрыс шығуы осы әйел адамдарға байланысты. «Шешесін коріп қызын ал», «Шеше көрген тон пішер...», дегендей, ата-аналар ұдары ер жеткенде жар таңдауға көп көңіл боле отырып, текті жерден қыз таңдауды басты мақсат етіп қойған. Кез-келген ата-ана қыз алысып, қыз берісіп, ұлдарын үйлендіру арқылы жақсы жермен туыс болып өрісін кеңейтуді ойлаған. Ал, үйленген ұл баласна енші беріп керегесін кеңейткен.

Ата-аналар ұлдарына қыз айттыруда ең алдымен тектілігіне, туыскандық жақындығына қараған. Содан кейін жеті атаға дейін қыз алыснау заңын қатал сақтай отырып құдаласқан.

Құдаласу ежелден келе жатқан дәстүр. Құда түсудің белқұда, бесік құда, құдай қосқандар деген түрлері бар. Белқұда іште жатқан балаларға күн ілгері құдалыққа сөз байласу салты, оны «қарын құда», деп те атайтын болған /3/. «Қарын құда» Қозы көрпеш Баян сұлу жырында кездеседі. Ондағы:

63 жол Біреуі ұл, біреуі қыз тапса,

Құдай қосса біз қостық.

Екеуміз құда болсақ, «қарғыбау» деп,

Айбас құлды сол жерде берген екен,

деген жолдар Сарбай мен Қарабайдың қарын құда болғанын көрсетеді.

Мұндағы «Қарғыбау» құда түскен адамның болашақ келінін иемденгеннің белгісі болсын деп қолына білезік не мойнына алқа тағу. Қазіргі кезде «сырға салу», деп айтылады.

Бесік құда баларының бесіктегі кезінде достардың ант берісіп құдаласу дәстүрі. Бұл дәстүр қазіргі кезде сирек болса да кездеседі.

Құда түсудің алғашқы іс әрекеті ұл әкесінің қыз әкесіне жаушы жіберуінен басталады. Х.Арғынбаев «жаушыға пысық, сөзге шешен, сыр тарта алатын адамды жіберетін болған», дейді. Жаушының міндеті қыз әкесімен сөйлесіп, құда болуға келісіп қайту.

Жай адамға қарағанда жаушы киімінің сырт пішінінде ерекшелік, оның шалбарының бір балаға етік қонышының сыртына, екінші балағы етіктің ішіне сұғындырылатын болған. Бұл жаушының жолы болып қайту үшін жасалған ырым.

Жаушы қыз әкесінің үйіне кірісімен өзінің қандай мақсатпен келгенін сездіру үшін, төрге көрпе салуын өтінеді. Жаушының хабары қыз әкесінің көңілінен шықса шама шарқынша күтіп, қалың малдың көлемін, той күнін ескертетін болған /4/. Қайтарда жаушыға «шеге шапан» кигізетін болған. Этнограф Ә.Диваевтың айтуынша «шеге шапан» жаушы мен қыз әкесінің жасасқан уәдесінің берік болуын білдірген /5/.

Жаушының жеткізген жылы хабарынан соң ұл жақ құдалыққа бару мерзімі, кімдердің баратыны, қалың мал молшері талқыланған.

Қазақта қызайтыруда «біз шаншу» дегенде болған. Келген қонақ (ер кісілер болған) ешкіммен тілдеспей ер тоқымын бір жерге қойып, асын ішін келесі күні үн-түнсіз кетеді. Кетерінде сырмаққа біз шаншып, қайрақтарын алып кететін болған. «Біз шаншудын», мәні сіздерде қас сұлу бар, дегенді білдірсе, қайрақ бізде ұл бала бар жекжат болайық, дегенді білдірген. Келген қонақтың қайрақты әкетуі «бізді құп көрсеңіздер құдандалы болайық» дегенді білдірген /6/.

Құдаласу дәстүрі толып жатқан той-томалақ, кәделер, жөн-жоралғылар арқылы жүреді. О отбасында атқарылатын қыз айттыру, құда түсу, үйлену, ас беру, жасау, енші беру сияқты салт-дәстүрлер ағайын туысқандардың көмегімен атқарылады және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Осы айтылған отбасылық дәстүрлер уақыттың өтуіне байланысты жаңа қоғамдық өзгеріске сай келмейтін салттар өзгеріске ұшырап жаңашаланып атқарылып келеді. «Қазақ отбасы» жөнінде ғалым Р.Бердіқұлов: «Кітаптың ғылыми маңызы мен бірге оның күнделікті өмір тәжірибесінде жас ұрпақты қазақтың дәстүрлі салт-санасына, әдет-ғұрып негізінде тәрбиелеуде алатын орны да зор», десе /7/, зерттеуші Л.Н.Ибраимова: «Халқымыздың ұмытылып бара жатқан озық әдет-ғұрыптарын кеңінен насихаттау, одан гибрат алуға үндеу, тозығы жеткен дәстүрлерден аулақ болуға шақырады – дей келе, еңбектің ғылыми танымдық маңызы, әсіресе қазіргі қазақ қауымы үшін тәлім-тәрбиелік мәні зор» деп, салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні жөніндегі ғалымның еңбегін жоғары бағалайды /8-46/.

Қазіргі қазақ отбасын зерттеу барысында зерттеуші Қазақстан жерін мекендеген халықтардың табиғи географиялық аумағына, тұрмыстық жағдайларына байланысты қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде ерекшеліктері бар аймақтарға мән бере отырып зерттеу жұмысын жүргізген. Осының нәтижесінде қазіргі қазақ ауылындағы қазақ отбасының құрамы анықталған.

Қазіргі таңда отбасы мәселесін зерттеуде жол көрсететін бұл еңбектің ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығы жөнінде жазушы Т.Елеусізұлы: «Ұлттық салт-дәстүріміздің нағыз қазақи қанға, тәубалық иманға тән белгілерін қатар көрсетеді», - деп көрсеткен /9/. Аталған еңбектің құндылығы жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде баға жетпес мұра екендігінде.

Қорыта келгенде, этнографиялық материалдар негізінде қазақ отбасы мәселесіне байланысты ғылыми тұрғыда жазылған құнды туындының қазіргі таңда ата-ана мен бала арасындағы рухани алшақтықтың күшеюі, бала тәрбиесінде ата-ана мен қоғамдық орындар арасындағы байланыстың әлсіздігінің бала тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатқан кезде, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртуда маңызы зор демекпіз. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу үшін, алдымен олардың бойына халқымыздың рухани құндылықтарын сіңіре отырып,, ұлттық сананы оятуымыз қажет. Отбасы - адами құндылықтарды, ұрпақтың мәдени және тарихи мұрасын сақтайтын, ұрпақ тәрбиелейтін құтты мекен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аргынбаев Х. Баянауылдан Камчаткаға дейін. // Жұлдыз, -1991 №7
2. Қыдыралын Ү. Қазақ этнографиясының мақтанышы. // Атырау, -2004
3. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы. -1999
4. Аргынбаев Х. Қазақ отбасы – Алматы, «Қайнар», -1996
5. Диваев Ә. Тарту - Алматы, -1994
6. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі - Алматы, 1992
7. Бердіқұлов Р. Бәрі отбасынан басталады. // Қазақ әдебиеті, -1997, -1 сәуір

8.Ибраимова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие.

- Алматы, - 2007

9.Елеусізұлы Т. Ұстаз ғалым майдангер.//Отан сақшысы, - 1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Х.Арғынбаевтың еңбектерінде қарастырылған отбасылық салт-дәстүр мәселелеріне арналған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются семейные традиции и обычаи в трудах Х.Арғынбаева.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ДЕМАЛУ ҮРДІСТЕРІНЕН

Исаева Ә.И. – т.ғ. к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Демалудың негізгі құрамдас бөліктері оның ұзақтығы, өтетін орны және өткізу әдісі болып табылатындығы белгілі. Соның ішінде демалу әрекетіне, жалпы отбасылық демалуға, осы үшін пайдаланылған уақыттың ұзақтығы (бір немесе апталық уақыт аясында) басым ықпал жасайды. Мысалы, үздіксіз демалу уақыты ұзақ болған сайын жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне және әртүрлі әрекет жасауына мүмкіндік көбірек туындайды.

Егер демалу саласын жоғарыда аталған қағида бойынша жіктейтін болсақ, онда барлық рекреативті әрекетті (демалу мерзімінің қызметін) мынадай негізгі үш беталыс бойынша бөліп қарастыруға болады: 1) күнделікті демалу; 2) демалыс күнгі демалу; 3) жыл сайынғы демалыста демалу.

Күнделікті демалу, ең алдымен, күн сайынғы еңбек әрекеті үдерісінде жұмсалған физикалық күштерді қайта орнына келтіруге бағытталған. Ол, көбінесе үйде немесе үйге жақын жерде жүзеге асырылады. Ол тек қана отбасының ересек мүшелеріне қатысты емес сонымен қатар жастарға да, мектеп жасындағы балаларға да қатысты.

Егер қолдары бос күніндегі демалуды қарастыратын болсақ, ол үй жағдайында да, үйден тыс жағдайларда да бірдей уақытының ұзақтылығымен сипатталады. Демалудың осындай түрінің барысында, оның құрамында күш жинауға ғана емес, сондай-ақ тұлғаның дамуына ықпал ететін әрекеттің әр түрлері пайда болатындықтан, жүзеге асырылатын функцияның сипаттамасы өзгереді.

Ауыл және қала тұрғындарының көпшілігі демалу әрекетінің түрлері ретінде демалыс күндерін белсенді қолданады. Бұл күндер телебағдарламалар көрумен, көркем әдебиеттер, газеттер оқумен, радио тыңдаумен, кинотеатрларға барумен, үйдің маңайында қыдырумен, музыка тыңдаумен, белсенді емес демалыспен сипатталады. Әдетте дәл осындай о күндері қонақтарды қабылдайды және өздері қонаққа барады. Сондай-ақ, мұндай күндері күнделікті уақыты жетпей жүрген жұмыстарды жасайды, соның ішінде кір жуу және қажетті шаруашылық әрекеттің басқа да түрлері.

Демалудың үшінші түрі – жыл сайынғы кезекті демалыс – еңбек әрекетінің алуан түрлерінен толық демалуға ықпал ететін уақыттың ұзартылған бөлігін білдіреді. Ол алдыңғы демалу түрлерінен уақыт бойынша ұзақтығымен ғана емес, сондай-ақ тұратын орнынан ондаған километрден бірнеше мыңдаған километрге дейін созылатын кеңістіктік аралықпен немесе қашықтықпен ерекшеленеді. Соңғы нәтижесінде жыл

сайынғы демалыс уақытының құрылымы тұлғаның дамуына, оның шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсете алуына сәйкес болады /1/.

Нақты өмірде жыл сайынғы кезекті демалысты өткізу құрылымы қалағанымыздан әлдеқайда бөлек болатындығын айта кету керек. Оны кейбір тұрғындар еңбек немесе өндірістік әрекет барысында жұмсалған күш-қуатты және денсаулықты толығымен қайта орнына келтіру үшін қажетті дәрежеде пайдалана алмайды. Олардың кейбіреулері, әсіресе жас отбасылар демалыс үйлеріне және санаторилерге баруға қаражаттары болмағандықтан демалыстың пассив түрімен қанағаттанады. Нәтижесінде көптеген отбасылар өздерінің кезекті демалыстарын балаларымен ұйымдастырылған демалыс саласынан тыс жерде, яғни белгілі бір тұрмыстық қиындықтармен өткізуге мәжбүр болады.

Ұзақ мерзімді демалысты жолдама бойынша демалыс үйлерінде, профилакторийларда және санаторийлерде өткізуді ұйымдастырудағы қиындықтар бұл республикамыздың көптеген аудандарының, облыстары мен аймақтарының басты мәселесі екендігін атап өтуге болады. Тұрғындардың тек аздаған бөлігі ғана отбасылық түрде ұйымдастырылған демалыс мекемелерінде демалу мүмкіндігіне ие. Демалуды жүзеге асыру қажеттілігінен айырылған, күнкөрісі төмен, жас және де балалары бар отбасылар үшін демалудың ұйымдастырылған түрлеріне қол жеткізу қаншалықты қиын екендігін көз алдымызға елестетуге болады. Қазіргі кездегі күрделі нарықтық жағдайда және болашақта кезекті демалысқа арналған қаражаттың болуы-болмауын болжау мүмкін емес, сондықтан көптеген ауылдық және қалалық отбасылардың демалысы толығымен олардың өздерінің бастамасы мен қабілеттеріне тәуелді болып келеді.

Сонымен қатар қазақтардың және басқа да шығыс елдерінің, соның ішінде түрік этностарының арасында «қалай болады» демалысы кең тараған. Бұл жерде, біз, бірінші кезекте олардың туыстарының үйінде демалуды қалайтындығын айтамыз. Бұл тығыз буынаралық байланыстың бар екендігін көрсетеді. Мұндай байланыстармен бірінші бөлімде нақты көрсетілген туыстықтың үш категориясында қамтитын жоғары және төменгі тізбекті туыстар сипатталады.

Демалу уақытының айтарлықтай ұзақтығы оны толыққанды өткізуге зор мүмкіндік береді. Осы фактордың негізінде демалу уақытының ұзақ үздіксіз аралығы ретіндегі жыл сайынғы кезекті демалыстың уақытын бірінші кезекте тұлғаның рухани дамуы үшін мүмкіндік ретінде қарастыру қажет. Мысалы, ақпарат берушілермен осы тақырыпта әңгіме өткізу бізге кезекті демалыс уақытына қойылатын төмендегідей талаптарды құрастыруға мүмкіндік берді:

- жаңа, қызықты нәрсені көру ықтималдығы; сүйікті ісімен айналысу мүмкіндігі; туыстарымен және достарымен кездесу; жаңа таныстықтар; әбігерліктің болмауы, тыныштық, сабырлық және демалыс; шаруадан басын босату, көңіл көтеру және т.б.

Біздің ел арасынан жинаған мәліметтеріміз бойынша демалысқа деген ер адамдар мен әйелдердің ұстанымдары белгілі бір дәрежеде бір-бірінен ерекшеленеді, себебі олар өздеріне бұрыннан келен жатқан отбасы рөлдерін бөлу стереотипін сіңірген. Мысалы, егер ер адам үшін жоғарыда аталған барлық белсенді және актив демалу түрлері дұрыс шешім болып табылса, ал әйелдер үшін демалыстың мынадай түрлері қолайлы: 1) олар кезекті демалыстың бос уақытын тамақ дайындаумен және үй жинаумен байланысты күнделікті шаруадан басын босату мүмкіндігімен байланыстырады; 2) олар ер адамдарға қарағанда демалыстың тыныштық, сабырлық, физикалық демалу сияқты негізгі элементтеріне ерекше назар аударады.

Бұл жерде отбасы міндеттерін жалпы бөлудің ықпалын да есепке алу қажет. Мысалы, дәстүр бойынша еңбек күні аяқталған соң әйел адамның өндіріске қатысуына немесе қатыспауына қарамастан, оны үй шаруашылығы бойынша екінші жұмысы күтіп тұрады. Бұл жағдай қалалы жерлерге қарағанда ауылдық жерлерде анық байқалады. Мысалы, тұрмыстық мекемелер мен басқа да қызмет көрсету орындарының жеткілікті

мөлшерде дамымағандығынан ауыл әйелдері үй жинауға, тамақ дайындау және т.б. көп уақыт жұмсайды.

Сондықтан олар кезекті демалысқа ер адамдарға карағанда көбірек шаршап шығады және осыған байланысты демалыс уақытын көп бөлігін физикалық күшін қайта орнына келтірумен өткізеді. Кешенді түрдегі осының барлығы кезекті демалыс мерзімінде отбасының демалу түрін таңдауында, белгілі бір мөлшерде, бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан отбасылық үй еңбегін болудегі теңсіздік байқалады. Осы аталған теңсіздік, өз кезегінде, қарастырылып отырған демалу саласындағы әртүрлі құндылық бағыттарын қалыптастырады. Бұл ер адамдардың әйелдерге карағанда бұрынғы достарымен де, жаңа таныстарымен де қарым-қатынас жасауға көбірек бағыт алуына және өзін-өзі сүйікті ісі арқылы дамытуға ықпал етеді.

Қарастырылып отырған кезекті жыл сайынғы демалыс құрылымы отбасылармен демалыстың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған формаларын, яғни демалыс қызметтерін пайдалану немесе пайдаланбаудың басқа құрылымдық сызбаның аясында талдау жасауға мүмкіндік беретін ақпараттардың қажетті мөлшерінен тұрады.

Демалысты бағалаудың келесі құрылымдық өлшемі оның ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған формалары болып табылады. Демалудың бірінші түрінің екіншісіне карағанда артықшылығы сөзсіз басым. Себебі, біріншіден, ол алдын ала жоспарланады, екіншіден, ұсынылған қызметтерді пайдалану процедурасының карапайымдылығымен сипатталады; үшіншіден, аталған қызметтердің құнына алдын ала бағыт алуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, ұйымдастырылған демалыстың қызметтерін кеңінен пайдалануға бағыт ұстану отбасы мүшелерінің табысының жоғары деңгейімен түсіндіріледі.

Біздің ел арасынан жинаған этнографиялық материалдарымыз бойынша сұралған ауыл қазақтарының жартысынан көбі санаторийлердегі, демалыс үйлеріндегі, профилакторийлер мен пансионаттардағы ұйымдастырылған демалысты қалайды. Демалыстың аталған түрі, негізінен, басшылардың және жоғары, орта буын мамандарының, қызметкерлер мен зиялы қауымның, сондай-ақ, орта және жас буын арасында көбірек қолданылады. Сонымен қатар отбасылық демалудың жалпы құрылымындағы демалыстың ұйымдастырылған түрлерінің үлесі өте аз. Ол мынадай себептермен түсіндіріледі:

1) демалудың көптеген ұйымдастырылған түрлеріне материалдық тұрғыдан қол жетімсіздігі;

2) көңіл көтеру орындары мен мәдениет мекемелерінің жеткіліксіздігі;

3) демалуды жүзеге асыру үшін белгілі бір белсенділік таныту қажеттілігі;

4) отбасы қажеттіліктерінің қатарындағы демалу рөлінің төмендігі;

5) бар тұрмыстық қызмет түрлерінің аздығы;

6) демалу орындарының отбасы өмір сүретін жерлерден қашықтығы.

Демалу әрекетінің ұйымдастырылмаған формасы көбінесе отбасы ішінде және қандай да бір арнайы қызметтерді пайдаланбай жүзеге асырылады. Жоғарыда аталғандармен қатар, бұл жерде төмендегілер маңызды рөл атқарады:

1) жұмыстан кейін және үй шаруашылығын жүргізуден шаршау;

2) үй шаруашылығындағы істерге байланысты уақыттың жетіспеушілігі;

3) жас балалардың болуы. Сондықтан да, олар демалу ретінде жақын туыстарына, көршілеріне, достарына және т.б. қонаққа баруды жөн санайды.

Сонымен қатар демалу сапасын бағалаудың үйден тыс және үйдің ішіндегі құрылымдық өлшемдері де болады. Олар демалуды жүзеге асырудың кеңістіктік ортасына жатады. Жоғарыда айтып кеткендей, кезекті жыл сайынғы демалыс үйден тыс жерде, сондай-ақ тұратын жерінен қашықта демалуға өте қолайлы мүмкіндіктер береді. Алайда күнделікті өмір барысындағы объективті және субъективті мәселелер, сонымен бірге жас балалардың болуы ерлі-зайыптыларға өздерінің демалысын үйдің ішінде

өткізуге мәжбүр етеді. Отбасының мәдени қажеттілі құрылымының өзгеруімен, бастысы, отбасында нәрестенің өмірге келуімен ерлі-зайыптылардың біртіндеп үй ішінде демалуға бағыт алуы байқалады. Отбасы демалысының бұл «үйге үйрену» ерекшелігін басқа да отбасын зерттеушілер де атап көрсеткен /1; 2/. Осындай жағдайларда тұрғын үйдің отбасы демалысына және тәрбие беру әрекеттеріне арналған кеңістік ретінде маңызы арта түседі. Күнделікті отбасы ішіндегі қарым-қатынастардың негізгі бөлігі осылайша үйде немесе пәтерде жүзеге асырылады.

Үй ішіндегі демалу әрекеттерінің құрылымын отбасылық қарым-қатынастың белсенділігі бойынша ерлі-зайыптылардың немесе ата-аналардың бағыт алуы бойынша бірлескен және бөлек демалу түріне бөлудің маңыздылығын атап өткен жөн. Демалу ортасы ерлі-зайыптыларға өзді-өздерімен, сондай-ақ балаларымен, туыстарымен, достарымен қарым-қатынас жасауға өте зор мүмкіндіктер тудырады. Алайда осы зор мүмкіндіктерді ерлі-зайыптылардың толыққанды қолдануына объективті жағдайлар кедергі келтіреді. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың болуы ерлі-зайыптылардың демалу үдерісінде қарым-қатынас жасауға деген ынтасын және қарым-қатынас жасау үлгісін айтарлықтай өзгертеді.

Ерлі-зайыптылықтың бастапқы кезеңінде бөлек демалу кеңінен тараған құбылыс ретінде қаралады. Шағын нуклеарлық отбасыларда бұл құбылыс отбасында балалардың болуымен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасауының жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Алайда жас және орта жастағы ата-аналардың үйден тыс демалысты бірге өткізу мүмкіншілігінің болмауының себебі тек балалар ғана емес. Осы құбылысқа жасалған терең талдау көрсетіп отырғандай, ерлі-зайыптылардың ондай қылықтарын түсіндіретін объективті психологиялық себептер де бар. Мысалы, үйден тыс демалу құрылымында достарымен кездесу ерекше тартымдылықпен қолданылады. Кезекті жыл сайынғы демалыс уақытын достарының арасында өткізу де кеңінен қолданылады. Үш буынның өкілдерінен құралатын күрделі отбасыларда мұндай мәселелер оңай шешіледі.

Біздің ойымызша, демалыс төмендегідей маңызды отбасылық қызметтерді даусыз орындауы тиіс.

1. Ол ата-аналардың балаларымен қарым-қатынас жасауына қолайлы жағдайлар туғызады. Өйткені бұл салада белгілі бір іспен бірге немесе бөлек айналысу олардың өздерінің қалауы бойынша реттеліп отырады. Мысалы, жас отбасында балалар жасының кіші болуы олардың қарым-қатынас жасауының шектеулігімен сипатталады: ол көбінесе, балаларға қамқорлық жасаудан құралады. Көптеген нуклеарлық отбасыларда ерлі-зайыптылар балаларымен қарым-қатынас жасауға жауапкершілікпен қарап, мүмкіндіктерінше оларға өздерінің барлық бос уақыттары мен ата-аналық махаббаттарын арнайды. Кезекті демалыс мерзімінде ата-аналарға тәрбие беру қызметтерін атқаруға үлкен мүмкіндіктер туады. Аталған мерзім уақыттың ұзақтығына байланысты, ата-аналарға тәрбие беру үдерісін үзбей, шаруашылық-тұрмыстық және басқа да міндеттерді орындауға алданбай жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Бұл жағдай ересектердің балалармен, жасөспірімдермен бірге демалуының маңызын белгілі бір деңгейде өзектендіреді.

2. Демалу сонымен қатар отбасының барлық мүшелерінің эмоционалды тұрғыдан бірігуіне және психологиялық серпіліс жасауына ықпал етеді. Оны жүзеге асырудағы маңызды шарт ерлі-зайыптылар демалысының, оны өткізу орнына қарамастан, бірге болуы болып табылады. Жас және орта буын отбасылары белгілі себептерге байланысты, негізінен, қосымша балаларға қарай отырып, үй ішіндегі демалысты пайдаланды. Бұл жағдайда тұрғын үй шарттары қанағаттанарлықтай болуы маңызды. Өйткені, оның қолайлы және тұрақты болуы ерлі-зайыптылар мен балалар отбасылық қарым-қатынаста сабырлықты, рухани тыныштықты және сенімділікті сезінуі ықпал етуі тиіс.

Ата-аналарымен бірге тұратын жас отбасыларда, үш буынның өкілдері бар отбасыларда олардың үйден тыс демалысты бірге өткізуіне нақты мүмкіндіктер туындайды. Бұл жағдайда жасы үлкендер немерелерін бағып, қадағалайды. Сондықтан да ата-аналарымен бірге тұратын жас отбасылардың үйден тыс жерде демалу әрекетінің көлемі нуклеарлы отбасыларға қарағанда, әлдеқайда жоғары. Ал екінші жағынан нуклеарлы отбасылардың психологиялық аурасы бірқатар параметрлері бойынша қолайлы болып келеді. Бұл жерде демалыс барысындағы келіспеушіліктер айқын байқалмайды. Демалысты қолдану үдерісіндегі отбасының психологиялық атмосферасы көбіне ерлі-зайыптылардың өмірдегі мақсаттарының және құндылықты бағыттарының бір болуымен анықталады.

3. Отбасы демалысының маңызды қызметінің бірі өмір сүру үдерісінің барысында жұмсалған физикалық күштерді қайта орнына келтіру, яғни рекреация болып табылады. Ерлі-зайыптылардың бір бөлігі ер адамды да, әйел адамды да бірдей мазасыздандыратын жұмыстан кейінгі физикалық шаршағанын, үй жұмысынан кейін шаршағанын сезінуі жиі кездеседі. Екінші жағынан, үй жұмысын атқаруда әйел адамдар ер адамдарға қарағанда көп шаршайды, ал бұл оның физикалық жағдайына міндетті түрде әсер етеді.

Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың белгілі бір бөліктері үшін отбасылық демалыстың қажетті түрі ретінде түнгі, сонымен бірге күндізгі ұйқыға деген қажеттілік саналады.

4. Физикалық күштердің қайта орнын толтыруға бағытталған рекреативтік функциялардан басқа рухани даму функциясы да маңызды болып табылады. Олар негізінен тұлғаның рухани санасын дамытуға ықпал жасайтын жоғары шығармашылық мазмұндағы демалу әрекеттерін жүзеге асыру үдерісінде қалыптасады. Демалу әрекеттерінің аталған функциясы, өз кезегінде, белсенді және белсенді емес болып екіге бөлінеді. Олардың біріншісінің орны маңыздырақ болып келеді. Оны жүзеге асыру үшін тұлғаның ақыл-ойын және физикалық күшін іске қосу қажет. Белсенді функцияға спортпен айналысуды, қолөнермен немесе техникалық шығармашылықпен айналысуды жатқызуға болады. Ал бұларға, өкінішке орай, жоғарыда айтылған қиындықтардың кесірінен сұраныс өте төмен.

Сонымен бірге демалудың белсенді емес түрлері, мысалы, кинотеатрларға бару, радио тыңдау немесе теледидар көру кеңінен қолданылады. Олар тұлғаны ақпараттармен қамтамасыз ететіндігі күмәнсіз, бірақ шахмат ойнауға және шығармашылықтың алуан түрлеріне қарағанда тұлғаның дамуына жасайтын ықпалы мардымсыз. Тұрғындардың бос уақытының құрылымындағы демалудың аталған түрлерінің басым болуы Қазақстанның басқа да аймақтарына тән екендігін зерттеушілер атап көрсеткен /3; 4; 5/.

Отбасының демалу әрекетінің белсенді түрінен рухани даму қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белсенді емес түріне жасаған негізгі бет бұрыстарды былайша бөліп көрсетуге болады: техникалық шығармашылық, көркемөнерге қатысу, театрлар мен концерттерге бару, спорттың алуан түрлерімен айналысу, көркем әдебиеттер мен арнайы кітаптарды, газеттерді, журналдарды оқу, киноға бару, мерзімдік басылымдарды оқу, теледидар көру, радио тыңдау. Біздің мәліметтеріміз көрсетіп отырғандай, осы демалу әрекеттерін әйел адамдарға қарағанда ер адамдар жиі қолданады. Осындай демалудағы рөлді бөлу дәстүр бойынша қалыптасып келе жатқан өзінің бос уақытының көбін үй жұмысына жұмсайтын әйелдердің отбасы міндеттеріне жауапкершілікпен қарауынан болар. Ал бұл кезде ер адамдар өздерінің жұмыстан кейінгі бос уақытын демалуға арнайды.

Ерлі-зайыптылардың демалу әрекеті мен білім алуының арасындағы өзара байланыс рухани байлықтың дамуына әкелетін әрекеттің алуан түрлері білім деңгейі жоғарылаған сайын белсенділікке бетбұрыс жасаудың белгілі бір заңдылығын көрсетеді. Мысалы, бұл заңдылық басшылар мен жоғары және орта буын

мамандарының, сондай-ақ қызметкерлер мен біліктендірілген және біліктендірілмеген мамандардың оқу белсенділігін салыстырғанда анық байқалады. Сондай-ақ бұл заңдылық театрларға барғанда, газеттер мен журналдарды оқуда байқалады.

5. Ерлі-зайыптылардың коммуникативтік қызметін жүзеге асыруында демалудың маңызы жоғары. Ол отбасындағы ерлі-зайыптылардың арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас жасау қызметін ғана білдірмейді, сондай-ақ отбасынан тыс және отбасыаралық қарым-қатынастардың маңызды түрі болып табылады. Біздің ойымызша, бұл қарым-қатынастар Қазақстанның барлық аймақтарындағы қазақтардың арасында ғана емес, сонымен бірге басқа ұлттардың, атап айтқанда, түрік және шығыс ұлттарының арасында кеңінен таралған.

Ауылдық жерлердегі отбасылар қарым-қатынас жасау үшін мейрамханаларға және дәмханаларға баруды өте сирек қолданады. Мұндай қатынастағы жағдайды ауыстырумен байланысты қажеттілік көп қонақ шақыруды білдіретін үйлену тойын немесе мерейтойлар жасауда ғана туындайды. Осындай төмен көрсеткіштің себебі, олар отбасы демалысына арналмаған. Ол жерде балалармен демалу мүмкіндігі жоқ. Ал бұл нуклеарлы отбасылары үшін шешімі жоқ мәселе болып табылады. Сонымен қатар нарықтық қатынастарға өтуге байланысты аталған мекемелерге бару көптеген ерлі-зайыптылар үшін отбасы табысы оскен күннің өзінде де материалдық тұрғыдан қол жетпейтін әрекет болып табылады.

Республикамыздағы экономикалық шаруашылықтың жаңа шарттары, басқа да жағымды өзгерістермен бірге, ерлі-зайыптылардың, олардың балаларының және немерелерінің әртүрлі жастық құрамы бар отбасыларға арналған көңіл көтерудің, тамақтанудың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі деп сенеміз. Жеке алып қарағанда 1990 жылдардан бастап Оңтүстік Қазақстанда республикамыздың басқа аймақтары сияқты тұтынушылармен қарым-қатынас тапшылығының орнын толтыру үшін қолданылатын ұсақ жеке меншік дәмханалар желісі қалыптасты. Қоғамдық тамақтанудың жоғарыдағыдай ұсақ түрлері, негізінен, жастар арасында, жас және орта буын арасында сұранысқа ие болды.

Отбасының демалу әрекетін жүзеге асыруда қазақ әйелдері, ер адамдарға қарағанда, өзінің рекреациясымен, шығарған күш-қуаты орнына келтірумен байланысты демалудың белсенді емес түрін таңдайды. Бұл көбінесе үй шаруасында одан әрі шаршауына алып келеді. Екінші жағынан, олар еуропалық әйелдерге қарағанда көршілес түрік немесе шығыс этностарының әйелдері сияқты демалыс күндерін үй жинауға, кір жууға және шақырылған немесе аяқ астынан келетін қонақтарды күтуге жұмсайды. Бұл жерде олар күйеуі жағынан өзара түсіністік пен көмекке ие бола алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ранник Э. Тип семьи и социальная активность // Социально-демографические исследования семьи в республиках Советской Прибалтики. – Рига, 1980. – С.48.
2. Орлов Г.П. Свободное время: Условия развития человека и мера общественного богатства. – Свердловск, 1989. – С.85.
3. Ахметжанов А. Коммуникационная обстановка в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2001. – №11. – С.95-98.
4. Исабек Р. Қазақстан телевизиясындағы ақпараттық хабарлардың проблемалары // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2001. – №11. – 91-95 бб.
5. Сагнаева С.К., Коспанов А.А. Институт гостеприимства в казахском обществе (по материалам Западно-Казахстанской области) // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы, 2001. – С.230-244.

Мақалада ғылыми зерттеулер негізіне жүгіне отырып, отбасының демалу жүйесі зерделенген.

РЕЗЮМЕ

В статье опираясь на основу научных исследований была изучена система отдыха семьи.

ТРАДИЦИОННАЯ СЕМЬЯ И БРАК КАЗАХОВ В ИССЛЕДОВАНИЯХ А.ВАМБЕРИ

Кальш А.Б. - к.и.н., доцент (г.Алматы, КазНУ им. аль-Фараби)

Видный венгерский путешественник, историк, этнограф, тюрколог, востоковед и лингвист Арминий (Герман) Вамбери (1832-1913), известный и как профессор восточных языков и литературы при Пражском университете, оставил значительное письменное историко-этнографическое, географическое и лингвистическое наследие по народам Центральной Азии и Казахстана. Ценность его научных трудов заключается в том, что помимо знания специальной литературы по ним, он в 1863 г. научных целях предпринял тайное путешествие в этот регион. Ему удалось под видом турецкого дервиша-мусульманина собрать ценный первичный полевой материал по фольклору, образу жизни, быту и культуре тюркоязычных этносов, которые ранее не были доступны европейским исследователям. Во время краткосрочного путешествия он побывал в Персии, среднеазиатских ханствах (Хива, Бухара и Коканд), а также на территории Казахстана – от Эмбы и Аральского моря вплоть до Балхана и Алтая. Безусловно, ему в этом помогло прекрасное знание турецкого языка – родственного тюркским языкам народов Средней Азии, которым он овладел работая учителем французского языка в Константинополе (Стамбуле) в 1857-1861 гг. Знание не только турецкого, но и других восточных языков помогли ему в работе над восточными манускриптами, хранящимися в библиотеках этого города, а в последующем – в издании оригинальных научных трудов, позволивших ему стать членом-корреспондентом Венгерской Академии наук, приобрести признание европейских ученых /1-3/.

В его публикациях мы встречаем краткое описание антропологического типа казахов, которые по его мнению отличаются от «монгольско-калмыцкого» типа, приближаясь к «среднеазиатскому». Так же он дает сведения по отдельным элементам традиционной материальной (одежда и национальные блюда) и духовной культуры, верованиям, представлениям и суевериям, языковым аспектам и т.д.

Более подробные данные представлены им по семье и быту казахского народа /3-6/.

А.Вамбери приводит собственную трактовку понятия «семьи» как в узком, так и в широком смысле у тюркских народов, включая казахов. Ее он связывает с привязанностью людей друг к другу, с домом («*üi*»), родом и племенем, сравнивая с латинским «*famila*» и «*famulus*». По всей видимости, как явствует из исследований автора, среди указанных этносов были распространены такие формы семьи, как большая патриархальная, и индивидуальная малая семья с различными подтипами.

Касаясь внутрисемейных отношений А.Вамбери объективно охарактеризовал статус главы семейства («*ata*»), непререкаемость его авторитета. Во-первых, это происходит от того, что он является главой и собственником жилища; во-вторых, он - обладатель «всех тех атрибутов, которые свойственны отцу, как хозяину дома, в

соответствии с патриархальным устройством семьи», которое напрямую связано «с уважением и почитанием, которое принято оказывать предкам и прародителям» («atalar») по мужской линии /6, с.273/.

Подчиненное положение женщины и матери автор выражает «словами *ana* или *ene*, корневой слог которых *an*, *en* изначально означает *женщина*, *кормилица*, а не хозяйка дома, госпожа. Действительно, женщина рассматривает своего супруга как человека, который обеспечивает ей защи-ту» /6, с.273/. Такой же лингвистический подход для объяснения более низкого социального статуса показан им и в отношении остальных членов семьи, как женского, так и мужского пола.

Очень точным и характерным представляется описание им степени близости и родства в отношении младших членов семьи. «Все эти названия, – отмечает исследователь, – которые сами по себе указывают на отношения любви и сердечности, связывающих братьев и сестер друг с другом, названия, по сравнению с которыми внутреннее значение соответствующих слов в арийских и семитских языках представляется бесцветным и незначимым» /6, с.274/. Его поразила не только «точность в названии отдельных членов узкого семейного союза», но и в «наименовании дальних родственников» по отцовской и материнской линии – «*теток, детей братьев и сестер* и т.д., то есть всех членов, которые связаны друг с другом тесными кровными узами». Для остальных же родственников, которые стали им близкими посредством брака, использовали «соответствующие названия, образованные от *ogei* = *чужой* или уважительно, ...*kajin* = *введенный*. Например, *ogei ata* или *ogei ana* = *отчим* или *мачеха* и т.д.» /6, с.274/.

Такую же наблюдательность проявил А.Вамбери при характеристике заключения традиционного брака у казахов. Он подчеркивает, что «понятие *женитьба*, *замужество* передается словами *ujlenmek*, *ovlenmek*, дословно, создать дом, поселиться, это словообразование аналогично мад. *hazasodni* = *жениться*, выходить замуж, образованному от слова *haz* = *дом*» /6, с.274/.

Ученый особо подчеркивает и то обстоятельство, что в условиях господства патриархальной семьи и главенства в ней мужчины-отца, женитьба сына или замужество дочери полностью находились в его власти. По его мнению у казахов, равно как и среди других представителей тюркских этносов, которых он изучил в достаточной степени, брак «заключается в большинстве случаев родителями, причем тогда, когда дети находятся в нежном возрасте». Колыбельный сговор был известен среди указанных этносов под термином «*бесік құда*» и мы имеем достаточно сведений о его распространенности в различных регионах дореволюционного Казахстана /7, с.252-254; 8, с.127-132; 9, с.23-32). Сущность указанного сговора состояла в том, что он обычно практиковался среди семей, главы которых были друзьями, располагали равным социальным статусом, имели детей противоположного пола и обязывались женить их после достижения ими совершеннолетия. На начальном этапе достижение такого согласия подкреплялось устным соглашением, часто в присутствии свидетелей из числа близких родственников или авторитетных людей, а также угощением и символическими подарками родителям будущей невесты.

Следующей разновидностью брака является похищение девушки, происходящее по взаимному согласию родителей жениха и невесты, в котором соблюдаются «основные стадии свадебного обычая» и «этот обряд совершается символически в форме игры» /6, с.274/. Известно, что в реальной действительности умыкание невесты могло происходить не только добровольно, но и насильственным путем, т.е. без согласия девушки и без ведома ее родителей. Последнее действие большей частью было применимо в отношении девушек из бедных, социально не защищенных семей. По свидетельству автора создание молодой семьи всегда происходит путем официального сватовства.

Из данных, приводимых А.Вамбери видно, что обязательным элементом заключения указанных видов браков является уплата за невесту калыма, который должны получить родители невесты, а последние, в свою очередь, выделяли дочери приданое. «Так как она (*невеста* – К.А.Б.) приходит в дом мужа, а он (*жених* – К.А.Б.) должен заплатить за ее уход из родительского дома *kalim*, то есть возмещение, то, что остается; слово образовано от *kalmak* = оставаться. Первое состоит, как известно, из денег или скота, второе из одежды и предметов, необходимых для сооружения палатки (*юрты* – К.А.Б.)» /6, с.275/. Обычно размер калыма зависел от желания отца невесты, но в большинстве случаев он устанавливался по взаимному согласию. Форма брака с обязательной уплатой калыма была широко распространена не только среди казахов, но и у других соседних среднеазиатских народов. По ней имеется достаточно сведений, опубликованных современниками А.Вамбери, проводившими аналогичные исследования в различных регионах Казахстана (10, с.157-158; 11, с.30-32; 12, с.77-83).

Какаясь семейных отношений тюркских этносов, включая и казахов, А.Вамбери затрагивает и проблему многоженства (полигамии). Им верно отмечено то обстоятельство, что оно у кочевников «во все времена являлось роскошью, результатом особого материального благосостояния» /6, с.276/, чего не могли позволить себе рядовые члены исследуемого социума. Этот обычай санкционировался как нормами обычного права (адатом) среди кочевого и полукочевого населения, так и предписаниями шариата среди оседло-земледельческого населения. Хотя А.Вамбери и не приводит точных сведений о количестве жен, обычное право допускало иметь их до четырех. Однако были случаи, как подчеркивает А.И.Левшин, когда хан Младшего жуза Нурали имел 17 жен и, сверх того, около 15 наложниц и являлся отцом 32 сыновей и 34 дочерей (13, с.99).

В заключение отметим, что с одной стороны, значимость семейных устоев и быта у местного населения, включая кочевников, ученый подкрепляет «чистотой крови..., которая в течение веков не утратила своей простоты и которая сама не могла быть искажена в своих основных чертах даже несмотря на всемогущее влияние ислама»; а с другой тем, что «именно семейный союз дает защиту от произвола и злоупотреблений. Чем многочисленнее семья, тем выше авторитет, которым пользуются отдельные члены семьи» /6, с.277/.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Вамбери А. Моя жизнь / Воспоминания. – М., 1914.
2. Vamberi A. Meine wanderungen und Erlebnisse in Persien. – Leipzig, 1868.
- 3.Вамбери А. Путешествие по Средней Азии / Пер. с немецкого З.Д. Голубевой. – М., 2003. – С.5-18.
- 4.Vamberi A. Die Primitiv Cultur des Turko-tatarischen volkes. – Leipzig, 1879.
- 5.Vamberi A. Das Turkenvolk in seinen ethnologischcn und ethnographishcn Beziehungen. – Leipzig, 1885.
- 6.Вамбери А. Примитивная культура тюрко-татарского народа // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. VI. Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 2. Перевод с раннеголландского. – Алматы, 2006. – С.241-309.
- 7.Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – С.252-254.
- 8.Ибрагимов И. Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. – Вып. I. – М., 1872. – С.127-132.
- 9.Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент, 1894. – 52 с.

10. Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву // Материалы по статистике Туркестанского края. - Вып. IV. - СПб., 1876. - С. 120-161.
11. Маковецкий П.Е. Материалы по изучению юридических обычаев киргизов. - Вып. I. - Омск, 1886. - 72 с.
12. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. - Т. 1. - Ташкент, 1889. - 298 с.
13. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. III. - Этнографические известия. - СПб., 1832. - 304 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада белгілі венгрлік ғалым – саяхатшы, тарихшы, этнограф, түркітанушы және лингвист Арминий Вамберидің (1832-1913) қазақ және басқа да Орта Азиядағы түркі халықтарының дәстүрлі отбасылық-неке қарым-қатынасын зерттеудегі қосқан орасан зор үлесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается традиционная семья и брак казахов в исследованиях А. Вамбери.

МАГИСТРАТУРА

АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА КӨШІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айдарханов Э.М. - магистрант (Алматы қ-сы, әл- Фараби атын. ҚазМУ)

Заманның ағымы қоғамды да, адамды да өз ыңғайына жығылдырып, өз дегенін жасатары белгілі. Бүгінгі заманды әлемдік жүйеде технологияға, техникалық құжаттарға, электрондық құрылғыларға сүйенбейінше елестету мүмкін емес. Сондықтан да көштен кейін қалып қоймас үшін сол заманның әрбір өкілі ақпараттың технологиялар мен неғұрлым көп ақпарат иесі болуға жанталасып бағуда. Ақпарат – бүгіннің бұлжымас талабы.

Қазіргі таңда ақпарат легі жан-жақтан толассыз ағып жатқан жаһандану кезеңінде құнды да шынайы ақпаратты алу мүмкіндігі жоқтың қасы. Объективті шындықтың көзін мұрағат қорлары мен құжаттарынан іздесек, онда аудиовизуалды құжаттардың ақиқатты, шындықты ашуға тигізер әсері мол /1.19 б/.

Осыған орай, қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін тек аудиовизуалды құжаттарды зерттеуден ғана емес, сонымен қатар оны пайдаланудың жаңаша әдіс-тәсілдерінен, пайдаланудың даму үрдісінен де көруге болады. Бұл тақырыптың өзектілігін аталған мәселені Қазақстан көлемінде зерттеу әлі де жолға қойылмай отырғандығынан да көруге болады.

Ақпараттандыру мәселесі күні кеше ғана туындаған проблема емес. Кеңес үкіметінің шарықтап тұрған шағында да бұл мәселе мұрағатшылармен бірге билік басындағы өкілдердің де назарынан тыс қалмаған. Ол кезде ақпараттандыру

автоматтандыру, электрондандыру мағынасында ғылыми техникалық революцияның жетістіктері ретінде қолданылды.

«Ақпарат – бұл нысанды мағлұматтар мен субъективті әдістердің даму үстіндегі өзара әрекетінің өнімі» /2, 8 б/. Қазір электрондық технология, электрондық құжат, электронды іс-жүргізу, Интернет жүйесі арқылы қарапайым ғана компьютерлердің көмегімен бүкіл дүние жүзі өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерінен бастап күрделі мәселелерді де шеше алатындай мүмкіндікке ие болды.

Бұрындары орындалуы бірнеше сағаттарды алатын күрделі жұмыстар ендігі жерде санаулы минуттардың, секундтардың ішінде шешуін табады. Қоғам бүгінгі таңда компьютерсіз еш нәрсе жасай алмайтындай дәрежеге жетті. Қоғамның электрондық жүйемен қамтамасыз етілуі мен ақпараттандырудың жаңа жүйесі қалыптасты.

Десе де осындай мүмкіндігі мол жүйемен жұмыс жасайтын қоғам мүшесінің өз тарихын зерттеуде атам заманғы технологиялық жабдықтармен жұмыс жасауына тура келетіндігі қалай? Ақпараттандырылған қоғамның мүшесі ақпараттандырылмаған мұрағаттарда қалайша жұмыс жасап, одан бір нәтиже шығармақ? Міне, бұл бүгіннің мәселесі.. Технологиясы көне, жабдықтары кедей мұрағат қанша жерден құнды құжаттарға бай болса да қазіргі заманғы оқырмандардың сұранысына толық жауап бере алмайды. Мұрағат ісін ақпараттандыру кезек күттірмейтін, кейінге ысырып тастауға келмейтін өзекті міндет.

Мұрағат ісін ақпараттандыру дегеніміз – ол мұрағаттарды компьютерлік технологиялармен жабдықтау, ондағы дәстүрлі құжаттық айналымды электрондық айналымға түсіру, мұрағаттық іс-жүргізу жүйесін электрондандыру, интернеттік сайттар құру және осылар арқылы оқырмандардың, зерттеушілердің сұраныстарын аз уақыттың ішінде және ыңғайлы түрде орындау болып табылмақ. Мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңа түрін енгізу отандық тарихқа деген қызығушылықты оятып, сұранысқа ие болып отыр /3, 21 б./.

Ал бұл көрсетілген мәселені орындау үшін FAA-ты, мұрағаттардағы іс-жүргізу саласын, дәстүрлі құжаттық айналымды электронды құжатпен алмастыру және т.т. көптеген мәселелерді жүйелі түрде шешу ісі жатыр.

Мұрағат ісінің аудиовизуалды-ақпараттық жүйесі мәселесін жүзеге асырудың негізгі мақсаты – мемлекеттік мұрағаттарға сақтауға келіп түскен құжаттарды қаз-қалпында сақтау, оны зерттеушілер мен жалпы оқырман қауымға жылдам әрі тиімді формада ұсыну, интернет сайттары арқылы ақпараттарды кең тарату, мұрағаттарға зерттеушілердің, оқырмандар мен көпшілік қауымның назарын аударту және ең бастысы мұрағат ісін жеңілдету, шығынды аз жұмсау сол арқылы жүздеген жылдық тарихы бар құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын іске асырлуы тиіс.

Дүниежүзілік ақпараттандыру кеңістігінде жаһанданған ақпараттық инфрақұрылымның ажырамас бөлшегіне айналған интернет жүйесі бүгіндері тек техникалық, өндірістік салаларда ғана емес, ғылым мен мәдениет, өнер салаларына да араласып кетті. Бұл тұрғыдан қарағанда, интернет жүйесінің мұрағат ісінің дамуына жасайтын ықпалы ерекше.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының интернет сайты жайында айтар болсақ, бұл сайт 2002 жылы құрылды. 2001- 2005 жылдары ҚР мұрағат ісін дамыту бағдарламасы бойынша жүргізілетін іс-шаралардың жоспарында «мұрағат ісінің web-беттерін дайындау 2001 жылдың 4-ші кварталында мұрағат ісін және құжаттауды басқару Комитетінің атқаруы бойынша іске асыру» жоспарланған болатын.

www.kazarchives.kz сайтынан сіз тікелей мұрағатқа қатысты Қазақстан Республикасының 1998 жылдың желтоқсан айында қабылданған «Ұлттық Мұрағат қоры және Мұрағаттар туралы» заңы берілген және болашақ мұрағатшыларды

дайындайтын оқу орындары, олардың мұрағатшы мамандарды дайындаудағы ерекшеліктері жайлы және олардың мекен-жайы туралы мәлімет береді.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мұрағатшылар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі туралы, халықаралық қатынастар туралы және мұрағат баспасынан шыққан әдістемелік оқулықтар жайлы мәлімет аламыз. Бұл жерде басы артық жарнамалық қызметтер, телефондар мен мекен-жайлар ұсынылмайды. Құрылғанына біраз уақыт болғанымен ҚР ОМ мұрағаттарының интернет сайты әлі де көптеген шет ел мұрағатының интернет сайттарының деңгейіне жете алмай отыр. Оның үстіне бүкіл Қазақстан бойынша тек бір ғана мұрағат сайтының болуы да осы саладағы сын көтермейтін баяулықты, енжарлықты аңғартса керек /4, 876/.

Қазіргі таңда ҚР ОМ КФДЖ мұрағатында құжаттардың барлық түрі бойынша (кино, фото, фоно) арнайы бағдарламалар мен жобалар жасалынып, олар мәліметтер базасымен біріктіріле отырып, мұрағат қорларындағы аудиовизуалды құжаттарда сақталған ретроспективті ақпараттарды ұйымдасқан түрде сақтау, іздеу және пайдалануға беру жұмыстарын атқару көзделуде. Елімізде мұрағат ісінің дамуына бағытталған бірнеше жобалар құрылып, олардың аясында ігі бастамалардың да біртіндеп атқарылып, жолға қойылғаны жасырын емес. Атап айтсақ, «2001-2005 жылдар мұрағат ісін дамыту», «2004-2006 жылдар аралығында мәдени мұраны дамыту» бағдарламаларының аясында КФДЖ мұрағаттарда үш түрлі бағдарламалар мен жобалар құрылды. Олар аудиовизуалды құжаттарды жаңа ақпараттық технологияларға көшірудегі «Асыл мұра» бағдарламасы, фоноқұжаттарға арналған «Фоно», кино және фотоқұжаттардың даму үрдісіне негізделген «Фотопойск» жобалары /5/. Бұл жобалар өз кезегінде осы бағыттағы игі шаралардың шаралардың нышанына айналды.

2002 жылғы шілде мен 2003 жылдар аралығында «Асыл мұра» бағдарламасы аясында төрт CD дискі шығарылды. Атап айтсақ, олардың алғашқысы, 2002 жылы шілдеде «Асыл мұра – қазақ әуендерінің мұрасы» атты мерекелік жиында көпшілікке ұсынылған Қазақ ССР Халық әртісі Ғарифулла Құрманғаливтің әйгілі әндері мен жалпы әндеріне арналған. CD дискіде әншінің 32 әні ұсынылған.

Екінші CD дискіде қазақ халқының бұлбұл көмей әншісі К.Байсейтованың Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында кезінде аншлаппен өткен («Біржан-Сара», «Қыз Жібек») операларындағы репертуарлар мен жеке әндері өңделіп басылды. Әншінің 90 жылдық мерейтойына тарту ретінде екі CD диск болып шықты.

Үшіншісі CD дискте «Қазақ ұлттық аспаптары», «Қазақ музыкалық аспаптары» еңбектерінің авторы, өнертанушы, ғалым профессор Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың лекциялары мен жеке әңгімелерін естуге болады.

Төртіншісінде, халық әншісі Жамал Омарованың әндері жинақталған. Оның «Камила», «Ағажан-Ләтипа», «Бипл», «Ақбөпе», «Секіртпелі семсем», «Ой көк» халықтық әндері мен «Алтай», «Досыма», «Гүлденген Қазақстан» кәсіби әндері жинақталған.

Бұлайша аудиовизуалды құжаттарды дәстүрлі тасығыштардан (грампластинкалар мен магниттік ленталар) CD дискілерге ауыстыру ісі әлі күнге дейін жалғасын тауып отыр /6. 216/. Оған Жүсіпбек Елебековтың, Манарбек Ержановтың, жыршы-жыраулардың ұрпақтары–ағалы-інілі Көшенай мен Бдас Рүстембековтердің дискілері кіреді.

Мұрағат құжаттарын пайдалануда зерттеушілер назары жекелеген адамдардың қорларына түседі. Әсіресе, дыбыс жазбаларында М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», А. Жұбановтың «Абай» опералары өнертанушыларды фотоқұжаттар қызықтырса, жекелеген өлке тарихын зерттеуде өлкетанушы- коллекционер Д.Багаевтың жеке қорларындағы фотоқұжаттар баса назар аудартады.

2005-2006 жылдары еліміздің басты аудиовизуалды мұрағатында екі жылдық мерзімде көптеген ілгерілеу болғандығын байқаймыз. Бұл ілгерілеу мұрағаттың қызмет аясында ғана емес сонымен қатар, шет елдік байланыстарда да корініс тапқан.

Мұрағат қорларындағы аудиовизуалды құжаттарды насихаттау жұмысын жүргізе отырып және қоғам назарын Ұлттық мұрағат қорының құжаттарына аудару мақсатында мұрағат зерттеушілер оқырмандар мен тыңдармандармен кез - келген жұмыс түрін пайдалануға тырысады.

Осы мақсатта мұрағаттағы негізгі сұраныстар келесі мерейтойлар мен айтулы даталар көлемінде болды. Олар:

– Қазақ КСР халық әртісі Қанабек Жандарбековтың туғанына 100 жыл толуына орай Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық Опера және Балет театры әкімшілігі әртістің жеке құжаттарына сұраныс жасады;

– Қазақстан Республикасының суретшілер Одағының әкімшілігі ҚР халық суретшісі, скульптор, профессор Наурызбаев Хәкімжан Есімханұлының туғанына 80 жыл толуына орай шығармашылық құжаттарына сұраныс берді.

Аталған сұранысқа ұқсас, туғанына 100 жыл толған ҚР халық әртісі, композитор Е.Г.Брусиловскийдің жеке құжаттары алынды /5/.

Бүгінгі таңда кез-келген ақпараттық жүйе елдің, мемлекеттің дамуына қызмет етуі шарт. Онсыз оның маңызы да жоқ. Бұл орайда өз бастауын 2001 жылдан алатын «Асыл Мұра» жобасы мен 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасының алар орны елеулі.

Осылардың аясында «ТАСКАМ» магнитофоны алынып, КФДЗ - дағы фоно құжаттарды сақтауға мүкіндік алды. Қазақ радиосымен бірлесе отырып, мұрағат «Мәңгілік сарын» жобасын ұсынды /7. 86/.

«Асыл мұра» әуендік бағдарламасы аясында Дина Нүрпейісова, Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифулла Құрманғалиев, Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Қали Жантілеуов «Опера сахнасының тарландары», Жаппас Қалабаев, Дәулет Мықтыбаевтардың әндерін ДАТ-кассеталар мен СД дискілерге көшірді.

«Кино» бағдарламасы бойынша 1946-1952 ж.ж. киноқұжаттарды «Кеңестік Қазақстан» атты киножурналдың негізінде «БЕТАСАМ» бейнекамерасында DVD форматқа көшірді.

«Фото», «Фоно», «Кино» бағдарламалары мәліметтер базасында тіркеу үшін жасалған бағдарламалар. «Фоно» бойынша 1231 сақтау бірліктегі фоноқұжаттар енгізілді

«Кино» және «Фоно» кешенді бағдарламалары бойынша Майкрософт серверіне енгізілді. Мұрағаттың локальдік желісін тиімді пайдалану үшін жасалған бұл әдіс мәліметтер базасына тіркелді. Аудиовизуалды мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңаша даму үрдісі қалыптасты. Көптеген ескі ақпарат тасушы құралдар жаңа технологиялармен алмастырылды. Кинофотофоноқұжаттарды дайындауда цифрлық аппараттар, цифрлық видеокамералар, ал оларды сақтауда CD-ROM, DVD, DVD-ROM, SVHS, Betacam форматындағы видеомагнитофондар пайдаланылады.

Шет елдік іс-сапарлардың нәтижесінде шет елден 35 мың сақтау бірлігіндегі аудиовизуалды құжаттар алынды. Бұл құжаттар Қазақстанның XIII - XX ғасырларындағы тарихына қатысты аса құнды құжаттар. Шет елден алынған аудиовизуалды құжаттарды түрлеріне қарай жіктейтін болсақ, олар келесідегідей ретте алынды. 130 кино, 200 фоно, 50 фотоқұжаттар мен 80 телесюжеттер /7, 7 б./ ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының қорын толықтырды.

Көріп отырғанымыздай аталмыш жобалардың атқарған жұмыстары да аз емес.

Осылайша қоғамның алма-кезек дамуы жыл сайын жаңа әдіс-тәсілдері мен жаңаша ойлау жүйелерін қажет етіп отырады. Он-он бес жылдай бұрын мұрағат материалдарымен жұмыс істеу жүйесі басқаша ұйымдастырылатын. Ескі

аппаратулармен жадықталған аудиовизуальды материалдармен уақыт өте келе сұраныстан қалып, өзіндік құндылығын жоғалта бастаған еді. Бұл әрине мұрағат имиджіне ғана нұқсан келтіріп қана қоймай, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру да әлсірей бастады. Ғылыми - техникалық революцияның арқасында және де техникалық ғылымның қарқынды дамуы нәтижесінде мұрағат ісінде де өзгерістер мен игі жетістіктерге қол жеткізілді.

Мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңа түрін енгізу отандық тарихқа деген қызығушылықты оятып, сұранысқа ие болып отыр /8, 216./. Демек мұрағаттың басты байлығы – аудиовизуалды-ақпараттық технологиялар кешенін зерттеу, зерделеу бүгінгі таңдағы басты міндетке айналып отырған іс. Ақпараттық қоғамның өресі кеңіген сайын оларға деген сұраныс пен талап та күшейе түсуде.

Бүгінгі таңда аудиовизуалды құжаттарды сақтау мен пайдалануға баса назар аударылып отырғанымен, өкінішке орай бұл шараларды жүзеге асыру барысындағы басты талап – ескі аталмыш құжаттардың ескі нұсқаларын жаңа ақпараттық технологияларға көшіру мәселесі әлі де баяу болып отыр. Дегенмен қуантарлық жағдай, бұл салада жасалынған жобалар аз емес және олардың болашақта жұмысы шарықтап, аталмыш проблеманың ізін суытар деген сенім көңіл көншіктіреді.

Негізгі ойымызды қорыты келе, мына мәселені басты назарға алуымыз керек. Аудиовизуалды құжаттар біздің күнделікті пайдалана алатын дәстүрлі құжаттарымыз сынды қарапайым дүние емес. Бүгінгідей үнемі құбылып отыратын алма кезек заманда ескі құжаттарды жаңаландыру мәселесі кезек күттірмейтін күрделі іс. Санамызды компьютер билеген осынау заманда әлемдік жүйеден қалыс қалмау үшін еркіміз бен күш-жігерімізді де заманауи талаптың құлы етіп отырмыз. Демек, қоғам жылжып жатыр, адам да, соған сәйкес оның іс-әрекеті де өзгеріске ұшырап отырады. Міне, бұл заңдылық бізді қоршаған барлық дүниелерге, солардың ішінде аудиовизуалды құжаттарға да қатысты. Өйткені көненің құнды жәдігерлері сақталған мұрағат ісінің аудиовизуалды-ақпараттық технологиялар жүйесі елімізде де, шет елде де маңызды да күрделі мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасы әлемдегі ең бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына орай, еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени тұрғыда дамуға ие болуы шарт.

Еліміздегі соңғы саяси өзгерістерге сай электрондық үкімет құру мәселесі де алдымызда көптеген жаңаша өзгерістер мен дамулар күтін тұрғандығын көрсетеді. Бұның барлығы аудиовизуалды құжаттарда сақталып, ақпараттық технологияларда оқылатын болады. Бұл өз кезегінде мұрағат ісінің аудиовизуалды-ақпараттық технологиялар жүйесінің өзекті бола беретіндігінің анық кепілі.

Жоғарыда айтылып өткен мәселелердің жан-жақты зерттелуі тек бүгінгі күн тәртібінде ғана тұрған жоқ. Бұл мәселе әлі де талай зерттеу легінен өткізуді қажет ететін өзекті мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Фурманова И.М. Киносборники как одна из эффективных форм использования. – М., 1979. – С.152.

2. Информационное общество – компьютерная революция. – М., 1984. – С. 41.

3. Сексенбаева Г.А. Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан: история и современность // Қазақстан мұрағаттары. – 2005. – №1(1). С.113-128.

4. Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих. Архив и история. – Алматы, 2004. – С. 291.

5. ЦГА кинофотодокументов и звукозаписей Комитета информации и архивов Министерства культуры, информации и спорта Республики Казахстан. Годовой отчет ЦГА КФДЗ РК за 2005, 2006 гг.

6.Нурпеисова Г. Ты слушай певца // Простор. 2003. – №2. – С.9.

Сариева Р.Х. Об итогах реализации программы развития архивного дела в Республике Казахстан на 2001-2005 годы // Қазақстан мұрағаттары. – 2006. – №1. – 6-9 б.б.

7.Ақтаева Л. Жыр алыбы Жамбыл // Қазақстан мұрағаттары. – 2006. – №1. – 124-125б.б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема перевода аудиовизуальных источников в новые технологические средства.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дыбыстық деректерді жаңа технологиялық құралдарға көшіру мәселелері қарастырылған.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТУРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ОРНАУЫ

Қабылбекова С.Б. – магистрант(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздік белгілі бір ұлттың, не халықтың өзінің ата мекенінде дербес мемлекетін құрып елінің ішкі-сыртқы саясатын өзі айқындап, әлемдік қоғамдастықта орнын алуы болып табылады.

Міне, Қазақстанның тәуелсіздігіне 20 жыл толады.Еліміз осы мерекені кеңінен атап өтпек. Қазақ елі тәуелсіздіктің ырыс несібесіне өзі ие болып отыр.Бұл күнде ол әлемге танымал ел болды. Өткен жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төрағалық етті. 1–2 желтоқсанда Ұйымның Астанада Саммитін өткізді. Ол Қазақстанның тарихында бұрын кездеспеген үлкен оқиға еді. 55 елдің басшылығы мен халықаралық беделді ұйымдардың жетекшілерін қабылдап, Батыс пен Шығыс деп алаламай, дүниежүзілік қауіпсіздіктің біртұтас архитектурасын жасаудың көкейкесті мәселелерін талқылауға жағдай туғызды.Астана Декларациясы қабылданды.

Бұл тәуелсіз елдің қысқа мерзім ішінде қол жеткізген үлкен саяси әрі тарихи табысы болды Тәуелсіз елдің халқы өз Отанының марқайған мәртебесін көріп, бір көтеріліп қалды.

1980-жылдарға қарай қоғамдық- саяси және экономикалық құрылысы өзгеше елдермен,әсіресе АҚШ және Ұлыбритания, Франция сияқты батыс державаларымен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан тайталас барысында Кеңес Одағы мемлекеті экономикалық тұрғыда өзінің әлсіздігін таныта бастады.«Қырғиқабақ соғыс» саясаты жағдайында жаппай қарулану бәсекелестігі КСРО мемлекетінде ең алдымен әскери- өнеркәсіптік кешенді басым дамытуға алып келгені мәлім.Ал бұл өз кезегінде халық шаруашылығының бейбіт саласындағы ахуалына керісінше әсер етті. Жеңіл өнеркәсіп және басқа да әлеуметтік салаға тікеле қатынасы бар өнеркәсіп кешені халықтың күнделікті сұранысын қанағаттандыра алмайтындай дәрежеде еді. Сондықтан экономика саласында негізгі назарды әскери өнеркәсіптен бейбіт шаруашылыққа қарай ойыстыру қажет болды. Ал бұл өз кезегінде халықаралық қатынастарда КСРО-ның сыртқы саясатына өзгерістер енгізуді, батыс державаларымен нақты жағдайға байланысты қарым- қатынасын қайта қарауды қажет етті.

Мұндай экономикалық реформалар ең алдымен нарықтық іске асырылатын болды. Алайда, нарықтық қатынастар, жалпы кеңестік экономикаға либералдық сипат беру өз кезегінде қоғамды демократияландыру шараларымен қатар жүргізілуі қажет еді. Бұл заңдылықтарды іске асыру барысында КСРО мемлекетіндегі ұлттық және ұлтаралық қатынастарды да, одақтас және автономиялық республикалардың орталық үкіметпен байланысын, қарым-қатынасын да, құқықтық негіздерін де қайта құру, өзгерту күн тәртібіне қойылғаны мәлім. Сөйтіп, 80- жылдардың соңына қарай қарқынды сипат алған демократияландыру қозғалысы бір орталыққа қатаң бағынға КСРО мемлекетінің біртіндеп ыдырауына алып келді. Прибалтика Республикаларының КСРО құрамынан бөлінуінен басталған бұл үрдіс бұрынғы одақтас республикалардың бірінен соң бірі өз егемендігін жариялауына, ал 1991 жылы тамыз оқиғаларынан кейін ыдырап, сол жылғы желтоқсанның бас кезінде бір кездегі құдыретті империя Кеңес мемлекетінің тарихи аренадан кетіп, әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына алып келді.

90-жылдардың басындағы Кеңес Одағының құлдырауы тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына себеп болды. Ал ол өз кезегінде түркі тілдес халықтар мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстан мен Түркияның саяси, әлеуметтік- экономикалық және мәдени қарым-қатынастарының қарқынды өсуіне түрткі болды.

Жоғарыда айтылғандай, 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан тәуелсіздігін әлемде бірінші болып таныған мемлекет Түркия республикасы болды.

Қазақстанға ең бірінші болып қолдау көрсеткен Түркия мемлекетінің теңдесі жоқ бұл актісі тәуелсіз жас мемлекеттің халықаралық деңгейде тез танылып, өзінің сыртқы саясатын айқындауға, басқа елдермен дипломатиялық қарым- қатынастардың негізін салуға жол ашты. Көп ұзамай 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды және де Алматы қаласында ең бірінші болып Түркия Республикасының Елшілігі ашылды. Әрине, бұл ресми дипломатиялық қатынастың орнатылуы еді.

Түркиямен мәдени қарым- қатынастың алғашқы ресми байланысы 1990 жылдың желтоқсанында орнатылды. Онда Қазақ КСР-ның мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Түркия Республикасының мәдениет министрлігінің арасында қарым-қатынас туралы келісімге және де Қазақ КСР-ы мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасындағы ресми протоколға қол қойылды. Бұл құжаттарда жастарға білім беру саласында көрсетілетін көмек, жоғары оқу орындарындағы қарым қатынас, бірлескен ғылыми жобалар жасау, халықаралық семинарлар, конференциялар, фестивальдер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, мәдени орталықтар ашу, театрлық, музыкалық және басқа да шығармашылық ұйымдардың арасындағы қарым қатынастарды қолдау, марапаттау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару және Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстанбаб кесенелерін жөндеуден өткізу, бірлескен археологиялық зерттеулер ұйымдастыру және тағы басқа да мәдени саладағы қатынастар туралы шаралар нақты көрініс тапты / 1/.

Бұл ресми қарым-қатынастар ең алдымен түбі бір туысқан түркі халқы мен қазақ халқы арасындағы бір кезде үзіліп қалған мәдени және рухани байланыстарды қалпына келтіріп, екі халық арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастырудың алғашқы қадамы еді. Түркия мемлекеті мен Қазақстанды байланыстырған осы шарала республика жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапқанын айту қажет. Мұнан кейінгі туыскандық байланыстар, әсіресе халыққа етене жақын мәдениеті, білім, ғылым саласындағы өзара қарым-қатынастары екі ел арасын одан да тығыз жақындатты. Бұған Түркия мен Қазақстанның экономикалық байланыстары да зор ықпал етті. Сондықтан, бүгінгі күні қазақ – түрік ынтымақтастығы кең әрі жан-жақты екендігін және де халықаралық аренада қарым- қатынастарының артқандығын қуана айтуға болады, сонымен қатар екі

елдің маңызды мәселелері бойынша ұстанған бағыттарының бірлігі мен ұқсастығын атап айту да қажет / 2 /.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Біз түркі тілдес мемлекетпіз және де түркі тілдес елдермен қатынастарды нығайтуға бар күшімізді саламыз» /3/.

20-жыл ішінде Қазақстан мен Түркия арасында жүзден астам келісім шарттар және хаттамаларға қол қойылды /4/.

Екі елдің Президенттерінің білім ғылым және мәдениет министрлерінің бірнеше іс- сапарлары орын алды. Екі жақты делегациялар алмасу, мемлекетаралық ресми байланыстар кезінде келісілген қатынастар туралы шарттар негізінде тікелей мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдар мен ұжымдар, оқу орындары мен ғылыми институттар және орталық өкілдерінің тұрақты байланысы қалыптасты. Ғылым Академиясына және ведомстволарға қарасты ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары арасында мамандардың алмасуы, сондай-ақ университеттер арасында студенттер мен маман оқытушылардың алмасуы Қазақстан үшін ғылым, білім, мәдениет саласында шетелдік тәжірибе жинақтаудың алғашқы мектебі болды. Себебі, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания мемлекеттерімен мұндай қарым қатынастар 90- жылдары Түркия елімен сияқты кең көлемде жүргізілген жоқ. Екі ел арасындағы рухани байланыстар үшін Түркия мен Қазақстанда екі халықтың мәдениет күндерінің өткізілуі аса маңызды оқиға болды. 90-жылдардың ішінде «Түркиядағы Қазақстан мәдениет күндері» және «Қазақстандағы Түркия мәдениет күндері» айдарымен ауқымды мәдени фестивальдері өткізілді.

Қазақстан және Түркия түрік әлемінде өткізілген ортақ құрылтайларға, көптеген жастар фестиваліне және слетіне, жазушылар, музыканттар, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің жиналыстарына, екі жақтан да жаппай бұқара өкілдері қатысты.

Осы жылдары арнайы суретшілер көрмелері ұйымдастырылды, екі елдің теледидарынды елді таныстыру мақсатында телехабарлар және сұхбаттар дайындалды /5/.

1917 ж төңкеріске дейін Ресей империясының саясаты Түркияны Қара теңіз бен Жерорта теңізі аумағындағы бәсекелесі ретінде қарастырып, орыс патшалығының қол астындағы түркі тілдес отар халықтардың Түркиямен байланысын кенейтуге кедергі жасап келгені мәлім. Ал Кеңестік дәуірде бұл тек ресми мемлекетаралық қатынастар аясында ғана қарастырылып, екі ел халықтарының мәдени, рухани, діни жақындықтарына тосқауыл қойылды. Ресми коммунистік (орыстық деп айтуға болады) идеологиядан ауытқып, түрік халықтарының тамырластығы туралы пікір білдіргендер кеңестік дәуірде «пантюркизм» идеологиясының уағыздаушылар деп бағаланғаны, саяси қуғын- сүргінге ұшырағаны белгілі. Сондықтан, тәуелсіз Қазақстан мемлекеті жарияланып, демократиялық егемендік негізде сыртқы қарым-қатынастарын айқындау, қалыптастыру барысында ежелгі діни-рухани байланыстарды да жаңғыртудың маңызы өте зор еді. Бұл тұрғыда Түркістан, ондағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сияқты қасиетті ұғымдар мен ескерткіштердің де рөлі ерекше болғаны белгілі.

Сондықтан, 90-жылдары екі елдің діни қайраткерлерінің арасында рухани және материалдық құндылықтарды сақтау және де исламды дін ретінде уағыздау саласында қарым- қатынастар жаңғыртылды.

Қазақ-түрік қарым-қатынастарының шынайы достық, туысқандық аясында дамуына бағыт берген, оны сипаттайтын негізгі құжаттардың бірі ретінде 1991 жылы 15 наурызда Алматы Түркия Республикасы Президентінің Қазақстандағы жасаған алғашқы ресми сапары кезінде Н.Ә.Назарбаев пен Т. Өзал қол қойған, «Қазақ Совет Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының қарым-қатынасы туралы» келісімшартты ең алдымен нығайту және жан-жақты дамытуға ұмытылу негіздері дәйектелген. Бұл келісімшарт екі ел арасындағы басқа да мәселелермен қатар ғылым және техника саласындағы қазіргі заман жетістіктерін тиімді қолдану мақсатында

ғылыми-техникалық белсенді қарым-қатынастар жобасының негізін жасады. Осыған сәйкес бұл келісімшартта екі ел арасындағы халықаралық мәдени қарым-қатынас саласын кеңейту және өзара байыту, ақпараттық, мәдени және гуманитарлық қарым-қатынасты дамыту, радиохабар және телекоммуникация жүйесінің дамуына ықпал ету, тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру және қорғау, түрлі салалар бойынша мамандар даярлау және мамандандыру, елшілік өкілділігін ашу қарастырылды.

Осы келісімшарттан кейін 1991 жылы 26-қыркүйекте екі елдің Президенттері Н.Ә.Назарбаев және Т.Өзал «Қазақ Совет Социалистік Республикасы және Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынастың принциптері мен мақсаттары туралы» Декларацияға қол қойды. Онда екі жақты қарым-қатынастың жақсаруының қажетті потенциалы көрсетілген және мәдениет туризм саласындағы қарым-қатынасты дамытуға ұмтылыс, сондайақ, Алматы мен Стамбұл, Түркістан мен Байбұрт, Қызылқұм мен Қараман қалаларының арасында туыскандық бауырлас қатынас орнату көзделген еді / 6/.

Сол жолы осылармен қатар Қазақ КСР және Түркия Республикасы Үкіметтері арасында сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық қарым-қатынас туралы келісімге де қол қойылды.

Осы келісімшарттар және 1990 жылдан бері мәдени байланыстар Қазақстан мен Түркия а қарым-қатынастың нығаюына жол ашты. Себебі, осы шаралармен екі елдің үкіметі өздерінің сауда, экономика ғылым және техника салаларындағы кең әрі ұзақ мерзімді және тұрақты қарым-қатынасты дамытуға барлық күшін салуға дайын екендігін білдірді /2. 185 бет/.

1991 жылы қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Түркияға алғаш рет ресми сапар жасады.

Қазақстан Республикасының Н.Ә.Назарбаевтың түркияға ресми мемлекеттік сапары барысында және одан кейін қол қойған келісімшарттар негізінде екі ел арасындағы байланыстар нақты мазмұнға ие болды. Әсіресе, 1992 жылы 1-мамырда Алматы қаласында мәдениет ғылым, білім және спорт салалары бойынша екі ел үкіметтері қол қойған келісімшарттан кейін екі жақты байланыстың мағынасы және белсенділігі артты /7/.

Қорыта айтқанда 1990 – жылдардан бастап Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасында тұрақты дипломатиялық қатынастармен қатар екі ел халықтарының мәдениет, білім мен ғылым, рухани саладағы байланыстарының негізі қаланғанын тұжырымдауға болады. Бұл саладағы қарым- қатынастар екі мемлекеттің сыртқы саясатындағы бүгінгі басым бағыт екенін атап айтқан жөн. Мәдениет пен өнер, білім мен ғылым саласындағы екі ел арасындағы тығыз қарым- қатынас тарихи шығу тегі бірхалықтардың бір кезде үзіліп қалған рухани бауырластығы қайта қалпына келтіру жолында қызмет етіп келе жатқанын, мемлекет басшыларынан қарапайым халыққа дейін мойындайтынын паш етуге болады.

ӨДЕБИЕТТЕР

1. Саудабаев К. Қазақстан – Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. – Анкара: Билиг, 1996 - 446 с - С 21, 296 – 300.
2. Саудабаев К. Казахстан – Турция. Возрожденные отношения Казахстан – Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара: Билиг, 1996. – 446 с. – С.19
3. Назарбаев Н. Наш выбор – единство и интеграция. Казахстанская правда. 2000, 15 декабря. N321 – С 2.
4. Назарбаев Н. Пять лет независимости – Алматы 1996.

5. Токаев К. Қазақстан және Түркия елдерінің достастығы. // Егемен Қазақстан// Алматы - 1991ж 13 желтоқсан
6. Қалмырзаев Ә. Тәуелсіздік және Демократия //Егемен Қазақстан// Алматы-2011 15 ақпан
7. Имашова Н. Қазақстан мен Түркия арасындағы Мәдени және Ғылыми қарым-қатынастар (1991-2000) Алматы 2002ж

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Тәуелсіз Қазақстан мен Түркия Республикасы арасындағы мәдениет пен ғылым саласындағы байланыстардың орнауы, 1990 жылдан бері Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың нығаюына жол ашты. Екі елдің үкіметі өздерінің сауда, экономика, ғылым және техника салаларындағы кең әрі ұзақ мерзімді және тұрақты қарым-қатынасты дамытуға барлық күшін салуда.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена взаимосвязям Казахстана с Турецкой Республикой по вопросам культуры и науки.

МЕРЕЙТОЙ

ЖАЛПЫ ТАРИХ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ТОРТАЕВ САКЕН ӘСІМБАЙҰЛЫ 70 ЖАСТА



2011 жылы 2 ақпанда Қазақ қыздар педагогикалық университетінің Жалпы тарих кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Тортаев Сакен Әсімбайұлы 70 жасқа толды. Қазақ қыздар педагогикалық университетінің ТЭФ-нің және Жалпы тарих кафедрасының ұжымы мерейтой иесін туған күнімен шын жүректен құттықтайды.

Тортаев Сакен Әсімбайұлы 1969 жылы Кострома педитститутының тарих-педгогика факультетін бітіргеннен бері Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында жұмыс істеп жүр. 1975-1978 жылдары КСРО Педагогика ғылым академиясының аспирантурасында оқып, 1979 жылы сонда кандидаттық диссертация қорғаған. Қазақ қыздар педагогикалық университетінде 2004 жылғы 27 қазаннан бері доцент қызметін атқарады. Осы уақыттың ішінде өзін тек жақсы

жағынан көрсете білді.

Профессор С.Ә.Тортаев 124 ғылыми-әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдарының мақалалардың авторы. Оның «Орта ғасырлардағы Азия, Африка тарихы» деген студенттерге арналған оқулығы үш рет қайта басылып шығып, үлкен сұранысқа ие болып отыр. «Орта ғасырлар тарихының маңызды оқиғалары» деген күнтізбені жазып, баспадан шығарды. Орта мектептің 7 сыныбына арнап бірнеше авторлармен бірлесіп жазған оқулықтары да, 2 рет басылып шығып, оқу орындарында кеңінен қолданылып жүр. Бұл пәндердің оқу-әдістемелік кешенін де (әдістемелік нұсқау, хрестоматия, бағдарлама, глоссарий) баспадан шығарды.

2009 жылы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша М.Мәженовамен бірлесіп, 12 жылдық мектептің 7-сыныбына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулығын, әдістемелік нұсқауын, бағдарламасын, хрестоматиясын жазып, баспадан шығарды. Профессор С.Ә.Тортаев «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы жүзеге асырып жатқан «Қазақ ру – тайпаларының тарихы» деген жобаға қатысып, авторлар ұжымымен 7 кітапты баспадан шығарды. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының (6-10 томдары) Жалпы тарих және халықаралық қатынастар бөлімінің ғылыми кеңесшісі болды.

Қазақ қыздар педагогикалық университетінің ТЭФ-нің және Жалпы тарих кафедрасының ұжымы мерейтой иесін туған күнімен құттықтай келе, оған отбасының аманшылығы мен ынтымағын, береке мен бірлігін, және зор денсаулық пен қажымас қайрат, мұқалмас жігер мен шығармашылық табыс тілейді!